

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ  
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«XVIII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,  
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ  
«XVIII САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

**ТОМ 1**

**ПАВЛОДАР  
2018**

ӘОЖ 37.0 (063)  
КБЖ 74.00  
Ж33

**Редакция алқасының бас редакторы:**

Ахметова Г.Г., филос.ғ.к., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

**Жауапты редактор:**

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

**Редакция алқасының мүшелері:**

Абишев К. К., Ахметов Қ. Қ., Бегімтаев Ә. И., Бексейітов Т. К., Испулов Н. А., Кислов А. П., Күдерин М. Қ., Эрнazarов Т. Я., Бергузинов А. Н., Каюмова М. С., Кабиева А. А., Шаймерден А. Ә.

**Жауапты хатшылар:**

Абдалимова Ж.С., Абыкенова Д.Б., Абдырова А.О., Адильбаева Д.С., Антикеева С.К., Амерханова А.Х., Ахметова А.Ж., Батталов К.К., Досумбеков К.Р., Ельмуратова Б.Ж., Ертай Е., Жаябаева Р.Г., Жумабекова Д.К., Журавлева Е.А., Калиева А.Б., Калимуллина К.Ж., Каримбергенова М.К., Кудайберген М., Марданова З.Ж., Молдабаева С.К., Молдакимова А.С., Мусина А.Ж., Оралтаева А.С., Рахимов Е.К., Сембаева Н.Т., Сергазинова З.М.

**Ж 33** «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XVIII Сәтбаев оқулары»: Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2018. – 273 б.

ISBN 978-601-238-814-5  
Т. 1 «Оқушылар». – 2018. – 273 б.  
ISBN 978-601-238-813-8

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 37.0 (063)  
КБЖ 74.00

ISBN 978-601-238-813-8 (Т. 1)  
ISBN 978-601-238-814-5 (жалпы)

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2018

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры,  
филос.ғ.к., Г. Ахметованың алғы сөзі**

**Қымбатты қонақтар мен конференцияға қатысушылар!**

Бүгін С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде дәстүрге айналған жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларына арналған «XVIII Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өз жұмысын бастайды.

Біздің конференцияға таяу шетелдердің жоғары оқу орындарының өкілдері, сондай-ақ Қазақстанның түрлі аймақтарынан келген жас ғалымдар, студенттер, магистранттар мен оқушылар қатысуда. Соңғы жылдары «Сәтбаев оқулары» ашық, ғылыми коммуникациялық және үздік тәжірибемен алмасуда беделді ғылыми іздеу алаңы мәртебесіне ие болды.

Бүгін академик Қ. И. Сәтбаевтың есімі Қазақстанның мәдени мұрасының бір бөлігі болып табылады. Біздің еліміздің өнеркәсібі мен ғылымының қалыптасу тарихы оның есімімен тығыз байланысты

Қазақ халқынан шыққан алғашқы академик, ғылым академиясының бірінші президенті, ғылымның беделді ұйымдастырушысы, елімізде мыс пен марганецтің мол қорын тапқан Ш. Ш. Шөкин, А. Х. Марғұлан, У. А. Бөкетов және т.б. сияқты ғалымдардың қазақстандық ғылымда орын алуына үлесін қосты. Қ. И. Сәтбаевтың өмір жолы біз үшін батылдық, еңбекқорлық, өз халқына қызмет ету сияқты адамгершілік жетістіктердің үлгісі болып табылады. Жыл сайын конференция өткізу Қ. И. Сәтбаевтың еңбегі Қазақстанда бүгінгі күнге дейін өзекті екенін дәлелдейді.

Конференцияға қатысушылар үшін бұл күн ғылымдағы алғашқы қадам, қаламның алғашқы сынағы, өзінің шығармашылығы мен батылдығын сынау болып естерінде қалады. Айта кететін болсақ, сіздер қызықты баяндамалар, мультимедиялық презентациялар, дайындадыңыздар. Бүгін заманауи және өзекті мәселелер бойынша қызықты және өткір пікірталасқа ие боламыз деп үміттенемін. Сонымен қатар, мен сіздерге қол жеткізген жетістіктерге тоқталмау керек деп ескертемін, себебі ғылымда ақиқат тек қана алдына мақсат қойған және батыл қадам жасауға тырысқан адамдарға ғана ашылады.

Конференция жұмысының барысында әр қатысушы өз қажеттіліктеріне сәйкес келетін нәрсені табады және оның мүмкіндіктерін едәуір кеңейтетініне сенімдімін. Конференция аясында жинаған тәжірибенің сіздің ғылыми ізденістеріңіздің жаңа өсу қадамы болсын.

Конференцияның барлық қатысушылары мен қонақтарына шығармашылық табыстар, тартымды пікірталастар мен жаңа кездесулер, іскерлік байланыстар, жаңа жаңалықтар мен шабытттар тілеймін!

**Уважаемые участники конференции!**

Сегодня в Павлодарском государственном университете имени С. Торайгырова начинается своя работа, ставшая традиционной, международная научная конференция молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников «XVIII Сатпаевские чтения».

Участниками нашей конференции являются представители высших учебных заведений ближнего зарубежья, а также молодые ученые, студенты, магистранты и школьники из различных областей Казахстана. За прошедшие годы «Сатпаевские чтения» укрепились в статусе авторитетной научной площадки поиска, открытий, научной коммуникации и обмена передовым опытом.

Сегодня дело и имя академика К. И. Сатпаева является частью культурного наследия Казахстана. История становления промышленности и науки нашей страны неразрывно связано с его именем. Первый академик из среды казахов, первый президент Академии наук, крупный организатор науки, человек содействовавший рождению в казахстанской науке таких имен как Ш. Ч. Чокин, А. Х. Маргулан, У. А. Букетов и др., человек, открывший огромные запасы меди и марганца в нашей стране. Человек, чей жизненный путь является для нас примером нравственного подвига, символа мужества, трудолюбия, служения своему народу. Ежегодное проведение данной конференции доказывает, что дело К. И. Сатпаева живет в Казахстане и сегодня.

Для многих участников конференции этот день запомнится как первый шаг в науке, первая проба пера, проверка себя на творчество и смелость. Примечательно, что вами подготовлены интересные выступления, доклады, мультимедийные презентации. Надеюсь, что сегодня состоится открытый и откровенный разговор по самым интересным и животрепещущим проблемам современности. Но в тоже время, хочется подчеркнуть, что нельзя останавливаться на достигнутом, потому что в науке, истина открывается только тем, кто, не жалея себя, целеустремленно и мужественно идет к ней.

Уверена, что в ходе работы конференции каждый участник найдёт то, что будет созвучно его потребностям и то, что значительно расширит его возможности. Пусть опыт, полученный в рамках конференции, станет новой точкой роста в ваших научных изысканиях.

Искренне желаю всем участникам и гостям конференции творческих успехов, захватывающих обсуждений и дебатов, новых встреч и деловых контактов, новых открытий и вдохновений!

**С. Торайгыров атындағы  
ПМУ ректоры, филос.ғ.к.**



**Г. Ахметова**

**1 Секция. Академик Қ. И. Сәтбаев және  
оның білім беру мен ғылымдағы рөлі  
1 Секция. Академик К. И. Сатпаев и его роль  
в развитии науки и образования**

**ВЕЛИЧАЙШИЙ АКАДЕМИК, ВЫХОДЕЦ  
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ К. И. САТПАЕВ**

**АМАНГЕЛЬДЫ Д. Д.**

ученик, лицей-интернат «Білім-инновация» для одаренных юношей,  
г. Павлодар

**СУЛЕКЕЕВ Д. К.**

учитель истории, лицей-интернат «Білім- инновация»  
для одаренных юношей, г. Павлодар

Известно, что каждая выдающаяся личность оставляет после себя след в истории. Огромен вклад академика Каныша Имантаевича Сатпаева в отечественную науку. Велики его заслуги перед страной. В деятельности К. И. Сатпаева по руководству наукой в военные годы проявился его талант организатора, интуиция ученого, умение видеть перспективу развития республики, ее народного хозяйства и культуры. Можно только удивляться, как в тяжелейшее военное время, в условиях тотального дефицита производственных помещений, жилья, оборудования, приборов и прочего Каныш Имантаевич Сатпаев стал собирателем научных сил в Казахстане, в сжатые сроки создавал новые научные учреждения, укомплектовывал их кадрами. Открыл крупнейшие месторождения медной руды: Балхаш, Жезказган, Карсакапай и другие месторождения цветных металлов. Под руководством Сатпаева созданы Бухтарминская гидроэлектростанция, канал Моинты-Шу, Капшагайское озеро.

В студенческие годы начало формироваться научно-инженерное мировоззрение Сатпаева под благотворным влиянием сибирской школы геологов и особенно его любимого учителя и наставника профессора М. А. Усова, глубокие научные идеи и знания которого позже легли в основу всей творческой деятельности Сатпаева. Больше всего Каныш Сатпаев любил лекции Усова. Из статьи К. И. Сатпаева и И. И. Бока «Деятельность М. А. Усова, его прогрессивные идеи и теории в геологии»: «Как лектор М. А. Усов буквально покорял аудиторию. Его лекции,

продолжавшиеся обычно с небольшими перерывами два или четыре часа, было легко записывать, они очень хорошо воспринимались слушателями».

Молодой геолог Сатпаев первый интуитивно назвал Карагандинское месторождение бассейном, первым увидел Центральный Казахстан, Караганду, как центр черной металлургии. И всю свою жизнь он претворял эту прогрессивную идею в жизнь. Работая в Жезказганском районе он организовал разведку железных руд в районе Карсакая [1].

Выявление подлинной ценности Джебказганского рудного района является подвигом всей жизни К. И. Сатпаева. – Благодаря поискам геолога Сатпаева Улутау-Жезказганский регион с 40-х годов был признан одной из трех уникальных медных мировых провинций, с тех пор этот край стал притягательным для десятков тысяч людей, сюда пришла современная индустрия, - писал в 1965 году профессор геологии В. С. Коптев-Дворников [2].

Каныш Имантаевич Сатпаев говорил: «Если во всех точках на карте, где отмечены найденные в последние десятилетия в Казахстане месторождения полезных ископаемых, зажечь электрические огни, их будет так же много, как звезд на небе».

Больше всего К. Сатпаев любил поездки по бескрайним землям Центрального Казахстана, раскрывая их тайны. Молодой геолог Каныш Сатпаев тщательно изучал выхода рудного тела на поверхность, геологию Жезказганского и других месторождений полезных ископаемых Карсакайского района. Его интересовало буквально все – и география, и археологические находки. Уже вскоре, 26 января 1927 года К. И. Сатпаев написал свою первую статью «Карсакайский район и его перспективы», в которой наряду с краткими сведениями о географии и экономике, рассказал о его полезных ископаемых, богатствах его недр, впервые поднял вопрос об огромных потенциальных возможностях Жезказганского района и необходимости развивать здесь металлургическую промышленность. Он отмечал, что строящийся Карсакайский комбинат является только началом индустриализации региона. Он провидчески писал: «Джебказган представляет в потенциале одну из богатейших мировых провинций меди, в пользу которой в будущем уступят пальму первенства большинство известных медных провинций Америки». Для планомерного и комплексного изучения минеральных богатств района К. И. Сатпаев обосновал необходимость наращивания геологоразведочных работ, развития

сельского хозяйства, создания продовольственной базы для будущего индустриального центра. Статью о Жезказгане К. И. Сатпаев закончил словами: «Когда над Улутау впервые пронесется гудок заводской сирены, то он, несомненно, найдет свой мощный отклик далеко во всех уголках Казахстана. Усилителем же этого «эха» будут: историческая популярность Улутау, его центральное местоположение, любознательность казахского народа и даже его природная склонность к песнетворчеству, причем в новых песнях, несомненно, будут звучать уже не былые ноты тоски и отчаяния, а другие, более бодрые ноты, полные мощи и отваги. То будут песни нового, нарождающегося индустриального Казахстана». В этих словах молодого геолога проявилась его огромная любовь в родной земле и народу, его страстное желание видеть Казахстан индустриальным. И в последующие годы он отдавал все силы, чтобы свои мечты воплотить в жизнь.

Мечты К. Сатпаева сбылись: по его поручению и под его руководством в 40-е годы в Казахстане было открыто и разработано Джебдинское месторождение марганцевых руд, позволившее Советскому Союзу в годы Великой Отечественной войны, несмотря на потерю украинского Никополья и Чиатурского месторождения в Грузии, продолжить выпуск броневой стали. В годы войны 70,9 процента марганцевой руды СССР были получены на данном месторождении

Каныш Имантаевич всегда был убежденным оптимистом, никогда не терял веры в себя и стойко боролся за правду. Основными направлениями в практической деятельности Каныша Имантаевича того времени и всегда позже был комплексный подход к изучению месторождений полезных ископаемых всего Джебказганского района и прилегающих к нему площадей, стремление дать экономическую оценку запасов минерального сырья, привлечь их в самый короткий срок на службу страны. Эти направления оставались главной линией во всей его дальнейшей обширной деятельности геолога.

Осенью 1941 года Сатпаев был назначен заместителем председателя, а через год председателем Президиума Казахского филиала АН СССР. Среди важнейших проблем, решенных геологами республики под руководством Сатпаева в военные годы, было бесперебойное снабжение фронта металлом, углем, нефтью. Значение казахстанской помощи фронту и роль в этом Сатпаева были, безусловно, громадными. С понятной гордостью он не раз говорил: «Девять из десяти пуль, разящих гитлеровских оккупантов,

отливается из свинца, добытого в Казахстане» [1]. Война с фашизмом потребовала перестройки деятельности Казахского филиала Академии наук, руководителем которого являлся Сатпаев. В это тяжелое время по его инициативе наращивается выплавка меди на Балхашском заводе за счет вовлечения в переработку руд Жезказгана, он умело направлял деятельность отечественных исследователей и активно участвует в работе по расширению и оптимизации сырьевой базы металлургических предприятий Рудного Алтая и Южного Казахстана. В суровые военные годы Сатпаев и его соратники совершили настоящий научный подвиг, когда враг захватил единственное действующее тогда Никопольское марганцевое месторождение на Украине, перекрыл дороги к Чиатуре на Кавказе и уральские танковые заводы оказались без сырья для производства броневой стали.

Так, в начале 1942 года была получена шифрованная телеграмма за подписью председателя Государственного Комитета Обороны И. Сталина, обязывающая геологов срочно найти месторождение марганца, требовавшегося для выпуска броневой стали. В тот же день в Дом правительства пригласили всех геологов и ученых, находившихся в Алма-Ате, дали от имени первого секретаря ЦК задание – к утру следующего дня прийти с готовыми предложениями по этому поводу. Каково же было удивление повторно собравшихся специалистов, молчаливо сидевших в зале, когда с места поднялся их коллега Сатпаев и вполне ответственно заявил о том, что нужная для фронта ферромарганцевая руда в достаточном количестве имеется в местечке Жезды, всего на расстоянии 45 километров от станции Жезказган. После недолгой проверки рудных образцов доселе неизвестного месторождения началась подготовка к добыче руд, не прерывавшаяся ни на минуту круглые сутки. На строительных площадках трудились тысячи людей, была сконцентрирована разнообразная техника. За 38 дней был сдан в эксплуатацию Джездинский марганцевый рудник, поскольку вся добыча этого металла осталась в зоне оккупации, а без марганца было невозможно изготовление высоколегированной стали.

Напряжение нарастало с каждым днем. Государственный комитет обороны, как с фронта боевых действий, ежедневно получал сводки от строителей Жезды. В результате принятых жестких мер и героических усилий жезказганцев через 38 дней с начала подготовительных работ были отгружены первые тонны драгоценной марганцевой руды, за три месяца была завершена постройка железной дороги, заодно рудника и рабочего поселка.

Для военного времени стало ясной необходимостью усиление работ всех научно-исследовательских учреждений Казахстана для нужд обороны страны с координацией их в каком-то едином центре. По предложению К.И. Сатпаева с этой целью был создан научно-технический центр при Госплане КазССР.

Учитывая острую нехватку металлов в период войны и значение развития черной металлургии в пределах Казахстана, в правительственных органах страны в начале 1942 г. прорабатывался и был поднят вопрос о скорейшем строительстве крупного металлургического завода в республике. В связи с этим в геологическом институте были организованы обширные исследования с целью расширения запасов железных руд для будущего завода и обеспечения его всеми другими видами минерального сырья. Летом 1941 г. Каныш Имантаевич участвовал в работе Правительственной комиссии по выбору места строительства этого завода; такая площадка была выбрана в урочище Темир-Тау, близ Караганды. В 1942 г. он завершил монографию «Месторождения железных и марганцевых руд в Казахской ССР». Однако, по условиям военного времени работа своевременно не была опубликована.

С весны 1942 г. коллектив Геологического института провел детальную ревизию месторождения меди и свинца в Центральном Казахстане и открыл ряд новых месторождений редких металлов. Для увеличения выплавки свинца, олова, молибдена и других металлов вносились практические актуальные предложения по линии развития местной промышленности республики.

Громадный толчок к росту и развитию КазФАН СССР давали срочные запросы на местные виды строительного и подсобно-металлургического минерального сырья со стороны эвакуированных в Казахстан предприятий. Ученые филиала оперативно решали эти вопросы. Все практические предложения филиала быстро внедрялись в производство.

В годы войны в Казахстан было эвакуировано большое количество научных учреждений, деятелей науки культуры из Москвы и Ленинграда.

В 1942 г. за работу «Рудные месторождения Жезказганского района» К.И. Сатпаеву была присуждена Сталинская премия СССР второй степени, позже называемая госпремией СССР. К этому времени Каныш Имантаевич завоевал уже прочный авторитет, что дало возможность в 1942 г. по совокупности работ и за большие

заслуги в организации науки, по специальному ходатайству ИГН АН СССР, присудить ему ученую степень доктора геолого-минералогических наук.

В апреле 1943 г. в жизни Каныша Имантаевича произошло важное событие – он был принят кандидатом в члены Коммунистической партии, а год спустя – в 1944 году стал членом КПСС. Он с величайшей ответственностью готовился к вступлению в ряды Ленинской партии, он был очень требователен к себе и постоянно стремился быть подлинным коммунистом-ленинцем во всем. К его многочисленным обязанностям теперь прибавились новые ответственные поручения, которые неизменно выполнялись с присущей ему энергией и интуиизмом. Он был членом Антифашистского комитета, Комитета по координации науки, Комиссии АН СССР по мобилизации ресурсов Урала, Западной Сибири и Казахстана на нужды обороны, Всесоюзной комиссии по запасам и выполнял много других государственных и общественных поручений.

Каныш Имантаевич с необычайной ясностью видел стоящие перед страной задачи, знал пути их решения и умел увлечь и вдохновить весь коллектив. Трудности, стоявшие на пути развития науки в Казахстане, ни на минуту не останавливали его. Он умел их преодолеть и вскоре возглавляемый им Казахский филиал АН СССР стал крепнуть и развиваться, открывая широкие горизонты для дальнейшего развития науки в Казахстане. Осенью 1943 года Каныш Имантаевич за заслуги в развитии науки в Казахстане и большие научные достижения был избран в члены-корреспонденты АН СССР.

В конце войны директором Магнитогорского металлургического комбината Г. И. Носовым был поставлен вопрос о расширении рудной базы этого предприятия. К. И. Сатпаев предложил Аятское железорудное месторождение в Кустанайской области, которое было исследовано сотрудником Института геологических наук А. Н. Волковым. Правительственная экспертная комиссия по изучению под председательством академика И. П. Бардина и при участии К. И. Сатпаева признала Аятское месторождение перспективным. К. И. Сатпаев в научном труде «Форсировать освоение Аятского железорудного бассейна» писал: «История геологического изучения Аятского бассейна, изучение вопросов технологической переработки его руд, обнимающая сравнительно короткий период — пять лет, является поистине одной из ярких

страниц творческого развития советской инженерно-технической мысли. За указанный рекордно короткий срок в результате комплексных и интенсивных исследований оконтурены границы промышленных руд, развернуты многогранные технологические исследования по установлению наиболее экономичных методов технологической переработки руд...» [3].

Сатпаев был великим и одновременно простым, доступным, скромным человеком. Природа наделила его красноречием, высоким ростом, благородной осанкой, большой головой (размер шапки - 62-ой). Он выделялся в любой толпе, его замечали всегда первым и запоминали. Был, например, такой случай в Англии, в 1947 году, когда Казахский ученый посетил эту страну в составе советских парламентариев. Во время неофициального приема У. Черчилль, экс-премьер-министр Великобритании, задал ему шуточный вопрос: «Все ли казахи такие, богатырского сложения, рослые, как вы?» - «О нет, господин Черчилль, среди казахов я самый маленький, мой народ выше меня!» - ответил академик Сатпаев.

Заслуженно многие годы ученый был в центре всеобщего внимания. Он неоднократно избирался депутатом в Верховные Советы страны и республики, удостоивался высоких наград. Только лишь орденом Ленина он был награжден четырежды! Ему присуждались Ленинская и Государственная премии, он избирался действительным членом союзной и Казахской АН, почетным академиком Таджикской АН, членом многих общественных организаций Союза и мира. Великий русский поэт Сергей Есенин сказал: «Лицом к лицу лица не увидать - большое видится на расстоянии».

«Чем дальше уходит от нас «сатпаевский период» развития науки и общества, тем зримее становится величие его фигуры как выдающегося ученого, государственного и общественного деятеля, гражданина и патриота своей страны, совершенный им вклад в развитие и процветание нашей Родины. Имя его навечно останется в памяти нашего народа, золотыми буквами увековечено в его истории» [4].

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 С. Ж. Даукеев «Выдающийся геолог и ученый»
- 2 Сарсеке М. Сатпаев. – М.: Молодая гвардия, 2003.
- 3 Сборник статей «Мир Сатпаева»/ Составители: Каменев Е.А. и др. -Алматы: Шартарап С, 1999
- 4 Н. А. Назарбаев «Великий сын земли казахской»

## «СӘТБАЕВ» ТАРИХЫ

ДЮСЕНОВА Д. Н.  
8 сынып оқушысы, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.  
БЕЙСЕНБАЙ М. Е.  
жетекші, тарих пәнінің мұғалімі,  
№ 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Еліміздің көрнекті жазушысы Медеу Сәрсекеев 40-жылдан астам шығармашылық өмірін қазақтың дара тұлғаларының бірі, бүкіл әлемге әйгілі, ғұлама ғалым академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғұмырнамасын зерттеп-жазуға арнағаны көпшілікке мәлім. Кешегі Одақ көлеміне жазушыны танытқан бір шығармасы – «Жизнь великих людей» /ЖЗЛ/ топтамасымен жарық көрген «Сәтбаев» романы. Бұл шығарманың шығу тарихы – кезінде астыртын да, үстіртін де кедергісі көп болған, айтуға тұрарлықтай келелі мәселе. Ақиқат – ар ісі. Осы ақиқатты ашып берген жаңа туынды – әділет жолына бой ұрған, өркениетті өмірге көш бастаған жаңа егемен еліміз үшін құндылығы зор, керекті дүние

Медеу Сәрсекенің Ұлы ғалымның өмірін айшықтаған туындылары 1980-2009 жылдар аралығында қазақша және орысша 10 мәрте басылып, жалпы таралымы 324000 дана болып, әлемнің 112 еліне тараған. Әйтсе де, жазушының осы шығармаларының ішіндегі ең атақты, «аты-шулы» «Сәтбаев» роман-эссесінің баспаға шығу тағдыры өте ауыр болғанын замандастарымның бірі білсе, бірі білмейді деп ойлаймын. Сол себептен Медеу Сәрсекенің 1994 жылы Алматыда жарық көрген «Қуғындалған «Сәтбаев»» атты естелік-эссе жайлы айтпауы мүмкін емес. Ақиқатты арқау еткен осы кітаптың көптеген қиыншылықпен шыққаны жайлы автор сол келеңсіздікті өкінішпен, ашыныспен айтады [1]. Енді сол аталған қиыншылыққа және автордың өміріне тоқталатын болсақ.

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, жазушы Медеу Сапаұлы Сәрсекеев 1936 жылы 2-ші ақпанда Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қайнар ауылында дүниеге келген. Жазушының балалық шағы Семей өңірінің Абыралы айлағында, яғни ядролық қарулар сынақ алаңында өткен. Ол өзін осы сынақ алаңынан зардап шеккендердің бірі санайды. Орта мектепті 1953 жылы алтын медальмен бітірген бозбала сол жылдың 12 тамызындағы сутегі бомбасына жүргізілген қатерлі сынақ кесірінен Алматыдағы политехникалық институтқа түсу мүмкіндігінен айырылып қала жаздайды. Болашақ инженер институт қабырғасында жүргенде

фантастика жазумен шұғылданып, өзінің тырнақалды туындыларын ұстазы Ебіней Бөкетов редакторлық еткен, институттың көп таралымды газетінде жариялай бастайды. Әйгілі ғұламадан көп тәлім, өнеге алады.

1958 жылы Қазақ политехникалық институтының металлургия факультетін тәмамдады. 1958-1959 жылдары «Жас алаш» газетінде әдеби қызметкер, бөлім менгерушісі, 1959-1963 жж. Семей цемент заводында смена мастері, аға диспетчер, өнертапқыштар бюросының бастығы, 1963-1965 жж. «Егеменді Қазақстан» газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі; 1965 жылдан Семей облысаралық бөлімшесінде жауапты хатшы қызметтерін атқарған. Медеу Сәрсекенің шығармаларына келетін болсақ, оның ең алғашқы ғылыми фантастикалық повесі «Ғажайып сәуле» 1959 жылы жарық көрген. «Жетінші толқын», «Көрінбестің көлеңкесі» (1960), «От және атом», «Айшықты мезет» повестері мен әңгімелері, «Туған жердің асылы» новеллалары, «Жаңғырық», «Көмбе» романдарының авторы. Орыс тілінде «Взрыв» және «ЖЗЛ» сериясымен «Қаныш Сәтбаев» атты деректі ғұмырнамалық кітабы жарыққа шықты. Ұлы ғалым өмірін зерттеуге М. Сәрсекее 45 жыл ғұмырын сарп етіп, осы уақытта ұзын саны 10 кітапты дүниеге әкелген. Сол кітаптардың ең көлемдісі – «Қазақтың Қанышы» мен «Қаныш елі» т. б. жинақтары [2].

Сонымен қатар Медеу Сәрсекее С. А. Беляевтің «Қос мекенді адам» романын қазақ тіліне аударған. 2007 жылы «Евней Букетов» атты кітабы жарық көрді. Драматургия жанрында да еңбек етті. «Құрмет» орденімен (2001), «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Қазір Семей қаласының әкімі жанындағы «Ақсақалдар кеңесінің» мүшесі болып, қоғамдық істерді сәтті шешуге өз үлесін айтарлықтай қосып келеді. 1997 жылдан Семей қаласы мен Абыралы ауданының құрметті азаматы [5].

Енді жазушы Медеу Сәрсекенің «Сәтбаев» туындысын жазуға кімнің ықпал еткенін айтып өтсем. Өндіріске араласып, цемент зауытында жұмысшы болып жүрген кезінде болашақ жазушы Медеу Сәрсекее әйгілі академик Өлкей Марғұланның да шапағатын көреді, яғни, бір күні атақты академик жас қаламгерді шақыртып алып, «жақында бәріміз Сәтбаевты жазатын адам іздедік. Ойлап келіп, саған тоқтап отырмыз» деп жол сілтеп жіберді. Кеменгер кісінің ықпалымен Медеу Сәрсекее фантастиканы қойып Қаныш Сәтбаев туралы тарихи-деректі кітап жазуға белсене кіріседі.

Қаныш сынды қазақтың біртуар ұлы ғалым туралы үлкен дүние жазу оңай шаруа болмайтын. Жас қаламгердің бұдан былайғы шығармашылық жолы да тақтайдай тегіс болған жоқ. Ол өзінің әйгілі «Сәтбаев» тарихи-деректі еңбегін жанкешті тірлік, мехнатты жұмыс, тірнекті ізденіс арқылы 13 жыл дегенде толық жазып бітіреді. Бірақ оны жарыққа шығару жолында елеулі тосқауыл, кедергілерге де тап болады. Қазақ тілінде жазылып, баспа өндірісіне жіберілген аталмыш кітап жарыққа шықпай, «шашылып қалады». Бұл жазушыға емес, тарихқа жасалған үлкен қысастық болатын. Әділдік іздеген жазушының іс-әрекеті, біраз уақыты текке кетеді. Жүйкесі жұқарып, денсаулығы сыр береді. Құлағы да естімей қалады. Бірақ, тауаны қайтып, тауы шағылмаған талант иесі енді «Сәтбаев» кітабының орысша нұсқасын қайтадан жазып, 1977 жылы Мәскеуге апарды. Бұл кітап 1980 жылы «ЖЗЛ» сериясымен «Молодая гвардия» баспасынан орыс тілінде жарық көреді [3].

Қазақтың тұңғыш академигі Қаныш Сәтбаев туралы үлкен де тарихи дүние жазған жазушы Медеу Сәрсекенің түсіне ғұлама ғалымның жиі-жиі енетіні тегін де емес. Ол осы орайда «Қаныш Сәтбаев түсіңізге ене ме, аян бере ме?» деген сұраққа да шынайы жауап берді. Аруақтың аян бергені, желеп-жебегені сол шығар, ол өзінің шығармашылық жолы ақжолтай болғанын ағынан жарыла айтты. Қазақстанның болашақ астанасы Ақмола болатындығын дәл болжап, әйгілеп кеткен әйгілі ғалымның бір ауыз дәмді сөзін кейіннен Елбасына жеткізген де осы Медеу Сәрсекке болатын.

Жоғарыда айтылып кеткендей, «Сәтбаев» роман-эссесі жазылып болғаннан кейін, барлық тиісті органдарының «сынақтарынан» өтіп, басуға құп еткен кітап, шығарылмай қалды. Неліктен осыншама уақыт мұрағаттын сөресінде шаң басып жатты?

Ендеше осынау күрделі сұраққа жауабын осы кітаптың авторымен бірге қарастырсақ.

«...Мен төл еңбегімді жариялау жолындағы күресім де артық-кемі жоқ он төрт жылға созылған. Сол жылдарда мен көп күндер, айлар бойы Алматыда жатып қоймай сұранып жүріп председателдің де, Ғылым академиясының президентінің де, ҚКОК идеология хатшысының да, тіпті бірінші хатшының көмекшілерінің де алдында болдым. Солардың бірде-бірі де менің арызымды тыңдағанымен қасақана жасалған қиянатты түзетуге титтей де көмек жасаған жоқ. Халқымыздың данышпан перзенті, ғұлама ғалымы, мақтаныш етер сүйікті ұлы туралы жазылған ғұмырнама ақыр аяғында Москвада, дүние жүзіне әйгілі «ЖЗЛ» сериясында жариялағаннан кейін де

қазақша түпнұсқасы сегіз жыл бойы неліктен ешкімге керексіз боп құлыптаулы тартпада сүрленіп жатты? Кім оның жолына тосқауыл қойып, ұзында өші, қысқада кегі бардай жарыққа шығуын тоқтатқан?

Қандайда ұлы тұлға, көрнекті қайраткердің туған халқына қызмет-еңбегі, қадір-құрметі Тарихтың ұлы көшініде Уақыт пен Шындық таразысына түсіп, өлшеулі бағасын алатыны дауасыз. Менікі бірақ әлдекімдерден кек алу емес, көпшілік алдында ағымнан жарылып арылу, дүниеде Ақиқат атты патшалық барын паш ету! Сайып келгенде бұл – кімнің болса да жүгінер, бас иіп тағзым етер, тәуба деп әділдікке тоқтар жері...» [1].

Осы кітаппен мен де жұмыс барысында танысып шықтым. Әрине, кітапты сараптау менің еншімде емес, менің әлі де түсінбейтін жайттар кітапта баршылық. Дегенмен, өзіме түйгенім және де неліктен осы кітап уақытында басылып шықпағаны жайлы айта кетсем деймін.

Біріншіден және осы ең негізгі себеп деп ойлаймын: барлығына кінәлі сол кездегі қоғамдағы үстемдік жасап тұрған – әкімшіл-өміршіл жүйесі. Өздеріңізге мәлім сол уақыттың аралығын, нақты уақыт кезеңі ХХ ғ. 60-80 жылдары КСРО тарихында «тоқырау жылдары» деп аталады.

Екіншіден: кезінде, дәлірек айтсам соғыстан кейінгі жылдары атақты ғалым жерлесіміз КСРО-ның солақай қуғын-сүргін саясатына іліккен болатын. Сол саясаттың арқасында ол Ғылым академиясын, сүйікті ісімен айналысатын жұмыс орнынан, одан қала берді тіпті елден шет асып кетуге мәжбүр болды. Демек, ол «ақталғанын» өзінде кейін қандай ғұлама істер, жаңалықтар ашса да, сол бір келеңсіз кезеңді тағыда да сол баяғы әкімшіл-өміршіл жүйе, алдарына тартып отырды. Сондықтан Сәтбаевты кезінде дұрыс бағаланбағанында осы орайда айтып кетуге болады.

«Әділдік қашанда женеді, түбінде жеңіс сенде болады!...» – деген екен «Сәтбаев» ғұмырнаманың авторы жазушы Медеу Сәрсекеевке кезінде кітапты амалсыз «қолы байланып» баспаға шығара алмаған Алматыдағы «Жазушы» баспасының бас редакторы Әбілмәжін Жұмабаев. Расында да осы айтқан сөздер ақиқатқа айналып, тарихи ғұмырнама, роман-эссе түрінде жазылған «Сәтбаевтың» қазақша нұсқасы 1975 жылдың қыркүйек айында қиянатқа ұшырап баспаханада тоқтатылған соң бақандай он төрт жылдан кейін, яғни 1988 жылдың аяқ шенінде ғана «Жалын» баспасынан жарық көрді. Сәрсекеевтің жаңа кітабының сәттілігі кезінде төрдегілерден



жасқанып, көңілдегіні жасырған азапты күндердің бет пердесін батыл ашып отыр.

1998 жылы қараша айында Елбасы Павлодар қаласына іссапармен барғанда ұлы ғұламаға байланысты комиссия мүшелерімен арнайы жиын өткізгені белгілі. Осы жиында Елбасымыздың айтқан сөздерін өзімнің жұмысымда түпнұсқасында беруге жөн көрдім. Менінше, бұл сөздер жобаның осы тарауында көтерілген нақты сұрағына жауап береді.

*«Өздеріңізге мәлім, дарындыларды күншілдер қудалап, кемеңгерлерімізге күн көрсетпеген кертартпа қоғамда өмір сүрдік. Қаныш Сәтбаевтың басынан кешкен түрлі сүргіндер, жазалаулар, ең аяғы ұланғайыр еңбегінің лайықты бағасын алмау себебі де осы. Сондықтан да біз келешек ұрпаққа ұлағат ету үшін оның ғылыми еңбектерін, асыл сөздерін, ғұмыр жолын кеңірек насихаттауымыз қажет, жас жеткіншектер біздің халықтан осындай алып тұлға тугандығын білуге тиіс... – деп өткен өмір шындығын айтқаны, біраз жұртты ұйқыдан оятқаны анық [3].*

Осы әйгілі ғұмырнаманың авторы Медеу Сәрсекке бірер жыл бұрын Павлодар облысына келіп кеткен болатын. Осындай танымал тұлғалардың біздің аймаққа келуінің өзі үлкен тарихи оқиға деп ойлаймын.

Енді Медеу Сәрсекке арнап жазылған жазушылардың, қоғам қайраткерлердің, ғылымның әр саласындағы мамандардың естелік-пікірлерін айтып кетсем. Мысалы, филология ғылымының докторы, профессор Арап Еспенбетов былай айтып кеткен екен: «Медеу Сәрсекке - қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар қаламгер. Әдебиетте өзіндік қырымен, дара соқпағымен келген жазушы әдебиет әлеміне бойлаған сайын жүз толғанып, мың ойланып, өз тақырыбын тандап та, талғап та жүріп, қалам толғаған дарын иесі. Оның шығармалары негізінен тәуелсіз елдің тұғырлы тұлғаларын жеріне жеткізе әспеттеуге арналған. Оған қоса кең арналы әдебиетіміздегі жасампаз қиял, ғылыми-фантастиканы тыңнан батыл өріп, қазақша түлеткен жанрдың көшбастаушысы да. Бұл жайында БСЭ-нің 11-томындағы «Қазақ әдебиеті» атты мақалада: «Медеу Сәрсекеев – қазақ кеңес әдебиетінде фантастика жанрының бастаушы пионері...» деген түйін соған дәлел» [2].

Сонымен қатар Қаныш Сәтбаевтың қызы Ханиса Қанышқызы Сәтбаева 2000 жылы 29 қыркүйекте былай деген екен: «Әкеміздің мерекелі жылында Медеудің жарыққа шыққан екі кітабы да, «Қаныш елі» мен жаңа романы халық көңілінде сүйсініс туғызды,

қызғаншақтардың ішін күйгізді. Соның ең толымдысы «Қазақтың Қанышы». Кітаптың терең мәнді атынан өзі-ақ адамды тебірентеді, ұлы Абай айтқандай, ғалым ағасының, «әкесінің баласы емес, күллі халықтың ұлы» болғандығын әйгілеп тұр. Әкеміз тойына осы тартуды жасаушы Медеу Сәрсекке мен күллі әулетіміздің атынан шексіз алғыс айтамын! Енбектерің халыққа жеміс тергізсін, өмірде бақытқа кенел, Медеу қарағым!»

Ал Ұлы Отан соғысының ардагері Ә. Нұршайықов: «Алыпты алып қана арқалай алады, Абайдай данышпанды Әуезов әлемге танытты. Сәтбаевтың ұлы тұлғасын М. Сәрсекке ұлықтады, ЮНЕСКО жариялаған дерекке қарағанда, оның «Сәтбаевы» әлемнің 112 еліне тарапты. Бұл Медеудің ерлігімен жүзеге асқан іс» деп айтып кеткен [4].

Сонымен қатар елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Жарты ғасырға жуық шығармашылық қызметіңізде 100-ден астам елге тараған 30-дан аса кітап шығарған Сізді қаламгерлік мұратына жеткен бақытты жазушы деуге әбден болады. Сөз өнеріндегі жолыңызды ғылыми-фантастикалық хикаяттардан бастаған Сіз өміріңіздің 40 жылға жуық уақытын қазақтың ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаев туралы тамаша ғұмырнамалық роман жазуға жұмсадыңыз. Орыс және қазақ тілінде 10 қайтара басылған осы бас кітабыңызбен-ақ өз есіміңізді қазақ әдебиеті тарихына өшпестей етіп жаздыңыз деп білемін. Халқымыздан шыққан тұңғыш металлург-жазушы ретінде «Жарылыс» романыңыз да кезінде ісі қазақ қана емес, Одақ оқырмандарының көңілінен шыққан туынды ретінде танылды» - деген саликалы сөздерінің айғағы [5].

Қорыта келсем Қ. И. Сәтбаевтің зор табиғи дарыны ғылым саласында алға жылжуына ғана емес, сондай-ақ өзін-өзі тәрбиеленуіне, жетілдіруіне де көмектесті. Мен үшін және көптеген басқа адамдар үшін академик Қ. И. Сәтбаев әрқашан үлгі алуға лайықты бейне болып қалады. Ол тек жақсы ғалым болғысы келгендерге ғана емес, сонымен бірге Ұлы Отанымыздың лайықты азаматы болуға ұмтылған миллиондаған жастарға үлгі. Сондықтан сәтбаевтанушы Медеу Сәрсекке бар өмірін «Сәтбаевқа» арнап, шындықты, ақиқатты жазған. Ащы болса да, шынайы шындықты білу бүгінгі заман оқырманы үшін қажет деп ойлаймын. Әрине мұның бәрін сараптау менің еншімде емес, дегенмен уақыт барлығын өз орнына қояды деген сенімдемін.

Медеу Сәрсекенің Алаш жұртына әйгілі, қазақтың Қаныш Сәтбаев, Евней Бөкетов, Ермұхан Бекмаханов секілді асыл

перзенттері жайлы тарихи деректерге құрылған құнды туындылары бүгінде қалың оқырманның іздеп жүріп оқитын дүниесіне айналған. Бұдан Тәуелсіз елдің жас ұрпақтары мол тағлым, бай мағлұмат ала түсетін сенімдімін. Медеу Сәрсекенің Елбасына сыйлаған «Сәтбаев» кітабына: *«Қаныш ұлыны ұлықтап, өтті менің ғұмырым, өткізер едім қызықтап, қайта оралса жас күнім!..»* деген қолтаңба жазған екен [6]. Осыған қарап, мен де Медеу Сәрсекенің жолын қуып, Қаныш атамызды қазірден бастап ары қарай зерттегім келеді.

Біз – жас ұрпақ өз елінің мақтанышына және аты аңызға айналған, отансүйгіштіктің керемет үлгісі Қаныштай атамызды пір тұтып, оның өмір жолы мен асыл мұрасын білуге және ешқашан жадымыздан шығармауға міндеттіміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Медеу Сәрсекен: таңдамалы шығармалары / естелік-эсселер VI, II, IV, V том; «Фолиант» баспасы, Астана-2006.
- 2 Егемен Қазақстан / 24 наурыз 2006 жыл.
- 3 Медеу Сәрсекен: «Қуғындалған «Сәтбаев»» / «Шабыт» баспасы, Алматы-1994.
- 4 Қаныш аға / Алматы «Жазушы» 1989.
- 5 Қазақ әдебиеті / №4 / 27.01.2006./
- 6 Сәрсекен М.: Қазақтың Қанышы. Алматы «Атамұра», 1999 ж.

#### ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ШЕЖІРЕСІ

КУЛАТАЕВА Р. К.

10 сынып оқушысы, № 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

КАРЖАСБАЕВ Т. К.

тарих пәнінің мұғалімі, № 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

Қаныш Сәтбаевтың атасы Сәтбай Шотықұлы (1823-1902 жж.) Баянауыл өңіріне танымал, қадірменді азамат болған. Сәтбай бабаның аты Шорман би, Шыңғыс Уәлиханұлы сияқты ел саңлақтарымен дәрежелес, атақты кісі болғаны белгілі. Бәйбішесі Күнсұлудан Имантай, Жәмін, Әмін, Зейін атты төрт ұл туады. 1845 жылы тұңғыш ұлы Имантай туады. Сонда ол ұлан-ғайыр той жасап, үш жүздің әр аймағынан атақты жырау, ақындарды, балуандарды, әйгілі сал-серілер мен әнші-күйшілерді алдырыпты. Тойға шақырылған аса мәртебелі қонақтардың ішінде атағы сол кезде сахараны жаңғыртып тұрған, әрі батыр, әрі ақын, әрі композитор

Сегіз сері (Мұхамедқанафия) Бахрамұлы Шақшақов (1818-1854) болған екен.

Сыйлас досы Сәтбай сұраған соң Сегіз сері тойды бастап беріп, балаға Имантай деп атын қойып, ұзақ толғаулы өлеңмен жас нәрестеге ақ батасын беріпті. Сәтбай бабаның өмірі әділетті билікте, саналы діндарлықта өтіп, ақыры қажылыққа барғанда топырақ Меккеден бұйырыпты. Имантай қартайған шағында ардақты әкесінің дүние салған жерін көріп, белгі орнатқысы келді ме, әлде өмірінің ақырғы кезінде мұсылмандық жолына түбегейлі түсейін деді ме, Меккеге баруды ойлапты. Мәскеуде қызмет істеп жүрген баласы Қанышқа хат жазып, бұл ойын айтқан да екен. Алайда ол қасиетті арманы орындалмай, Имантай ата 1928 жылы ауыр сырқаттан қайтыс болыпты. Осы аз ғана аталған басы сапалы, соңы қапалы жағдайларды жіпке тізіп жүрген Кеңес өкіметінің жендеттері Қаныш Сәтбаевқа байдың баласы, атасы қажы, әкесі де діндар болған деп қалайда ебін тауып, қаралау әрекеттерін жылдан жылға өрістете береді. Сәтбай мыңға дейін жылқы біткен ауқатты адам болған. Кейін жылқысының барлығын Жәмінге берген. Ал Қаныштың әкесі бай болды деген сөз жалған. Имантайдың-жүзге жетпейтін жылқысы ғана болған орта шаруа. Әкесі Имантай Сәтбайұлы (1845-1928 жж.) Омбы қаласындағы медреседе білім алған. Имантай Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі.

Мұса Шорманов баласы Сәдуақасты, онымен бірге шаруашылығын басқаратын Сәтбайдың баласы Имантайды Омбыдағы оқуға: Сәкенді гимназияға, Имантайды начальное училищеге береді. Зерек балалар оқуларын бітірген соң Сәдуақас Томск университетіне, Имантай Омбыдағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Анасы Әлима Исақызы (1860-1904 жж.) Қаныш бес жасқа келгенде қайтыс болған. Бәйбішесі Күлше атты қыз туып, ол өмірден ерте өтіп кеткен. Содан 47 жасқа келгенде екінші рет үйленіп, Шорман ауылының жесір отырған жас әйел Әлиманы алады. Одан 1892 жылы Ғазиза атты қыз, Оның бірі–Ғазиза Имантайқызы Сәтбаева (1892-1932) белгілі ғалым-археолог Кемал Ақышевтың анасы. Ал Ғабдұлғазиз Имантайұлы Сәтбаев (1894-1937) болса, іске берік, елге қадірлі болған тұлға. «Бай тұқымы» деген түрткі сөзден аулақ жүру үшін Ғабдұлғазиз ауыл аймағын, туыстарын Омбы қаласының маңайынан жер алып, бәрін сонда көшіріп алыпты. Қаныш Қарсақбайда қызмет істеп жүргенде өз балалары Ханиса мен Мәлешті, ағасының, Имантайдың асырап алған баласы Әбсәлімнің балаларын, Ғазизаның екі ұлы

Рашат пен Кемалды өз қолына алып, тәрбиелеген екен. Қаныш оқуда жүргенде Ғабдұлғазиз шаңыраққа тіреу болыпты. Сәтбай әулетінің 1932-1933 жылғы аштыққа ұшырамауына осы Ғазиз бен Қаныштың сіңірген еңбегі өте зор. Ғазиздің немересі, геология ғылымдарының кандидаты Әлішер Ғалымтайұлы Сәтбаев қазір су шаруашылығы ғылыми институтының директоры, халықаралық Қ. И. Сәтбаев қорын басқарып келеді. Бес жылдан кейін Қаныш шын есімі Ғабдұлғани туады. 1899 жылы Қаныш туғанда Имантай өз болысының биі болыпты Сөзге шешен, қазақтың мақал-мәтелдеріне жетік, ән салып, домбыра тартатын жан екен. Сәтбай әулетінің парасаттылығы сондай-Қаныш ол әулеттен шыққан бірінші білімпаз емес. Зейіннің Әбікей деген баласы 1886 жылы Омбының мұғалімдер семинариясын бітірген, Баянауыл мектебінде мұғалім болған, орыс тілінен сабақ берген. Қаныш 1962 жылы Американың Пристон университетіне жолдаған анкетасындағы «Сіз білім алғаныңыз үшін кімге қарыздарсыз?» деген сұраққа Алашорда көсемдерінің бірі болған. 1937 жылы атылып кеткен ағасы туралы тұңғыш рет сөз қозғап «Оқуға түскенім үшін ескі интеллигент Әбікей ағам қарыздармын» [1, 290 б.] – деп жауап беріпті.

1914 жылы Семейдің мұғалімдер семинариясына барғанда, Әбікей сонда мұғалім болатын. Екінші ағасы Әбдікәрім-Имантайдың Жәмін атты інісінің ұлы. Өзінің айтуынша Қаныштан үш жас үлкендігі бар. Ағалары Әбікей Зейінұлы Сәтбаев (1881-1937), Әбдікәрім Жәмінұлы Сәтбаев (1897-1937) та аймаққа аты шыққан, елге сыйлы, нағыз ұлтжанды қазақтар еді. Бұл екеуі де атылып кетті. Ә.Марғұлан кезінде «Семей губерниясында Кәрім Сәтбаевтан асқан скрипкашы болған жоқ» деп жазады. Ол кісі барлық аспапта жақсы ойнаған бірақ скрипканы ерекше меңгерсе керек. Қаныштың бұл ағасыда 1938 жылы атылыпты. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған ағасы Ғабдұлғазиз (Ғазиз, Бөкеш атанған) 1937 жылы тұтқынға алынып, хабар-ошарсыз кетті. Түрмеде ме, айдауда ма, қай жерде оған қазаның жеткені беймәлім қалды.

Бұл жағдай Қаныштың жүрегін айықпас дертке, орны толмас қайғыға душар етті. Ал туған ағасы Ғазиз (Бөкеш) туралы сұрағанда, Ә. Марғұлан Қаныштың көзінен тұңғыш әрі соңғы рет жас көріпті. Жылап отырып: «Мен ағамның талантының маңайына да бара алмаймын. Ол менен әлде артық еді. Тұнып тұрған талант еді. Бірақ заманы солай болды», -депті. Ашаршылық жылдары елге барған ол ағасын өзінің қаржастары «байдың баласы» деп ұстап берген екен. 1925 жылдары Абайды баласы Тұрағұл ауылына келген

Ә. Марғұланға: «Біздің Ертіс бойында Имантайдың екі ұлынан асқан білімпаз, оқымысты адам жоқ. Біз ол екеуінің маңайына бара алмаймыз», - [1, 353 б.] деген екен.

Анасы Әлима Исақызы (1860-1904 жж.) Қаныштың анасы Әлимаға қатысты «Иса қызы» дегеннен басқа ешқандай дерек болмады. Әрине, оған содыр заман кінәлі. Голощекиннің қасақана қолдан жасаған ашаршылығы ұлы жұтқа апарып соқты. «Байдың ұрпағы», «байдың баласы» атанғандар сталиндік зұлматтың зардабына ұшырады. Қазаққа жеке басқа табынушылық пен тоталитарлы зұлым саясаттың құрығы тағы да қатты тиді, 1937 жылғы «қызыл қырғын» келді, елім деп еңіреп туған асыл ағаларымыз жазықсыз атылып кетті. Тап осы қиянатқа Сәтбаев әулеті де толығынан ұшырады. Ағалары Әбікей Зейінұлы Сәтбаев (1881-1937), Әбдікәрім Жәмінұлы Сәтбаев (1897-1937) та аймаққа аты шыққан, елге сыйлы, нағыз ұлтжанды қазақтар еді. Бұл екеуі де атылып кетті. Осы орайда өз анасы Әлиманың ата тегін атау жанып тұрған оттың үстіне май құйғанмен бірдей еді. Содан да ол анасы жайлы Әлима Исақызы деумен шектелді. Иә, оның қай Иса екенін айтпағанында да үлкен мән жатыр. Баянауылда елге атағы шыққан екі Иса өтіпті. Екеуі де шенді де шекпенді, дәулетті де әулетті, құран жолына құлай берілген кісілер екен. Олардың да кейінгі тұқымдарының 1932 жылғы аштықтан, 1937 жылғы жаппай қырғыннан аман қалғандары некен-саяқ. Сонда Әлима ананың әкесі қай Иса? Бұл туралы мүлдем дерек жоқ.

Рас, Әлима Исақызының кім болғанын, қандай жан екенін Ебіней Бөкетов те, Медеу Сәрсекке де, Шәмшиябану Қанышқызы да хатқа түсірді. «Ақ Әлима» атанған ғажайып ананың бейнесін естіген, білген, оқығандарынан асыл дәндей тазалап, қысқа болса да нұсқа болардай етіп сипаттаған. Әлиманың уыздай жас кезінде тұрмысқа шыққан жері Шорманның әулеті екен. Мұстафа Шорманұлының Қанафиден деген баласына ұзатылыпты. Бірақ, Қанафиденнің денсаулығы мәз болмаса керек, санаулы күндерден кейін дүниеден озыпты. Имантай (1845-1928) мен Нұрымның (1850-1928) жалғыз Күнше деген қыздары ертеректе қайтыс болыпты. Онсыз да аз сөйлейтін Имантай қызы өлгеннен кейін мүлдем тұйықталып қалса керек. Оны сезген Нұрым ана Имантайға: «Отағасым, менің сөзіме назар аударшы, екеуіміз отасқалы қату сөзге келмеппіз. Сенен алған өнегем де аз емес, өзегімізді өртеген қайғы да ортақ. Бұл жалғанда қанша тұрсақ та күш-қуат барда, өкінбей өтейік. Сені ұрпақсыз қалдырғым келмейді. Қанафиден өліп кетті, Исаның

жап-жас қызы Әлима жесір қалды. Ол да қанша отырар дейсің, өзі көркем, әрі мінезге бай, мейірімді адам көрінеді. Сол бұйырып тұрған шығар, тоқалдыққа ал. Мұстафаның ағасы, Мұсаның ұлы, Сәдуақас досымыз ғой, сол кісімен уәделесіп алсақ, ар жағының Алла сәтін берер. Ол бала тапса, мен баға беруге жалықпаспын», [2, 130 б.] деген екен.

Имантай әділ би, қолы ашық мырза екен. Әділдігі бүкіл Қаржасқа белгілі, сыйлы кісі болғандықтан, досы Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов оны шын жүректен қолдапты, көмектесіпті. Шорман әулеті Әлиманы өз қыздарындай құрметпен, өте жоғары дәрежеде ұзатса керек. Бұл Әлиманың (1862-1904) жалындап тұрған қызғалдақтай қырмызы кезі, жасы жиырмаға жетпеген шағы екен. Тал бойында бір мін жоқ, тостағандай қап-қара көздері, қиғаш қас, қыпша белі ел-жұртты амалсыз тандандырыпты. Әлима келген жеріне де сыйымды, Нұрым бәйбішеге де өз қызындай сыйлы болған көрінеді. Нұрым ана да ешқандай күндестік нышанын білдірмей, әсіресе Әлима қатты сырқаттанып жүргенде оған ел сүйсінердей күтім жасапты. Жазмыштан озмыш жоқ деген, Әлима кенжесі Қаныш туғаннан кейін екі жыл өткенде дүниеден озыпты. Сөйтіп, Әлимадан туған балалар Нұрым бәйбішенің бауырында өсіпті. «Өз шешемді білмеймін, тіпті есімде жоқ. Үлкендердің айтуынша, керемет балажан кісі болыпты. Әсіресе, «кенжетайым» деп мені тым жақсы көрсе керек», [2, 141 б.] – деген Қаныш ағаның сөзін Медеу Сәрсекке де өз еңбегінде орнымен келтіріген. Сонымен Имантай мен Әлима Сәтбаевтардан екі ұл, бір қыз дүниеге келген. Баянауылдың өзіндегі, Тендіктегі ақсақалдар, басқа да ғалымдар, Әлима Шорманның ұлы Исаның қызы деген жорамалға жол ашты. Шорманның ұлы Мұстафаның баласы Қанафиденге қалайша Шорманның кіші баласы қызын береді деген күдігім алайда бой беретін емес. Олардың айтуынша, Шорман тұқымы бұл аймақты билеген ұлы әулет. Олар өз асылдарын жоғалтпас үшін нағашы-жиендерін ала берген.

Жасымнан хан мен төрелер жайлаған Көкшетау, Айыртау, Сырымбетте өскен мен бұл ғұрыптың төре тұқымдарынан шыққанын білетінмін. Олар өз ортасы болмаса, «қара қазақтан» қыз алуға аса құлық танытпаған. Таза қазақ жеті атаға жетпей қыз алыспайды. Діннің осы берік қағидатын әрі би, әрі әмірші, әрі дін жолын берік ұстаған Шорман тұқымы қалайша бұзуы мүмкін деймін мен іштей. Дегенмен елден асып қайда барасың, Шорман әулетін ақырындап зерттей бастадым. Шорманның Мұса,

Мұстафа, Иса атты ұлдары және Шоқанның шешесі, Шыңғыс төреге тұрмысқа шыққан Зейнеп атты қызы болған. Бұл мәселенің төңірегінде оқығандарым мен көргендерім аз емес. «Көргендерім» дегенім суреттер ғой, ақ патшаның полковнигі Мұса Шормановты зерттеушілер орыс-қазақта аз емес екен. Шоқанға Зейнеп арқылы байланыстары-нағашылықтары болса, қарсы құда болып Мұсаның ұлы Сәдуақас Шоқанның қарындасы Нұриләны алған екен. Ұшан-теңіз суреттердің арасынан алайда Әлиманы кездестіре алмаған. Сонда да ізденісті тоқтатпаған.

Алайда, Әлима Шорман тұқымынан деген ұйғарымға еш ілік табылмады. Осындай әр-сәрі күйде жүріп «Қаныштың ата-анасы» деген поэма жазып, оны «Даналыққа тағзым» атты кітабыма кіргіздім. Сол поэмамның ішінде Әлиманы сипаттай келе бір тұсында:

«Баянда екі Иса бар білгендерге,  
Болды олар айтулылар іргелі елде.  
Қай Иса қызы екенін айту қиын,

Дәлел аз дәл түйіндер бүгін елге», – [3, 9 б.] деп Әлиманы Шорманның Исасының қызы деп кесіп айта алмай отырғанымды аңғартыппын. Осыным дұрыс болып шықты, себебі Иса Шормановтың Әлима атты қызы болмағанына көзім жеткен. Екінші Иса жайлы шежіреден аты-жөнін тапсам да, оның Әлиманың әкесі екеніне тура жауап берер адамды таппадым. 2003 жылдың 22 наурызында жазылған Ұлы Отан соғысының ардагері, ҚазГУ-дің саяси экономия кафедрасының доценті, ол кезде зейнеткер Егізбай Қанатбайұлы жазыпты. «Сүлеймен Ержанов пен Қаныш Сәтбаевтың нағашы-жиенділігі туралы» деп тайға таңба басқандай ашық жазыпты. Бұл кісінің тиісетіні мен емес, мені сипай қамшылай өтіпті де өз білгенін хабарлау мақсатында хатты Шәмшиябану Қанышқызының жұбайы Оразай Батырбековке қаратып жазыпты. Тура бір айдан кейін Егізбай ақсақал тағы да тоғыз беттік қосымша дәлелдемелер жіберді.

Ардагердің жазуы бойынша, Қаржас руының Елқонды тармағынан шыққан атақты Именкенің Қарқынбай, Жарқынбай, Мұстафа, Иса атты ұлдары болыпты. Жарқынбайдан Ержан қажы туып, оның ұлы Сүлейменнен атақты академик, ғұлама ғалым Жақан Сүлейменұлы Ержанов туған екен. Ержанның Сүлейменнен басқа ұлдары Мәжікен, Нұрым, Әбдіғафар да білікті азаматтар болған, ұл-қызды болып кең өрбіген әулет көрінеді. Хат жазып отырған Егізбай Қанатбайұлының айтуынша, Ержан қажының үш әйелі болған,

Сүлеймен мен Мәжікен екінші әйелінен туыпты. Ал Сүлейменнің Жақан, Роза, Еділ, Бөленбай атты екі ұл, екі қызы болса, Розаны хат жазып отырған Егізбай алған көрінеді. Міне, сондықтан да бұл кісі Ержановтарға ет жақын болғандықтан айтып отырған уәжі де, көрсетіп отырған дерегі де шегелеп тастағандай дәлелді. Тіпті сенбеске еш лаж жоқ. Біріншіден, ол Қаныш Сәтбаевтың Шорман тұқымына ешқандай нағашылы-жиендігі жоқтығына дәлел-дәйек келтіре отырып, Шорман тұқымынан шыққан көптеген азаматтарды куәға тартады. Егізбай ақсақал одан әрі Ержан тұқымын түгендей келе, Исаның ұл-қыздары болғанына тоқталады. Бір ұлынан Қаныш Сәтбаевтың анасы Әлима туды дейді. Енді бұлардың нағашылы-жиенділігіне келейін: Соғыстан кейін Қаныш Баянауылға барғанда Мәжікен үйіне шақырып, сауып отырған биенің құлынын сойып, қонақ еткенін. Қаныштың ағасы Ғазиз Имантайұлының Сүлейменнің үйінде қонақ болған кездерін айтады. Сондағы болған қимастық әңгімелерді келтіреді. Ғазиздің әңгіме үстінде Сүлейменге «нағашы» дегенін естігенін де жазады.

1944 жылы Ержанов Жақан қатты сырқаттанып қалғанда Қаныш Имантайұлы көмек бергенін, Морозов деген дәрігерге: «Қарауыңызда жатқан Ержанов Жақанды менің балам деп есептеңіз», деп ұзақ сөйлескенін де келтіріпті. Елуінші жылдардың басында Жақан НКВД-ның тіміскілеуімен КазГУ-дегі қызметінен босап қалған кезде Қанышқа барып ақыл сұраған көрінеді. Сонда: «Жақан, сен енді Қазақстаннан басқа жерге кет. Менің Украинада көптеген жақсы жолдастарым бар, мен олармен хабарласайын», депті Қаныш. Сол ақылдың арқасында Жақан Днепропетровскідегі тау-кен институтында қызмет істеп, он жылдан кейін ғана елге оралыпты. Егізбай Қанатбайұлының дәлелдері өте көп, оның бәрін айтып шығу шарт емес. Әңгіменің тоқетері, айтқан дәлелдерінің бәрін бұлжымастай деректері бар. Шындықтың шырайын бұзбай айтып берген қайыненесі Нұрлығайын ананың да ата-тегін атап, оның ешқашан жалғандыққа бармайтынын шын жүректен толғана айтыпты.

Нағашылығын айта алмаса да Шәмшиябану Қанышқызы «Сәулелі әулет» кітабында: «Кезінде ел қадірлісі болған Ғазиз Имантайұлы Сәтбаев жас жағынан өзімен шамалас, көрші ауылдың азаматы, Сүлеймен Ержановпен дос болған. Ғазиз бен Сүлеймен (академик Жақан Ержановтың әкесі) екеуі түскен сурет те сақталған... Сөйтіп, Ержановтар Сәтбай әулетіне жақын, туыс қадірлес болатынды, бірін бірі ерекше құрметтейтін» [4, 8 б.] депті.

Тап осы тақылеттес лебіздер Медеудің жазғандарында да кездеседі. Хат иесінің сөзіне сенер болсақ ол: Исаның екі ұлы болған. Әлима солардың біреуінің қызы дейді. Балаларының аты Бағзұм мен Асайын, шежіреде оның үлкенінде бала жоқ, ал кішісінің (қыздарын атамай) Ықыш, Кәкіш деген ұлдары болған деп көрсетіпті. Соған орай, мен Әлима Исаның баласы Асайынның қызы деген шешімге тоқтадым. Бұл жерде үлкен қате жоқ, бәрібір Исаның немересі ғой. Кеңес өкіметінің жеңдеттерінен сескенгендіктен Қаныш ағамыз «Иса қызы» десе, біз де солай атай берейік. Тапқанымыз: Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың анасы Әлима Исақызының фотобейнесі және ата-тегі мен шыққан жерін анықтадық. Иса ақсақал Ержан қажының әкесі Жарқынбайдың туған інісі болса, оның шөбересі Жақан Сүлейменұлы Ержановты ел біледі. Әлима Исаның немересі, бұлар бір-бірімен нағыз шөберелі-немерелі туыстар. Біздің көтеріп отырған тақырыбымыздың басты мәселесі осы болса, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сынды дананы дүниеге әкелген қазақтың асыл қызы Әлиманы да және нағашы жұртында елге таныстырғанымыз жөн болар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 М.Ж.Көпейұлы «Қазақ шежіресі» Алматы, 2010, 290-292б, 353 б.
- 2 Т.Жеңіс «Шежіре» Ертіс-Баянауыл өңірі, Павлодар «Дауа», 1995, 129-143 бб.
- 3 М.Сәрсекке Қанекен тоғызыншы атасында Бұқар жырумен тусады // Аңыз адам 2012 шілде №13 (49), 9 б.
- 4 Ж.Оралбаев Ұлтының ұлы перзенті // Ана тілі 2014 қыркүйек №63, 8 б.
- 5 М.Сәрсекке Қанекен тоғызыншы атасында Бұқар жырумен тусады // Аңыз адам 2012 шілде №13 (49), 9 б.

## ҰЛЫ ТҰЛҒА

МҰҚАШ А. Т.

оқушы, Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша  
оқу-тәрбие кешені, Баянауыл ауданы, Теңдік ауылы

МАСАЙНОВА К. Б.

жетекші, Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша  
оқу-тәрбие кешені, Баянауыл ауданы, Теңдік ауылы

XX ғасырдың ту басында қазақ халқына сый еткен біртуар асыл перзенті, ұлтымыздың мәртебесін әлем шеңберінде шырқау биікке көтеріп, ғылым атты күрделі де киелі асуды бойына біткен ақыл-кемеңгерлігімен, дүйім елге еріксіз мойындата білген, сөйтіп, өзі соңында өшпес ұлы игілікті еңбектер қалдырған, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев екені – өмір шындығы.

Біртуар ғалымға Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің түйінді сөзімен оның зор еңбегін айғақтай түседі. Өйткені артында телегей-теніз мұра қалдырған ғұламалар ғасырды ғарышқа жалғастырар мәңгілік жұлдыздар іспетті деп: «Менің ойымша, Қ. И. Сәтбаев – кешегі өткен Кеңес Одағының ғана ұлы адамдарының бірі емес, ол өткен ғасырдың ұлы перзенті... Тап осындай заңғарға Қазақстанның да, қазақтардың арасында да ешбір адам көтерілген емес» [1, 57].

Ұлы ғалымның көзін көріп, ізін басқан, алдынан өтіп батасын алған, жерлесіміз, бүгінде химия ғылымдарының докторы, профессор, өз саласында әлемдік деңгейде үш мәрте ғылыми жаңалық ашқан, «XXI ғасырдың көрнекті ғалымы», Кембридж, Англия кітабына есімі енген Хабиболла Құсайынұлы Оспанов былай деп сыр шертеді: «Қазақ халқының тәрбиесінде үлкенді сыйлау, арнайы барып сәлем беру деген бар ғой. Осы қағиданы алға тартып және ата-анамның ықпалымен 1962 жылы Ғылым Академиясына бардым. Қаныш-ағамен кездесуден соң түсінгенім-ол кісінің негізгі өмірлік мақсаты жастарды үлкен ғылымға тарту, себебі маған қиындығы мен қызығы қатар жүретін ғылым атты жауапкершілігі мол жұмыспен жан-жақты айналысуға Қаныш-ағаның ықпал әлдеқашан зор болды» деп еске алады [2, 41].

Қаныш Сәтбаев 1899 жылы 12-сәуір күні бұрынғы Ақкелін болысы, бүгінде Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Теңдік ауылында туған. Қ. И. Сәтбаев – СССР және Қазақ ССР Ғалым академиясының академигі, Қазақ ССР Академиясының тұңғыш президенті. Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты

мемлекеттік және қоғам қайраткері. Қаныштың алғашқы сауат ашқан мектебі Мұса Шорманұлының үйі. Қаныш оқу оқығанда қазақ тілінде парсы, түркі әдебиетімен танысады.

Революция қарсаңында ағасы Әбікей Сәтбаев Томск университеті профессорларымен байланысы өте жақсы болатын еді. Университет профессорлары Алтайға, Қарқаралы, Баянауыл тауларына экспедицияға бара жатқан жолдарда Семейдегі Әбікейдін үйіне соқпай кетпейтін болған. Олардың ішінде Г. Н. Потанин, В. В. Сапожников, М. А. Усов, А. В. Адрианов тағы басқалар болған. 1918 жылы Әбең олармен кездескенде, інісі Қанышты қай жерде, қай оқу орнында оқытуды білгісі келіп, кеңеседі. Профессор М. А. Усов бұл кісінің үйінде қонақта жатып, жас жігіт Қанышпен танысып, оның жоғары оқуға баруға талаптанғанын қатты ұнатқан [3, 38]. Алғашқы күндерден бастап, Қаныш назары геологиялық барлау мамандығына ауады. Қ. И. Сәтбаевтың студенттік өмірінің басталуы Сібірде геологиялық ғылымының дамуындағы жаңа маңызды тарихи кезеңімен тұспа-тұс келеді. Жалпы геология жөніндегі сабақтарда ол М.А.Усовтың тамаша лекцияларын құмарта тыңдады. Екінші курстан кейін ол М.А.Усовтың өз шәкірттерімен дала жұмыстарына қатысты.

Сәтбаев мемлекеттік көлеміндегі үлкен тұлға, әрі қайраткер болды. Ол еліміздің және әсіресе Қазақстанның халық шаруашылығын өте жақсы білетін. Онымен кездескендердің бәрі, тіпті еліміздің ең ірі ғалымдарының өздері де Қ. И. Сәтбаев білімінің кендігіне ғылымның көптеген саласынан, оның ғылыми мағлұматының молдығына таң қалушы еді.

Кеңес Одағының ауыр индустриясы тұсында Қ. И. Сәтбаев ұйымдастырған еліміздің мыс рудасы базасын жасауға баға жетпес үлес қосты. Соның нәтижесінде қазіргі уақытта Жезқазған дүние жүзілік объектілердің дәрежесіне дейін көтерілді.

Қ. И. Сәтбаевтың басшылығымен басқа да аса маңызды пайдалы қазба кендерінің тұтас комплексі марганец, темір және мыс металы рудаларын, отқа төзімді шикізат, құрылыс материалдары анықталып, барланды. Отан соғысы жылдарында оның тікелей қатысуымен Қазақстанда қара металлургияны қайта өңдеу зауыты жоспарланып, оның құрылысы іске асырылады.

Шығыс ұлттары өкілдерінің ішінен шыққан алғашқы академик Қаныш Имантайұлының қарымды қаламынан 640-тан аса ғылыми еңбектер туды. Ғұлама ғалымның еңбектері тұтастай алғанда Қазақстан кең орындарының геологиясымен минералдық

қорларын зерттеуге, жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың болжам карталарын құрастыру ұстанымдарын айқындап, жүйелеуге арналды [4, 62]. Қазақтан шыққан тұңғыш геолог – ғалымның есімін жұмыр жерге жария қылған және ғалымдық тұлғасын аспан әлеміне көтерген, кемел ойымен түбегейлі зерттеліп, демек, Жер Планетасында орналасқан қазба байлықтардың жұмбаққа толы сырларын мәшһүр еткен, қарапайым тілмен айтсақ, жер асты жаралу, орналасу заңдылықтарын анықтайтын «Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасы» атты өшпес ғылыми еңбегінің, бүгінгі таңға дейін тәуелсіз еліміздің экономикасына, әлеуметтік дамуына қызмет жасап жатқандығында болар сірә. 1958 жылы әлемдік маңызы зор осы картаны әзірлеуге қатысқан, белгілі қазақстандық жеті ғалым-геологқа, сол тұстағы ірі марапат Лениндік сыйлыққа ие болғаны мәлім.

Қарсақпайда темір, Жездіде марганец, Байқоңыр мен Қияқта көмір, қорғаныс кендерінің көзін ашты. Ғалым Қарағанды металлургия зауытын салуға, Қостанай мен Алтайдың көртеген кендерін, Қаратаудың фосфорит кендерін т.б. айтарлықтай ірі өндіріс ошақтарын игеруге тікелей араласып, зор еңбек сіңірді.

Қазақ халқының мақтанышы, қажырлы қоғам қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған еліне деген сүйіспеншілігінің айқын көрінісі оның туған жер үшін еткен еңбегі болса, ол еңбек бірнеше мәрте жоғары бағаланды. Кенестік дәуірдің даңқты дәрежесі Ленин орденімен төрт рет, 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен және бірнеше медальдармен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты атанды.

Қазақ тарапынан да үлкен мәртебеге ие болуы – ғұлама ғалымға деген игі ізет, үлкен құрметтің айғағы.

Өз мәдениетін түсінетін адамның ғана өзге мәдениеттерді терең қабылдай алатынын әрбір адам жас кезінен ұғынып өссе, нұр үстіне нұр болар еді. Ұлы жырау Бұхар бабамыздың қалдырған өсиетіне сүйенсек: «Өлмегенде не өлмейді, жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» - деген даналығы осыған сай айтылса керек. Көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, марқұм Кәкімбек Салықовтың академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа арнаған «Зор тұлға» өлеңімен сөзімді аяқтаймын [5, 25].

Қашанда арылмаған думанды той,  
Дарыған келбетіне бедел, абырой.  
Ғажайып әсем көркі табиғаттың,  
Кең байтақ Елімізге бұйырған ғой.

Сүйсініп гүлзар бақша-бауларына,  
Қаларсың бір сәт орман аумағынды.  
Теңіздер, өзендер мен көлдері көп,  
Қиядан көз тартады таулар да.

Барсаң да ай шетіне көңілің жай,  
Табады кең даланың өңірі бай.  
Солардың бірі-дархан Баянауыл,  
Әйгілі атағы оның көркіне сай.

Көргендер таңырқасып тұра қалар,  
Сырларын естігенде мейір қанар.  
Әйтеуір бір шындық бар, бұл аймақтың,  
Шыққан ғой талай абзал ғұламалар.

Танытқан өзін жақын, алысқа да,  
Жеткізген қолымызға табысқа да.  
Беделін туған елдің асырған ол,  
Өзгеден өзгеше ғой Қаныш аға!...

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қаныш тойы. Қ.И.Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойының ресми құжаттары мен деректер жинағы. – Алматы, 2002. – 350 б.
- 2 Оспанов Х.К. Путь в большую науку (воспоминания) – Алматы, 2012. –243 с.
- 3 Қаныш елі. – Алматы-Павлодар: «Жібек жолы», 1999 ж. - 65 б.
- 4 Брагин А.И. Первый академик: Документальная повесть.– Алма-Ата, 1989. – 224 с.
- 5 Салықов К. Өлеңдер жинағы – Алматы, 2009. – 38 с.

#### ИСТОКИ ФОРМИРОВАНИЯ МИРОВОЗЗРЕНИЯ К. САТПАЕВА

САРСЕНБАЕВ А. М.  
ученик 5 класса, Аксуекая СШ имени Шуләмбаева, г. Ақсеуек  
МОЛДАКИМОВА А. С.  
к.и.п., доцент,  
ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Одной из выдающихся личностей, которые творили историю был К. Сатпаев. Проявлять свои таланты он начал еще в юности, пробовал свои силы в различных сферах жизнедеятельности.

Сатпаев родился в семье бия, получил хорошее образование. Семья сыграла немаловажную роль в судьбе молодого Сатпаева. Родители позволили ему самому делать выбор, привили самостоятельность. Жизненный путь не всегда был усыпан розами, были годы несправедливых гонений, огорчений и невзгод. Репрессиям подвергалась интеллигенция, цвет казахской национальности. Не обошла эта участь и семью Сатпаевых. Так, в тридцатые годы трое Сатпаевых были репрессированы и погибли. Родной брат Сатпаева Газиз (1892-1937) до революции учился в Семипалатинской гимназии, готовился стать медицинским работником. Каныш любил и уважал его, высоко ценил его интеллект и душевные качества. Жертвой несправедливости пал и Карим Жаминович Сатпаев (1897-1936). По свидетельству современников – образованный, обаятельный человек, талантливый скрипач, организатор этнографических вечеров. И третий – крупный педагог, первый среди казахов специалист по русскому языку и литературе, естествознанию, первый директор Семипалатинской семинарии и Семипалатинского педагогического техникума А. З. Сатпаев (1881-1938). Но Каныш Имантаевич всегда был убежденным оптимистом, никогда не терял веры в себя и стойко боролся за правду.

Большую роль играют в жизни человека – наставники, учителя. К. И. Сатпаеву посчастливилось встретиться с таким, который в корне изменил взгляды будущего ученого. В 1921 году в родном Баянауле молодой судья повстречал томского профессора Михаила Антоновича Усова. Профессор приехал в Степь не с научной экспедицией, а с прозаической целью – подлечить лёгкие. Случайная встреча стала началом больших перемен, преопределила всю его дальнейшую жизнь.

Так что неудивительно, что осенью того же года К. Сатпаев бросает юридическую практику, расстаётся с прошлой жизнью и едет в Томск, в университет. А маститый профессор вовсе не делает удивлённые глаза, когда тот неожиданно появляется на его пороге, а наоборот – принимает в судьбе молодого казаха самое живое участие. И не только как учитель. Достаточно сказать, что Сатпаев во время учёбы жил не в общежитии, а в комнате, которую предоставил ему в своей квартире М. А. Усов. Такие вот теплые отношения сложились между ними. Большое влияние на формирование Каныша Имантаевича как всесторонне эрудированного ученого оказало общение с эвакуированными

в Казахстан академиками В. Л. Комаровым, И. П. Бардиным, В. А. Обручевым, А. А. Скочинским, И. И. Мещаниновым, Л. Д. Шевяковым, А. А. Григорьевым и многими другими. Именно в этот период Сатпаев опубликовал ряд фундаментальных работ (в том числе монографий) по вопросам геологии месторождений полезных ископаемых Джезказган-Улытауского района [1, с. 239].

Позже Сатпаев познакомился и с самим Обручевым. И когда Каныш Имантаевич станет первым президентом Академии наук Казахской ССР, Владимир Афанасьевич будет избран её первым почётным академиком. «Именно в эти студенческие годы – в период жизни в Томске и постоянного общения с преподавателями и профессорами Томского технологического института – формировалось мировоззрение Каныша Имантаевича и складывался его характер» отмечается в предисловии к собранию избранных трудов академика [2, с. 248.]

В 1926 году К. И. Сатпаев успешно окончил Томский технологический институт и, став первым казахом с дипломом горного инженера-геолога, был направлен в распоряжение Центрального Совета народного хозяйства. К. И. Сатпаев возглавил геологический отдел треста «Атбасцветмет». На его долю выпала серьезная задача – проведение первых стационарных геологоразведочных работ по планомерному выявлению запасов полезных ископаемых в Жезказган-Улутауском районе. К. И. Сатпаев всемерно поддерживал и растил талантливую молодежь. Он лично руководил комплексным изучением природных ресурсов полуострова Мангышлак, исследованиями новых месторождений угля, нефти, газа, руд черной металлургии, активно поддерживал строительство канала Иртыш-Караганда.

Глубокие знания и хорошая полевая закалка, полученные в студенческие годы, позволили Канышу Имантаевичу не дрогнуть перед трудностями, возникшими в начале его геологической деятельности, если учесть при этом, что с первых дней он начал работать самостоятельно, заняв сразу пост руководителя геологической службы крупного треста.

Большое влияние на формирование Каныша Имантаевича как всесторонне эрудированного ученого оказало общение с эвакуированными в Казахстан академиками В. Л. Комаровым, И. П. Бардиным, В. А. Обручевым, А. А. Скочинским, И. И. Мещаниновым, Л. Д. Шевяковым, А. А. Григорьевым и многими другими. Именно в этот период Сатпаев опубликовал ряд фундаментальных работ (в том числе монографий) по вопросам



геологии месторождений полезных ископаемых Джезказган-Улытауского района.

Оценивая заслуги К. И. Сатпаева в развитии геологической науки Казахстана, следует сказать, что они были достигнуты им в тесном сотрудничестве с такой замечательной плеядой геологов, как Н. Г. Кассин, Р. А. Борукаев, А. Л. Яншин, М. П. Русаков, И. П. Новохатский, Е. Д. Шлыгин, Ж. А. Айталиев, А.К. Каюпов, Г. Н. Щерба, П. Т. Тажибаева и многие другие. [1, с. 230].

Диапазон интересов академика К. И. Сатпаева был необычайно широк и выходил за рамки естественных наук. Известно, что трудовая биография начиналась для него с должности народного судьи. Менее известно, что молодой Сатпаев, к примеру, организовывал в те же годы самодеятельный театр, в котором ставил пьесу «Енлик-Кебек», написанную сокурсником по учительской семинарии Мухтаром Ауэзовым. Он был большим знатоком казахской истории, литературы, культуры, этнографии, музыки и фольклора, общеизвестны его археологические изыскания на территории Центрального Казахстана, труды по педагогике и литературе. Он первым оценил значение романа М. О. Ауэзова «Путь Абая» передал 25 народных песен собирателю фольклора А. Затаевичу, оставил множество работ о театре, искусстве, культуре, по воспитанию молодежи. Вместе с тем следует подчеркнуть, что К. И. Сатпаев в первую очередь был и остается крупнейшим ученым в области геологической науки. Он создал и возглавил школу металлогении в Казахстане. Разработанный им комплексный подход формационного металлогенического анализа стал основополагающим для геологической науки и практики. Глава всей науки Казахстана был заслуженно признан прежде всего главой казахстанской школы геологов, одним из создателей науки о металлогении. Он оставил после себя большую плеяду ученых, воспитал целую школу металлогенистов Казахстана. Находясь на лечении в Баянауле, Каныш Сатпаев начал составление учебника по алгебре для казахских школ, который он закончил в 1924 году. Данный учебник стал первым школьным учебником алгебры на казахском языке [3].

Таким образом, с именем Сатпаева связана одна из самых ярких страниц истории не только геологического изучения и раскрытия богатств недр Казахстана, организации широких комплексных исследований, направленных на скорейшее выявление месторождений полезных ископаемых и расширение минерально-

сырьевой базы страны, но и глубокое, чистое отношение к людям. Именно благотворным влиянием родителей, родных, наставников можно объяснить приход в геологическую службу, а затем и науку подготовленного к самостоятельной работе инженера Каныша Имантаевича Сатпаева.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Абдулин А.А. Выдающийся ученый, организатор науки, общественный деятель // Вестник Российской Академии наук, 1999, том 69, № 3 с.228-230

2 Рахимов Е.К. Каныш Имантаевич Сатпаев и город Томск // Известия Томского политехнического университета. 2005. Т. 308. № 4 С. 243-248

3 Источник: <http://e-history.kz/ru/biography/view/39>

2 Секция. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы ғылыми зерттеулер мен ізденістер

2 Секция. Научные исследования в рамках программы «Рухани жаңғыру»

### «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ» В ГОРОДЕ ЭКИБАСТУЗ

АБИЛЬДИНА А. К.

ученик 10 класса, школа-лицей № 36, г. Экибастуз

ДЖАНГУЛОВ Т. А.

учитель истории, школа-лицей № 36, г. Экибастуз

О «модернизации общественного сознания» говорят с момента выхода стратегической статьи Президента «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Если прежде все государственные реформы в стране были направлены на конкретные сферы, принцип работы которых людям более или менее понятна – политика, экономика, то теперь, когда речь зашла о модернизации сознания целого народа такой территориально крупной страны как Казахстан, начались бурные обсуждения – от разговоров на кухнях до публичных высказываний в социальных сетях.

Время никого не ждет, и модернизация, как и сама история, бесконечно продолжающийся процесс. И здесь важно, чтобы все казахстанцы, помнили, что главное это внутреннее желание и готовность к изменениям. В своей программной статье Елбасы четко и ясно обозначил механизмы модернизации общественного сознания. Поставлена задача по реализации программы «Рухани жаңғыру». В ее рамках в каждой области создаются проектные офисы.

Наверное, у вас возник вопрос «как модернизировать общественное сознание?». Модернизация общественного сознания, по словам Президента, не просто дополнит другие уже начатые в стране модернизации – политическую и экономическую, она должна стать их сердцевинной. Речь о том, что казахстанцам необходимо научиться иначе, более прогрессивно мыслить, смотреть на вещи под другим углом, и тогда появится шанс приумножить благосостояние страны.

Все шесть инструментов модернизации сознания, которые предлагает Президент, с одной стороны, не новы и давно всем известны, с другой – конечно, важно понимать, что он выбрал их из

сотни других и выбрал именно те, которые, по его мнению, наиболее подходят для Казахстана сегодня, и теперь ими нужно правильно воспользоваться.



Рисунок 1

• **Конкурентоспособность нации.** У японцев самые современные технологии, у китайцев масштабное производство, у швейцарцев финансовая система работает, как часы, а что могут казахстанцы? Ответить на этот вопрос гражданам нашей страны предстоит найти самим, и чем быстрее люди смогут это сделать, тем больше шансов занять лидирующую позицию в той или иной сфере на мировом рынке. Это помимо того, что казахстанцам не обойтись и без уже вошедших в обиход во всём мире навыков, таких как компьютерная грамотность, знание иностранных языков, культурная открытость. Гражданам нашей страны что бы преуспеть в каких-то новых знаниях, сфере услуг, создании интеллектуальных продуктов или занять нишу высококвалифицированных кадров, надо учитывать опыт передовых стран мира, но при этом сохранить особенности национального развития

• **Прагматизм.** Расточительное отношение к природным ресурсам страны в Казахстане уже привело к исчезновению Аральского моря. Чтобы впредь никакая другая экологическая катастрофа не случилась, граждане должны иначе взглянуть на достояние страны, считает Президент и говорит о необходимости стать более прагматичными. «Прагматизм – это точное знание своих

национальных и личных ресурсов, их экономное расходование, умение планировать своё будущее, противоположность расточительности, жизни напоказ. Прагматичные люди живут рационально, с акцентом на достижение реальных целей, с акцентом на образование, здоровый образ жизни и профессиональный успех», – пишет глава государства.

• **Сохранение национальной идентичности.** Традиции и обычаи, язык, музыка, литература, свадебные обряды – всё это, по словам Президента, должно вечно оставаться с народом: никакая модернизация невозможна без сохранения национальной культуры. Однако невозможна модернизация и без отказа от того, что мешает развитию. В первую очередь, речь о делении единой нации по регионам и жузам. Во-вторых – о кумовстве, которое процветает на ступенях карьерных лестниц в самых разных сферах. «Чтобы двигаться вперёд, нужно отказаться от тех элементов прошлого, которые не дают развиваться нации», – отмечает глава государства.

• **Культ знания.** Технологическая революция ведёт к тому, что в ближайшие десятилетия половина существующих профессий может просто исчезнуть. Прежде столь стремительных изменений история не видела. В таких условиях, по словам Президента, успешно жить сможет только высокообразованный человек, который способен переквалифицироваться, менять профессию именно благодаря высокому уровню образования. Много делается для этого в стране: открыт ряд вузов высокого уровня, десятки тысяч молодых специалистов получили образование в лучших университетах мира, в том числе и по программе «Болашак». «Но культ образования должен быть всеобщим», – отмечает Президент.

• **Эволюционное, а не революционное развитие Казахстана.** История, по словам Президента, должна учиться на ошибках и не повторять их впредь. Весь XX век прошёл под знаком революционных потрясений. За революцией 1917 года последовали вмешательство в естественные пути национального развития и навязывание чуждых форм общественного устройства, демографический удар по нации, а также удар по языку и культуре, который едва не привёл к их утрате, кроме того, причинён большой ущерб, граничащий с экологическим бедствием, как в случае с Семипалатинским полигоном, сразу нескольким регионам страны. «Эпоха революций не прошла. Они сильно изменились по форме и содержанию. Но вся наша недавняя история говорит прямо и недвусмысленно: только эволюционное развитие даёт нации шанс на процветание. В противном случае

мы снова попадём в исторический капкан», – предостерегает глава государства. По его словам, эволюционное развитие как принцип идеологии должно быть одним из ориентиров и на личностном, индивидуальном уровне для каждого казахстанца.

• **Открытость сознания.** Почему важно, чтобы сознание было открытым? Во-первых, по словам Президента, это даёт понимание того, что творится в большом мире, что происходит вокруг твоей страны, что происходит в твоей части планеты. Во-вторых, это готовность к переменам, которые несёт новый технологический уклад уже на ближайшие 10 лет, нужно быть готовыми к этому. В-третьих, способность перенимать чужой опыт, учиться у других. В частности, для этого нужно овладеть английским языком. Две великие азиатские державы, Япония и Китай – классическое воплощение этих способностей. «Если казахстанцы будут судить о мире из окон своих домов, то можно и не увидеть, какие бури надвигаются в мире, на материке или в соседних странах. Можно не увидеть леса за деревьями, можно не понять даже внешних пружин, которые заставляют нас иногда серьёзно менять подходы», – говорит Нурсултан Назарбаев.

Программа «Рухани жангыру» это новый подход к решению наших с вами задач. Вызовы нового времени, глобальные вызовы, изменения во всей структуре жизни, в технологических платформах, образе жизни требуют, чтобы Казахстан соответствовал этому новому времени. И наша задача заключается не только в том, чтобы построить заводы и фабрики, но и в том, чтобы люди, которые будут жить в Казахстане в ближайшие годы соответствовали этому новому времени. Чтобы они ощущали себя казахстанцами и в том же время, гражданами большого мира. Программа «Рухани жангыру» включает в себя 4 подпрограммы «Тәрбие және білім», «Атамекен», «Рухани казына», «Ақпарат толқыны».

Сегодня у нас в Экибастузе очень много уже делается в рамках «Рухани жангыру». У нас есть большие задумки, большие планы. Такие как: «Саркылмас казына», «Поколение NEXT», «Шексиз шеберлик», «Туган олкем», «Улттар достыгы», «Мир возможностей», «ДАРЫН», «Алтын шаньрак». Главный офис «Рухани жангыру» находится в ОДК «Кайнар». Первым руководителем движения и до сих пор им является методист Ибраев Болат Ерсайнович

Но для того, чтобы его создавать нужно переосмыслить сознание людей. Ведь все что происходит в стране касается

каждого казахстанца. Думаю не только наш город но и другие города находящиеся на границе тяжело следовать по пути «Рухани жангыру». Ведь все начинается с простых вещей как язык, история и понимание. Этнический состав города Экибастуз это:

- казахи— 71 899 чел. (49,60 %)
- русские — 52 198 чел. (36,01 %)
- украинцы — 7 203 чел. (4,79 %)
- татары — 4 052 чел. (2,80%)
- немцы— 3 103 чел. (2,14 %)
- белорусы — 1 235 чел. (0,85%)
- башкиры— 661 чел. (0,46 %)
- азербайджанцы — 659 чел. (0,46 %)
- молдаване — 623 чел. (0,43%)
- корейцы — 368 чел. (0,25 %)
- чеченцы — 318 чел. (0,22 %)
- поляки— 318 чел. (0,22 %)
- другие — 2 329 чел. (1,61%)
- Всего— 144 966 чел. (100,00 %)

А ведь 49% казахов не являются носителями государственного языка, многие переселенцы из России, которые в основном говорят на русском языке. С самого основания, руководителями города являлись представители русскоязычных слоев населения. Это в свою очередь, сказалась на внешнем облике города, где преимущественно широко распространены русские название городских объектов культуры и отдыха. Современное время требует кардинальных изменений в этом вопросе. Конечно же, ведутся работы по переименованию улиц и площадей города, но забыта работа по разъяснению о конечных целей этих работ населению. Порою, жители города нечего не знают о тех людях, именами которых называют улицы. Причина этого не знание истории своего народа, языка и культуры. Потому что, национальный язык знают лишь немногие, молодежь вовсе предпочитает говорить на русском языке. Возможно, это проблема ведет свое начало со времен освоения нашего города.

Всем известно что первыми Экибастуз отстраивали 5000 заключенных ГУЛАГа, они открывали шахты, возводили городские здания, ТЭЦ и остальную инфраструктуру города. После «хрущевской оттепели», когда была объявлена масштабная амнистия, «строители» остались жить в Экибастузе. Что непосредственно сказалось на менталитете местных жителей. До

конца 80-х годов в черте города находилась колония усиленного режима. Большие изменения произошло за годы независимости. Экибастуз из союзного рядового экономического объекта превратился в локомотив индустриального развития независимого Казахстана. Появилось новое понимание национального сознания, изменился менталитет, у граждан появились новые духовные и материальные ценности. У людей появилось потребность к изучению своего прошлого, духовных ценностей, обычаев и языка.

#### **Предложение и ожидаемые результаты:**

- Чтобы пробудить интерес к идеям «Рухани жангыру» предлагаю украсить города национальными орнаментами, что предаст интерес к национальной самобытности казахского народа и придать новый облик городу.

- Сделать более значимыми казахские-национальные праздники. К примеру, день «Кыз жибек и Баян сулу»- отмечен как день всех влюбленных. Также добавить празднования юбилейных дат великих писателей и государственных деятелей Республики Казахстан.

- Раскрыть возможности развития материальной культуры, наладить производства национальных народных изделий из дерева, кожи, цветных металлов, сувенирных изделий. Что способствовала бы, развитию туризма в нашем регионе.

- Внести в школьных программах по трудовому обучению, ведение уроков по изготовлению национальных изделий казахского народного творчества.

- С целью пробудить интерес у молодого поколения к национальным видам спорта, проводить спортивные мероприятия. Такие как: байга, кокпар, казакша курес, тогызкумалак и другие.

- Шире пропагандировать национальные виды одежды, проводить конкурсы такие как: «Кыз сыны», «Жигит султаны».

- С целью Здорового образа жизни и искоринение вредных привычек таких как: алкоголизм и табакокурение, наладить выпуск национальных полезных для здоровья продукции: кумыс, шубат, айран. Популизировать национальную казахскую кухню. Открыть сеть специальных магазинов и кафе-ресторанов работающих в этом направлении.

#### **ЛИТЕРАТУРА**

1 <http://www.ortcom.kz/prezentovana-novaya-kniga-nursultan-nazarbaev-bolasha-ba-dar-ruhani-zha-yru/>

2 Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту»(ақпараттық-түсіндірмелі материал)

3 <http://www.ekibastuz.gov.kz/ru/>

## ЕМШІЛІГІН ЕЛ ТАНЫҒАН ҮМІТ АПА

АБЫЛГАЗИНА Т., САФИТХАН Д.

5 сынып оқушылары, Дарынды балаларға арналған  
Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

СЕКЕНОВА М. Ж.

тарих пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған  
Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Арғы замандардан бері аттың жалы, түйенің қомында ғұмыр кешкен халқымызда емшілік кереметтей-ақ дамыған. Өзінің табиғи қабілеті мен тәжірибесіне сүйеніп, әр түрлі ауруларды емдеумен айналысатын адамдар ел арасында ерте кезден-ақ аз емес және ең қадірлі адамдар қатарында болған. Әрине Кеңестік атеистік дәуір емшілікке, халық медицинасына қарсы болып, қуғынға салып, адамдардың бойында күдік ұялатып, оған барар есікті тарс жауып қойғаны белгілі. Десек те, тылсым қасиеті бар емшілікпен байланысты таң қаларлық оқиғаларға халық куә. Солардың бірі тұлғасы биік, талай жандарға емі шипа болған, Кереку өңірінде, Жамбыл ауылында тұрған халық емшісі, ел арасында Үміт апа деп аталған Үміт Ақтанқызы Сұбатылова. Алладан қасиет дарыған Үміт апаны сірә естімеген кісі жоқ шығар. Оның әкесі Ақтан өте қарапайым, ел арасында сыйымды болған деседі. Анасы Кенженің көріпкелдігі бар, көрші-қоланның балтыры сыздап ауыра қалса емдеп, емші атанған құмалақшы болыпты. Большевиктердің тырнағы Апаның да отбасына тиіп, 1932-1937 жылдары аштық кезінде Алтайға көшіп бас сауғалайды.

1937 жылдың ызғары әкесі Ақтанға да әсер еткен болар, ол ерте дүние салады. Жетім қалған кіші қызы Үміт пен үлкені Мәнзурасын аналары Кенже жалғыз өзі тәрбиелеп күн кешті. Ал сұрапыл соғыс басталған жылдары екі қыз аналарынан айырылды. Ата-анадан ерте қалған Үміт пен Мәнзураға күн көру оңайға түспеді.

Анасының емшілік қасиеті дарыған Үміт апа бірде мынадай түс көреді: анасы алыстан байыппен сөйлеп: Үміт айналайын есінді жый, менің емшілік қасиетім өзіне енді қонды. Алдына келген адамдарды емдеуіңе болады. Алдымен ана төсекте тапжылмай жатқан ененді

таяқтың сүйеуінсіз тұрғызып жүргізесің,-дейді де жоқ болады. Үміт апа төсекте жатқан енесін таяксыз тұрғызып жүргізеді.

Бірде дәрігерге көріне алмай жүрген құдасы, ауырып үйлеріне келеді. Оны да Үміттің өзі емдеп, құлан таза жазады. Содан бастап Үміт апа ақырын-ақырын өзіне келген науқастарды жасырын емдеуге көшеді. Ол кезде емшілерге жол ашылмаған кез. Талай рет қудалауға түскен кезі де болды, бірақ аққа қара жұқпайды, оның аңыз болған емшілік қасиеті ел-елді аралап, тіпті Павлодар өңіріне кеңінен танымал бола бастайды.

1985-1986 жылдары республикамызда, облыс өңірлерінде емшілердің ассоциациясы, орталықтары, филиалдары ашыла бастады. Есімі елге танылып қалған емші ретінде Үміт Ақтанқызы Сұбатылова өзінің емшілік қызметін 1986 жылы бастаса да емшілердің орталығына тіркелмеген еді. Ол республикалық емшілердің орталығы болып есептелетін Павлодардағы филиалына 1991 жылы халық емшісі ретінде тіркеліп, олардың қойған бар талабын орындап, емшілердің тексеру тестінен өтеді. Барлық параметр бойынша емшілік қасиетінің ең жоғарғы дәрежедегі халық емшісі деген бағасын алады. Сол 1991 жылы 3-ші ақпанда Павлодар ауданының Жамбыл ауылында Республикалық дәрежедегі халық емшісі Үміт Сұбатылованың емдеу орталығы заңды түрде ашылды. Жаңадан салынған, жан-жақты жабдықталған орталықты өзі қаржыландырды. Одан кейінгі үш жыл ішінде 70 орынды науқастар үшін жатақхана, емделушілерді қабылдайтын орталық, монша, асхана салынды. Алыстан автокөлікпен келгендер үшін автотұрақ та жұмыс істеді.

Алғашқы 1991 жылы бір жылда 10200 науқас қабылданса, 2002 жылдары күніне 200-400 адам емделуге келді. Орта есеппен жылына 30-35 мың науқас емделіп қайтқан екен. Үміт апа негізінен науқастарды мумие, бал, қызыл май немесе облепиха, спирт, қойдың майы және шөптің 12 түрімен емдеген екен. Науқасына қарай кейде дәрі-дәрмек те жазып берген [1, 15 б.].

Үміт апаның балалық шағы мүлде болмаған. Аштық жылдары мен соғыстың ызғарлы ауыртпалығы оның мектепте білім алуына кедергі жасайды. Дегенмен мектеп табалдырығын мүлдем аттап көрмеген оның өмірден алған тәжірибесі мен білімді білгірлігіне, ұйымдастыру қабілетіне шек қоя алмайсын.

Бір кездегі коммуна болып бірлесіп атқарған жұмыстарды 90-жылдары Үміт апа өз басынан кешірді. Сол жылы әр жерде ауыл тұрмысы төмендеп, көпшілік мезгілінде айлығын, зейнетақысын

ала алмай дел-сал болды. Жұмыссыздық пен жоқшылықтың дәмін татты. Осындай қиын қыстау кезде ауылдастарына көмек беріп Үміт апа қайырымдылық жасады. Егін салған кезде тегін жанар-жағармай босатып, ауылға мезгілінде жарықтың беріліп тұруына жағдай жасады. Күн көрісі төмен адамдарды азық-түлікпен қамтамасыз етіп тұрды. Науқас адамдардың әрбірі аурумын деп қарап отырмай Үміт апамен бірге еңбектенді. Медицина орталығының жанынан жер алып бау-бақша екті. Маусымдық жұмыстарға ат салысып, қысқа дайындық жасады. Сондай-ақ Үміт апа жетім-жесірлерге де қайырымдылық жасаған, Павлодардағы жетім сәбилер мен балалар үйінде жиі болып, оларға азық-түліктей, киім-кешектей көмек көрсетіп келген. Ауылында жұмыссыз қалған адамдарды өзінің жеке меншік медициналық орталығына алып, оларға да жұмыс тауып беріп, олардың бірі завхоз болса, екіншісі монша жағумен, бірі жүргізуші, бірі есепші, бірі наубайханашы, бірі кассир болып қызмет еткен.

Үміт апаның, жұбайы Рахметолла кезінде мал бағып, комсомолдық жоспарды орындап озық еңбек үлгісін көрсеткен, тіпті Дінмұхамед Қонаевпен кездескен екен. Сұбатыловтардың отбасы ауылда тұрғындар мен науқастар үшін жеке меншік мешіт салдырған екен. Мұның өзінде бір керемет сыр жатқандай. Науқастарды имандылыққа баули отыра еңбекке де құлшынтуы оның ерекше қасиетінде деуге болады. Мешіт жанынан ауыл балалары үшін медресе ашқан. Жастардың иманжүзді, тәрбиелі болуға баули отырып, жұма намазы күні оларға насихат айтқызып, жаңа үйленген жастардың некесін қиюға мешітте кидыруға мүмкіндік жасаған. Сол ауылдың тұрғыны Үміт апада медбиби болып қызмет атқарып жүрген Алтын Жарықбасованың айтуынша Үміт апа көшіп келгенге дейін ауыл тозған, жастардың көбі жұмыссыз, ішімдікпен айналысып, ұрлық-қарлық жасайтындар көп болған. Дегенмен санасы барлар Үміт апаның халыққа жасаған игілігін түсініп, жаман қылықтан аулақ болып, ерекше бір талпыныс жасаған. Ал санасына жетпегендермен Үміт апа өзі сөйлесті, қажет деп тапқандарды емдеді [1, 40 б.].

Ауыл жастары үшін және емделуге келген қыз-жігіттерге арнап Үміт апа әр түрлі кештер ұйымдастырып, өнерлі деген жастардың басын қосып, ансамбль құрып, кешкілік ауылдағыларға және науқастарға арнап концерттік бағдарлама әзірленуіне араласып жүрген. Ауылдағы барлық мерекелер мен тойлар Үміт апасыз өтпеген.

Үміт Ақтанқызына Қазақстан өңірінен ғана емес, Ресейдің -Новосібір, Омбы, Тюмень, Екатеринбург, Хабаровск, сонау

Владивосток пен Оңтүстік Сахалин жерінен, Өзбекстан, Қырғызстан мен Татарстан, Германия мен Ираннан да келіп емделген екен. Негізінен оған енді дәрігерден көмек жоқ, науқасы асқынған, өлім мен өмірдің екі арасындағы науқастар келген екен. Үміт апа ісік ауруы бар, асқазан, өкпе, бауыр, бүйрек ауруымен сырқаттанғандарды, сәби сүйе алмаған әйелдерді емдеген.

Үміт апаның қанша адамдарды емдеп көмектескені жайлы бір мақалаға сыйдыру әрине мүмкін емес. Соның ішінен біраз мысалдар келтіріп көрейік: 90-жылдары Павлодардағы қазақ музыкалық драма театрының сол кездегі директоры Бектас Тапалшинов науқастанып, дәрігерлерден көмек болмай, қатты қиналып, Үміт апаға қаралып, сырқатынан жазылған екен. Тағы бір мысал: Павлодардағы ет комбинатының директоры, кейін «Ертіс» акционерлік қоғамының президенті болған Зәуре Малғаждарқызы ұзақ жылдардан бері кішкентайлы бола алмай, дәрігерлерден күдерін үзіп, апағы келіп қаралған екен. Кереметі осында, Зәуре перзент сүйген, алғысының нәтижесі, Үміт апаның медициналық орталығына арнап автокөлік қоятын гараж салып берген екен.

Айта берсек мұндай мысалдар көп. Алғыс кітапшасына үңілсеңіз, мыңдаған адамдардың сырқатынан айыққандықтарының, жүздеген келіншектердің кішкентайлы болғандықтарының куәсі боласыз. Үміт апаның кереметтігіне, оның қасиетіне бас иесіз.

Таңның атысы, күннің батысы келген науқастарды қараумен бірге ауылдағыларға да көңіл бөліп, әсіресе ауылдағы жұмыссыз жүргендерге ақыл-кеңесін беріп, арақ-шараптан, темекі мен нашадан сақ болу жайында тәрбиелік мәні бар сабақ өткізеді. Тіпті екі жас келіспей жатыр дегенін естісе, оларды алдына шақыртып алып, ақылын айтып кеңес беріп отырған екен. Осының бәріне апа қалай уақыт тапқан, таң қаларлық.

Апа қаншама адамның алғысына бөленген жан, оған арналған естеліктер де, өлеңдер де аз емес:

Үміт менің,апам деймін күбірлеп,  
Қасымнан ол табылғандай күлімдеп.  
Сиынамын апажаным, пірім деп,  
Айтатұғын апам жайлы сырым көп.

-О, Апа! Тәңір берген емшімісін,  
Жарқырап көрініп тұр мерейлі ісін,  
Мың жылға жетсін деп біз тілеп жүрміз,  
Халқыңды қолдайтұғын ерен күшің!

Апаның жолын қуған шәкірттері де бар. Соның ішінде Нелла Ягнышеваға тоқталсақ, Үміт апа оны екі жыл емдеп, жазып шығарумен қатар, ақын, емші әйелдің бойындағы емдік қасиетін де көріп ашқан. Қазір бұл кісі де емдейді, оның үстіне оның шығарған өлендерінің ірбір жолы шипа, адамға әсер етеді [1, 49б]

«Ведь мы лечимся здесь и казах, и татарин,  
Украинец и немец, бурят и якут,  
Всех, как мать, приютила,  
По чинам не делила.»  
...Сколько же с того света за все годы вернула.

Скольким жизнь подарила как будто цветы - деген өлең жолдарынан Апаның қайырымдылығын, емшілік құдыреттілігін анық байқауға болады [3, 32 б.]

Емделген адамдардың ішінде Апаны көрмесе де, түсінде көріп іздеп барып емделген жайттар да болған. Оған куә, біздің мектепте 10-сыныпта оқитын Милана деген қыздың анасы қатты қиналып, дәрігерлерден көмек болмаған кезде, түсіне Үміт апаның ақ үйі кіріпті, сол үйді іздеп Үміт апаға барғанда, Үміт апа оны тосқанын айтып, үшкіріп, батасын берген екен, содан анасы жазылып кеткен дейді. Біздің аналарымыз, әжеміз ол кісіні жақси таниды екен. Бұл мақаланы жазған себебіміз, Үміт апаны өлекелік тұлғалардың қатарына қосып, лайықты орнын берсе екен дейміз. Біз осы тақырыпты қызығып, айналысқан кезде дерек аздың қасы еді, тіпті Керекү өңірінің энциклопедиясынан таба алмай таң қалдық. Үміт апаның өңірімізде алатын орны ерекше екенін айтпасақ та белгілі. Қазіргі таңда оның ізін қызы жалғастыруда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ғалия Балтабай, Байтұяқ Жанымбет Емші күдіреті. –Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ.2002ж.-112бет
- 2Ғ.Құсайынқызы Үміт апа // Астана, 2004, қыркүек-қазан №5, 57-59 бет
- 3 Мейрам Ермекбайұлы Апа–Павлодар: НПФ «ЭКО», 1999, -64 стр.
- 4 «Қасиет дарыған Үміт апа» // Қазақстан әйелдері -2003. №8, 14-16 бет

## АЛАШ АРЫСТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР (АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 100 ЖЫЛ)

АДИЕВА А.

8 «А» сынып оқушысы, № 18 ЖОББМ, Екібастұз к.  
КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.  
тарих пәнінің мұғалімі, №18 ЖОББМ, Екібастұз к.

*Біз өзіміздің тілімізді, дінімізді, жеке бас ерекшелігімізбен сақтай аламыз және біз осы рухпен біздің жастарды тәрбиелеуіміз тиіс.*

**Н. Ә. Назарбаев**

Жаңа дәуір қарсаңында халқымызға өз жолдауын жолдаған Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп атады. Мұндағы мақсат ұлттың ұлы мұраты болатын. Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырды. Міне осы тұста қазақ халқының бостандығы мен азаттығы жолында озық ойларымен Алаш арыстары мәңгі тарихымызда өшпес із қалдырған. Білім беру, ұлттық сананы қалыптастыру туралы пікірлері мен идеяларын негізге ала отырып білім беру мен бала тәрбиесін бүгінгі күнгі құндылықтармен байланыстыру. Жас ұрпақтың Алаш арыстарына деген құрмет сезімін қалыптастыру, ұлттық көзқарастарын ұштау. Алаш қозғалысы, Алаш партиясы, Алашорда үкіметі, Алаш идеясы бүгінгі таңда қазақ тарихының күрделі әрі көкейкесті мәселелері болып саналады. Алаш партиясын құру мен Алашорда үкіметін қалыптастыру жолындағы жанқиярлық еңбегі нәтижесінде Алаш арыстары ардақты есімін иеленген. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес», - деп ерекше бөліп көрсеткен еді.

«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,  
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш

Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі –

Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!» – деп, Міржақып ағамыздың жанын беруге дайын болған «Алаш» сөзінің мағынасынан бастағанды жөн көріп тұрмын. Егер тікелей аударатын болсақ, «Алаш» сөзі ежелгі түркі тілінде бауырластар, қандастар деген мағынаны білдіреді екен. Алайда, «Алаш» сөзінің басқа бір мағынасы бәрімізге өте жақсы мәлім. Ол, әрине, XX ғасырда қазақ жүректерін дүр сілкіндіретін «Алаш», «Алаш орда», «Алаш партиясы» деген ұғым.

«Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш – халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харекеті. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт. Алаштың серкелері – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтбаев және т.б. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді. Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да – солар болды. Алаш зиялылары – елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы.

Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік – негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы –

Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн.

**Әлихан Бөкейханов** XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Алаш қозғалысын жетекшілерінің бірі. Ол Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясы құрылмақ болады. «Тірі болсақ – алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар!» - деген сенімді ойды айтып кеткен де осы Әлихан Бөкейханұлы болатын. «Алаш» идеясы және Бөкейханов деген мәселеге қысқаша тоқталатын болсам, сіздерге жақсы таныс, 1917 жылы шілде - тамыз айларының өліарасында Жалпықазақтық I Құрылтай шақырылып «Алаш» партиясы тарих сахнасына шықты. «Алаш» партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделеді.

Міне, Алаш идеясы мен оның көсемі Әлихан Бөкейхановтың ұлттық толықтай бостандығы жолында ұстаған ұстанымының бір тарамы осындай. Менің ойымша бұл идея мәңгілік және қазақ ұлты өмір сүріп тұрған жағдайда күн тәртібінен түспейді деп ойлаймын.

**Бірінші ұстаным:** Жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Яғни бұл ұстаным: Жер-Отан, ал Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін, әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген - деген тұжырымға саяды.

**Екінші ұстаным:** Жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә. Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын. Яғни, бұл-өз жерінің



игілігін әуелі өз елі игіліге айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат – деген емеуірінді танытады. Абай данышпанның:

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың,- дегеніндегі «Ырық» - осы ырқық. Жердің астына, үстіне, аспанына иелік ете алмасаң – ырқықтың кеткені сол емес пе?!

**Үшінші ұстаным:** Ә. Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген « бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни, толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуі ұмтылуы тиіс еді.

**Төртінші нысана:** Қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни, Х. Досмұхамедовтың пайымдауына жүгінсек, «Ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы» тиіс болатын. Яғни, тағы да сол Х. Досмұхамедовтың пайымдауына жүгінсек: «Тәуелсіз сот құрылымы болады, тең және туыстық қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін одақтық қағидаттар (заң) жасалады».

Бесінші, түпкі мақсат: тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді.

**Міржақып Дулатов** — қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері. Алаш қозғалысының негізін қалаушысы.Туған жері – Торғай уезінің, Сарықопа облысының бірінші ауылы(қазіргі Қостанай облысының Жанкелді ауданына қарасты «Қызбел» ауылы). Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Молдадан екі жыл оқығаннан кейін, 1897-1902 жылдары, ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады. Бұл мектеп Міржақыптың білімін толықтырумен қатар, азамат ретінде қалыптасуына да аса зор ықпал жасайды, Мұқан мұғалім ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин іргетасын қалаған оқу орнының, дәлірек айтқанда, Торғай қаласындағы уездік орыс-қазақ мектебінің түлегі болатын. Өз шәкірттеріне де ол осы рухта тәлім-тәрбие, терең білім береді.1913 жылы ол Ахмет Байтұрсынұлымен бірге «Қазақ» газетін шығарып, басылымның бұдан кейінгі жұмысына белсене араласады. 1920 жылы Ташкентке келіп, сондағы «Ақ жол» газетінде қызмет атқарады. 1922 жылы жазықсыз қамауға алынады. Түрмеден шыққан соң, 1922-1926 жылы Орынбордағы ағарту институтында оқытушы болады. 1928 жылдың аяғында

бір топ қазақ зиялыларымен бірге қамауға алынады да, он жылға сотталып, 1935 жылы тұтқында қайтыс болады.

**Ахмет Байтұрсынұлы** Ұлт-азаттық қозғалыс жетекшісі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы. Ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Қалай да халықты ояту, оның санасына жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын, айналып келгенде, Ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма –арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов (1768-1844) туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербуртта бастырып шығарады.Өзінің сенімді достары Ә. Бөкейханов, М. Дулатовпен бірге 1913 жылдан бастап ұлттық «Қазақ» газетін шығарып, оның жұмысына жетекшілік етті. А. Байтұрсынұлы ұлт жазуының таңбасын алуда аса сақтықпен «қазақ ұлтының болмысын жоғалтпайтын, дыбыстық ерекшеліктерін бере алатын, әрі ислам дінінің уағыз арқылы келген араб графикасын таңдады» Сонымен қатар, ежелден келе жатқан қадим жазуындағы дала ғұламаларының зерттемелерін де негізе алды. Қазіргі қазақ филологиясы ғылымында тғалым- реформатор, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін салушы А. Байтұрсынұлы туралы тіл саласында бірнеше зерттеу еңбектер жазылды. Бала тәрбиесі жөнінде былай дейді: «Бала әдетті жасынан тамызықтап жинайды . Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге. Ол өнеге әке- шешенің тәрбиесі болуы керек... Ашық, көңілді, сауықшыл, әр жұрттың баласы да сауықшыл, ер болмақ.» Ресейде патша билігі құлағаннан кейін қазақ жерінде Алашорда үкіметін құру үшін бар күшін салды. Большевиктерді мойындамады, оларға қарсы шықты. 1921-1928 жылдары Қазақ халық ағарту институтында сабақ береді. 1929 жылы 2 маусымда Алаш қайраткерлерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, Ресейдің солтүстік обылыстарына жер аударылады. Кейіннен босап шығып, бірақ 1937 жылы қайтадан қамауға алынып, атылған.

**Мағжан Жұмабай** (Әбілмағжан) Бекенұлы (25 маусым 1893, Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабай ауданы, Сасықкөл жағасы – 19 наурыз 1938, Алматы) – Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы өкілі. «Алаш»

партиясының Ақмола облысының комитетінің мүшесі болды. «Үш жүз» партиясы өкілдерінің жалған айыптауымен бір айға жуық абақтыға отырып шықты. Екінші жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық етті. Бір кездері бес арыстың бірі - Жүсіпбек Аймауытов М. Жұмабаев туралы былай деп ой толғаған екен: «Мағжан сөзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік әуен қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қан аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да, сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер ете алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз. Суретті, кестелі, көркем сөз Мағжаннан табылады, Мағжан ақынды ақындық жағынан сөзсіз суретші деп айтуға болады. Мағжанды Пушкинге теңеуге ауыз барады.... ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ. Абайдан соң өлең өлшеулерін түрлендірген тағы да Мағжан».

**Сұлтанмахмұт Торайғыров** (28.10.1893, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы – 21.5.1920, Павлодар облысы Баянауыл ауданы) – ақын, ағартушы.

Ақын өмір сүрген кезең - ХХ ғасырдың бас кезі - Ресей топырағындағы ең бір дүр сілкіністің, азаттық үшін арпалыстың кезеңі болды. Бірімен-бірі қабаттасқан үш бірдей төңкеріс патшашылдық биліктің тас-талқанын шығарды. Отаршылдық езгінің әлсіреуі ұлттардың оянуын тездетті. Қазақ жеріндегі отаршылдыққа, әлеуметтік езгіге қарсы күрес те осындай жағдайда өрістеді. Бір жағынан патшаның отаршылдық саясаты еңсесін көтертпей, екінші жағынан феодалдық-патриархалдық мешеулік, қараңғылық шырмаған халықтың азаттыққа, рухани жаңаруға ұмтылуы қаншалықты қажеттіктен туса, соншалықты сол кездегі тарихи жағдайдың сәттілігінен қолдау тапты. Оларды ұлт көсемдері - Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтар басқарды. Олар елдің дербес, тәуелсіз жолмен дамуына, мәдениет пен прогреске ұмтылуына жол салды. Сұлтанмахмұт осы идеяны жақтаушы болды. Ол туған халқын феодалдық кертартпа салт-сананың, қараңғылықтың езіп-жаншып отырғанын ашып көрсетер өткір, сыншыл өлеңдер жаза отырып, оларды ілгері ұмтылуға, өз тағдырын өзі жасауға қатысуға шақырды. Ұлттың азаттық жолындағы күресіне үн қосты. Аталған ағаларының соңынан

еріп, қазақ халқына атар таң, келер жарық, сәуле, нұрды солардың есімдерімен байланыстырды.

**Қаныш Имантайұлы Сәтбаев** Ш. Құдайбердіұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығын жоғары бағалаған. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау білдірген. Халықтың рухани мұрасы- оның ең қымбат байлықтарының бірі. Сондықтан тарихты дұрыс тұрғыдан түсіндіре білу, бұрынғы қол жеткен мәдени мұраға ұқыптылықпен қарап күте білу – сөз жоқ сол қоғамның және ол қоғамда өмір сүріп, еңбек еткен адамдардың мәдени дәрежесімен тікелей диалектикалық байланыста болады. Тарихқа үнілер болсақ әрбір халықтың, әрбір ұлттың өз мәдениеті, тұрмыс тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, тәрбиелеу тәсілі болатынын білеміз. Әдеп-инабат, адамгершілік құлық адамдардың қауымдасып өмір сүруінің дәнекері болып табылады. Олар қоғамның тұла бойынан қан тамырларындай тарап кеткен қарым- қатынастардың ретитеушісі рөлін атқарады. Сондықтан адамгершілік нормалары әуел бастан, бір жағынан, қоғамның пайда болуы мен өмір сүруінің шарты болса, екінші жағынан, адамдардың бірлікте өмір сүруге, яғни ізгілікке қабілеттіліктерінің көрсеткіші де болып келеді. Халық тәрбиесі – ғасырлар бойы сараланып сан сыннан өткен, сол халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық тәләм-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұрасы. Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікір қорытындылар түйіні бар. Ал ол жазу-сызудан, оқу құралынан, ауыз әдебиетінен, ұлттық өнер тағылымынан, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, бір сөзбен айтқанда мәдени мұраларынан өзекті орын алып, көрініс береді. Рухани мұрамыз неғұрлым бай болса, алуан арналы болса, өткен мен бүгінгінің мәдени мұралары жарасымды жалғасып жатса, соғұрлым өміріміздің мән мағынасы терең, мақсатымыз айқын, ұлттық идеямыз жоғары, тарихи үлгі өнеге тұтар парасатты ой толғаныстары күшті ұрпақ тәрбиеленуі еш күмән тудырмайды.

Қорытындылай келер болсақ, Алаш орда, соның ішінде менің тандап алған қайраткер Міржақып қазақ елі тарихында өшпес бір із қалдырды . Сөз соңында Алиханнның Ахмет пен Міржақыпқа айтқан бір сөзіммен бітірсем деймін. «Шырағым, Ахмет, шырағым, Мир-якуп, сендердің тандаған жолдарың абақты жол, азапты жол. Бірақ бір нәрсені түсініңдер. Баяғыда доңыз бен аққу дос болыпты. Сонда бір күні доңыз аққуды балдырдан алып:

– Ей, аққу, сен күн бар дейсің, сол күнді мен не үшін көрмеймін,- депті. Сонда аққу былай тіл қатқан екен:

– Ей, доңыз, сені Алла төмен қаратып жаратқан, сондықтан сен аспандағы күнді көре алмайсың,-депті. Осы ойды айта келіп, Әлекен мындай тұжырым жасайды:

– Шырағым, Ахмет, Мир-якуп, сендерден кейін күнді көре білетін ұрпақ келеді. Сол күнді көретін ұрпақ сендерді үлкен құрметпен еске алатын болады. Балдырды доңызға беріңдер. Күрес жолына түскендеріне ешқашан өкінбеңдер,-дейді. Сол еске алатын ұрпақ біз болайық!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алаш қозғалысы, Алматы: Алаш, 2004. 6-б.
- 2 Қойгелді М. Ұлттық саяси элита. Алматы: Жалын, 2004.
- 3 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы, Алматы, 1996
- 4 Қойгелді М. Әлихан Бөкейханов. Алматы: Қазақстан
- 5 Мұстафа Шоқай, Таңдамалы, 2-том, Алматы: Қайнар, 2007.
- 6 Мұстафа Шоқай, Таңдамалы, шығармалар, 3-томдық, Алматы: Қайнар, 2007.
- 7 Мұстафа Шоқай. Ұлттық зиялы. // Ақиқат, 2012. №5, 6-б.
- 8 Есмағанбетов К. Әлем таныған тұлға. Алматы: Дайк-Пресс, 2008. 504 б.
- 9 Жұртбай Т. Ұраным- Алаш! Алматы: Ел-шежіре, 2008.
- 10 Бөкейханов Ә. Шығармалар, Алматы: Қазақстан, 1994. 384 б.
- 11 Қозыбаев М. Ұлт зиялылары // Заман Қазақстан. 1999. 4 тамыз
- 12 Ахмедов Ф. Алаш «Алаш» болғанда. Алматы: Жалын, 1996.

#### ТУҒАН ӨЛКЕ БАТЫРЫ–АЛИН ЖҰМАЖАН

АЛИНА М. Г.

8 сынып оқушысы, Майқоңыр ЖОББМ, Ертіс ауданы  
МАКЫПОВА М. Т.

тарих пәнінің мұғалімі, Майқоңыр ЖОББМ, Ертіс ауданы

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмірбақи тұратын өлкесі. Осы орайда Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың: «Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, кітап қарап сарылып, көзінің

майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім біледі? Ыстық қой, шіркін туған жер!» деген сөзі есіме түседі. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы туралы Елбасының бұл мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Мемлекет басшысы ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынғаны баршамызға мәлім [1, 17 б.].

«Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруға еліміз деген әр азамат үлес қосуы керек. Халқымыз «Отан отбасынан басталады» дейді. Яғни, Отанды сүюдің іргетасы алдымен туған жерге деген сүйіспеншіліктен қаланады. Сондықтан мемлекет басшысы ұсынып отырған «Туған жер» бағдарламасын көп болып, қолдап алып кету керек. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. «Туған жерге туынды тік!» — деген дана халқымыз. Бұл – әрбір адамның кіндік қаны тамған жеріне сүйіспеншілікті білдіреді. Яғни, кез-келген азамат өзінің тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне терең бойлау білуі керек. Мемлекет басшысы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын ұсынып, жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру керектігін атап өтті [2, 38 б.].



Қазақ елі өзінің сан ғасырлар бойы аңсаған арманына қолы жетіп, өз Тәуелсіздігін жеңіп алып, егемендігімізді алғаннан кейін есімізді жиып, өз еліміздің тарихына сын көзбен қарай бастадық. Кім-кімге болса да кіндік қаны тамып, шыр етіп дүниеге келген жері әрқашанда ыстық сезілетіні белгілі ғой. Өткен тарихымыздың ерлік шежіресінен орын алған оқиғалардың бірі болған – Ұлы Отан соғысы. Жауынгерлік серт пен әскери антқа адалдық, батылдық пен жүректілікке сын болған қиын кезеңде мыңдаған отандастарымыз азаматтық борыштарын абыроймен орындады [3, 56 б.].

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына қаншама уақыт өтсе де, менің ойымша соғыс ардагерлерінің бейбіт өмірге оралғаннан кейінгі жағдайы, оның еңбегі әлі де болса зерттелмей жатқандай. Өйткені аталарымыз өткен сара жолды көзімізбен көріп, құлағымызбен естімеген соң біз үшін жұмбақ. Сол себепті мен Алина Мадина бүгінгі ғылыми зерттеу жұмысында Алин Жұмажанның өнегелі өміріне көбірек тоқталуды жөн көрдім. Жұмажан атама жыр шумақтарын арнағым келеді:

Туып өскен Үлгілдей ауылда,  
Сыйлы еді құрбы-құрдас қауымға.  
Ержеткен соң әскерге алынып,  
Сталинград жеріне түсті жалынға.  
Артық сөз жоқ құпияны түсінген,  
Үлгі болды өзгелерге ісімен.  
Қан төгілген жазықсыздан жазықсыз,  
Кеңес әскері қатарына ілінген.

Достар тапты татар, өзбек, орыстан.  
Соғыс бітті, оралды жеңіспенен  
Ұстаз болып, қызмет етті еліне  
Үлгі істерің кейінгі ұпақтарға,  
Ерлігің ұмытылмас елін барда.  
Іздейді сізді туған жерің,  
Ертіс, Үлгілі, Майқоңырын.

Жұмажан ата Ұлы Отан соғысынан аман-есен оралды. Қазіргі таңда құжаттары Қарағашмектебінің мұражайындасакталған.

Батырдың шыққан тегіне тоқталсам:  
Руы Қарпық, шыққан тегі Төленен -Ермек  
Ермектен-Мейрам  
Мейрамнан-Базарбай  
Базарбайдан-Тәскенбай, Дүйсенбі  
Тәскенбайдан-Мұса, Әлі, Төленді  
Әліден-Жұмажан, Мұқажан  
Жұмажаннан-Қанапия, Габдолла  
Қанапиядан-Дина, Әлібек  
Габдолладан-Мадина

Алин Жұмажан Ертіс ауданы, Үлгілі ауылының тұрғыны. Армияға 1942 жылы шақырылды. Сталинград жерін азат етті. 301-ші гвардиялық миномет полкінің 400-ші гвардиялық миномет дивизиясы құрамында батарея радисті ретінде соғысқан. Кривой-рог қаласын босатты. Молдова жерінде Яссо-Кишинев операциясына

қатысты. Маршал Захаровтың бұйрығын орындады. Болгария мен Венгрияны азат етті. Болотон көліне дейін жетті [4, 113 б.].

Біздің ауылдың батыры Жұмажан ата Отанға деген шексіз сүйіспеншілігін адал өткерді.

Марапаттары:

1946 жылы Германияны азат еткені үшін медалімен,

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен,

1966 жылы «Ұлы Отан соғысы жеңісіне – 20 жыл» медалімен

1970 жылы «СССР – Әскери күштеріне – 50 жыл» медалімен,

1971 жылы Құрмет белгісімен,

1975 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісімен,

Халық ағарту ісінің үздігі белгісімен марапатталды.

1975 жылы «Ұлы Отан соғысы жеңісіне – 30 жыл» медалімен,

1979 жылы «СССР – Әскери күштеріне – 60 жыл» медалімен,

1982 жылы Еңбек Ері медалімен,

1985 жылы «Ұлы Отан соғысы жеңісіне – 40 жыл» медалімен,

2-дәрежелі қызыл жұлдыз ордені

Соғыстан кейін атамыз ұстаздық қызметін жалғастырады. Жұмажан ата – Ұлы Отан соғысына қатысып, жеңіспен елге оралуды мақсат еткен, бейбіт еңбектің қиыншылығында, рахатында көріп, өмір кешкен саналы ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз [5, 98 б.].

Жұмажан ата туралы мәлімет 2015 жылы «Жеңімпаздар» деген кітабына енді. Майқоңыр ауылында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ескерткішкөшетатас қойылды. Тізімді Алин Жұмажан бастап тұр, аты жазылған.

Құжаттармен жұмыс істей келе, біздің ауылдың батырының өмірі тек соғыспен немесе майданмен ғана шектелмейтінін, білім беру саласында да орны ерекше екенін түсіндім. Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген нақыл бар, ендеше біздің ауылдың батырының ұясында, яғни отбасында 2 ұл, 3 қыз, 9 немере, 16 шөбере бұл күнде ауызбіршілігі мол, отбасы екенін білдім [6. 151 б.]. Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп тұрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Ал оған барар жол туған өлке тарихын зерттеу негізінде жатыр», деген болатын. Жеті басты құндылығымыздың бірі: тарих, мәдениет пен тіл. Әр оқушы

туған өлкесінің тарихын, қызмет еткен тұлғалары туралы зерттесе бұл Отан тарихына қосылған үлес деп білемін. ҚР президенті халыққа жолдаған кезекті жолдауының мәні, идеясы бұрынғы «Қазақ» елін мәңгілік ел етуге елеулі үлестерін қосып кеткен бабалар жолымен саралау! [7, 158 б.].

Иә, мәңгілік ел болмақтың өлшемі мәңгілік тұғыр болмақ Ол тұғыр – ұлт және тарих. Елбасы бастаған істі ел де қолдамақ, біз секілді ұрпағы жалғамас. Ол ұлы міндет. Сол үшін біз ұрпақ мәңгілік ел болмақ үшін өз үлесімізді қосып өлке тарихын зерттеуіміз керек деп ойлаймын. Елдің ертеңі үшін мәңгілік ел болашағы үшін, мәңгілік елдің ұрпақтары білімді болуы керек деп ойлаймын. Кешегі Мағжан сенген жастарға бүгін Елбасы да сенді. Сенім артты. Сол үшін мәңгілік елге қызмет ету біздің борышымыз. Елдің ертеңі нұрлы болсын! Қазақ елі мәңгі болсын!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бақтияр Елшібайұлы. Тоқа шежіресі жинақтары (қол жазбалар).

2 Бақыт Кәрібаева. Тағдыры- тарих тұлға / «Егеменді Қазақстан» газеті, Алматы, 1998 ж.

3 Баттал Хасенұлы. Шежіре не дейді? / «Орталық Қазақстан» газеті (жаңғырық), Қарағанды, 1991 ж.

4 Боташ Бекмағанбетов. Үш жүз қайдан пайда болған / «Жаңа жол» аудандық газеті, Киевка. 1994.

5 Ғалымжан Мұқатов. Қазақ шежіресі / «Сарыарқа» журналы № 3, Ақмола, 1993. -48-49 б.

6 Елқұтты Әкілдеков. Тоқа Шоң / «Орталық Қазақстан» газеті, №36,37. Киевка, 1991ж.

7 Еңсебайев. Т.А. Қанжығалы шежіресі. –Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004, -494 б.

#### ШЫҢҒЫСТАУДЫҢ ҮШ ШЫҢЫ

АЛТЫНБОЛАТОВА А.  
10 сынып оқушысы,  
№ 22 ЖОББМЛ, Семей қ.  
БАКИЕВА Ш. М., АРЫСТАНОВА Г. Ә.  
мүғалімдер, № 22 ЖОББМЛ, Семей қ.



Сурет 1

Қазақ аспанынан жарқырап шыққан жарық жұлдыздардың үркердей ұлы шоғырында алдымен есімдері аталатын үш арыс, үш бәйтерек – Абай, Шәкәрім, Мұхтар Шыңғыстауда дүниеге келіп, әлемді мойындатқан дала сахнасының төрінен көрініп тұтас адамзатқа ортақ биік парасатты мұраттарымен, болашаққа деген сенімдерімен, бүгінгі ұрпаққа ұлылықтарымен әйгіленген ұлы тұлғалар. Сарыарқаның кіндік тұсында, алыс сахарада жатқан Шыңғыстау сияқты аймақта үш алыптың дүниеге келіп, сөз өнерінің әсемдік биігіне көтеруі адамзат тарихында сирек кездесетін құбылыс.

Шыңғыстау өңірі үш алып мекені Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Омарханұлы —ұлы тұлғалар, ұлттық ақыл-ой, санадағы қайталанбас ерекше құбылыс. Абай Құнанбайұлы ақындық өнердің ғаламат күдіретін танытса, Шәкәрім Құдайбердіұлы әдеби-философиялық ойдың биік шыңы, Мұхтар Омарханұлы көркем сөздің хас шебері.

Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Омарханұлы қалдырған бай мұралары— халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі. Егер ақын, ағартушы Абай мен әдеби-философиялық ойшыл Шәкәрім қазақ халқының өткен заманындағы зиялылығы мен кемеңгерлігінің асқар шыңы болса, бұл күдіретті бейнені көркем сөзбен қыл қаламмен қайта тірілткен Мұхтар Омарханұлы жаңа замандағы жаңғырған қазақ мәдениетінің тарихында асқар шыңға

айналды. Ұлттымыздың аса көрнекті үш алып тұлғасының, былайша ғажайып түрде тұтасып және тілдесіп кетуі – бүкіл дүниежүзілік әдебиет тарихындағы, көркем ойдағы өзіндік бір ерекше құбылыс. Сарыарқа сахарасында жатқан Шыңғыстау аймағы дүниеге келген қазақтың ойшыл ақыны ұлы Абайдың, кемеңгер Шәкәрімнің, ғұлама жазушы Мұхтар Омарханұлының отаны. Сондай-ақ, есімі ел тарихына алтын әріптермен жазылған батырлар мен атақты ғалымдардың алтын ұясы. Аталған ұлы тұлғалар XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, қазақтың қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби өміріне белсене араласып, адамгершілік, демократтық, педагогикалық идеяларды уағыздаған.

Қазақ аспанынан жарқырап шыққан жарық жұлдыздардың ішінде алдымен есімдері аталатын үш бәйтерек – Абай, Шәкәрім, Мұхтар әлемді мойындатқан, адамзатқа ортақ биік парасатты мұраттарымен, болашаққа деген сенімдерімен, бүгінгі ұрпаққа ұлылықтарымен әйгіленген ұлы тұлғалар.

Ғылыми-теориялық тұрғыда жазылған Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдарбердіұлы, Мұхтар Омарханұлы шығармаларының тәлім-тәрбиелік мәнін ашатын мақалалар мен қомақты еңбектер ұлы тұлғалардың мұрасындағы тәлім-тәрбиелік пікірлері бүгінгі күнде де «Рухани жаңғыру» аясында қолданудың тірегі деп санаймыз.

Абай – қазақтың қазіргі ұлттық әдебиетінің негізін салып, қазақ поэзиясына реформа жасап, оны дүние жүзілік көркемдік ойдың деңгейіне көтерді. Ақын мұрасы – халқымыздың саркылмас асыл қазынасы. Ол адам тіршілігінің сан түрлі саласын қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршендігімен, әмбебап әрқилылығымен қымбат. Халық тарихи дамудың қаншама биігіне көтерілсе де, Абай аты мен Абай сөзі әрдайым оның аузындағы жыры, көкірегіндегі иманы, санасындағы ұжданы боп қала береді. Абай ақындығының тарихымызбен бірге жасайтын ұлы тағылымы да – осында!

Абай заманына өзгелерден бір табан жақын тұрған, екі ғасыр арасын жалғастырушы ірі тұлға Шәкәрім ойшыл, ақын-жазушы ретінде жұртшылыққа кеңінен танылған. Сондай-ақ, Шәкәрім, Абай дәуірінен бастау алатын XX ғасырдың басында кең арнаға түсіп дамыған демократиялық идеяларды, халықтың азаттығын туғып ұстап, ғылым мен техника жетістіктерін игеріп еркін дамуын аңсаған қоғамдық қозғалыстың аса көрнекті өкілдерінің бірі. Шәкәрімнің дүниетанымы, қоғамдық ой-пікірлері, философиялық, эстетикалық көзқарастары XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты.

Ал менің туған қалам Семей – заңғар жазушы Мұхтар Әуезовке үлкен шабыт беріп, өнерін ұштап, жетілдіруге мүмкіндік алған киелі жер. Ұлы жазушының ең алғаш білім алып осы қаладан қанаттанып, алғаш шығармаларын: «Кінәмшіл бөйжеткен», «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде», «Жуандық» әнгімелерін жазып, сан алуан ағартушылық қызметтерін де осы Семейден бастаған. Сондықтан жазушының өзі де Абай мен Шәкәрім туған және өмір сүрген Шыңғыстауда дүниеге келгенін мақтан тұтады.

Шыңғыстау бөктеріндегі атақты Қарауыл, Жидебай, Бөрілі – қазақтың Абайын, Шәкәрімін, Мұхтарын кемеңгер етіп, дүние жүзі ұлыларының санатына жеткізіп, олардың есімін әлемге паш етті.

Тарихи дәуірлер мен кезеңдердің қайсысын алып қарасақ та, ұлы ойшыл даналар мен саясаткерлер елдің рухани әлеуетін дамыту қажеттілігі жөнінде айтып келеді. Біздің заманымызда бұл дәстүр «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жаңа бағдарламалық құжа тында көрініс тауып отыр.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы – барша қазақстандықтардың ұзақ күткен және жаппай мақұлдап, қолдауына ие болған тарихи бастама. Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру – баршамыздың парызымыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сыдықов Е. Мәдени-тарихи мұра – ұлттық игілігіміз // Абай, 2003. №4. – Б. 11-20.
- 2 Султанова.Н.К Абай, Шәкәрім, Мұхтарлардың рухани сабақтастығы // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- Семей, 2006. – Б.376-379.
- 3 Әбдіғазиев Б. Асыл арна. – Алматы: Қазақ университеті. – 1992.
- 4 Бердібаев Р. Елеулі рухани олжа // Қазақстан мұғалімі. – 1988. 12 тамыз.
- 5 Шәкәрім поэзиясының рухани тіректері // Ұлт тағылымы. – 2004. №3. – Б. 173-177.

## ШҚО АУЫЛДЫ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫНА САЙ БИОРЕАКТОРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ИНТЕРНЕТ-ЗЕРТТЕУІ

АНУАРБЕКОВА Ж.

оқушы, Оралхан Бөкей атындағы № 44 лицей, Өскемен қ.

КАЛИЕВА Б. С.

физика пәнінің мұғалімі, Оралхан Бөкей атындағы № 44 лицей, Өскемен қ.

Renewable Energi Agency және British Petroleum мұнай компаниясының статистикалық мәліметтері бойынша әлемдік қазба жанармай небары: мұнай 40 жыл; табиғи газ - 62 жыл; көмір – 224 жыл; ядролық отын - 40 жылдық қана қорды құрайтыны айқындалды. Осыған байланысты энергетика «аштығының» туу қаупі мен қоршаған орта жағдайының төмендеуін есепке ала отырып, қалпына келтірілетін энергияны дамыту қажеттілігін айқын аңғарамыз. Қазақстанда табиғи қазбалар орнына ұзақ мерзім бойына қолдануға болатын қалпына келтірілетін қуат көздерін пайдаланудың мүмкіндіктері кең. Қалпына келтірілетін энергиямен қамтамасыз етуге шығатын шығынды қысқартуға, энергия тасымалын және түрлі экологиялық мәселелерді шешуге әбден болады. Шындығына келер болсақ, ол үшін Қазақстанға, ең әуелі, энергия тұтыну және энергия үнемдеу мәдениетін меңгеруді қалыптастыру қажет [1].

Энергияның альтернативті көздерін шартты түрде қалпына келтірілетін және қалпына келтірілмейтін деп бөлуге болады. Қалпына келтірілетін энергияға күн, жел және геотермальді энергия, құрлықтағы су сарқырамаларының энергиясы (бірлік қуаты 10 МВт болғанда, қуаттылығы 30 МВт құрайтын кіші және үлкен ЖЭС), теңіз және мұхит энергиясы (теңіз сарқырамалары мен толқындары, температура және тұздылық градиенттері), қоршаған ортадағы төмен потенциалды энергия (жылу құбырлары) жатады. Қалпына келтірілмейтіндерге – биомасса энергиясы (өсімдіктер, сан түрлі органикалық қалдықтар) мен сутекті энергияны жатқызамыз. Қалпына келтірілетін энергия көздерін(ҚКЭ) қолдану дәстүрлі энергетикалық ресурстарға тәуелділікті төмендетеді, сонымен қатар ауаны ластап, ғаламның жылу қалпын бұзатын улы заттардың түсірілімдерін азайтады. Альтернативті электр энергиясын өндіруден АҚШ, Қытай, Үндістан және Евроодақ алдыңғы қатарға шығып отыр.

Бұл елдерде альтернативті энергетика саяси тұрғыда мәнді мәселеге айналып отыр, осыған орай елде бірқатар нормативті-занды

актілер қабылданып, қаржыландыру жүйесі жасалып, мәселеге сай шаралар іске қосылуда. ТМД елдерінде альтернативті энергетиканы дамыту кең ауқымды мәселеге айнала қойған жоқ, себебі мұнда Батыс мемлекеттеріндей дәстүрлі әдістерді жанартудың қажеттілігі туындаған емес. Алайда өндіріс саласына деген қызығушылықтың күн санап артып келе жатқанын ескере кеткен жөн [2].

«Ұлттық жаңашыл қор» АҚ мәліметтері бойынша, қалпына келтірілетін энергетиканың қалыптасқан сомалық қуаттылығы (үлкен гидроэнергетика есепке алынбағанда) әлемде тек 1 жыл көлемінде (2004-2005 жылдар аралығында) 160 мың МВт-тан 182 мың МВт-қа дейін өскен.

Дәл қазіргі уақытта альтернативті энергия көзін пайдалану жалпы энергия тұтыну қорын есептегенде ЕО-да 6 %, АҚШ-та 3 %, Ресейде 0,3 %, ал Қазақстанда 0,02 % құрайды. Зерттеулерге сүйенсек, мәселен, Бразилия мен Аргентина автокөлік тасымалының 45 % шығын шығарудың нөлдік есебін беретін биогаз энергиясына өтіп отыр (бұл мәселе Алматы қаласы үшін де маңызды). 2010 жылы ЕО бұл көрсеткішті - 10 %, 2020 жылы - 20 %, ал 2040 жылы - 30 % жеткізуді жоспарлауда.

Қазақстан нарығын шолу барысы Әлемдік биоотын нарығының жыл сайын 20-25 пайызға өскендігін көрсетеді, бұл қажеттілік әсіресе аталмыш өндірісті іске қосуға жеткілікті мүмкіндікке ие елдерде әлемдік деңгейдегі биоотын өндірудің үлкен қажеттілігін тудырады [3].

Соңғы жылдарда әлемде ауылшаруашылық өнімдер құрамынан биоотын өндіру технологияларын игеру ісі іске асырылып келеді. Қазақстан бұл жағдайда оптимальді өндіруші және бұл отын түрін таратушы ел ретінде үлкен ауылшаруашылықтық потенциалға ие. Қазіргі уақытта Қазақстанда биологиялық отын түрлерін өндіру және іске асырудың барлық экономикалық шарттары бар. Бұл Қазақстанның күннен күнге өсіп келе жатқан ішкі қажеттілігі мен биоотынды шетке шығарудың үлкен мүмкіндіктерін, дәнді және майлы дақылдар өсіруге қолайлы бос аумақтар мен өндірістің техникалық және кадрлық мүмкіншіліктерін көрсетеді.

Қазақстандағы биоотын өндірісінің келешегі заңды түрде қолдау көрсетілумен тығыз байланысты. 2010 жылға дейін Қазақстандағы биоотын нарығын дамытудың тұжырымы мен «Биоотын өндіру мен оның айналымының мемлекеттік реттелуі туралы» заң жобасы жасалуда [4].

Ең төмен сапалы мал жемін (1 млн. тонна) пайдалану және оның қалдықтары (1,9 млн, тонна) ғана алғашқы кезеңде 2010 жылға

дейін 1 млрд. литр (812 мың тонна) биоэтанол өндіруге мүмкіндік береді. Екінші кезеңде 2,1 млрд. литрге дейін қосымша экологиялық таза отын даярлауға мүмкіншілік беретін тыңайған жерлерді (көп бөлігі елдің солтүстік өңірлерінде жинақталған) іске қосуға болады.

Ішкі қажеттілікті есепке алғанда, біріктіруге қазақстандық биоотынның экспорттық потенциалы жылына 3 тен 6 млрд. литрды құрайды, осылайша Қазақстан үшін биоотынды өндіруші елдер арасында әлемде лайықты орын иеленіп, сонымен қатар осы сала бойынша әлемдік жағдайға белгілі бір деңгейде маңызды әсер ете алады.

Биогазды алу – өндірістік экологияның нақты үлгісі, сонымен қатар шаруашылық қызмет қалдықтарынан энергия алынады, ал қосымша өнім ретінде биогаз өндірушіге бағалы тыңайтқыш алуға да жол ашылады. Өз бетінше биогаз – бұл құрамында 60-70 % жанғыш метаны бар көмірқышқыл газ бен метанның қоспасы. 1 м<sup>3</sup> биогазды өртегенде 1,7 кВт электр энергиясын немесе 2,5 кВт жылу алуға болады. 1 тонна қи немесе басқа да түрлі биомассадан 500 м<sup>3</sup>-қа дейін биогаз алуға болады, ал ол 350 л бензинмен пара-пар.

Адамзат биогазды қолдануды әлдеқашан үйренді. Б.з.д. 2 мың жылдар шамасында қазіргі Германияның жер аумағында көне биореакторлар қолданыста болды. Алемандар мекендеген батпақты Эльба жерінің саздағы тырбиған ағаштары оларға айдаһарлар болып елестейтін.

Олар шұңқырларда жиналған жанатын газдарды айдаһардың демі деп ойлады. Айдаһардың көңілін аулау үшін түрлі құрбандықтар шалып, түрлі азық қалдықтарын сазға тастап отырды. Адамдар айдаһар түнде келеді және өз демін шұңқырларда қалдырады деп сенді. Алемандар теріден қаптар тігіп, онымен саздың бетін жауып, газды өз үйлеріне дейін апарып және пайда болған газды азық даярлау мақсатында пайдалануды ойластырды. Өз заманында оларға құрғақ отын табу қиынға соқты, ал саз газы (биогаз) бұл мәселені шешуге таптырмас құрал екенін жақсы түсінді.

XVII ғасырда Ян Баптист Ван Гельмонт шіритін биомассадан жанатын газ бөлінетінін анықтады. 1776 жылы Александро Вольто биомасса шіріндісінің мөлшері мен одан бөлінетін газ аралығында қандай да бір тәуелділік бар екендігіне көз жеткізді. 1808 жылы Хэмфри Дэви биогаз құрамындағы метанды анықтады.

Алғашқы ресімделген биогаз құрылғысы 1859 жылы Үндістанда Бомбейде жасалған. 1895 жылы биогаз Ұлыбританияда жарықтандыру мақсатында пайдаланылды. 1930 жылы

микробиологияның дамуымен, биогаз өндіру барысында бактериялардың қатысатыны анықталды.

Б.э.д. XVII ғасырдан бастап биогаз технологияларын қолданудың бірегей үлгілері Қытайда, Үндістанда, Ассирия және Персияда тіркелген болатын. Алайда биогаз туралы ғылыми зерттеулер жүйелі түрде 3,5 мың жыл өткеннен кейін б.э.д. XVIII ғасырда басталды. 1746 жылы Бенджамин Франклин Джозеф Пристлиге жазған өз хатында АҚШ-ғы батпақты Нью Джерси өзендерінің бір қабатын құртып жіберген тәжірибесі туралы суреттеп берді.

Сазда тұтанушы метанды газдардың көлдер мен батпақтардан бөлінуі туралы бірінші ғылыми негіздеуді 1776 жылы Александро Вольта берді. 1804 жылы Дальтон метанның химиялық формулаларын ашқаннан кейін, европалық ғалымдар өз зерттеулерінде биогазды тәжірибелік тұрғыда өндірудің алғашқы қадамдарын жасады. Биогаз өндіруді зерттеу ісіне ресейлік ғалымдар да үлес қосты. Бөлінетін газ көлеміне температурағаның ықпалын 1875 жылы Попов зерттеді. Ол өзенді өңірлерде биогаз 6 °С көлемде бөлініп шығатынын анықтады.

Температура 50 °С көтерілген кезде, бөлінетін газдың көлемі де қоса ұлғаяды, сонымен қатар 65 % метан құрамы да өзгермейді: яғни сутегінің көмірқышқыл газы 30 %, 1 % күкіртті сутек, сол сияқты азот қышқылының мөлшері де тұрақты болып қалды. В. Л. Омелянский болса анаэробтық божу және оған қатысатын бактериялар табиғатын мұқият зерттеді.

Көп кешікпей, 1881 жылы, европалық ғалымдар биогазды мекемелерді жылыту мен көшелердің жарықтандыру мақсатында пайдалануға тәжірибе жүргізе бастады. 1895 жылдан бастап, Эксетер қаласының көшелерін шаммен жарықтандыру биогаз арқылы іске асты, ағынды сулардың ашылу нәтижесінде аудандар газбен жабдықталды және жабық олар сыйымдылықта жиналды. Дәл екі жылдан кейін Бомбейде биогаздың өндірілгені туралы хабарлама жарық көрді, мұнда биогаз коллекторға жинақталды және сапалы мотор отыны ретінде әртүрлі қозғалтқыштарда қолданылды. Ал XX ғасырдың басында божу температурасын жоғарылату арқылы биогаз көлемін ұлғайту жөнінде зерттеулер өз жалғасын тапқан болатын. Неміс ғалымдары Имхофф және Бланк 1914-1921 жылы сыйымдылықтың ұдайы қыздырылып тұруы қарастырылған жаңа ашулар жасады. Отын тапшылығына байланысты бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде Европа бойынша биогаздық құрылғылар кең тарай бастады. Заманауи болмаса да, мұндай құрылғылары бар шаруашылықтар әлдеқайда қолайлы жағдайда



өмір сүріп жатты. XX ғасырдың 30-шы жылдарында Бусвелланың ки мен түрлі органикалық қалдықтарды шикізат ретінде пайдалану тәжірибелері технологиялардың биогаздық даму тарихында өте маңызды ғылыми қадамдардың бірі болып табылды [5].

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданында ауылдық жердегі мәселелердің іс-тәжірибелеріндегі шешімі:

Климаты шұғыл континентті. Қыста аяз 40 градус, ал жазда сынап бағанасы 40 градустан жоғары болады.

Табиғаты – бір жағынан жазық, бір жағы таулы, қарағайлы, адам аяғы баспаған нулы ормандарында аю, бұғы, марал, құндыз сияқты аңдар мекен етеді. Қарлы шындарында бүркіт қалықтаған, қар барысы сібір ешкісін аулаған, өзен суы мұз құрсаған өлке.

Басты қызмет түрі – мал шаруашылығы. Әр үйдің қорасында ірі қара мал. Ауыл тұрғындары малдарын ауылда ұстайды. Соның салдарынан ауылдың санитарлық-гигиеналық халі мүшкіл. Ауыл көшелері қиға толып, өзен, су қоймалары ластанады. Бұл алдымен балаларға зиянды. Ауылдарда ең өзекті мәселе – отын, көмір. Көмір кені, аз дегенде, 400-500 км жерде бұрынғы Семей облысы Көкжырада. Кеңестік дәуірде Шығыс Қазақстан аймақтарына көмір су көлігімен тасымалданды, нәтижесінде бағасы да арзан болды.

Қазіргі нарық дәуірінде көмірдің 1 тоннасы – 8000 теңге. Бұл - әрбір жанұяның қалтасы көтере бермейтін баға. Сондықтан ауыл тұрғындары орман шаруашылығы бөліп беретін әр текше метрі 10-12 мың теңге болатын отынды алады. Бұл мәселе бірден тағы да қаржы жағынан келіп тірелсе, екіншіден қоршаған ортаға орасан зор зиянын тигізіп келеді. Табиғи газдың арнаулы ыдыстармен тасымалдануы - қымбатшылықтың салдарынан тоқтап қалған.

Біз интернет-зерттеу барысында меншік аулаларда биогаз алу тәжірибесін қолдану тиімді екеніне көз жеткіздік. Оның тиімділігін климаты жылы елдерде жиі қолданылуынан көреміз. Мәселен, Оңтүстік Қытайда. Жоғарыда атап өткендей, қысы- суық, жазы - аптап ыстық біздің өңірімізде биогаз қондырғыларын пайдаланған өте тиімді. Бұл қолданысты жақтаушыларға жазғы уақытта биогазды тұрмысқа қолдануы мен оны алу әдісінің қолайлы тәсілін ұсынамыз.

Сиыр қиы 1,5 тонна, шіріп кеткен жапырақ 3,5 тонна, қалған сабан, өсімдік қалдықтарын араластырамыз. Оған 60-70 пайыз ылғалдықта су мөлшерін құямыз. Алынған массаны шұңқырға тастап, түтікше арқылы 35 градусқа қыздыру керек. Одан алынған масса ауаның жоқтығынан қызып, 70 градусқа дейінгі ыстыққа көтеріледі. Газдың бөліну уақыты - 2 апта.

Күмбез газдың қысымымен шұңқырдың бетінен ұшып кетпеу үшін оған арқан сымдар пайдаланып оған ауыр салмақ қондырғыны бекіту керек. Күніне қондырғы 40 куб текше метр көгілдір отын өндіреді. Бес тонна масса 6 айға жетеді [6].

Қарапайым қондырғыны жолға қою үшін бірнеше технологиялық шешімдерді шешуге тура келеді.

- 1 реактор
- 2 күмбез
- 3 жылужүйесі
- 4 газ құбыры

Ауылдық жерлерде әр үйдің ауласында күн энергиясымен жұмыс істейтін душ бар екені белгілі. Бұл ыдыс душ кабинасының үстінде орнатылатыны бәрімізге белгілі. Жылу энергиясы принципіне сай бұл құрылғы газөндіру процесін жылдамдатады. Душқа орнатылған түтікше арқылы жылы су келсе, екінші түтікше арқылы суық су құйылып, екеуі араласады. Осылайша душ құрылғысына ұқсастырып, реактор түтікшесінде ыстық су циркуляциясын жасаймыз.

Бізге реакторды қыс кезінде жылыту мәселесін шешуге тура келді. Себебі қыста күн радиациясынан алынатын энергия мөлшері біршама азаяды. Мысалы, суретте Ұлыбританияда күн сәулесі түсуінің орташа жылдық мөлшерінің көрсеткіші көрсетілген. Ашық күндері күн сәулесі тура түседі де, ал бұлтты күндері су тамшыларымен бұлтқа жұтылатындықтан, сәулелену мөлшері азаяды. Нақты көрсеткіштер төменде көрсетілген. Әдетте ыстық су орнына пайдалану үшін жазғы уақыттарда күн сәулесі арқылы суды қыздыруға әбден болады. Ал қыста керісінше бұл әдісті пайдалану тиімділігі өте төмен.

Біз 3 жыл бойы өз ауылымыздың ауа хауызының температуралық режиміне бақылау жүргіздік. Желді күндер санын, желдің жылдамдығын анықтадық. Әдетте, аязды, ашық күндері жел болмайды, ал егер күн бұлттана қалса, онда міндетті түрде жел соғады. Бұл құбылыс бізді күн қуатының белсенділігі азайған күндері желдің қуатын пайдалануымызға болады деген ойға қалдырды. Бұл үшін «Жигули» автокөлігі аккумуляторының батареясындағы қуат жүйесін қолжетімді, аз шығынды материал ретінде қолданса жеткілікті. Біз сондай-ақ, желқозғауыш және оларды қолдан жасау мәселесі бойынша ғаламтордың көмегіне жүгіндік.

Адамзат мәдениеті мен өркениеті өркендеген сайын дәстүрлі энергия өндіру көздері ұдайы жаңарып, экологиялық тұрғыдан тиімді әрі ауыл өмірінде пайдалануға мүмкіндігі мол энергияның альтернативті көздері жаңғыру үстінде. Сонын себебінде қоршаған

ортаға түсетін ластанған су мөлшерінің азаюы болады. Бұл - энергия өндірудің көне көздерінің таусылғандығы емес, қайта жаңа технологияның дамуы мен ғылыми ізденімпаздықтың нәтижесі. Бүгінгі таңдағы ең озық жанар-жағармай көзі – мұнай мен газ болатын болса, осы орайда «судың да сұрауы бар» деген қағидаға сүйенуге тура келеді. Себебі әр нәрсенің таусылатыны тәрізді, мұнай мен газдың да түптің түбінде өз мәресіне жетері хақ. Осы бір сәтте аты аталған табиғи өнімдердің орнын басатын басқа энергия көздері бар ма деген орынды сұрақ туындайды. Осы орайда энергия көздері бар деп нақты жауап айта аламыз.

Иә, ондай көздер бар. Олар – сөзсіз дәстүрден тыс және қайта қалпына келтірілетін энергия көздері. Бүгінгі XXI ғасырда жер энергетикасының жаңа дәуірі басталды десе болады. Адамзат өзіне-өзі зиян келтірмейтін, экологиялық тұрғыдан аса тиімді энергия өндірудің жаңа кезеңіне батыл қадам басты.

Сондықтан да энергохимия, сутек энергетикасы, ғарыш электростанцияларының барлығы – Энергетиканың Ертеңгі Күндері деп атауға болатын энергия өндірудің жаңа кезеңінің тек бір ғана айқын көрсеткіштері. Алдымызда - жұмбақ пенен ашылмаған сырға, түрлі кедергілер мен қайшылықтарға толы, өкініш пен жеңілістер, қуаныш пен жеңістерге толы тұңғық, тылсым жолдар мен тар жол, тайғақ кешулер. Иә, адам баласының энергия өндіру жолы оңайға соқпақ емес. Бірақ адамзат энергияны өндіру жолындағы барлық қиыншылықтардың жойылып, қайшылыққа толы мәселелердің өз шешімін табатынына аса сенімді. Энергия өндіру саласындағы зерттеулердің шегі жоқ, оның әсерлі де үнемді әдіс-тәсілдерінің де түрлі жолдары жетерлік. Осының барлығын қорытындылай келе «Қарапайым шешімдер болмайды, тек саналы таңдаулар ғана болады», - деген даналық сөзді басты ұстаным етсек болғаны.

#### ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫ

- 1 [www.zorgbiogas.ru](http://www.zorgbiogas.ru),
- 2 [www.topfeld.narod.ru/biogaz.html](http://www.topfeld.narod.ru/biogaz.html)
- 3 [www.ru.wikipedia.org/wiki/](http://www.ru.wikipedia.org/wiki/)
- 4 [www.express-release.com](http://www.express-release.com)
- 5 [www.u380.ru/energy/biogaz.php](http://www.u380.ru/energy/biogaz.php)
- 6 [www.forumhouse.ru/thread2785.html](http://www.forumhouse.ru/thread2785.html)
- 7 [www.fluid-biogas.com/biogas.html](http://www.fluid-biogas.com/biogas.html)

## АСЫЛҒАЗЫ МЕЙРАМ САТЫБАЛҰЛЫНЫҢ БИОГРАФИЯСЫ

БЕКЕНОВА А. М.

10 «А» сынып оқушысы, № 21 жалпы орта мектебі, Павлодар қ.



Сурет 1

Асылғазы Мейрам Сатыбалұлы 1948 жылы 7-нші қарашада Екібастұз ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келіп 1999 жылы қайтыс болады. Мейрам Сатыбалұлы балалық шағынан бастап білімге, өнерге деген құштарлығымен көзге түсе бастады. Оқуға алғыр, зерек те талапты Мейрам орта мектепті бітіргеннен кейін 1967 ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетіне түседі. 1973 ж. университетті бітіргеннен кейін туған жеріне қайтып, «Қызыл ту» газетіне қызметке орналасады. Мейрам редакция тапсырмаларын ойдағыдай орындап, басшылар мақтауына ие болуымен бірге қоғамдық жұмыстардан тыс қалған емес. Ол кезде жұрт шахматшыл еді. Шалғайда шахматтан әлем чемпиондығы үшін Карпов пен Корчной күресіп жатқан кез. Редакцияда да шахмат ойындары әлем чемпиондарынан кем түспейтіндей тартысты. Өйткені мықтылар жеткілікті. Мықтылар қатарында Мейрам да болды [1, б. 3.].

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, мейрам-үстел тенисінің де шебері. Бес қабатты үйдің астыңғы бөлігінде орналасқан редакцияда тенис үстелі бар еді. Түскі үзіліске шыққанда немесе жұмыс аяғында редакция қызметкерлері қолдарына ракетканы ұстап тенис ойнайтын. Жұрт көбінесе Мейрамның ойын көруге келетін. Оң қолымен кішкентай шарды құлаштай соққанда оған қарсы тұрар кісі болмайтын [1, б. 4.].

Мейрам Сатыбалұлы шахмат пен тенистен басқа өнерлі де кісі болған. Сол өнерінің бірі домбыра тарту болып келеді. Мейрам

колына қара домбыраны алса, тыңдаушының жүрегіне жол табады, әсем әуендерін тыңдай бергің келеді. Сол кезде редакция ұжымы сауықшыл. Әр нәрсені себеп етіп, той-домалағын өткізіп жатады. Сол той-домалақта жастар, әсіресе Мейрам ерекше көзге түседі. Қолыңы домбыра алғанда қазақтың күйлері бірінен соң бірі төгіледі. Домбыра пернесіне ойнақтаған саусақтарына әріптестері қызыға қарайды [3, б. 5].

Мейрам Асылғазин сонымен қатар күйші болып келеді. Нотаға өздігінен үйреніп, шығарған күйлерін саз жүйесіне түсірді. М. Асылғазин анасына арнап шығарған «Кікіу» және «Қос бұрым» сында күйлері халық арасында кеңінен таралды. Ал ел ішінде сирек орындалып, жоғалу алдында тұрған «Қайран заман», «Алла жар», «Көкежан Иғай», «Қоңыржай, Гүлжай» күйлері бар [2, б. 3].

Мейрам Сатыбалдыұлының армандарының бірі ол Павлодар өңірінде алғашқы оркестор ашу болып келеді. Сол арманын 1976 жылы орындалады. Бастаған үлкен істің сәтті де нәтижелі болуы айтуға ғана оңай. Мейрам үшін домбыра оркесторін құру оңайға түспегені анық. Әсіресе, домбыра тартатын, күй орындау қолынан келетін жастар көп болған емес. Теңіз түбінен асыл тас іздегендей оларды тауып алуға көп уақыты, көп күші кетті. Мұндайда адамға қайсарлық, табандылық қажет. Бірақ қиындықтар артта қалған емес. Өмір болғасын күнделікті тіршіліктің күйбеңі бітпейді. Сол себепті аптасына үш рет болатын оркестр дайындығына келе алмайда қалады. Жұрт тегіс жиналмаған соң, жаттығу да сапалы болмайды. Сонда Мейрам өзінің оқушыларына былай дейді:

– Әй, жігіттер, бұралың не? Көздерін көрмей ме? Айналаға жақсылап қараңдаршы! Бізден басқа ұлт өкілдерінің тірліктерін байқамайсындар ма? Жастарын былай қойыңыз. Кемпір-шалдарына дейін кешкілік үйлерінде отырмайды. Үйірмелерге қатысады. Біреулері ән салады, енді біріулері гармонь тартады, үшінші біріулері би билейді. Осыны неге көрмейміз? Өз ұлтымыздың мүддесін бәрінен жоғары қоюды қашан үйренеміз? Бұл дегеніміз жалқаулық, бойкүйездік, дәрменсіздік, бейшаралық қой! – деп, ескерту айтады [3, б. 6].

Мейрам Сатыбалдықлы әр қатысушымен ортақ тіл тауып, отбасы жағдайын біліп, қолынан келгенше мәселелерді шешіп, көмек көрсетеді [3, б. 6].

Оркестрге қатысу арқасында домбырамен қазақтың ғасырлардан бері келе жатқан ұлттық қазынасы – күйлерді нақышына келтіре тарту қуаныш сыйлайды. Домбыра, қобыз, баян, мандолин

қосыла үн шығарғанда әсем әуен қалықтап кететін. Содан бастап 1976-1977 ж Павлодар қаласында «Ертіс еркесі» домбыра оркесторін құрған [3, б. 7].

Жетпісінші жылдардың соңында Мейрам асылғазин Алматыға қызметке ауысып, ақын Көбдікөрім Ыдырасовтың қамқорлығымен «Жалын» баспанасына жұмысқа орналасады. Жазушының шабыты шарықтап, газет-журнал беттерінде көптеген шығармалары жарық көреді [3, б. 7].

1978 жылы ең алғашқы «Балалар балалық жасапты» деген әңгімесі Республикалық «Жалын» журналында басылып шығады [4, б. 3].

1980 жылы «Алғашқы жаз» шығармасы үшін Республикалық «Пионер» журналының бірінші құрмет грамотасымен марапатталды [4, б. 3].

1980 жылдары өзі қызмет етіп жүрген баспанадан «Ауылдастар» атты бірнеше әңгімелер жинағының тұңғыш кітабы жалық көріп, оқырманмен қауышты. Сол секілді 1986 жылы шыққан «Өзгеше бір күн» атты кітабы тіпті сәтті жазылған шығарма болды. Кейіпкерлердің мінез ерекшеліктері асқан шеберлікпен суреттелді [4, б. 3].



1984 жылы Мәскеу қаласында өткен жас жазушылардың VII Бүкіл Кеңестік мәжілісіне қатысты [4, б. 3].

1988 жылы Қазақстан жазушылар одағының мүшесіне қабылданды [4, б. 4].

Мейрам Асылғазин жазушы ғана емес, сонымен қатар ол аудармашы болып келеді. 1991-1995 жылдары «Өнер» баспанасында бас редактор қызметін атқарады. Сонда қызмет етіп жүрген кезінде

шетелдің көптеген жазушылардың шығармалдарын аударумен белсенді айналысты [4, б. 4].

Аудармалары:

1989 жылы Үндістан көсемі М. Ганидің өмірнамасы «Менің өмірім» деген атпен шықты [4, б. 5].

1997-1998 жылдары Ульям Дрепердің «Еуропа ақыл-ойының даму тарихы» атты еңбегін аударып, 2000 ж. кітабы жарық көреді [4, б. 5].

1981 жылы Соколов Микитовтың «Дом в лесу» деген әңгімесін аударды [4, б. 5].

**Қорытындылай келсек**, «Рухани жаңғыру» идеясы жарық көрген сәттен бастап дәл осы «100 жаңа есім» жобасы төңірегінде талқылаулар көбейіп кеткен болатын. Несін жасырайық, жобаны сынағандар аз болған жоқ. Қоғамдық талқылау кезінде «оның қандай пайдасы бар?», «бұл кеңестік идеологияның сарқыншағы» дегендер де көп болды. Яғни, «идеологиялық тұрғыда ешқандай пайдасы жоқ жобаға миллиондарды шашпайық» деп үгіттеді кейбір қоғам белсенділері. Ал, шындығында солай ма? Бұл жобаның қоғамға қандай пайдасы бар? Халықтың рухани жаңғыруына қалай әсер етеді? Енді осы сауалдардың төңірегінде азды-кем ой қозғап көрейік.

«Талант - анандан туғанда маңдайыңда жанып тұрған шырақ сияқты, табиғат сыйы», – деген сөздер Мейрам Асылғазин туралы айтылған десекте болады. Ол кішкентай кезден бастап өзінің өнерімен, білімімен көзге түскен. Мейрам Сатыбалдыұлы білім жағынан ғана емес спорт жағынан да жетістіктері бар. Сонымен қатар ол талантты күйші болып келеді. Оның ең басты жетістігі ол Павлодар өңірінде алғаш оркестр ашуы болып келеді. Менің ойымша, егер осы кісі оркестрдің ашылуына алғаш қадам жасамаса, онда оркестр 21 ғасырда жаңа ғана ашылуы мүмкін. Мейрам Сатыбалдыұлының Қазақстанға қосқан үлесі үлкен, сондықтан оны «Рухани жаңғыру» идеясының «100 жаңа есім» жобасына қосу керек деп ойлаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Сарыарқа самалы» газеті, басылым 2013 жыл 10 қаңтар; 2008 жыл 6 қараша.
- 2 «Ертіс дидары» газеті, басылым 2008 жыл 25 қараша.
- 3 «Шаһар» газеті, басылым 2008 жыл 20 қараша.
- 4 «Отарка» газеті, басылым 2000 жыл 2 наурыз.

## ҚАЗАҚТЫҢ ШАЙ ІШУ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ КӨРІНІСІ

БЕКЕШ Д. М.

9 «А» сынып оқушысы, Луганск ОЖББМ, Павлодар ауданы

ИБРАЙКИНА Б. Н.

тарих пәнінің мұғалімі, Луганск ОЖББМ, Павлодар ауданы

Шайдың басты құндылықтары Тамақтану саласының белгілі ғалымы американдық Алиса Чейз өзінің кең тараған «Денсаулық тамағы» атты кі- табында шай мен кофеңі «ауруға душар ететін және адам денесінің өмірлік маңызды құрылымын бұзатын» улы сусындар тобына жатқызғанымен, көптеген ғалымдар шай мен кофе туралы басқаша пікірде. Бұл сусындарды жақсы көретіндер оның өте пайдалы, тіпті шипалық қасиеттерінің бар екендігіне көміл сенімді.

Халық ежелден – ақ шайды «Өмір зәмзәмі» деп атаса, атақты Ибн Сина шай туралы былай деген: «Шай денені сергітеді, жүрекке жылу ұялатады, көңілді көтереді». Еуропада бұл сусынның екі атауының бар екені мәлім. Оны батыста «ти» деп, Шығыста «шай» деп атайды. Бірқатар тарихи деректер бойынша, шайдың алғаш шыққан жері Қытай, Вьетнам. Өткен ғасырдың ортасында Қытай тек қана шай өндіріп, дүниежүзін шаймен қамтамасыз етіп келді. Шайды мейлінше сүйсініп ішкен кісілердің бірі Л. Толстой. Ол шай туралы: «Тіпті мен онсыз жұмыс істей алмағандықтан, мен шайды көп ішуге тиісті болдым. Жүрегімнің түкпіріндегі бұғып жатқан мүмкіндіктер шай арқылы ғана босанып шығып, жасампаздық мүмкіндіктеріне жол берді» деген. Әубаста айлакер бір ағылшын шайдың тұқымын Қытайдан ұрлап алып, бір қытайлыққа көп ақша төлеп, одан шай әзірлеу технологиясын үйреніп алады да еліне келісімен оны жариялап, таратады. Қазір біз сатып алып, қайнатып ішіп жүрген шай – мәңгі жасыл өсімдіктің солдырылған, ширатылған, ферменттелген, кептірілген жа-пырақтары. Бұл өсімдіктің алуан түрі (Қытай, жапон, цейлон, грузин шайы) бұтасының биіктігімен, жапырақтарының мөлшерімен, басқа да бірсыпыра ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Тек бәрін де біріктіретін басты қасиет – жапырақтарының құрамындағы шайдың бағалы үш қасиеті. Олар: илік заттар (олардың ішінде таниннің ерекше маңызы бар) және шайға тұтқыр, сәл ақшылтым дәм беретін катехиндер, шайға сергіткіш, қоздырғыш әсер дарытатын кофеин (шайдың құрамында оны көбіне теин деп атайды), хош иіс беретін эфир майлары. Негізінен, шай катехиндерінде өткізгіш дәруменнің (Р дәрумені) жоғары белсенділігі күшті.

Шай – байха шайы (үгітілген) және тақта шай (престелген) деп бөлінеді. Байха шайы: қара (ең көбірек тарағаны), көк және сарғыш қара, көк шай (қоспасы). Онда белокты заттар мен амин қышқылдары (16 пайыздан 25 пайызға дейін), пигменттер (баяғыш заттар 10 пайызға дейін), А1, В1, В2, РР, С тағы да басқа дәрумендер бар. Шайдың сергітетін әсері оның құрамындағы кофеинге байланысты. Оның мөлшері 4 пайызға дейін. Шайдың кофеині кәдімгі кофедегі кофеинге қарағанда әсері біршама жайлы, әрі ағзаға жиналмайды. Шайдағы эфир майы 0,006 – 0,02 пайызға жуық. Ол шайға хош иіс, тіл үйретін дәм береді. Көк шайдағы илік заттардың мөлшері әлдеқайда жоғары, 14 – 15 пайыз орнына 25 пайыз.

Шайды сақтау және қайнату Көп тараған Грузин букеті, Азербайжан букеті, Грузин мен Краснодар шайларының жоғарғы сорты, үнді және цейлон деп аталатын шайларды өндірген кезде олардың хош иісі мен дәмдік қасиеттерін әдемі ұштастыратын жағдайлар қатаң сақталады.

Дәмді әрі хош иісті шай тұнбасын алу үшін оны құрғақ орында, қақпағы жақсы жабылатын арнайы шай салғышта сақтайды. Шайдың жоғары сапасы мен хош иісі көбінесе дүкен мен үйде сақтау кезінде нашарлап кететін болғандықтан, мамандар шайды құрғақ жерде сақтауға кеңес береді. Құрғақ шайдың иіс тұтқыш қабілеті өте жоғары болғандықтан, оны иісі күшті жермай, балық, өтір, иісті сабын тәрізді заттарға жақын қоюға, олармен бірге сақтауға болмайды. Олай жасалса, шай жаңағы заттардың жағымсыз иісін өз бойына тез тартып алады, содан мұндай шайды қайнатқан кезде жағымсыз дәм пайда болады. Сол себепті, шайды саңлаусыз жабылатын ыдыста сақтау – басты шарт.

Шайды қайнатқанда шайнекті отта ұзақ ұстауға болмайды. Ондай жағдайда оның құрамынан эфир майлары тез ұшып кетеді, одан буланған жапырақтың иісі шығатын болады.

Шай шығарғанда ерекше бап қажет. Аққұманды (немесе кішкене шайнекті) қайнаған сумен 2 – 3 қайтара шайып, оған шай (2 стақан суға 1 шай қасық) салып, үстіне қайнап тұрған суды, әуелі аққұманның (кішкене шайнектің) ½ мөлшерінде құяды да, сәл – пәл қоя тұрады. Сосын отқа қойып бұқтырып алғаннан кейін, шайнекті (аққұманды) бүркеп (сүлгімен, не арнайы жұмсақ шүберекпен), 5 – 7 минут тұндырады да, толтыра қайнаған су құяды. Егер шай түбіне толық тұнса, оның өзiр болғаны деп біліңіз.

Бұқтырылған шайды қыздырмайды, қайнатпайды, келесі күні шамбасына шай қосып демдемейді. Шайға ас содасын, күйдірілген

қантты қоспайды. Онда дәмі нашарлайды. Егерде шайға жаңадан қайнатылған судың орнына тұрыңқырап қалған жылы суды құйса да дәмі кетеді. Шайды фарфор немесе фаянс шайнекпен шығарады. Шайды метал шайнекпен шығарса, ол құсып кетіп, хош иісі мен дәмін жоғалтады. Қара шайды қантпен, қайнатпамен, балмен, көмпитпен, лимонмен, кілегеймен, жаңғақпен тағы да басқа тәттілермен ішеді. Кейбір келіншектер шайды шығарғанда оған бал немесе қант қосып жатады. Ал енді көк шайдың қантсыз ішілетіні есіңізде болсын. Орыс халқы басқадай қайнаған тұнбаларды да шай деп атайды. Олар: жөке, танқурай, итбүлдірген т.б. жеміс – жидек тұнбалары. Оны емдік дәрі – дәрмек ретінде пайдаланады. Мұның ішінде жөке гүлі мен кептірілген таңқурай тұнбасы – суық тигенде, ит бүлдірген жапырағының тұнбасы т.б. – бүйрек ауырғанда шипалы ем. Төрт түрлі шайды әзірлеу I. Сүт қатқан шай. Оны әзірлеу үшін 2/3 литр мөлшерде қою шай тұнбасы мен 1/3 литр мөлшерде сүт қажет. Кесеге сүт құйып, оған шай тұнбасы қосылады. Бұл шай ішек-қарын жолдары ауыратын адамдарға өте пайдалы.

1. Қытай шайы.

Бір кесе қайнатылған суға бір шай қасық көк шай қажет. Жылытылған ыдысқа, құрғақ шай салынады, үстіне ыстық су құйылып, 3 минут өткен соң алдын-ала жылытылған фарфор ыдысқа аударып құяды. Қытай шайын ыстықтай сораптап ішеді. Оған қант, басқа да тәтті заттар қосылмайды.

2. Жапон шайы. Оны әзірлеуге ½ литр қайнатылған су, 1,2 шай қасық құрғақ шай қажет. Арнайы ыдысқа салынып ұнтақталған шай алдын-ала жылытылған ыдысқа салынады. Оның үстіне 60 градусқа дейін ысытылған қайнаған су құйып, қою шай дайындалады. Сонда бұл шайдың хош иісі бұрқырайды.

3. Ағылшын шайы.

Бір кесеге бір шай қасық шай, оған қоса шайнекке осыншама шай, қайнаған су, сүт, қант қажет. Шайға қайнатылған су қосып, 5 минут ұстайды. Сосын ыстық ыдысқа аударып құяды. Жақсылап жылытылған кесеге сүт құйып (көлемі ¼ деңгейінде) шай тұнбасын қосады.

Көк шай – бұл атау Күн көзіне кептірілген соң берілген. Шайды дұрыс демдеу өте маңызды. Егер ыстық суды құярда сәл қателессеңіз, қатты қайнап кетсе немесе қайнамаған болса, дәмі бұзылады деп есептеңіз.

Сары шай - өте сирек кездеседі және шайдың ең қымбат түрі. Жылына 300 – 600 келі ғана өндіріледі. Бір ғана жерде, Дунтиху

өзені ортасындағы аралда өседі. Өте қатқыл, әсері күшті. Дайындалу процедурасын қытайлықтар өте құпия ұстайды. Адам қуатын тез арада қалпына келтіреді.

Улун шайы – жартылай ферментті, ашық түсті. Жапырақты. Бас пен ми жұмысына күш түскенде өте жақсы жәр-демдеседі.

Қызыл шай – (бізше қара шай) – күшті ферменттелген шай. Бұл да көк шайға жатады, бірақ жиналғаннан кейін өте жоғары температурада кептірілген. Қарт адамдарға қуат – күші төмендегенде шипалы.

Қара –пуэр – тым сирек кездесетін сорт. Жылына бірнеше келі етіп қана жасайды. Бұл шай кездейсоқ дайындалған. Шай плантациясынан дүкендерге әкелгеннен кейін, жаңбыр астында қалып қойып, қатты дымқылданған. Сөйтіп, бірнеше жылдар бойы қожайынның қоймасынды жатқан. Кейін шайдың бір қорабын алып, дәмін көргенде қожайын шалқасынан түсе жаздаған!

Пуэр – уақыт өткен сайын бағасы, құндылығы өсіп келе жатқан шайдың жалғыз түрі. Ол шайдың басқа шай түрлерінен әсері өте күшті.

Гүлді шай – гүлмен дәмін келтірген, жан рақаты үшін ішеді.

Шайдың емдік шипасы Сүт қосылған қою және тәтті шай халық емінде нашадан, дәрі – дәрмектен, ішімдіктен уланған жағдайда, оның (уланудың) бетін қайтаратын емдік сұйықтық ретінде пайдаланылады.

Бал, қара бұрыш, қосылған шай зәр қуғыш және тыныс жолдарына суық тигенде терлететін дәрі орнын басады.

Аз мөлшердегі құрғақ жүзім шарабы (1 стаканға шай қасық мөлшеріндегі жүзім шарабы) тамызылған қара және көк шай қоспаларының қою, салқындатылған тұнбасымен қабақтың қабынуы, шырышты қабықтың бітеліп қалуы, конъюнктивит кезінде көзді жууға болады.

Жас шай жапырағының шырынымен, шай шырын сөлімен немесе ұнтақталып, үгітілген кепкен шаймен дененің күйген жерлерін емдейді. Кепкен көк шайды шайнау – жүрек айнығанды және аяғы ауыр әйелдерде, автокөлікте шайқалғаннан, теңіз сырқаттарынан болатын құсып, қатты лоқсуды басуға жақсы көмектеседі.

Көк шайдың қою тұнбасы денедегі сыртқы жараларды, тіпті жүйелі пайдаланған жағдайда асқазан мен аш ішек жараларын жазады. Көк шай тұнбасы қан қысымын түсіреді.

Кешегі шай бұзылмаған болса, оны тәнге тарту арқылы емдік мақсатқа пайдалануға болады. Себебі бір тәулік тұрған шайда

қышқылдар мен фтор көбейеді. Тіл ойылғанда, экземаға, теріге жарақат түскенде, ірінді жараларға ем ретінде қолданады. Ол өте пайдалы.

Кешегі шаймен көзді сүртсе, қызарғаны басылады. Таңертеңгі және кешкі тіс тазалар алдында онымен ауызды шайса, тістің түбі нығаяды.

Қытай медицинасы да шайды уланған адам ағзасын емдеуге пайдаланған. Онымен ауыр тері жарақаттарын емдеп, дене еңбегімен шұғылданғанда сергу үшін ішкен көрінеді.

Шай түрлі бактерияларды өлтіре алатын күшке ие. Негізінен, ол – сүзек, дизентерия тәрізді аса қауіпті бактерияларды жояды. Шай қан құрамын, жүрек жұмысын жақсартады.

Шай бүйрекке тас байлануын болдырмайды. Жақсы өскен шай жапырағында С,В1,В2,А,Р дәрумендері бар деп, оны бет – алды іше берсең, шай өңінді өзгертіп, ұйқыңды қашырады.

Шайды тым қою етіп дайындап ішсең, оның құрамындағы кофеин жүйке жүйесінің қызметін қоздырады, қан қысымын күшейтіп жібереді. Шай 18 градус ыстықтан төмен болса, жұпар иісі мен адам жанын сергітетін шипасын, дәмдік татымдылығын жоғалтады, Сізге онша әсер етпейді. Шайды асықпай, ұрттап іше ас қорыту органы, тамақ, асқазан күйіп қалмайды.

Шай тұнбасындағы Р дәрумені адам ағзасына С дәруменінің жақсы сіңуіне көмектеседі.

С дәрумені жетпеген адамға көк шай ішу қажет. Көк шайды дұрыс пайдалана білген адам ерте қартаймайды.

Шай тұнбасы қан капилярын бекітеді, жүйкені жақсартады. Көк шайдың пайдасы Оның пайдасы мол. Көк шай адамды семіртпейді, несеп бөлу мен жүрек бұлшық еттерінің қызметін күшейтеді, қан қысымын төмендетеді, адам жанын сергітіп, сейілтеді. Көк шайда жан мен тәнді жадырататын дәрумендер бай.

Ол жүрек тамыр ауруларына, әсіресе, қан тасу мен атеросклероз сырқатын емдеуге шипа. Адамдардың ерте қартаюына, әжімнің ерте түсуі- не ағзада дәрумендер мен микроэлементтердің аздығы басты себеп екендігі белгілі. Ал көк шай құрамында поливитаминді бұл жағдайда ынталандырушы құрал ретінде емдік, профилактикалық мақсаттарда сәтті қолдануға мүмкіндік мол. Тұнба құрамында алколоидтер мен дәрумендер болғандықтан, оның алкогольге қарсы күші де бар. Қытай, жапон елінде көк шай жоғары бағаға ие.

Сүтті шай қазақтардың күнделікті тұрмысында міндетті қолданылатын сусын. Олар «Шай ішпесек басымыз ауырады», «Күні

бойы тамақ ішпесек те болады, бірақ шай ішпесек болмайды» деп жүреді. Осыған қарап та, сүтті шайдың ерекше маңыздылығын байқау мүмкін. Қазақтардың сүтті шайды осыншама ұнатуындағы басты себеп мал шаруашылық өңірлері немесе қақаған суық өңірлерде етті тағамдарды көп тұтынып, көкөніс түрі аз болғандықтан, сүтті шай тамақ сіңіретін ең маңызды сусынға айналғандығы. Малшылар сүтті шайды шайға сүт қосып дайындайды, бұдан басқа шайға сарымай, қой майы, жылқы шыртылдағын қосуға да болады. Малшылар шайды тамақ орнында ішеді. Олардың күні бойы дастарқаны жиылмайды. Олар шайды құмарынан шығып, шөлі қанғанша ішеді. Қазақтардың көпшілігі тас шай (Қытай Хунан өлкесінен шығатын шақпақ көзді қатты престелген шай), одан қалса күрек шай (опырма шай деп те аталады) ішеді. Сүтті шай қайнатқанда, алдымен шөугімге шай салып қайнатып, шайын шығарып, содан кейін сүт және ас тұзын қосады. Кейбіреулер қыста шайға қалампыр, қара бұрыш сияқты дәмдендіргіш қосады. Бұндай шай иісті әрі дәмді келеді. Енді бірі қаймақты шай – бұл қанық шыққан шайды шыныға құйып, оған қаймақ (сиыр, қой-ешкі, түйе сүтінен алынған қаймақтар) қосады. Тағы бір түрі сарымай қосқан шай, бұндай шайға аз ғана сарымай қосады. Бұл шай да хош иісті келеді. Іле өңіріндегі қазақтар шайды самаурынмен даярлайды. Шай ішу де өзіндік өнер болғандықтан, оны ішетін, ішпейтін кездерді де білген жөн. Мамандардың, дәрігерлердің ақыл – кеңесі бойынша, мынандай жағдайда шайды ішпейді:

1 Ашқарынға суық шай ішпейді. Себебі ол ішке түскен соң өт пен асқазанды салқындатуы мүмкін. Керісінше, жылы және ыстық шай бойды сергітіп, сананы сейілтеді. Суық шай бүкіл ағзаны тітіркендіреді.

2 Арнайы зерттеу қорытындысы бойынша, температурасы 62 градустан жоғары шай ішу асқазанға зиян. Шайдың температурасы 56 градустан аспауы қажет. Өте ыстық шайдың кеңірдекке, ас жолы мен асқа-занға зиянын тигізуі мүмкін.

3 Қою шайда кофеин мен теин көп. Ондай шайды ішсе басты ауыртып, ұйқыны қашырады. 4. Шайды ұзақ қайнатпайды. Олай жасаса, шайдың фенолы, липоидтар мен эфирлік қоспалары өз – өзінен қышқылданып, шай тұнығы, дәмінің сапасы, хош иісі төмендейді. Содан сіңімділік қасиеті нашарлайды. Ұзақ қайнатылған тұнық шайда қоршаған ортаның әсерінен түсетін микроорганизмдердің де мөлшері көп. Сол себепті мұндай шайды ішуге болмайды.

5 Бірнеше рет қайнатылған шайды ішпейді. Үш - төрт рет қайнатқаннан кейін шай жапырақтарынан ештеңе қалмайды. Бірінші қайнағанда шай жапырақтарындағы пайдалы заттардың 50 пайызы, екінші қайнатқанда – 30 пайызы, үшінші қайнатқанда – 10 пайызы, төртінші қайнатқанда – 1-3 пайызы ғана қалады. Одан әрі қайната берсеңіз, шай құрамындағы зиянды заттардың шығуы да мүмкін. Бұл – мамандардың қорытындысы.

6 Тағамның алдында шай ішпейді. Ондай шай сілекейді қышқылдандырып, оның дәмін сезуді қиындатады. Мұндай жағдайда ас қорыту қызметінің протеинді сіңіруі уақытша да азайып кетуі ғажап емес. Негізінен, шайды тамақтан 20 – 30 минут бұрын ішеді.

7 Тамақтан соң шай ішпеген жөн. Ішкіңіз келсе, 20 – 30 минут күтіңіз. Өйткені шай құрамындағы танин, протеин мен темірдің қатқылдануы тағам сіңімділігін төмендеті түседі.

8 Дәріні шаймен ішпейді. Себебі шай құрамындағы заттар ыдырағанда пайда болатын таниннің әсерінен дәрі сіңімділігі төмендейді. Қытай халқы баяғыда – ақ «шай дәріні бұзады», - деп айтқан.

9 Кешегі шайды да ішпеу қажет. Бір тәулік бойы тұрып қалған шай дәруменін жоғалтады, онда протеин мен қант көп болғандықтан, ол бактериялар үшін таптырмайтын ортаға айналып үлгереді.

10 Шайға шектен тыс қант қосып ішпейді. Сүтті шайға лимон салса, шай іріп кетеді. Шайдың жеті түрі Ақ шай – шай жапырақшалары жұқа және ашық түсті. Өте нәзік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Максұтбек Сүлеймен. Шай туралы.
- 2 «Дәстүрлі қазақ этнографиясы».
- 3 Казахстанцев научат правильно пить чай. Стиль. Tengrinews.kz
- 4 Ван Лин. Китайское искусство чаепития. ISBN 5-9524-0599-1
- 5 Колесниченко Л. В. Чай. Чайные традиции и церемонии в разных странах мира. — М.: ООО «Издательство АСТ», 2004.
- 6 Савельевских А.В. «Чай. Книга о том, как наслаждаться вкусом настоящего чая», 2005.
- 7 Иофина И. О. «Шай мен кофе», 2005.
- 8 Ахметова А. Қ. «Барлығы шай туралы», 1989.
- 9 Журнал «Домашний очаг», 2006

## ТҰМАРДЫҢ САҚТАЙТЫН КҮШІ

БЕКЕШОВА Ж.

10 сынып оқушысы, С. Торайғыров атындағы ЖОББМ,

Баянауыл ауданы

АХМЕТОВА Б. Б.

жетекші, тарих пәнінің мұғалімі,

С. Торайғыров атындағы ЖОББМ, Баянауыл ауданы

Есімді білгелі бойымда үнемі тұмар болды, уақыт өте сыр сақтаған тұмарлар жөнінде білгім келіп, қазақ халқының зергерлік сәндік әшекей бұйымдарының бірі тамаша үлгісі «тұмар» мені қызықтырды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясында да отанымыздың тарихи маңыздылығын және отан тарихын паш ету арқылы әлемге Қазақстанды танытамыз деген көсемдік көзқарасын білдірген еді. Елбасы өз сөзінде: «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әр алуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек. Қазақстан тамыры терең жайылған ұлы тарихы бар ел екенін көрсете және дәлелдей отырып, дүниежүзілік аренада біз елімізді рухани қабат арқылы паш етеміз» деп атап көрсетті. «Мәдени мұра» бағдарламасы осы бір тарихи мақсатқа жетудегі алғашқы нақты қадамы болса, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Егер жаңғыру елдің ұлттық – рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп ұлттық жаңғырудың негізгі алғышарттарын айқындап берді.

Ендеше, ұлттық мәдениетке ерекше маңызы бар, қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы «Тұмардың сақтайтын күші» жобасының әр қырынан ашып іске асыру және тамырларымызды одан әрі зерттеп, ұлан-ғайыр жеріміздің мәдениеті мен тарихын көрсету.

Адам сенімін арттыратын тұмар. Тұмар тағу, бала ересек адам ауырғанда молдаға дұға жаздырып оны үшбұрыштап матаға не теріге тігіп баланың мойнына тағып қояды. Бұл пәле – жаладан, тіл, көзден, ауру-сырқаттан сақтайды деген ұғымнан туған. Тұмардың түрлері көп, оны кейде жас төлдерге, ауырған малға да тағады.

Тұмарды тағып адам өзіне өзі сенімді, әрқашанда өзі қалаған нәрсесін тез арада бастап кете алады және осы «тұмардың» күші деп сенеді. Бұл жайлы АҚШ психологтары сенімді және сенімсіз адамдарды түрлі әдістермен, анықтаған.

Үнді йогтары өздеріне сенімді болуы үшін теңіздей телегей ақылдарын орынды пайдалана біледі екен. Ал оңтүстік және солтүстік шаман халықтары мәселен өзге жерге бара қалса өздері қадір тұтатын төлдерін еске алып сол арқылы өздеріне деген сенімдерін іске асырады екен. Олардың мынадай қызық сөздері де бар: «Мен – бүкіл Әлеммін, Ал, бүкіл әлем - Мен». Иә, әр елдің салты басқа демекші, әр адамның өзіндік ішкі ойы болатыны белгілі.

Тұмардың тарихы тым тереңде жатыр. Ел аузында әл-Фараби бабамыздан қалды дейтін әңгіме де бар.

Ұлы ұстаз қартайып, бір топ шәкірттерінің басын қосып: «Сендерге аманатым бар, құпияны сақтап, шартын орындасандар ғана ашамын»-дейді. «Айтқаныңызды екі етпейміз»-деп шәкірттері де бірауыздан уәде береді. Сонда ұстаз оларға киізден тігілген тұмарды ұсынып, өз қабірінің басында ғана ашуды міндеттейді. Араға көп уақыт салмай данышпан дүниеден өтеді. Шәкірттері арулап жерлеу рәсімі кезінде әлгі тұмарды ашып қараса, ішінен бір түйір қағаз шығады. Оған: «Бұл – мен туған жердің топырағы. Қабіріме осы топырақты салыңдар»-деп жазып кеткен екен. Ғұламаның әлгі өтініші үлкен тебіреніспен, толқумен орындалыпты. Ол кезеңдерде дәл қазіргідей туған жердің қадір-қасиеті артық тұрса керек...

Тұмар шығу тарихы. Түркілік дәстүрдің айқын бір көрінісі болып саналады. Қазақ үшін – көк, күн, от, су сияқты, кара жер де киелі ұғымдардың бірі. «Қара жер» - киелі жер деген мағынада. Бұрынғы көшпелілер тағатын тұмардың ішінде туған жердің бір уыс топырағы болған. Тұмар зиянды тылсым күштерден, тіл – көзден сақтайды деп сенген ежелден келе жатқан қазақ халқының бұйымы. Тұмар сөзінің этимологиясы көне түркі «тума» және «йер» тіркесінен «туған жер» «тума иер» - «туған жер» деген сөздерінің кірігуінен пайда болған. тұмардың ішінде дұға жазып салу салт-дәстүрі қалыптасқан. *Бұл туған жерге, туған елге деген перзенттік парыздың белгісі болса керек.* Тұмар – Түркі халықтарының дәстүріндегі туған жерді қадірлеп, қастерлеуден шыққан сенім.

Яғни, көне түркілер тұмарға туған жердің топырағын салдып жүрген.

Иә, тұмар халқымыздың ұғымында өте киелі мағынаға ие болған [1, 52 б.].

Кейінірек ислам дінінің орнығуына байланысты, тұмарға туған жердің топырағын салу ығыстырылып, орына құран аяттары



жазылған қағаз салу белең алған. Тұмарды әдетте діни ғұламаларға жаздырып алып, былғарымен тағып жүрген.

Әлемде әрбір халыққа төн тұмар тағу және оның күшіне сену дәстүрі бар. Қазіргі заманға сай сан алуан тұмар тағу ертеден келе жатқан дәстүрлі әдет. Көз өтпесін деген ырыммен бас киіміне көз моншақ, үстіне тұмар тағып қою қазіргіде де бар. Ол көбінесе адамға (әсіресе), малға көздің сұғынан, тілдің уынан сақтасын деп тағылды. Оны оқыған молдалар, ишандар, емшілер дұғалап береді. Тұмарды мойынға, бас киімге, киім жағасына тағады [2, 34 б.].

Тұмар жайлы әдеби шығармаларда. Әдебиетте де тұмар жайлы жазушылар да жазған. Соның бірі: «Бүктеген қағаз екен ұмар – жұмар ойланды: «Алып, ашып, көрейін, - деп, жас күнде көз тиеді деп таққан шығар. Тағылған көптен бері тұмар екен, іншалла, осы тұмар жаққан шығар»» - деп Ә. Найманбаев өз шығармасында жазған. «Ол ерте тұрып Серғазы молдаға тұмар жаздырып алды - деп «Қара шаңырақ» шығармасында Д.Исабеков жазған. Ал Р. Сейсенбаев «Аңсау» атты шығармасында, «Ең қастерлі, киелі зат, Туған жердің бір уыс топырағын салып жіберуді ұмытпағайсың, тұмар ғып тағып жүрейін» - деп жазған. І. Жансүгіров былай жазды – «Тұмар – қастерлі ұғым. Қасқа атты қатырып мініп, құйрығын үкілеп, тамағын тұмарлап, жайтақтатып, ол еңсесін бір көтеріп жүрді». М. Жұмабаев «Мініп жігіт жүйрігін. Тұмарлап кекіл – құйрығын Іңірден келіп тұр, Серттен таяр ерің бе?» –, деп жазған. Ж. Алтайбаев «Түлек» шығармасында да былай жазды – «Әкесінің қос тұмарлы шұбарлаң құйрық бұрыл айғырын мініп келген екен, соны мақтар, бөсіп отыр!». Б. Майлин «Жанымдағы әйелдермен сыбырласамын деп, басын бүккен де, жаулығына таққан тұмаршалары тайға кішкене онырудай шылдырлап, бет сүйегіне соғып тұрғандай еді» [3, 158 б.].

Тарих беттерінен. Сән және қолөнерінің ежелгі түрі. Металды асыл немесе жартылай асыл тастармен әшекейлеуге негізделген. Б.з.б. 4 ғ. Сақ жауынгер – көсемінің алтынмен апталған сауыт – саймандары (Есік қорғаны, б.з.б. 4 ғ.) әйелдің бас киімі (Қарғалы қазынасы, б.з.б.11 ғ.) т.б. табылға. Бұлар полихромдық стильге жатқанмен бірін – бірі толықтыратын тех.тәсілдері – сіркелеу, қалыптау, әшекейлеу, кіріктіру т.с.с. қамтиды.

Орта ғасырда зергерлік өнер жекеленген шеберлердің ықпалынан шығып, қолөнерлік өндіріске айналды.

Қазақстанда зергерлік өнері 17 ғасыр мен 20 ғасырдың алғашқы жартысында, металды әшекейлеу өз алдына қолөнерлік өндіріске айналғанда жоғары деңгейге жетті. Бұйымдар арнайы жасалды.

Зергерлік шеберлік әкеден балаға мұра ретінде қалып отырған.

Заттарды көріктілікке жеткізу әр түрлі тәсілдер арқылы іске асырылған – қалыптау, соғу, құю, бедерлеу, сіркелеу, қылау, бұрау, қаралау, алтындау, эмаль жалау т.б.

Оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандарында зергерлік өнердің мектептері болған. Зергерлік өнердің дәстүрлі қызыордалық шеберлер М. Төлегенов, сондай – ақ суретші – зергерлер И. Брякин, Ф. Жалмұқанов, Д. Шоқпарұлы, В. Савченко, Г. Иванов шығармашылығында одан әрі дамыған.

Сан ғасырдың сарабынан өтіп, біздерге қаймағы бұзылмай жеткен халқымыздың қастерлі де дәстүрлі қолөнері көптеген салаға бөлігеді. Солардың ішінде түрі жағынан да мән – мазмұны жағынан да аса бай, шоқтығы биік тұрғаны – зергерлік өнердің туындыларын зертей келе, оның өте күрделі, қиын да қызық екеніне көз жеткізуге болады.

Тұмар түрлері. Қас шеберлердің қолынан шыққан қару-жарак, ер-тұрман, ат әбзілдері, т.с.с. тұрмыста тұтынатын әртүрлі мүліктер мен сәндік әшекей бұйымдар шынайы өнер туындысына айналған. Қазақ зергерлері, әйелдердің әшекейлі сәндік бұйымдарын, асқан шеберлікпен, зор талғаммен жасай білген. Олар: сырға, білездік, сақина, жүзік, шолпы, шашбау, ілгек, қапсырма, алқа, өңіржіек, түйме, шеттік

Тұмар атаулары жасау барысында қолданылатын материалына, сәндікке тағуына және безендіру әшекейіне байланысты қалыптасқан.

Тұмар түрлеріне байланысты атау түрлері:

– Жастық тұмар – төрт бұрышты түсті металдан жасалған көркемдік тұмар;

– Қиық тұмар – сәндікке мойынға тағылатын жалтырауық заттардан істелген тұмар;

– Лағыл тұмар – лағыл таспен безендірген тұмар;

– Сіркелі қолтық тұмар – бетіне сіркелеп салынған тұмар;

– Алтын тұмар – күміс бетіне сіркелеп алтын жалатылған тұмар;

– Тұмарша – асыл тасты күмістен жасалған. Мойынға тағылатын әшекейленген тұмар;

– Тіллә тұмар – алтынмен қапталған тұмардың бір түрі [4, 81 б.].

Тұмар тағу ырымы. Негізінде тұмар адамдар тек мойынға ғана тақпайды. Ауқатты, қоғамда беделі артқан адамдар арнайы, әр түрлі бағалы тастардан безендіріліп арнайы жасатып таққан.

Мұнымен бірге тұмардың үш бұрышты немесе қиықшалап жақсы, қымбат матадан, былғарыдан жасалатын түрлері болады.

Тұмарды көбінесе қыздар таққан. Ол үшбұрышты, күмістен жасалған, қызыл көз орнатқан әрі салпыншақтары көп болған, себебі салпыншақтар сылдырлап аурудан, пәле – жаладан сақтайды деп есептеген. Ал қыз ересек жасында үшбұрыш тұмаршасына тағыда төртбұрышты тұмар қосарланып тағылған.

Қыз ұзатылып кететін кезде әкесі арнайы зергер шеберлеріне қуысы бар тұмар жасатқан, осы тұмарға туған жердің топырағын салып жіберген. Алысты жүргенде туған жер топырағы қорғайды деп сенген.

Соғысқа, жорыққа аттанған ер – жігіттерге де тұмарларына туған жер топырағын салып берген, туған жер топырағы қорғасын деп және жерін сарбаз сатпасын деп.

Орта ғасырда қуыс тұмарға молдалар дұға оқытып және дұғаны қағаз бетіне жазып салып берген [5, 67 б.].

Тұмардың құрылысына қарап бозбала, қыздың басы бос немесе тұрмыстағы келіншек екенін білген. Осының өзі бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені озық өнегелі дәстүрлерді, адамгершілік асыл қасиеттерді жастар бойына қалыптастыруда, оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны дауссыз.

Сонымен қатар, қазақ халқының өріден келе жатқан мәдениетін және білім, тәлім – тәрбие беру жүйесінің негіздерімен жан – жақты танысу бүгінгі күннің басты бағдары, талабы десек те болады. Көне заманнан келе жатқан таным – түсінік, әдеп – тағылымдарын ұғыну, біліу және өмірге үйлесімдерін қажетке жарату – жастардың туған халқына деген құрметінің артып және өнегенің рухани түлей түсуіне ықпал етеді. Былайша айтқанда, елінің тари хи өткен жолы мен бұрын бұлтарысы көп болмыс – білімін ұғыну халқына деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімінің қарқынды түрде жетіле түсуіне әсерлі ықпал етумен қатар, бұл нәтижелі сапаға айналды.

Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата – бабамыз асыл сөздің кестесімен сәби жүргін тербеп, ой – санасын игі адамгершілікке жетелейді. Сондықтан кең байтақ ата жұрттан ертеден жас буынға жалғасып келген шарапатты болу салтанатын құрды.

«Тұмар» бұйымы ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, зергерлік саланың жоғары деңгейде дамып, ұлттық ерекшелігімен танылды.

Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани

болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады [6, 95 б.].

Елін сүйген, елі сүйген Елбасы қазақ халқының тарихын, Қазақстанның тарихын қайта орнына келтіруде күш қуатын аз жұмсаған жоқ. Тәуелсіз Қазақстанды әлем елдеріне таныту үшін, оның тарих қойнауында жатқан бай мұраларын ашып көрсету қажет, бұл жолда көптеген жұмыстар жасалды, жасалып жатыр, одан әрі-де жасалмақ. Елбасы өз халқының тарихын аса маңыз тұтып келе жатқан тұлға: 1995ж. 30 тамызда Республикалық референдум өткізу жолымен қабылданған Қазақстан мемлекетінің Ата заңы – конституцияның 37-ші бабына «Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті» деген тармақты енгізген; 1998 жылды халық бірлігі және тарих жылы деп атап өткізді;

«Қазақстан-2050» Стратегиясында да отан тарихымыздың маңыздылығын және отан тарихын паш ету арқылы әлемге Қазақстанды танытамыз деген көсемдік көзқарасын білдірген еді. Елбасы өз сөзінде: «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек. Қазақстан тамыры терең жайылған ұлы тарихы бар ел екенін көрсете және дәлелдей отырып, дүниежүзілік аренада біз елімізді рухани қабат арқылы паш етеміз» деп атап көрсетті. Ал «Мәдени мұра» бағдарламасы осы бір тарихи мақсатқа жетудегі алғашқы нақты қадам деп есептеуге болады. 2003 жылы Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында ұсынған бағдарлама ретінде «Мәдени мұра» бағдарламасы дүниеге келді. Елбасы осы ауқымды жоба арқылы Қазақстан халқын әлемге танытып ғана қоймай, Қазақстан халқының өзін-өзі тереңірек тануға жол ашып берді. Ғасырлар бойы жабылып қалған халықтың тарихи жадысы осы бір бағдарламаның бастауымен көптеген тың мағлұматтармен толтырылды. Ал осы ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мағлұматтар Қазақстан халқының мақтаныш сезімдерін оятып, отан сүйгіш сезімдерін күшейте түсті. Елбасы айтқанды «Тарих жолы қашанда тайғақ» демекші, сол бір тайғақ жолда ерінбей еңбек еткен халық ғана көздеген мақсатына жетер, Қазақстан халқы өз басшысының бастаған нұрлы жолымен, өз бірлігімен ұзаққа жетері сөзсіз [7].

Бүгінгі ғалымдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет бейнесін, ізгі дәстүрлері сақтау жолындағы күрес ұлттық сана сезімі мен мінез құлқының ана тілін, ата тарихын және ұлттық салт – дәстүрлерді меңгеру негізінде қалыптасады деген ұғымды білдіреді.

Халықтың ұлттық дәстүр, әдет – ғұрыпының сабақтастығы негізінде адам өмір сүріп, оны өсіп – өркендеуінде пайдалана білсе, адамның ұлттық рухани байлығының жетілуі даусыз.

Тұмардың тағы басқа түрлері де бар: жоғарыда айтылғандай адамға және жануарларға болса, жас отау құрғанда адыраспан шөбінің отымен үй ішін аластап қалған шөпті матаға буып үй есігінің маңдайшасына іліп қойған, бұл үйдің тұмары ретінде қабылдаған [8, 102 б.].

Ерте кезде қазақтар тұмардың орнына қызыл матаныда, қызыл бояуларды қолданған, қызыл түс бірден адам көзіне ерекше түседін, ол түс адамның мінезін қобалжытатын түстердің бірі. Мысалы жас қыздардың сақиналарына, сырғаларына қызыл түсті тастарды көз ретінде жасаған, балалар асық ойындарында ойнаған кезде, асықтардың ішіндегі «алшынан» түсетін асықты қызыл бояуға бояп асыққа көз тимесін, «үнемі жеңіске жетеберейін» - деген оймен бояған.

Тарихқа көз жүгіртсек, біздің бабаларымыз тұмар тағудың ғасырлар бойы ғажап үлгісін жасаған. Мысалы: Хан ордасында – Орда тұмар, қала қақпаларында – қақпа тұмары, үйлерде – үйтұмар, батырларда – бойтұмар, арғымаққа – аттұмар, қазіргі заманғы көрінісі көлік тұмар, төрт түлікте – көзтұмар, үйленгенде – қостұмар, қыз ұзатса – жасаутұмар, сәбилі болса – бесік тұмар жастататын болған.

Тұмар текемет пен киімдерде және кілемдер мен үй жиһаздарында көптеп кездеседі. Мұндағы ой да сыртқы тіл-көзден, пәле-жаладан сақтау мақсатында тұмар бейнесі салынады. Үйдің төргі бөлмесінде ілулі тұратын кілемнің нақ ортасына тұмардың бейнесі орналасуы да көз тимеу үшін жасалады.

Қазіргі кезде адамдар баспанасын, көлігін т.б. қорғау барысында әр түрлі тұмарларды қолданады. Тұмар болса адам өмірі қорғаулы жүргеніне бекін болып емін –еркін өзін ұстайды. Тұмардың күші бар ма? Психологиялық тұрғыдан қарағанда адам тұмардың күшіне сеніп, бойында ешқандай қорқыныш болмайды, қандай да бір әрекет жасаса да ісі нәтижелі болатына сенімді. Тұмар адамға күш – қуат, жігер беріп, алдына қойған мақсатын жүзеге асыруына үлкен талпыныс береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қ.Жарықпаев. Психология. Алматы. 1993ж. 526
- 2 Ә.Алдамұратов. Қызықты психология. Алматы. 1992ж. 346
- 3 «Қазақ әдеби тілінің сөздігі Т-Ұ 14 том» «Алматыкітап» 2011.-158б
- 4 «Қазақ халқының колөнері» Х.Арынғанбаев Алматы «Өнер» 1987.-81б
- 5 «Шебердің қолы ортақ» Ә.Тәжімұратов Алматы «Қазақстан» 1977.-67б
- 6 «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамасы Алматы «Аруна» 2005.-98б
- 7 <http://e-history.kz/kz>
- 8 «Қазақ энциклопедиясы» Ә.Табылдиев. Алматы«Атамұра» 2000.-102б

## СОЦИАЛЬНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ СПЕЦПЕРЕСЕЛЕНЦЕВ В ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ (НА ПРИМЕРЕ НАРОДОВ СЕВЕРНОГО КAVКАЗА)

БЕКТЕМІР О. А.

ученик, Білім-инновация лицей-интернат для одаренных юношей,  
г. Павлодар

АМАНОВА А. С.

научный руководитель, к.и.н., доцент,  
кафедра истории и Ассамблеи народа Казахстана,  
ПГПУ, г. Павлодар

Современный этнический состав населения Казахстана сложился в течение многих десятилетий в результате совместного проживания различных этносов на территории республики. В годы сталинского режима целые народы и этнические группы были депортированы из постоянных мест проживания. Все они были участниками и свидетелями политических, экономических, культурных, социальных событий, которые происходили в Казахстане в течение многих лет.

Необходимо подчеркнуть, что изучение истории депортации народов, как в отдельности, так и комплексно является актуальной проблемой. Значимость темы заключается и в том, что сквозь призму ее изучения предоставляется возможность анализа исторических процессов в республике в целом, а также и

общественно-политической, экономической и культурной жизни депортированных народов. Объективное исследование этой проблемы будет способствовать консолидации казахстанского общества и укреплению основ общенационального единства.

В годы Великой Отечественной войны была предпринята целая серия карательных акций, обернувшихся трагедией для народов Северного Кавказа. 23 февраля 1944 года по обвинению в пособничестве с фашистскими оккупационными войсками чеченцы и ингуши были поголовно депортированы в Казахстан и Среднюю Азию. Операция по выселению балкарцев началась 8 марта 1944 года.

После начала войны мобилизация чеченцев и ингушей оказалась фактически сорванной, из-за массового дезертирства и уклонения призыв в армию чеченцев и ингушей был отменен. На сегодняшний день факты пособничества фашистам среди чеченского и ингушского населения известны. На учете НКВД на территории Чечено-Ингушетии состояло 150-200 вооруженных групп общей численностью 2-3 тысячи боевиков. Это примерно 0,5 % населения Чечни. Несмотря на малочисленность пособников транспортировки подверглись все без исключения – инвалиды войны, родители, жены и дети фронтовиков, депутаты советов всех уровней, руководители партийных и советских органов. Вина депортируемого определялась исключительно национальным происхождением.

31 января 1944 года Государственный Комитет Обороны под председательством И. В. Сталина издал Постановление № ПГКО-5073сс «О мероприятиях по размещению спецпереселенцев в пределах Казахской и Киргизской ССР». 21 февраля Л. П. Берия издал приказ по НКВД №00193 о депортации чеченцев и ингушей [1]. 23 февраля 1944 года по обвинению в пособничестве фашистским оккупационным войскам чеченцы и ингуши были поголовно депортированы в Казахстан и Среднюю Азию.

Одновременно с чечено-ингушским народом трагическая участь депортации постигла балкарцев. В августе 1942 года пять районов Кабардино-Балкарской АССР заняли немецкие войска. В начале 1943 года советские войска освободили Кабардино-Балкарскую АССР. С 1944 года начала появляться информация о пособничестве немецко-фашистским оккупантам. 26 февраля Л. Берия издал приказ по НКВД «О мероприятиях по выселению из КБАССР балкарского населения» [1, с. 159]. В общей сложности в результате депортации в Казахстан прибыло 4660 семей балкарцев численностью 25 тыс. человек.

Переброска людей в Среднюю Азию и Казахстан железнодорожными составами сопровождалась массовой гибелью переселенцев. Не меньше было жертв и в Казахстане, где людей часто выгружали прямо в степи. Точное количество жертв выселения неизвестно. Еще до открытия архивов Госбезопасности предполагалось, что из более 400 тыс. чеченцев и ингушей погибло не менее 31 тыс. человек [2]. Реальные потери были значительно больше, и переселение стоило чеченцам и ингушам более 200 тыс. жизней [3]. В отличие от других народов таких, как немцы, корейцы, турки-месхетинцы, которые были более или менее компактно расселены, чеченцев и ингушей раскидали мелкими группами по всей республике.

С 1944 года резко увеличилось число депортированных народов в Павлодарской области. Это напрямую связано с переселением народов Северного Кавказа на территорию республики. В Павлодаре спецпереселенцы с Северного Кавказа были трудоустроены на заводе «Октябрь», судоремонтном, кожевенном заводах, мясокомбинате, в многочисленных артелях. Большинство депортированных было направлено в районы области. В Цюрупинском районе за счет уплотнения у местных жителей были поселены 1010 семей. Всего же в район направлено 1348 семей. Как свидетельствуют документы, к августу 1944 года в районе было построено 74 новых дома, где разместились 101 семья, 238 семьям переданы пустующие дома. На собственные средства возвели 84 дома. Несмотря на принимаемые меры по хозяйственно-бытовому и трудовому устройству депортированного населения, положение было тяжелым.

Остро стоял вопрос жилья, большинство семей проживало на уплотнении. Спецпереселенцы были размещены крайне скученно: на одного человека приходилось жилой площади от 0,9 м<sup>2</sup> до 1 м<sup>2</sup>, причем больные часто не изолировались и находились вместе со здоровыми переселенцами. Архивные документы свидетельствуют о том, что из-за нехватки жилых помещений переселенцев часто размещали в овощехранилищах [4, л. 126].

Безразличное отношение к переселенцам имело самые негативные последствия. Об этом, в частности, свидетельствует следующий факт. В решении Бюро ЦК КП(б) Казахстана от 21 мая 1945 года отмечалось: «...Проверкой проведенной на месте аппаратом Уполномоченного КП(б) при ЦК ВКП(б) по Казахстану установлено, что в Цюрупинском районе Павлодарской области имели место факты варварского отношения с спецпереселенцами

со стороны руководителей района и отдельных председателей колхозов, которые не заботились о выдаче хлеба. В районе имели место многочисленные факты истощения и смерти (только в 1-м квартале 1945 года в районе умерло от истощения 230 человек)» [5].

Недочеты, имевшие место в ходе приема и устройства депортированного населения, объясняется трудностями военного времени. Отметим то, что до начала депортации народов Северного Кавказа в республику были насильственно переселены корейцы, поляки, немцы, карачаевцы, после чеченцев, ингушей и балкарцев депортировали турков-месхетинцев, греков, крымских татар. Одновременно с депортацией народов была организована крупномасштабная эвакуация населения в восточные регионы СССР, в частности в Казахстан.

8 января 1945 г. вышло Постановление СНК СССР «О правовом положении спецпереселенцев», в котором спецпоселенцы формально определялись как полноправные граждане. В постановлении было ограничение, по которому они не имели права без разрешения коменданта спецкомендатуры НКВД отлучаться за пределы района расселения, обслуживаемого данной спецкомендатурой. В противном случае самовольная отлучка рассматривалась как побег и влекла за собой ответственность в уголовном порядке. В конце 1945 года насильственно переселенные народы признаются равноправными гражданами СССР и вносятся в списки избирателей на общих основаниях. На 1 января 1948 года в области числилось 405 семей (1370 человек) балкарцев, 6392 семьи (23883 человек) чеченцев и ингушей.

Политика советского государства была направлена на активное вовлечение насильственно депортированного населения в общественное производство, так как республика чрезвычайно нуждалась в трудовых кадрах. В секретном отчете областного отдела хозяйственного строительства спецпереселенцев с Северного Кавказа от 30 января 1947 года говорилось что, «...в 1946 году во многих колхозах спецпереселенцы были решающей силой в выполнении всех сельхозработ. В Цюрупинском районе в колхозе «Заря Советов» спецпереселенцы составляют абсолютное большинство. Из числа спецпереселенцев выдвинут председатель колхоза Газиев, который вывел колхоз из отстающих в передовой, выполнил план хлебозаготовок, хлебозакупа и другие виды поставок, где спецпереселенцы получили хлеба по 4 кг на трудодень» [6].

Находясь в тяжелых условиях проживания и трудовой деятельности, спецпереселенцы с Северного Кавказа

демонстрировали отличные показатели выработки и внесли значительный вклад в развитие региональной экономики и экономики Советской страны в целом, как в военные, так и послевоенные годы.

В связи с пребыванием на территории области детей различных национальностей серьезное внимание уделяется их обучению. В связи с переселением в область большого количества чеченцев, ингушей (дети разного возраста составляли более 7 тыс.) встает вопрос о том, как их обучать: дети не знали ни казахского, ни русского языков. Руководство КазССР принимает решение: независимо от возраста посадить всех в 1 класс, или же допустить к преподаванию чеченцев и ингушей.

Необходимо подчеркнуть, что Постановление от 5 мая 1954 года «О снятии некоторых ограничений и правовом положении спецпереселенцев» положило начало возвращению к полноценной жизни сотен тысяч спецпереселенцев, проживающих в Казахстане [7]. Этим постановлением Министерство просвещения Казахской ССР обязывалось вовлечь в школы всех детей спецпереселенцев подлежащих обучению, не допуская отсева учащихся из школ, принимать детей спецпереселенцев в необходимых случаях в госбюджетные интернаты со всеми детьми.

Во многих школах республики была низкая успеваемость детей спецпереселенцев. Объяснялось это тем, что преподавание велось в основном на русском языке, а большинство детей спецпереселенцев приходили в первые классы со слабым знанием русского языка. Во многих школах учителям приходилось вести занятия в классах, в которых учились дети четырех – пяти национальностей: чеченцы, ингуши, азербайджанцы, немцы, а то и семь – восемь национальностей. Министерство просвещения Казахской ССР проделала в тот период работу по выяснению мнения родителей детей спецпереселенцев по вопросу языка обучения их детей в школах. В областях, районах республики проводились беседы с отдельными группами спецпереселенцев. На основе обобщения был сделан вывод, что подавляющее большинство родителей высказалось за обучение их детей на русском и казахском языках [7, л.45].

В 1957 году был принят Указ Президиума Верховного Совета СССР «О восстановлении Чечено-Ингушской АССР в составе РСФСР». После восстановления республики основная масса чеченцев и ингушей выехала на свою этническую

родину. В ноябре 1958 года в Павлодарский облисполком поступила правительственная телеграмма о проведении работы по организованному возвращению чеченцев и ингушей в Чечено-Ингушскую Автономную Советскую Республику. За этот год из Павлодарской области выехало 396 семей, в количестве 2557 человек [8, с. 204]. Однако часть этнических чеченцев, ингушей и балкарцев остались жить в Казахстане. В Павлодарской области по итогам Всесоюзной переписи населения 1959 года ингуши составили 7540 человек, чеченцы – 4077.

Исходя из вышесказанного следует, что, депортированные народы испытали стрессовое состояние, попадая в иную природно-климатическую, этнохозяйственную, социокультурную и языковую среду. Местные жители, несмотря на запреты официальных властей, помогли обездоленным людям обстроиться в незнакомом месте. Сами жившие в нужде, казахи делились со спецпереселенцами последним, о чем свидетельствуют воспоминания очевидцев-свидетелей процесса депортации, точнее старшего поколения депортированных народов Северного Кавказа, которое с искренней благодарностью отзываются о местном населении, называя казахов «братьями».

В данном контексте отметим то, что в ходе изучения социального положения депортированных народов Северного Кавказа в регионе был просмотрен ряд архивных документов, предоставленных научным руководителем. Запланирована дальнейшая работа по сбору устных источников – воспоминаний очевидцев и потомков депортированных, а также у местного населения, которое в тяжелые военные и послевоенные годы оказали помощь спецпереселенцам. Чаще всего воспоминания являются субъективным историческим источником, тем не менее подробные детали, представляют определенную историческую ценность. На их основе появляется возможность воссоздания истории повседневности спецпереселенцев.

Сегодня как никогда важно изучить сохранившиеся исторические свидетельства того периода, чтобы иметь объективное представление о масштабах и характере преступлений, совершенных тоталитарным режимом. Только при наличии реальной картины прошлого можно адекватно проектировать и осуществлять комплекс политических и социальных мер, направленных на укрепление страны и консолидацию общества.

## ЛИТЕРАТУРА

- 1 Бугай Н.Ф., Гонов А.М. Кавказ: народы в эшелонах (20-60-е годы). – М.: ИНСАН, 1998. – 368 с.
- 2 Бобрешова О. Секреты архивов: [Закончена работа по выявлению ценных документов за 1937-1943 гг. по Павлодарской области] // Звезда Прииртышья. – 1996. – 21 ноября. – С.5
- 3 Жумашева Б. Присоединение – переселение – истребление // Мәдениет. – 1992. – 15-31 наурыз – С.8-12
- 4 Государственный архив Павлодарской области (ГАПО) Ф.646. – Оп.1. – Д.252. – Л.6
- 5 Какенова А.А. Социально-демографический процессы в Северном Казахстане в 1926-1959 гг. Автореф. ...канд ист. наук. Алматы, 2002. – 42 с.
- 6 ГАПО Ф.646. – Оп.2. – Д.46. – Л.13
- 7 ЦГА РК Ф.1692. – Оп.1. – Д.2612. – Л.38
- 8 Забвению не подлежит/ Управление архивами и документацией Акимата Павлодарской области. Сост.: Е.К.Афанасьева. – Павлодар: ЭКО, 1997. – 286с.

## ПЕРЕХОД КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА НА ЛАТИНИЦУ

БОСТЕКПАЕВА А. Е.

ученик 9 «И» класса, гимназия № 3 для одаренных детей, г. Павлодар

ШУКОЕВА Б. Т.

учитель, гимназия № 3 для одаренных детей, г. Павлодар

Данная работа является актуальной, так как в период с 2017 по 2025 год в стране запланирован переход казахского языка на латиницу.

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев в статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» поручил до конца 2017 года «с помощью ученых и широкой общественности принять единый стандартный вариант казахского алфавита в новой графике» [1, с. 6]. С 2018 года, по мнению президента, нужно начать подготовку кадров для преподавания нового алфавита и подготовку учебников для средней школы. К 2025 году переход на латинский алфавит в Казахстане должен быть повсеместно осуществлен.

Как известно, письменность у казахского народа за время советского режима менялась неоднократно. Но, известно, что ни одна смена алфавита не была решением самого казахского народа,

все происходило из-за внешних политических и исторических факторов. Сам народ никогда себе самостоятельно эти алфавиты не выбирал. Казахская письменность до революции была основана на арабской вязи, так как традиционная религия казахов – ислам, казахи были частью мусульманского мира, и на арабице много веков создавалось письменное духовное наследие культуры. Советский коммунизм был атеистичным, отрицал религию и делал все, чтобы разрушить религиозную идентичность на своей территории. Нужно было оторвать от арабской вязи, которая, как известно, напрямую связана с исламом. А перед Второй мировой войной все народы в СССР решили перевести на кириллицу, потому что надо было сформировать «нацию единого Советского Союза», говорящего на одном – русском языке и кириллица выступила средством такой «советизации». А вот с нынешней латиницей ситуация другая – это самоопределение. Казахстан пришел к этому не за один год, не за одно десятилетие. Это обдуманное решение, при чем мощную поддержку реформированию казахского письма именно на латинице оказывает молодежь страны.

Мы выдвинули гипотезу: если Казахстан перейдет на латиницу, то это повысит статус казахского языка, интегрирует страну в мировое информационное пространство, ведь латинский алфавит – самый используемый в мире. Языковые ресурсы будут доступны всему казахоязычному населению, проживающему за пределами Казахстана.

Мы тоже хотим вместе со страной, внести свою, пусть и не большую, лепту в реализацию программы «Туған жер». Наш вклад будет заключаться в изучении истории алфавитов, связанных с политическими и экономическими событиями страны, изучить все предложенные проекты нового алфавита, что позволит приобрести углубленные знания для создания своего собственного алфавита, который мог бы участвовать в конкурсе проектов.

Многие тюркоязычные государства начали проводить эту реформу сразу после обретения независимости. Это были тяжелые времена экономического кризиса начала 90-х годов, глава государства не хотел еще и письменными реформами утяжелять эту ситуацию. Президент поднял этот вопрос в 2007 году и дал населению время свободно обсуждать эту тему.

На сегодня из восьми азиатских и закавказских республик, ранее входившие в СССР, национальные алфавиты перевели три страны – Туркменистан (1992), Узбекистан (1993), Азербайжан

(2001). Грузия и Армения используют алфавиты на собственной графической основе. В Центральной Азии единственной постсоветской страной, которая пока не задумывается о переходе на латиницу остается Таджикистан. В Кыргызстане вопрос о переходе на латиницу всесторонне изучается. Любая реформа имеет минусы и плюсы. Именно специалисты из этих областей должны быть разработчиками основного проекта национального алфавита. Только в таком случае, у нас не будет проблем с уровнем знаний, с задержкой получения информации. Потому что неграмотно созданный алфавит всегда тормозит процесс восприятия и понимания письменной речи.

Многих волновал вопрос, как будут изображаться в латинской графике казахские буквы ә, ғ, қ, н, ө, ұ, ү, һ, і, да и другие исконно казахские звуки и их буквенные обозначения?

Есть несколько способов ввода в алфавит дополнительных звуков, обозначающих специфические буквы:

1 способ: использование новых букв ƶ, Ʒ, Ƹ;

2 способ: использование диакритических знаков á, ä, ğ;

3 способ: использование нескольких символов для обозначения звука, например, звук [ш] в английском языке обозначается сочетанием sh, а в немецком языке sch. Полностью отражающей произношение слов графики в принципе не существует. Нет идеальной графики.

В институте языкознания исследования по разработке национального алфавита проводились с ноября 2013 до 2015 года, а в 2016 году вышла коллективная научная монография. Были разработаны несколько проектов нового алфавита, более 100 человек прислали свои варианты. Были созданы комиссии, и выбран один из самых эффективных, более удобный и правильный тип алфавита.

Изучив множество вариантов предлагаемого алфавита казахского языка, решили создать свой. В нашем варианте на пять букв меньше чем в казахской кириллице.

Таблица 1

|    |         |     |         |     |          |
|----|---------|-----|---------|-----|----------|
| 1. | Aa - Aa | 16. | Лл - Ll | 31. | hh - Hh  |
| 2. | Әә - Ää | 17. | Мм - Mm | 32. | Цц - Cc  |
| 3. | Бб - Bb | 18. | Нн - Nn | 33. | Чч - нет |
| 4. | Вв - Vv | 19. | Ңң - Ng | 34. | Шш - Sh  |
| 5. | Гг - Gg | 20. | Оо - Oo | 35. | Щщ - нет |
| 6. | Ғғ - Gh | 21. | Өө - Öö | 36. | Ъ - нет  |

|     |         |     |         |     |          |
|-----|---------|-----|---------|-----|----------|
| 7.  | Дд - Dd | 22. | Пп - Pp | 37. | Ыы - Yy  |
| 8.  | Ее - Ee | 23. | Рр - Rr | 38. | Іі - Īī  |
| 9.  | Ёё -jo  | 24. | Сс -Ss  | 39. | Ь - нет  |
| 10. | Жж -zh  | 25. | Тт - Tt | 40. | Ээ - нет |
| 11. | Зз -Zz  | 26. | Уу - Uu | 41. | Юю - ju  |
| 12. | Ии -İi  | 27. | Үү -Üü  | 42. | Яя – ja  |
| 13. | Йй -Jj  | 28. | Ұұ - Uo |     |          |
| 14. | Кк - Kk | 29. | Фф - Ff |     |          |
| 15. | Ққ - Qq | 30. | Хх -Xx  |     |          |

Затруднения вызвали специфические звуки казахского языка. Мы их передали следующим образом:

Әә –Āā, Өө –Öö, Іі –Īī, Үү –Üü

Мягкие гласные постарались передать диакритическими знаками, т.е с двумя точками наверху, чтобы легче было запомнить.

Үү–Uo, Үү –Üü, Уу - Uu - они как бы одно семейство гласных звуков. Эти звуки похожи друг на друга по звучанию, поэтому и внешне должны быть похоже друг на друга.

В тех **компьютерах** или **телефонах** где будет отсутствовать **казахский язык** на латинице казахи будут писать английскими буквами, а значит буквы **У, Ү, Ү** будут писать одной английской буквой **U**. Так, как это делается сейчас, эти буквы заменяются одной русской буквой **У**.

Ғғ – Gh, Ңң –Ng, Жж - Zh, Шш - Sh некоторые согласные мы передали двойными знаками. Использование нескольких символов для обозначения одного звука широко применяется в современной транслитерации на латиницу.

Ее – Yo, Юю –Yu, Яя -Ya - и дифтонги передали двойными знаками.

Все буквы, взятые с турецкого, немецкого, французского алфавита стоят в том же расположении, как и в турецкой раскладке клавиатуры за исключением букв **Ā, Ī, Ū, Ñ**.

Таким образом, если мы будем использовать этот алфавит, мы сможем уместить три языка, не убирая цифры и символы в верхней части.

Указом Президента от 26 октября 2017 года одобрен вариант латинского алфавита с 32 буквами, 9 из которых используются с апострофами. До принятия нового латинского алфавита, одобренного Президентом от 26.10.17 года, складывались четыре основных направлений перевода госязыка на латиницу:

1 Составить алфавит из 26 латинских букв, что значительно облегчит использование казахского языка при компьютерном наборе, не требуя дополнительной раскладки клавиатуры;

2 Добавить две измененные буквы для полного использования 28 казахоязычных звуков. Все 28 звуков, из которых состоит казахский язык, должны иметь свое написание, чтобы не потерялись, и все должны быть отдельными в казахском алфавите.

3 Подстроить новый казахский алфавит под стандарты тюркоязычных народов, добавив измененные латинские буквы до 34 знаков;

4 Создать казахский алфавит на основе латиницы, но с 42 буквами, добавив все русскоязычные звуки, имеющиеся сейчас в кириллическом алфавите. Добавление русских звуков, например ф, в, ц, ч, которые никогда не встречаются в казахских словах, облегчит использование заимствованных слов.

На наш взгляд, далеко не все направления предложенные учеными-лингвистами сработали в принятии нового алфавита. В новом утвержденном варианте алфавита 32 буквы. Специфические буквы изображаются при помощи добавления апострофа A' a G'g' I'i' S's' N'n' O'o' U'u' Y'y'.

Апостроф – это орфографический небуквенный знак, который изображается в виде надстрочной запятой ('), в виде штриха или другого похожего по начертанию знака. В переводе с греческого означает - «обращенный назад».

Конечно, новый вариант латиницы имеет свои преимущества, например, здесь меньше символов и нет двойных букв. Переводить казахский текст на данный вариант алфавита было относительно легко, по сравнению с предыдущими. При переводе текста на латиницу трудно было обозначать буквы **я** и **ю**, затем мы поняли, что это дифтонги и передали их буквами **i'a, i'u**. Мы узнали, что разработчик нового алфавита Ерден Кажыбек, тоже предложил эти буквы передавать таким же способом.

Также непонятным оказалось использование буквы **У'** в качестве казахской **У**, так как без апострофа она передает букву **Ы**. К тому же апостроф почти во всех случаях обозначает специфические звуки казахского языка, а в случае с буквой **У** остается затруднительное использование.

В новом алфавите отсутствует буква Э, эта буква встречается нечасто. Мы думаем, что ее можно передать буквой e. Например, слово, экономика будет ekomika.



Но нельзя забывать, что неграмотно сформированный алфавит влечет большие потери, денежные затраты. В постсоветских странах переход на латиницу обернулся неоднократным переделыванием алфавита и общей неразберихой на выходе, когда часть населения владеет одной письменностью, а часть – другой. Например, в Узбекистане этот процесс проходил сложно, пришлось несколько раз реформировать алфавит. Они не хотели брать надграфемные, подграфемные диакритические знаки и предпочитали графику, которая была бы удобна для раскладки клавиатуры. То есть, если потенциал латиницы был недостаточен для передачи каких-то специфических узбекских звуков, они предпочитали эти звуки передавать через сочетание двух графем. Но эти две графемы в одном случае могут читаться как один звук, в другом – как совершенно разные два звука. Это привело к множеству проблем. Представители старшего поколения в Узбекистане в неофициальном общении до сих пор пользуются кириллицей, а не латиницей.

К нашей большой радости, Н. А. Назарбаев подписал указ «О внесении изменения в Указ Президента Республики Казахстан от 26 октября 2017 года № 569 «О переводе алфавита казахского языка с кириллицы на латинскую графику». Настоящий Указ вводится в действие со дня его опубликования, т.е. с 20 февраля 2018 года. В новом алфавите отсутствуют апострофы и появились диакритические знаки – акуты. Изменено правописание букв Ш, Ч, Ә, F, H, Ø, Y, U. Хотим сказать, что алфавит, созданный нами, почти соответствует алфавиту утвержденному от 19.02.18 года

Таблица 2 – Новый алфавит от 19.02.18

**АЛФАВИТ**  
казахского языка, основанный на латинской графике

| №  | Написание | Звук      | №  | Написание | Звук |
|----|-----------|-----------|----|-----------|------|
| 1  | A a       | [a]       | 17 | Ń ń       | [ɲ]  |
| 2  | Á á       | [ə]       | 18 | O o       | [o]  |
| 3  | B b       | [b]       | 19 | Ó ó       | [ø]  |
| 4  | D d       | [d]       | 20 | P p       | [p]  |
| 5  | E e       | [e]       | 21 | Q q       | [k]  |
| 6  | F f       | [f]       | 22 | R r       | [r]  |
| 7  | G g       | [g]       | 23 | S s       | [s]  |
| 8  | Ĝ ĝ       | [ɣ]       | 24 | T t       | [t]  |
| 9  | H h       | [x], [h]  | 25 | U u       | [ʏ]  |
| 10 | I i       | [i]       | 26 | Ú ú       | [y]  |
| 11 | I ı       | [ɨ], [ɨ̞] | 27 | V v       | [v]  |
| 12 | J j       | [ʒ]       | 28 | Y y       | [ɣ]  |
| 13 | K k       | [k]       | 29 | Ý ý       | [y]  |
| 14 | L l       | [l]       | 30 | Z z       | [z]  |
| 15 | M m       | [m]       | 31 | Sh sh     | [ʃ]  |
| 16 | N n       | [n]       | 32 | Ch ch     | [tʃ] |

От алфавита зависит будущее языка, будет ли он дальше развиваться, сохранит ли он свои механизмы или они разрушатся.

Что даст переход казахского языка на латиницу?

Переход на латиницу повысит статус казахского языка, интегрирует Казахстан в мировое информационное пространство, так как латинский самый используемый алфавит в мире. Наши ресурсы будут доступны всему казахоязычному населению, где бы оно не проживало, так как не все этнические казахи, проживающие за рубежом, могут использовать кириллицу. За десятилетия использования кириллицы целые поколения привыкли к ней. Переход потребует прежде всего изменения сознания. Однако примеры перехода на латиницу в истории Казахстана уже были. Я не думаю, что в результате перехода произойдет существенное изменение интеллектуального потенциала казахстанцев. Другое дело, что переход на латиницу в будущем положительно повлияет на улучшение усвоения английского языка или любого иностранного, использующего латинский алфавит.

Латинский алфавит – это наиболее распространенный алфавит в мире. Для латиницы уже написано огромное количество сервисов в

интернете. Если мы переходим к алфавиту без всяких диакритических знаков, на уже существующей английской клавиатуре, все эти сервисы автоматически бесплатно становятся доступными. В любой стране, в любой точке мира, где есть английская клавиатура, вы можете пользоваться ими без дополнительных драйверов, без дополнительных настроек.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Назарбаев Н.Н. статья: «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». 12 апреля 2017, С.6
- 2 Бектуров Ш. К. Қазақ тілі: Оқуға түсуші, талапкерлерге, студенттерге және оқытушы-мұғалімдерге арналған. - Алматы: 2006.
- 3 Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка. М., 1992, 2-е издание, С. 22

### УВАЖЕНИЕ К ТРАДИЦИЯМ СВОЕГО НАРОДА – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ НАЦИИ (НА ПРИМЕРЕ СВАДЕБНОГО НАЦИОНАЛЬНОГО НАРЯДА)

ВОРОБЬЕВА В. Н.

ученик 9 «В» класса, СОШ № 34 инновационного типа, г. Павлодар

САРИНА Т. Б.

учитель истории, СОШ № 34 инновационного типа, г. Павлодар

В послании президента «Взгляд в будущее: модернизации общественного сознания» президент говорит о том, что «на пути модернизации нам стоит вспомнить навыки предков». На примере свадебного национального наряда невесты, я решила оценить отношение к свадебному наряду в прошлом и изучить отношение к нему в наши дни. Выяснив, что в настоящее время ценность сохранения традиций и обычаев теряет свое значение и проведя исследование, я решила разобраться с этой проблемой! Ведь, знание своих истоков, уважение к традициям родного народа – залог успешности нации, сохранение культурного и духовного наследия, успешной модернизации государства.

Все девочки с самого детства мечтают о свадьбе. Воображая шторы фатой, кружатся перед зеркалом, представляют себя невестами. На уроках казахского языка я узнала, что свадебный наряд казашек - это уникальное явление. Он сложный и потрясающе

красивый, любая деталь в нем исполнена глубинного смысла. И каждый костюм – своего рода письмо из прошлого, расшифровывая которое, словно разговариваешь со своими предками.

Я решила разобраться в этой проблеме и узнать, что означал наряд невесты в прошлом и насколько эти традиции сохранились в наши дни.

**Объект исследования** – традиционный казахский наряд невесты.

**Предмет исследования** – значение предметов казахского национального наряда невесты.

**Цель:** сопоставить роль и значимость казахского национального свадебного наряда в прошлом и в наши дни.

#### **Задачи:**

- 1 Определить состав и наименование казахского национального свадебного наряда невесты.
- 2 Оценить отношение к национальному свадебному наряду невесты в прошлом.
- 3 Изучить отношение к национальному свадебному наряду невесты в наши дни.
- 4 Сопоставить результаты исследований и выявить общее и отличия.
- 5 Подготовить и провести презентацию «История казахского свадебного наряда, или Тайны казахских невест».

**Гипотеза:** если изучить казахский национальный наряд невесты с точки зрения истории и современности, то будет понятнее, как сохранились традиции сегодня.

**Методы исследования:** изучить литературу о казахском национальном наряде невесты, проанализировать состав и особенности наряда, сопоставить данные истории и современности, проанализировать современный спрос на национальные свадебные наряды, создать презентацию на тему традиционного наряда казахской невесты.

«Слышен звон идущей женщины...»

Художник Рувим Мазель

Свадебный наряд казашек - это уникальное явление. Он сложный и потрясающе красивый, любая деталь в нем исполнена глубинного смысла. И каждый костюм – своего рода письмо из прошлого, расшифровывая которое, словно разговариваешь со своими предками.

Полный комплект свадебного костюма казахской невесты состоял из множества предметов и украшений из золота и серебра,

которые мелодично звенели при каждом шаге, чтобы и на большом расстоянии был «слышен звон идущей женщины».

Традиционный костюм казахской невесты включает койлек (платье-рубашка), камзол, шапан, саукеле (головной убор) и желек (расшитое покрывало, что-то вроде фаты). Набор неизменен. Но при этом такого разнообразия вариантов национального наряда казахской невесты, пожалуй, нет ни у одного народа мира. Начиная от стиля и заканчивая цветом костюма.

Свадебные наряды были своего рода визитной карточкой рода. И люди, едва взглянув на невесту, могли без труда определить, откуда и из какого рода пришла к ним новая келин.

У каждого рода веками складывались свои особенности, свои характерные детали. Южанки – это обилие узоров, богатые вышивки на платье. Северные невесты украшали себя монистами и подол платья расшивали монетками. Невесту с запада легко было узнать по характерным деталям головного убора – богато расшитые “лопасти” до плеч. Уральские восточные красавицы отличались стилем и покроем свадебных платьев, которые больше напоминали русский сарафан, расшитый сверху донизу крупными цветами.

Традиция белоснежного невестинного платья пришла в Казахстан не так давно.

В прошлом прапрабабушки казахских невест выбирали для свадебного платья тот цвет, который был принят ее родом или просто почитался традиционным.

Казахские невесты надевали красные, зеленые, синие и даже черные платья, потому что в отличие от западных понятий на Востоке черный цвет был цветом величия. А вот белый, напротив, чаще был символом траура. Вот почему белые платья в старину у восточных невест встречались нечасто.

1 Детали национального наряда казахской невесты включают:

- «койлек» - платье-рубашку,
- камзол,
- «шапан»,
- «саукеле» - высокий головной убор и
- «желек» - расшитое покрывало, выполняющее роль фаты.

2 Цвет свадебного платья мог быть зеленым, синим, красным и даже черным, в зависимости от того, какой был принят родом невесты или почитался традиционным.

3 Свадебное покрывало – желек – расшивалось вручную мастерицами, и могло содержать целое послание, пожелание, зашифрованное в вышитом рисунке.

4 Саукеле - головной убор невесты - самый яркий, эксклюзивный и дорогостоящий элемент свадебного наряда. Он имел традиционные размеры и форму.

5 Свадебный наряд изготавливался вручную будущей невестой, наиболее дорогостоящие части наряда доверяли искусным вышивальщицам.

Исследовав традиции казахского свадебного наряда, складывавшиеся веками, я перешла к изучению его современной истории.

Для этого я:

1 Узнала, сохранились ли детали национального свадебного наряда невесты:

- а) посетила салоны свадебных нарядов;
- б) изучила рекламные проспекты ателье,
- в) содержание свадебного каталога «Тойбастар».

2 Исследовала популярность национального наряда невесты:

- а) провела опрос в салонах свадебных нарядов;
- б) провела опрос в классе.

Посетив салоны свадебных нарядов, я впервые увидела настоящий свадебный наряд жениха и невесты. Убедилась, что сегодня его составляют:

- 1 Көйлек, белое платье в оборках;
- 2 Камзол,
- 3 Шапан,
- 4 Саукеле - высокий головной убор и
- 5 Желек - расшитое покрывало, выполняющее роль фаты.

Также рекламные проспекты Театра моды «Райсы», одного из самых крупных и известных ателье города Павлодара, предлагают пошив национальных свадебных нарядов традиционных расцветок в соответствии с традиционным набором предметов свадебного наряда.

Единственный на сегодняшний день, активно функционирующий свадебный каталог «Тойбастар», рассказывает о традициях национального свадебного обряда, делая акцент на важности саукеле – «Саукеле кигізу».

Подводя итоги, я составила сопоставительную таблицу.

Таблица 1 – Сопоставительная характеристика казахского свадебного наряда невесты с точки зрения истории и современности

| № | История  | Современность  | Совпадение |
|---|--|--|------------|
| 1 | <b>Состав</b>  |  |            |
|   | платье в оборках;<br>«Койлек»<br>Камзол,<br>«Саукеле»<br>«Желек»   | платье в оборках;<br>«Койлек»<br>Камзол,<br>«Саукеле»<br>«Желек» | +          |
| 2 | <b>Цвет</b>  |  |            |
|   | Красный, синий,<br>зеленый, черный   | Как правило, -<br>белый<br>Также – красные,<br>синие             | + \ -      |
| 3 | <b>Изготовление</b>  |  |            |
|   | Ручная работа  | На прокат, покупка   | -          |
| 4 | <b>Форма исполнения</b>  |  |            |
|   | Наряд сообщал о происхождении невесты, материальном положении ее семьи, рисунок на желеке содержал пожелания невесте | Используются традиционные узоры для вышивки                      | -          |

Таким образом, я нашла подтверждение тому, что организаторы свадебных торжеств знакомы с традициями казахской национальной свадьбы и стремятся донести их до молодоженов.

Каждая нация воплощала свое ощущение мира в традиционном наряде. И национальный костюм казахской невесты не стал исключением.

Изучение национального казахского свадебного наряда в истории и современности привело меня к следующим выводам:

1 Детали национального наряда казахской невесты остаются неизменными на протяжении многих веков, и по традиции включают: «койлек» - платье-рубашу, камзол, «шапан», «саукеле» – высокий головной убор и «желек» - расшитое покрывало, выполняющее роль фаты.

2 Цвет, изготовление и форма исполнения предметов наряда изменились. Цвет сегодня, как правило, выбирают белый.

3 По сравнению с прошлыми веками традиционный казахский свадебный наряд не утратил своей значимости.

4 Многие современные невесты соблюдают традиции в день свадьбы.

С целью сохранения традиций и в помощь невестам салоны свадебной одежды и ателье предлагают готовые, разработанные модели национальных свадебных нарядов невест для пошива и на прокат. Каталог «Тойбастар» объясняет значение предметов свадебного убранства невесты.

5 Традиции в изготовлении свадебного наряда претерпели некоторые изменения. Так, цвет платья выбирают преимущественно белый, реже красный. Синие, зеленые и черные цвета для свадебных платьев практически не используют.

6 Свадебный наряд перестал быть частью выкупа или приданого. Предметы убранства покупают, шьют на заказ в ателье или берут на прокат.

7 Саукеле зачастую используется повторно для свадьбы другой невестой, в отличие от того, что раньше оно использовалось единожды и оставалось у невесты после свадьбы, чтобы она носила его по праздникам.

8 Наряды больше не изготавливаются вручную самой невестой, а покупаются или берутся на прокат.

9 Узоры наряда не представляют собой посланий. В качестве украшения мастера выбирают традиционные орнаменты.

10 Свадебный наряд – атрибут свадебного торжества, но уже не повседневной жизни казашек.

11 Свадебный наряд перестал быть частью выкупа или приданого. Предметы убранства покупают, шьют на заказ в ателье или берут на прокат.

12 Саукеле зачастую используется повторно для свадьбы другой невестой, в отличие от того, что раньше оно использовалось единожды и оставалось у невесты после свадьбы, чтобы она носила его по праздникам.

13 Свадебный наряд – атрибут свадебного торжества, но уже не повседневной жизни казашек.

Результаты данного исследования могут послужить материалом для проведения внеклассных занятий или уроков казахского языка на тему традиций казахского народа.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Казахская свадьба. Традиции и обычаи казахского народа. (интернет-ресурс: [www.neveste.kz](http://www.neveste.kz))

- 2 Свадебный каталог «Тойбастар» - 2010-2011. А., 2010
- 3 Свадебный каталог «Тойбастар» - 2011-2012. А., 2011
- 4 Современная казахская свадьба (интернет-ресурс: www.holiday.kz)

## ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУ–БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

ДАУЛЕТҚЫЗЫ А.

10 сынып оқушысы, Физика-математика бағытындағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Тараз қ.

Қазіргі уақытта жаһандану үдерісінде әр халықтың өзінің ұлттық құндылықтарын дамытуы маңызды болып табылады. Осы жаһандану барысында кейбір халықтар өздерінің ұлттық құндылықтарын сақтай алмай, ұлт ретінде өмір сүруін тоқтатуы мүмкін. Осы тұрғыда Л. Н. Гумилев «Халықтар өлмейді... тек басқа халықтарға сініп кетеді, бұрынғыдай өз алдына этнос емес, атын жояды» деген болатын. Бұл жаһандануда бірінші тілді сақтау керек екендігін дәлелдейді. Кейбір деректерге сүйенетін болсақ, XX ғасырдың басында Ресейдің құрамында 200-ден астам ұлт болған. 1991 жылы Одақ ыдырағанда осы ұлттардың 100-ге жуығы өз ана тілінен айрылып, кеңес халқына айналған. Нақтырақ айтатын болсақ, сол уақыттағы ресми саясаттың салдарынан орыстанып кеткен. Өздерінің дербестігін сақтап қалуға ұмтылған халықтарды компартиялық билік қарудың күшімен аяусыз жазалады. Қазіргі әлемдік ақпарат құралдары Ресейде 136-ға жуық тілдің жойылу қаупі бар екендігін жариялауда. Осындай қауіп біздің еліміздің де басынан өтті. Еліміз егемендігін жариялап, өз алдына тәуелсіз мемлекетке айналды. Дегенмен де, қазірде тіл мәселесіне байланысты қауіп-қатер жоқ емес. Кешегі кеңестік кезеңдегі тілге қатысты жүргізілген саясаттың бүгінгі күні қоғамға өзінің кері әсерін беріп келеді. Осындай мәселелерге байланысты Елбасы Қазақстандағы тілдердің үш тұғырлығы туралы ойын 2006 жылы Қазақстан халқы Бас Ассамблеясында білдірген болатын. Осы ойын жүзеге асыру мақсатында 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды ұсынды. Ал, 2008 жылғы Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында: «Үкімет «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуі тиіс. Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл

ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді»-деді [1]. Бұл саясатты қоғам жақсы қабылдамады. Өзі әрең өмір сүріп жатқан ана тілімізге балта шабу деп дабыл қақты. Бұл саясаттың артықшылығы өскелең жас ұрпақтың болашақта мемлекеттік тілмен қатар халықаралық тілді жетік меңгеруіне бағытталған. XVIII-XX ғасырлардағы сұрапыл саясаттың салдарынан Қазақстанға Ресейдің түкпір-түкпірінен әртүрлі ұлттар депортацияланып, нәтижесінде еліміз көп ұлтты мемлекетке айналды. Ұлтаралық және қарым-қатынас қызметін орыс тілі атқарды. Қазіргі уақытта мынадай сұрақтар туындайды. Неліктен Қазақстанда өзге тіл үстемдік етті? Әрине бұл түсінікті жағдай, сол уақыттағы биліктің мақсаты қазақ халқына өзінің ана тілін ұмыттыру болғандығы. Толыққанды өзіне тәуелді етіп, ұлттық құндылықтарымызды жою болды. Осы кезеңдерде қазақтың балалары бала-бақша, мектеп және жоғарғы оқу орындарында орыс тілінде тәрбиеленіп, білім алды. Мұның салдарынан қазіргі уақытта ана тілін білмейтін ұрпақтар дүниеге келді. Адам санасында қалыптасқан тілде сөйлесе, сол тілде ойлайды. Ал біз нағыз патриот, ұлт жанды әрі отансүйгіш азаматты қалыптастырудамыз. Отансүйгіштік ана тілін сөйлеумен ойлаудан басталады. Міне осы тұста ғана біз патриотты тәрбиелей аламыз. Француз философы Эмиль Сьоран айтқандай «Адам мемлекетте емес, тілде өмір сүреді» дегендей тілімізді сақтап, бұдан әрі дамыту аса маңызды. Еліміз әлемдік жаһандану үдерісінде өзінің тілінің мәртебесін өсіріп, дамытуы басты мәселе. Қазіргі жаһандану үдерісінде жаңа заманның талаптарына орай әлемдік тілдердің ықпалы артуда. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының «мәдениеті жоғары халық-мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдан анық, күндей жарық ақиқат ... Мәдениет жігін жоғалтпай, өз жігін жоғалту онай емес» деп айтқан сөзі жаһандануға нақты берілген сипаттама. Мемлекетте ресми тіл ретінде әбден қалыптасқан немесе ұлт өкілдерінің барлығы күнделікті өмірде сөйлейтін тіл мұндай үдеріске төтеп бере алады. Ал, біздің елімізде әліде қазақ тілі толыққанды қанатын кең жая алмай келеді. Осының салдарынан жаһанданудың құрсауында кетпесімізге кім кепіл. Қазақстаннан бұрын дамыған батыс еуропадағы Франция, Германия, Ресей сияқты алпауыт мемлекеттер жаһанданудың осындай үдерісіне қарсы күресуде. Тілді қорғау арқылы ұлттық бірегейлікті сақтаймыз. Бұл бірегейлік ұлттың, халықтың, мемлекеттің сақталуының кепілі. «Менің тілімде сөйлесен-менің жанымды түсінесін, менің жанымды

түсінсең-менің халқымды түсінесің, менің халқымды түсінсең-осы бәрімізге ортақ Отанымыз қуатты болмақ!» деп халық айтқандай, ана тіліміздің мәртебесін арттыру бүгінгі күннің талабы.

Бүгінгі күн ұлттық құндылықтардың жаңарып, жаңғырылуын қажет етеді. 2012 жылы 14 желтоқсан айында жарияланған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу керектігін мәлімдеген болатын [2]. Осы мақсатта 2017 жылы 12 сәуірде Елбасының «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» деген мақаласы жарияланды. Мақаланың «Таяу жылдардағы міндеттер» деген екінші бөлімінде латын әліпбиіне көшу арқылы қоғамдық сананы жаңғыртуды ұсынып, бұған көшуді тәуелсіздікті алғалы бері мұқият дайындалып келеміз деді Елбасы. Сонымен қатар қазақ тілінің әліпбиінің терең тарихына тоқталған:

- VI-VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қолданылды. Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі;

- V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді. Халқымыз Ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады;

- X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды;

- 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы жаңа латын әліпбиі -«Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады;

- латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды;

- 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды [3].

Сонымен қатар латын әліпбиіне көшудің басты екі қажеттіліктеріне тоқталған:

- жаһандану үдерісіндегі технологиялық коммуникация;
- ғылым мен білім беру үдерісінің ерекшелігі;

Шындығына келетін болсақ, мектеп қабырғасында оқушылар ағылшын тілін біліп, латын әріптерін онсыз да үйренуде. Ал ағылшын тілі курсына қатысып жүрген ересектердің өздеріде байқаған болар, латын әліпбиі арқылы шет тілін үйрену онай екендігін. Сондықтан, бұл үдеріс қоғамға аса көп қиындықтар мен кедергілер келтіре қоймас деп болжамдаймыз. Елбасы Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшудің нақты кестесін жасау керек екендігін ашып көрсеткен.

Жаһандану үдерісінде Қазақстаннан бұрын латын әліпбиіне көшуді бастаған Өзбекстан, Түркия мемлекеттерінің жағдайын ескеру қажет сияқты. Бұл үдерістің тиімді әрі тиімсіз тұстары болуы мүмкін. Сондықтан басқа мемлекеттердің тәжірибелеріне сүйеніп, қауіп-қатердің алдын алған жөн болар. Түркия мемлекеті 1928 жылдың 28 маусымында «Алфавит жөніндегі комиссия» латын графикасына негізделген жаңа түрік әліпбиін қабылдайды. Бұл «Әріп революциясы» деп аталып, Түркия мемлекетінің негізін қалаушы М. К. Ататүріктің жүзеге асырған маңызды реформаларының бірі болды болған. Түркиядағы «Түрік тілі құрамының» төрағасы Ш. Х. Акалиннің пайымдауынша, «араб графикасын пайдаланған Осман империясы тұсында түрік халқының сауаттылығы 10 пайызды құраса, ал латын әліпбиіне өту кезеңі аяқталғаннан кейінгі сауаттылық деңгейі 60 пайызға өскен. Қазіргі кезде Түркия халқының 90 пайызы сауатты. Қазіргі түрік тілінің латын әліпбиіне негізделген жазуының артықшылығын түрік ғалымдары былай деп көрсетеді:

- әрбір әріп бөлек-бөлек таңбаланады, ал араб жазуында бірге жазылады;

- әлемнің көп бөлігіндегі дәстүрге сәйкес латын жазуы солдан оңға қарай жазылады, ал араб жазуында оңнан солға жазылатын;

- латын графикасы түрік тілінің дыбыстық қорындағы негізгі дыбыстарды белгілейді, ал араб графикасы жазу түрік тілінде жоқ, бірақ араб-парсы сөздеріндегі бөтен дыбыстарды да таңбалайтын;

- латын графикасына көшкен кезде түркі тілдес басқа халықтар да латын әліпбиін қабылдаған болатын, сондықтан түркі әлеміне ортақ жазу ортақ ақпарат алмасуға қолайлы болды;

- экономикасының батыстық даму бағытына латын графикасы жазу тиімді болды;

- латын графикасы жазу-сызу сауат ашушылар үшін әріп саны аз болуына байланысты ыңғайлы келді.

Ал кемшіліктері:

- Жаңа әліпби жасалған тұста түрік әдеби тілінің жалпыхалықтық негізде қалыптаспағандығы мен түрік тілінің негізгі дыбыстық қорының толықтай айқындалмағандығы салдарынан қазіргі графикада жалпыхалықтық тілдің дыбыстық қорындағы үш негізгі дыбысты таңбалайтын әріптер әліпби жүйесіне енбей қалғандығы.

Олар: Q [Қ], W [дауыссыз У], D [Ң];

- Араб графикасына негізделген сан ғасырлық мұралардың барлығын толықтай халық пайдалана алмайды [4].

Яғни, Түркия мемлекеті араб графикасынан латын әліпбиіне ауысқан. Ал біздің еліміздің тағдырымен ұқсас келетін көршілес Өзбекстан мемлекеті 1993 жылы 2 қыркүйекте «Латын графикасы негізіндегі өзбек әліпбиін енгізу туралы» заң қабылдады. бекітілді. Дегенмен, Өзбекстанда латын графикасына өту кезеңі әлі де толық аяқталмаған соң, көшудің кезеңін мемлекет 2010 жылға дейін созуды бекіткен. Қазіргі өзбек тілінің латын әліпбиі мен оған көшу кезеңінің артықшылығын ғалымдар былай деп көрсетеді:

- латын графикасы өзбек тілінің дыбыстық қорындағы фонемаларды белгілеуге негізделген, ал орыс графикалы кирилл жазуы орыс тілі сөздеріндегі бөтен фонемаларды да таңбалайтын;

- латын графикасына көшкен кезде түркітілдес басқа халықтар да латын әліпбиін қабылдаған болатын, сондықтан түркі әлеміне ортақ жазу ақпарат алмасуға қолайлы болды;

- экономикасының батыстық даму бағытына латын графикалы жазу толық жауап берді;

- жастар мен сауда адамдары латын қаріпін тез үйреніп алып, оның таралуын қолдады.

Латын әліпбиіне көшудің кемшіліктерін өзбек ғалымдары былай деп көрсетті:

- ең алдымен мектептер латын әрпіне көшірілгендіктен, оларды оқытатын мұғалімдерді дайындау ісі жолға қойылмады;

- кирилл графикасында білім алған мұғалімдер үшін латын әліпбиін оқып-үйрену қиынға соққан;

- балаларға арналған латын қарпіндегі әдебиеттер тапшы екен.

Өзбек әдеби тілі гетерогендік (көпнегізді) сипатта болуы себепті онда жалпыхалықтық тілдегі дыбыстар мен жазба тілдегі ескі түркі тілінің, сондай-ақ жазба тіл арқылы қалыптасқан араб-парсы сөздеріндегі фонемалары араласып жазуда таңбаланып келді. Жаңа әліпбиге көшу кезеңінде ғылымда олардың арақатынасы жеткілікті анықталмағандықтан, қазіргі

графикасында бір таңбамен әртүрлі фонемалық статустағы дыбыстар белгіленіп жүр;

- бұл жаңа жазуда көрініс беріп, оның халық арасында бірден түсінікті болып кетуіне кедергі келтірді;

- өзбек тілінің жаңа әліпби жобасын жасауда тілші ғалымдар пікірлері тыңдалып, оны қабылдау кезінде интернетке икемдеуді жөн көрген компьютерлік техника саласы мамандарының ұсыныстары басымдық алып кеткен;

- қазіргі кезде өзбек әліпбиі интернет желісіне икемді болғанымен, ұлттық тілдің мүддесінен шықпайды деген көзқарастар басым айтылуда;

- жаңа латын графикасында алынған 3 әріптік тіркес бір сөздер құрамында бір дыбыс ретінде оқылса, келесі бір сөздерде екі дыбыс түрінде оқылып, жазуда ережелермен де реттеле алмайтын келеңсіздіктер, екіұшты оқылулар пайда болып, бұның бәрі өзбек жазуының мағынаны дұрыс жеткізу сипатына нұқсан келтіріп, жазба тіл беделін төмендеткен [4].

Міне осындай мәліметтер бойынша латын әліпбиіне көшуді сауатты жүргізу қажет екендігін түсінеміз. Жоғарыдағы сараптамада араб графикасынан латын әліпбиіне көшкен Түркия мемлекетінде артықшылықтар басымдық көрсетсе, ал кемшіліктер аз болған. Көршілес Өзбекстанда кирилицадан латын әліпбиіне көшіп, Түркиямен салыстырғанда мұнда керісінше кемшіліктер басым. Бұл кирилицадан латынға көшуді сауатты әрі жоспарлы жүзеге асыру керек екендігін көрсетеді. ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті Шәкір Ыбыраев әліпбиді латынмен ауыстырғанда бізге мынадай тиімді тұстарын атап көрсеткен болатын:

- тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз;

- қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартатыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді;

- латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жана технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіруге тиімді жолдар ашылады;

• түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек [5].

Қазіргі уақытта жаһандану үдерісінде кең-байтақ жерімізбен ұлтымызды, қазыналы тілімізді сақтау үшін, латын әліпбиіне көшуді барынша қолдау қажет. Жоғарыда келтірілген түркі тілдес мемлекеттерде орын алған кемшіліктердің болдырмау жолын қарастыру керек. Жаһандану үдерісінде саяси, әлеуметтік-экономикалық салалармен қатар ұлттық құндылықтарды да дамыту баршамыздың міндетіміз. Жаһандану үдерісінің экономикалық екпінімен рухани бағыты осыны талап етеуде. Ұлттық рухтың негізі-тұғыры тіл. Тіліміз асқақтаса, рухымыз биікт

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты». ҚР Президентінің халқына Жолдауы 6 ақпан, 2008 жыл

2 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». ҚР Президентінің халқына Жолдауы 14 желтоқсан, 2012 жыл

3 ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы

[http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)

4 Фазылжанова А.А. (2013 жыл 25 қаңтар). «Латын әліпбиіне көшу Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінде қалай жүргізілді?». Ана тілі газеті. 5-бет.

5 Ғабитқызы Г. Латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы.  
<http://el.kz/kz/news/archive/content-26579>

## О ВАЖНОСТИ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ДЛЯ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

ДРАЧЕВ И.

ученик 5 класса, СШ имени К. Шүлембаева, г. Аксу

ШАРИПОВ А. Т.

учитель истории, СШ имени К. Шүлембаева, г. Аксу

Судьбоносным и эпохальным событием в жизни наших граждан стала публикация программной статьи Главы государства Н. А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», в которой он четко выдвинул ряд важных инициатив по возрождению истории, традиций, обычаев народа, возвращению его национального кода, пробуждению интереса наших граждан к сакральным местам, обращению к латинице и т.д.

Эту статью мы ждали на протяжении почти всех лет нашей независимости. Народ, который тысячелетиями высоко чтит и особо относился к своей истории, не мог поступить иначе. В каждом степняке, в каждом гражданине Казахстана живет, без преувеличения, прирожденный и природный историк. Мы в отличие от многих других народов мира, смотрим на свое прошлое через призму немеркнущих в толще столетий деяний своих легендарных предков. В своем семейно-родовом шежере мы обязательно находим биев и батыров, и балуанов, и акынов, и жырау, которые нас вдохновляют на великие и добрые дела. В условиях степной цивилизации, для наилучшего приспособления людей к окружающей среде население жило небольшими поселениями кровных родственников. В периоды массовых сборов, курултаев, праздников, они состязались в борьбе, конных ристалищах, айтысах, стрельбе, доставании монет на полном скаку и т.д. Поэтому небольшие коллективы, чтобы неударить лицом в грязь, заранее готовили людей самых разных направлений, когда все «роли» были строго распределены. Честолюбие не позволяло проигрывать. И все это сохранилось в памяти народа, передаваясь из поколения в поколение. В этом секрет нашей уникальной «историофии». В этой связи президентские инициативы в сфере возрождения истории, культуры, традиций и обычаев, возвращения к латинскому алфавиту, сохранения своего взора на сакральную географию, поиска ста новых имен заметно активизировали у нас небывалый интерес к богатейшему историко-культурному наследию страны. Поэтому сегодня у историков и не только – «на улице праздник».



В эпоху глобализации, удачного позиционирования страны как центра Евразии и заметного усиления контактов с окружающим миром этот вопрос стал весьма острым, особенно на фоне проведения Всемирной Универсиады, ЭКСПО-2017, вхождения во Всемирную торговую организацию. Казахстан должен быть не только лучшей частичкой мира, но и должен дать и продемонстрировать всему остальному человечеству что-то свое особенное и специфическое, в том числе и в историко-культурном аспекте и пласте. Вэтом плане знаменитый индиец Рабин-дранат Тагор написал следующее: «Долг каждой нации- выявить перед миром свою национальную сущность. Если же нации нечего дать миру, то это следует, рассматривать как национальное преступление»... Нам есть что показать миру и чем гордиться. Все еще живо то поколение, которое видело богатейшую степную цивилизацию с его традициями чести и благородства, гостеприимства и уважения к старшим, духа воинов и состоятельных людей, взаимопомощи и толерантности, поэтичности и музыкальности... [1]

Главным трендом политического сознания казахстанцев является развитие собственного национального пути на основе учета разных моделей и образцов развития зарубежных стран. Однако здесь по замерам общественного мнения наблюдается разброс в ответах респондентов – среди респондентов доля тех, кто считает, что у Казахстана должен быть свой собственный национальный путь вдвое превосходит тех, кто считает, что он у нас есть (41 и 24 % соответственно).

Таким образом, у нас есть запрос на модернизацию в части усиления собственного национального пути развития, и нам необходимо для долгосрочного (политического) развития Казахстана иметь адекватные ответы (действия) на данные модернизационные ожидания.

Эти ответы даны Елбасы в его программной статье.

«Рухани жаңғыру» – это конкретные шаги от модернизационных ожиданий к изменениям в общественном сознании.

Во-первых, мы актуализируем все свое национальное поле символов, пространств, мнений и институтов. То есть мы консолидируем наработанный материальный мир, включая наше искусство, культуру, сакральные места. Мы собираем свое национальное достояние, повышая тем самым ценность самих себя. Все то, что закрепляет в нас чувство идентичности, материальную платформу под наше национальное развитие. То, что дает нам

ощущение точки координат, чувство восприятия во времени и пространстве.

Во-вторых, программа «Рухани жаңғыру» намечает поколенческий авангард, который будет двигать страну и обеспечивать преемственность прошлого и будущего. Для этого создается проект «100 новых лиц». Фактически это проект, который в процессе поиска и отбора новых героев должен создать резерв по всем отраслям и регионам, который будет использоваться для дальнейшего продвижения. Этот подход укладывается в рамки меритократической модели.

В-третьих, Рухани жаңғыру – это изменение текстового режима нации. Известно, что у каждой эпохи есть свои тексты, способы и принципы визуализации мысли и образов. Это касается как древних рун тюрков, папирусов древних египтян или средневековых европейских манускриптов. Мы живем в эпоху тотальной цифровизации. Более 80 % населения имеют доступ к интернету и социальным сетям. Доминирующий язык здесь английский, основанный на латинской графике. В этой связи, чтобы включиться в общемировой контекст, нам необходимо поменять модель передачи символов.

В-четвертых, одним из важных компонентов Рухани жаңғыру является приоритетность просвещенской парадигмы и формирования культуры по универсальным принципам и признакам современности. В Казахстане сталкивается три крупных потока сознания – это посткоммунистическое, рыночно-либеральное и консервативно-национальное. Преодоление столкновения этих видов сознания возможно путем перехода в постмодернизационный период. МФЦА, ЭКСПО, Назарбаев Университет – это переход. МФЦА, ЭКСПО, Назарбаев Университет – это переход в будущее, это примеры постмодернизационных проектов.

В-пятых, это изменение политической атмосферы и среды. Вся наша предыдущая практика выстраивалась на основе противопоставления государства и общества. Тем самым воспроизводились стереотипы прошлого сознания. Модернизация Рухани жаңғыру - это фактор формирования обратных связей и каналов коммуникаций, которые бы помогли наладить контакт госорганов и неправительственного сектора. Здесь нет готовых рецептов. Поэтому в любом случае нам необходимо самим определять свой путь.

Одна из серьезных проблем сегодня - острый дефицит кадров в сфере политического планирования, анализа и социальных

исследований. Это очень существенно сдерживает продвижение инициатив и намерений. Мы довольно-таки часто убеждаемся в этом. На том же примере одной из самых обсуждаемых в последнее время тем- внедрении системы обязательного медицинского страхования. Есть запрос на модернизацию, то есть ожидания в обществе на получение качественных медицинских услуг. В то же время есть определенное состояние общественного сознания, в котором живут фантомы прошлого, о бесплатной медицине. Но то, что было раньше, не должно сдерживать наше желание и усилия по совершенствованию системы финансирования медицинских услуг.

В этой связи мы должны понимать, что Рухани жаңғыру – во многом преодоление имитационной модели развития, когда только кажется, что мы развиваемся. А на самом деле хотим оставаться в привычном коконе старого сознания. Модернизация означает кардинальное изменение принципов и практик жизнедеятельности. Важно, чтобы изменения были ориентированы на конечный результат [2].

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Кабудьдинов З.Е., Духовное возрождение через изучение национальной истории . Сборник материалов международной научно-практической конференции «Модернизация 3.0: Рухани жаңғыру» ( 25 августа 2017 года) под общ.ред. Г.С.Ныгметова.- Астана.2017.

2 Шаукенова З.К., Рухани жаңғыру: от модернизационных ожиданий к изменению общественного сознания. Сборник материалов международной научно-практической конференции «Модернизация 3.0: Рухани жаңғыру» ( 25 августа 2017 года) под общ.ред. Г.С.Ныгметова.-Астана.2017.

### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ–АЛАШ ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ ТАҒЛЫМДАРЫ

ЖАҚАНОВ Е. Н., ҚАНАПЬЯ Э. Қ.  
8 сынып оқушылар, № 47 ЖОББМ, Семей қ.  
УЗБЕКОВА С. Б.  
мұғалім, № 47 ЖОББМ, Семей қа.

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған

30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт – дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын. Елбасы «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде?» деген сауалды жалпы бұқараға қоя отырып, «Мен еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім. Халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын!» деп кесіп айтты.

Рухан жаңғыру идеясы ата мекенмен ұлттың бір болуын, үнемі ұрпақ пен туған жердің байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді. Рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Ол жеке адамды, ұрпақты, ұлтты, халықты табиғаттан, өзінің төл болмысынан ажыратып алып кетпейді, керісінше өз болмысының әлеуметтік рухани негіздерін сақтай отырып оны нығайтуға, қорғауға, сақтап қалуға ықпал ететін ұғым, ұлттық деңгей, бір ұрпақтың мемлекеттің тархы мен болашағы алдында жасайтын, қол жеткізетін жетістігі. Рухани жаңғыру шыныменде ұлттың, елдің болмысына тән құбылыс және халыққа ортақ ұғым, ортақ ұстаным, тарихи қажеттілік. Мемлекет халықтың ортақ үйі, сол үйді күтіп баптайтын, рухын сақтайтын, қорғайтын адам мемлекеттен, қоғамнан бөлінбейді, мемлекетінің мүддесінен, төл мәдениетінің болмысынан қол үзбейді. Керісінше мемлекеті, халық үшін, ұрпақтың келешегі үшін заманның талабын зерделеп, одан өтудің жолын білімімен іздейді. Адамды, халықты бұндай дәрежеде ойлауға жетелейтін ұлттық сана. Ұлттық сана елдің тархы мен мәдениетіндегі тәжірибелер арқылы ұрпақтың уақытымен үйлессе елдің тұтас ұлттық зердесі қалыптасады немесе заман талабына сай өрісін кенейте түседі. Бұндай ұлттық сананың құбылысы тарихымызда үнемі өзінің танымдық қызметін атқарып отырған. Мәселен түркі қазақ жұртының Мәңгілік Ел болу идеясы ұлттың зердесінен туған дүние. Мемлекет басшысы мақалада

атап көрсетілгендей, неғұрлым адам өзінің бар мүмкіндігін тарихтың елегінен өткізген сайын уақыт талабын игеруге қабілетті келеді. Рухани жаңғырудың негізі ұлттың қасеттері мен рухан құндылықтарға тәуелді болса, оның әлеуметтік өрісі қашанда білімге, еңбекке және табандылыққа келіп тіреледі. Қазақ баласына білімнің рухын түсіндерген. Жеке адамның білімге деген құрметі оның толыққанды білім алуына, рухан деңгейінің қалыптасуына қыпал етеді. Абай мен алаш зиялыларының заманында ел тұрмысының қиыншылығына қарамастан көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялыларының шығуына ықпал еткен қазақтың өнер, білім және ғылым туралы кемел түсінігі. Ұлттық тәрбедедегі уақыттан қалмайтын және білімі тозбайтын құндылықтар олардың талапты, арлы, жігерлі, еңбекқор, қиындыққа төзімді, ақылды және рухани терең болуына ықпал еткен. Осы тұрғыдан алаш зиялыларының болмысына, тархи қызметтеріне қарайтын болсақ рухан жаңғыру ұрпақтың тарих, отан, келер уақыт алдындағы кісілік қасиеттерімен тұлғалық ұстанымының әлеуметтік ортада қатар сақталуы. Ұлттық кодын қол үзбеген жеке адам заманынан қалмайды, өз заманында алға ұмтылады, өз заманның жетістіктеріне қол жеткізеді және оны ұлт игілігіне айналдыра алады. Алаш зиялысы Әлихан Бөкейханов жазып кеткендей, «Әділдік жоқ жұртта, береке бірлік болмайды. Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар, қысты күні үңгірде жатып өз аяғын сорған аю мысалында ғой, қанша қомағайланса да, сорғаны өз аяғы» Рухани жаңғыру жаңашылдыққа қол жеткізу, заманның жетістігін бағындыру. Жаңашылдық әлеуметтік ортадағы мәдениеттілікпен өлшенуі тиіс, парақорлық, жемқорлық күш алған тұста жеке адамның, әлеуметтік ортаның рухани жаңғыруы, жаңашылдығы тежеліп отырады.

Туған жерін ұмытпайтын адам туған елін қадірлейді. Елді қадірлеу туған жердің рухын бойға сіңіріп өсуден басталған. Сондықтанда елде туып, елде тұрып елге жаны ашымаған адам зиялылар қатарында болған емес. Зиялылықтың бірінші шарты адамның туған жерге, халыққа және ұлт болашағына деген шынайы жанашырлығынан бастау алмақ. Ұлттық рух бар жерде рухани жаңару күш алады. Мемлекет басшысы мақалада атап көрсеткендей ұлттық сана, ұлттық код рухан жаңарудың түп қазығы, ұлттың негізі арқылы жеке адамның, халықтың, елдің уақыт талабына сай ізденуі, еңбек қоғамын құруы, уақытты, еңбек пен білімді, денсаулықты қатар бағалап, қатар қорғай алған қоғам ұлттық рухымен мемлекетіне, қоғамына, еліне игілік әкелетін

дүниелерді қалыптастырады. Алаш қозғалысының тарихы – қазақпен бірге жасайтын мәңгілік тарих. Ұлтының мәңгілігін ойлаған Алаш зиялыларының тарихи аз уақытта қазақ халқына сіңірген еңбектерін бағалау – қазіргі және келешек ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы деп білеміз.

Бүгінгі рухани жаңғыру Алаш зиялыларының арман мүддесін, алдына қойған мақсат-міндеттерін іс жүзіне асырып отыр. Тұтас халықтың қазіргі замандағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру – ұлтымыздың мәңгіліктігінің негізгі кепілі. Ол табиғи байлықпен емес, адамдарының білім және ғылымдағы, өнердегі бәсекеге қабілеттілігімен айқындалады. Ұлт зиялыларының мақсаты Қазақстанның алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына қосылу жоспарымен сәйкес келеді. Биік мұратқа ұмтылған ұлттардың бәсекеге қабілеттілігі ғана елдің дамуына жол ашады. Әрине, бұл арада білімнің атқарар қызметі зор. Мұны Ахмет Байтұрсынұв 1913 жылы «Білім жарысы» деп бағалап, «Білім жарысының басқадан артық бір жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсатқа тура тиеді. Оны жалғастырған Халел Досмұхамедов: «Қазақ-қырғыз жұрты оянғаннан бері мәдениет бәйгесінде ілгері кеткен жұртқа жетудің қамын қылып жатыр. Мәдениеттің негізі – білім. Білім тіл арқылы жетіледі. Ғылым ұлғайған сайын латын терминдері де ұлғайып барады», – деп замана ағымын сезінгендей болды. Уақыт Алаш ардақтыларының терең түсінігін ақтады.

Демократиялық мемлекет құру жолында біз Алаш тағбылымын еш ұмыта алмаймыз. Ел ретінде, ұлт ретінде жойылмауымыз қажет болса, біз қаласақ та, қаламасақ та Алаш жолына, Алаш ұстанымына берік болғанымыз пайым.

XX ғасыр басында қазақты біріктірген Алаш идеясы ХХІ ғасырда Қазақ еліндегі Мәңгілік ел идеясынан бөлек қарастырылмайды. Қазақ қауымы ХХ ғасырдың басына дейін әлі көшпелі өмір салтын ұстанған-ды. Осындай күрделі тарихи кезеңде Алаш қозғалысы қазақ баласының санасына елдік идеясын сіңірді. Олар біртұтас ұлт ретінде біріге аламыз, жеке еліміз болады деген пікірді қоғамда бекітті. Оқыған қазақ бұл пікірге көміл сенді. Сол арман күнге бүгін біз жетіп отырмыз.

Алаштан қазақ елін жаһандану заманында, сырттан әртүрлі қауіп-қатер төнген кезеңде құтқаратын жол – Алаш жолы дер едік. Ал Алашқа бүгін тәуелсіздік алған кезеңде неге сонша құмартуымыз керек деген сауал қоятын болсақ, оның сыры Алаш жолының ұлтты сақтаумен егіз екендігінде деп айтар едік.

Шоқан, Ыбырай, Абайдан кейінгі дәуірде тарих сахнасына шыққан Алаш қайраткерлері Ресей империясының ыдырау кезеңінде өмір сүрді де, олардың туған ұлтының болашағы үшін саяси күресі сол империяның белгілі дәрежеде ыдырауын тездетті. Алаш қайраткерлері сонымен қатар империяның отарлық формасының бір түрінен екінші үлгісіне ауысу кезеңінің куәсі болды.

Қазақпен туыстас, тағдырлас түркі халықтарының біразы XX ғасыр басында Ресей империясында орын алған саяси-әлеуметтік өзгерістерден кейін әрқилы тағдырды басынан кешті. Бүгінгі қазаққа қарағанда олардың дені тәуелсіз ел бола алмай қалды. Мысалы, соның ішінде татар, башқұрт, чуваш, алтай, хакас, тува, саха секілді халықтарды айтуға болады. Егер қазақ топырағында Алаш қозғалысы пайда болмай, қайраткерлер елдік үшін күреспегенде, бүгінгі біртұтас Қазақстан да шаңырақ көтермес еді. Қазіргі Қазақстан – Кеңестер Одағынан бөлінген Қазақ ССР негізінде пайда болған мемлекет те, ол – өз кезегінде Алаш автономиясының территориясында құрылған Республика. Яғни, Қазақстан Республикасы – Алаш автономиясының мұрагері. Бұл фактіні жоққа шығара алмайтынымыз қанша шындық болса, оның бір-бірінен туындайтын мұрагерлік жолын зерттеу керектігі сонша қажет деп санаймыз.

Алаш жолы, Алаш ұстанымы дегенге бір-екі сөйлеммен қысқаша жауап беру қиын. Сонда да біздің айтарымыз: Алаш жолы – қазақ ұлтын және тәуелсіз қазақ мемлекетін сақтау жолы. Алаш бүгін елімізде кең көлемде неге дәріптелмей, неге танылмай жатыр? Алашты қалың жұртшылық неге білмейді деген сауалдың кейбір сыры мынада деп білеміз: Алашты – ұлтшылдық, тек қазақ мәселесі деп түсінуден. Әділіне келгенде бұл – жалған пікір. Мысалы, Алашорда үкіметіндегі 25 орынның 10-ын Алаш қайраткерлері қазақ арасында тұратын өзге ұлт өкілдеріне қалдырған; Қазір биліктегі қызметкердің көбі Алаш мұрасын, Алаш құндылығын орта мектепте, жоғарғы оқу орнында терең оқи алмады. Саналы өмірінде жалпы естіді; Алаш – Ресей империясына қарсы күрескен саяси күш болғандықтан. Ол империяның бүгінгі таңдағы мұрагері – Ресей елінен тарихты зерттеу ісінде әлі күнге дейін жалтақтау, қорқу сезімі барынан. Біздіңше, бұл да – қате түсінік. Алаш қайраткерлерінің мәдениетті орыс оқығандарымен бір болғандығын мейлінше дәріптегеніміз абзал. Орыс халқының көрнекті ақын-жазушыларының, озық ойлы оқымыстыларының еңбегін Алаш қалам қайраткерлері қазақ тіліне аударғандығын,

сол арқылы екі халық арасында көршіге тән сыйластықтың, достық сезімінің артуына қызмет істегенін насихаттауымыз керек. Мысалы, бір ғана Алаш қозғалысының саяси көсемі Ә. Бөкейхан Ресей елінің қаншама озық ойлы зиялы қауымымен тығыз араласты. Л. Н. Толстой, А. П. Чехов, В. Г. Короленко, Д. М. Мамин-Сибиряк сынды қаламгерлерін қазақша сөйлетті. Біздің ойымызша, бүгінгі таңда Алашорда үкіметінің 100 жылдығында Алашқа қатысты ұлттық бағдарлама қабылдануы керек. Оған сай Алаш идеясы, Алаш ұстанымы оқу-ағартуда, ғылымда, мәдениетте, спортта, журналистикада, экономикада, саясатта, діни саясатта, халықаралық қарым-қатынаста т.б. салада жүйелі сіңірілуі керек. Сол заманда: «Ерте ме, кеш пе, 13 желтоқсан Алаш елінің ардақты күндерінің бірі саналар. Алашқа қатысты қоғам пікірі өзгеріп, оның ұстанымына пікірімізде, сөзімізде, ісімізде берік болармыз. Тәуелсіздік алғалы ширек ғасыр ішінде Алаш мұрасын жинау, насихаттау, зерттеу бағытында бірқатар жұмыс жүргізілді. Алаш тақырыбында ғылыми жиындар ұйымдастырылып, қозғалысқа қатысқан көрнекті қалам қайраткерлерінің мұрасы жарияланды. «Алаш» баспасынан «Алаш мұрасы» сериясымен құнды кітаптар шықты. Отандық және шетелдік ғалымдардың монографиялары мен зерттеулері баспа бетін көрді. Мысалы «Алаш қозғалысы» атты анықтамалықта Алаш тақырыбына қатысты осы күнге дейін жарық көрген еңбектер, қозғалысқа қатысқан адамдар, Алаш атауымен байланысты ұғымдар біршама жүйеленді. Алайда ол жұмыс көбінесе жеке ғалымдардың ізденісі негізінде атқарылды.

Алаш мұрасы ел тәуелсіздігін нығайтатын, сақтайтын құнды қазына екендігін ескеріп, Алашты тыңғылықты зерттейтін, оның нәтижесін бүгінгі күнмен байланыстыратын республикалық деңгейдегі ғылыми орталық жұмыс істеуі тиісті деген ойдамыз. Ол мекеме мемлекеттен қолдау көріп, жұмыс нәтижесі алдымен білім саласында одан кейін аталғандай, қоғамның әр саласында тиянақты сіңірілуі керек. Ал алаштануда бүгін не істеу керек деген сауал қоятын болсақ, ол жұмыстың ауқымы көлемді, бағыты сан-салалы.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 145 жылдығында алаштанушы С. Жүсіптің құрастыруымен қайраткердің 9 томдығы жарыққа шықты. Айтулы шараға байланысты Астанадағы Тәуелсіздік сарайында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Мәртебелі ғылыми жиын «Нұр Отан» партиясы аясында ұйымдастырылды. 150 жылдыққа дайындалуы керек деген сөз сонда айтылды. Содан бері Ә. Бөкейхан Қазақ елінде

өз тұғырына көтерілмесе де, оның есімін дәріптеуде, жұртқа насихаттауда біраз жұмыс атқарылды. Биыл Ә. Бөкейханның 150 жылдығына байланысты Астана, Қарағанды, Қостанай, Алматы, Семей, Көкшетау қалаларында өткен ғылыми-практикалық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге қатыстық. Жыл бойы түрлі мәдени-спорттық, ағартушылық сипаттағы шаралардың куәсі болдық. Теледидар мен радиода Алаш пен Әлиханға арналған ақпараттық, рухани хабарларда пікір білдірдік. Әлеуметтік желіде, баспасөз бетінде Алаш пен Әлихан туралы ойымызды, ізденісімізді мақала күйінде жарияладық. Қазақ географиялық қоғамының ұйымдастыруымен Алматы–Ақтоғай–Қарағанды–Семей–Омбы–С.Петербор–Выборг–Минск–Самара–Орынбар–Мәскеу–Алматы бағытында «Әлихан Бөкейхан ізімен» халықаралық ғылыми-танымдық экспедициясының құрамында қайраткер жолымен жүріп өттік. Содан түйгеніміз: Әлихан Бөкейханға деген ел ықыласы, көпшілік көңілі мен ниеті, қызығушылығы барған сайын артып келеді. Алаш пен Әлиханды зерттеуге, тануға деген студенттер мен магистранттардың талабы күн артқан сайын күшеюде. Осы қызығушылықтың сыры, құпиясы Әлихан Бөкейхан тұлғасының көпшілікке бір жағынан, құпиялығында, екіншіден қалың ел қайраткердің ісінен, ұлтқа риясыз қызметінен, жазған еңбегінен, бүгінгі күнге қажет дүниені табады. Ендігі заманда Алаш баласы аңсаған азаттықтың ширек ғасыр сайын келетін үлкен тойымен қатар Алаш көсемінің мерейлі жылы да мемлекеттік, жалпыұлттық деңгейінде өткізіледі деп сенеміз. Қазақ елі аман болса, Алаш идеясы, Әлихан Бөкейхан есімі бірге жасай береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. /Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917/ ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. /Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г/. – Алматы: «Алаш», /2004. – Т.1. – 552 бет/.

2 «Есіл даласы» /1913 ж./, «Жас азамат» (1918-1919 жж.): ғылыми басылым. Құраст.: С.Мәлікова, т.ғ.к.; З.Тайшыбай, ф.ғ.к., профессор. – Петропавл, 2013 ж. – 264 б.

3 Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, /2014. – 528 бет/.

4 Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен Әлихан Бөкейханның 145 жылдығына арналған «Алаш

мұраты және Тәуелсіз Қазақстан» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Астана: ТОО «БеркутПринт»,/2011. – 311 б/.

#### ЖАҢҒЫРУ ТЕТІКТЕРІ: ӘДЕТКЕ АЙНАЛДЫРУ ҰСТАНЫМЫ НЕГІЗІНДЕ

ЖАНБАУ М., МҰХАМЕТҚАН Ә.

11, 9 сынып оқушылары, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

МҰХТАР Д. Б.

тарих пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

ТОЛУВАЕВА Г. О.

магистрант, М. Ақмолла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, Уфа қ., Ресей Федерациясы

Сан ғасырлар бойы қазақ халқының ұлттық киімдері әлемдегі сән-салтанатқа толы, әсемдіктен алға озған басқа мемлекеттердегі киімдерден кем болмаған. Оның бір айғағы-алтын адам киімі. Ұсақ бөлшектен қисынын тауып, саф алтын, 999 пробалы, сынамамен айшықталған бұл ұлттық киім әлем құндылықтарының қатарынан орын алды. Олай болса, неліктен біздерге бұрынғы ұлттық киімдердің бүгінгі заманға лайықтысын қайта жаңғыртпасқа?!

Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың [1] Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру мақаласында, «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бөлімінде, ұлттық кодтың бір нышаны ұлттық киімдердің киелілігін ұғынып, оны өмірге қайта әкелу және ұлттық дербестікті даму үлгісінде өркендету деген тұжырым жасайды. Мұнымен бірге ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, өзіндік орны бар ұлт болуымыз қажет. Ол үшін «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» процесін іске асыруға тиіспіз деген ілгерілеу іс-әрекетіне шақырады.

Ұлттық киімдерді зерттеген ғалымдар И. В. Захарова [2] және Р. Р. Ходжаев [3] адамдардың бас киімдері жайлы төмендегідей тұжырымдар жасаған:

– қазақ халқы ер азаматтардың бас киіміне ерекше мән бергеніне тоқталып, оның тік бұрыштан жасалмай, дөңгелек, жеңіл, сырылған, кестелі матадан әзірленгені жайлы мәлімет береді.

– қазақтың бас киімі (ерлерге арналған) қалпақ, тымақ, оның астынан бас киім-тақия киетін болған. Негізінде бұл екі зерттеуші

ерлердің бас киімін 6 түрге бөліп көрсетеді: 1) қалпақ, 2) төбетей, 3) күләпара, 4) бөрік, 5) тымақ, 6) такия.

Бас киім жайлы зерттеуші В. Плотников [4] 1859-1862 жылдары тымақтың 15 түрін анықтаған. Себебі тымақтың ер азаматтардың салауатты өмір сүруіне үлкен көмегі бар екенін айқындаған.

Соның басым бөлігі төмендегідей жіктелген: жаба салма тымақ; қайырма тымақ; дөңгелек төбелі тымақ; шошақ төбе тымақ; жекей тымақ.

Құлақшын- өте бағалы жыртқыштар мен аң терілерінен және де үй төлдері құлын, қозы-лақтың бұйра терісінен (елгірі) тігіп, киеді. Қысқы бас киім.

Малақай - аң терісі мен елтерінен арасына жүн, мақта салып, сырып тігеді, оны кейінгі кезде қыздар да суыққа киіп жүр.

Бөрік - сырты мақпал, пүліш, барқыт тәрізді қымбат маталардан жасалатын баскиім. Жиегіне қымбат бағалы аң, мал терісі ұсталатын бөріктің жазғы, қысқы түрлері бар. Төбесі көбінесе төрт сай немесе алты сай болады. Сал-серілер бөріктеріне үкі таққан.

Ер азаматтардың бас киімі жайлы жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында біздер бұрынғыдан киілген заттардың суыққа да, ыстыққа төзімді келетінін аңғардық. Сондықтан бұл үлгілерді жаңа талапқа сай бейімдеп, қайта пайдалануға болады деген қорытынды жасаймыз.

Зерттеуші Ғ. Қайдауылқызы [5] «Киелі кимешек» фотоальбомын құрған. Бұл еңбекте мынадай әйелдердің бас киімдері бар:

Қыздар кепеші - қабырғасы биік, төбесі дөңгелек, ою-өрнектермен, моншақ, асылтастармен безендірілген сәнді бас киім.

Сораба - такия тәріздес, артында салпыншағы бар, қыздар тіл-көзден аман болсын деп, оларға ырымдап кигізеді.

Жырға - асыл тастармен, ақық моншақпен безендірілген сәнді бас киім.

Қарқара - биік төбелі, милығына айнала құндыз тұтады. Оған құтанға, тырнаға ұқсас сұңғақ, сымбатты құс-қарқараның қауырсыны қадалады.

Кимешек - жас келіншектерден бастап егде әйелдерге дейін киетін дәстүрлі ұлттық баскиім. Ақ матадан, жібек матадан тігіп, әртүрлі әшекеймен безендіріледі.

Шәлі - торғын тектес, үлпілдек, жұмсақ матадан немесе ешкі түбітінен жасалған түрі.

Шылауыш немесе жаулық-ақ түсті матадан немесе жібектен тігілген жаулықты егде әйелдер басына орап киеді.

Орамал - ол пішіміне сәйкес шаршы, қиықша болып бөлінеді. Орамалды (парсы, араб, румал) жаулық деп те атаған.

Бөкебай - түйе, ешкі түбітінен тоқылған.

Сәукеле - қалыңдықтың ұзатылу тойында киетін бас киімі.

Қасаба - күрең, көгілдір түсті жібек, ши барқыт, пүліш, дүрия, шұға, парша сияқты маталарадан тігеді. Қыздар үйлену тойында қасабаны сәукеле орнына да киген.

Жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында біз төмендегідей қайшылықтарды анықтадық:

– Қазақтың бас киімдері жайлы мәлімет болғанымен, оның нұсқалы модельдері жете қарастырылмаған;

– Сыртқы ұлттық киімдердің жіктелуі толық қамтылмаған және олардың айырмашылықтары аса айқындалмаған;

– Ер адамдардың және әйелдердің камзол, жейде, көйлек, және т.б. түрлері жайлы зерттеу жоқтың қасы;

– Аяқ киімдердің ұлттық нұсқасы өте үстірт зерттелген.

Аталған қайшылықтарды шешу мақсатында біз тақырыбымызды «Жаңғыру тетіктері» деп таңдадық.

Зерттеудің мақсаты: Ұлттық киімдерді зерттеп, оның бүгінгі заманға рухани нәр беру қызметін анықтау.

Зерттеудің жаңалығы:

1 Ер азаматтары мен әйелдердің бас киімдерінің моделі және оның пайдалы тұсы;

2 Сыртқы ұлттық киімдердің жіктелуі және оның бір-бірінен ерекшелігі;

3 Ер азаматтары мен әйелдердің камзол, кеудеше, жейде, көйлек, және т.б. зерттеу деңгейі;

4 Ер азаматтары мен әйелдердің ұлттық аяқ киімдерінің моделі және оның пайдалы тұсы.

Ұсыныстар:

1 Әшекей бұйымдардың киімге үйлесімділігін қамтамасыз ету;

2 Қазақтың бұрынғы ұлттық киімін бүгінгі заманға сай бейімдеу;

3 Киімнің үлгісі адамның нық тұлғасына сәйкес келуіне мүмкіндік туғызу керек;

4 Ұлттық киімімізді әлемдік ыңғайсыз киімдердің моделінен сақтап отыру;

5 Ұлттық киімнің салауатты өмір сүруіне ықпалын жарнамалау

Ұлттық киімдер қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің дамуымен қатар дамыды. Сол себепті біз зерттеу барысында

ұлттық киімдердің дамуын кезеңдермен сипаттағанда қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің шығуы мен дамуын қарастыруда Ұ. М. Әбдіғалбарованың қазақ тарихын топтастырған тарихшы ғалымдардың (А. Қ. Ақышев, М. Х. Асылбеков, К. М. Байпақов, Ж. Қ. Қасымбаев т.б.) топтамасын негізге ала отырып, белгілеген кезеңдерін тірек еттік. Қазақ әйелдері жасы мен отбасы жағдайына байланысты өзіндік ерекшелігі бар баскиімдер киген

Сәукеле – ұзатылатын қыз-қалыңдық киетін ғұрыптық бас киім. Оның күмістен құйылған төбесіне үкі тағылып, маңдайына жақұт қондырылады. Өне бойы алтын, күміс сияқты қымбат металдармен өрнектеліп, маржан гауһар сияқты асыл тастармен безендіріледі.

Орамал. Ұзатылған қыз өзіне таяу сіңілісіне басына тартатын орамалын береді. Бұл «ендігі кезек сенікі, бақытыңды тап» деген тілек. Мұны «шарғы салу» деп атайды.

Тақия. Оны қымбат матадан тіккен. Бұл-ерлер тақиясынан басты ерекшелігі. Қыздардың тақиясы міндетті түрде үстіндегі қамзолға, бешпентке сәйкес келуге тиісті. Етегі, жоғары бөлігі алтын немесе күміс паршамен оюланып, сәнді жіптермен тақияға зер төгіледі. Қазақтың «үкідей үлбіреген», «тотыдай таранған» деп қыздарды әспеттеуі содан шыққан тәрізді.

Қыздар кепеші. Қабырғасы биік, төбесі дөңгелек, ою-өрнектермен, моншақ, асыл тастармен безендірілген сәнді баскиім.

Сораба. Тақия тәріздес. Артында салпыншағы бар. Қыздар тіл-көзден аман болсын деп, оларға ырымдап кигізеді.

Қарқара. Биік төбелі, мильғына айнала құндыз тұтады. Маңдай тұсын жоғарыдан төмен қарай үш-кілдеп жырға тігеді. Оған құтанға, тырнаға ұқсас сұңғақ, сымбатты күс – қарқараның қауырсыны қалады. Бұл қыз баланы пәле-жаладан сақтап жүрсін деген ырым бойынша жасалады.

Кимешек. Жас келіншектерден бастап егде әйелдерге дейін киетін дәстүрлі ұлттық баскиім. Ақ матадан, жібек матадан тігіп, әртүрлі әшекеймен безендіріледі. Қазақтың салт-дәтүріне сәйкес жас келіншек балалы болғаннан кейін кимешек киюге тиіс. Төменгі бөлігі – кимешек, жоғарғы бөлігіне жаулық оралады. Кимешек кеудені, иықты, жонды жауып тұрады, бет-әлпеті көрінетін жері ойық келеді.

Шылауыш немесе жаулық. Ақ түсті матадан немесе жібектен тігілген жаулықты егде әйелдер басына орап киеді. Жаулық әр руға байланысты әрқилы аталады. Шығыс Орамал. Ол пішіміне сәйкес шаршы, қиықша болып бөлінеді. Орамалды (парсы, араб,

румал) жаулық деп те атаған. Арзанқол матадан да, қымбат матадан да жасайды.

Ерлердің бас киімі

Айыр қалпақ – аса қымбат матамен ішіне жұқа киіз немесе қалың мата салынып тігілетін ер адамдардың киімі. Сыртына өсімдік тектес өрнек салынып, алтын жіппен зерленді. Оны ертеде негізінен хан – сұлтандар салтанатқа киетін болған.

Тақия – шағын сөтен, шұға, барқыт тәрізді маталардан тігіледі..

Мұрақ – екі жағы қошқар мүйізді, лауазымды адамдар киетін қалпақ. Оны сән – салтанатқа киеді.

Тымақ – аңның, малдың терісінен тігілген қысқы баскиімдердің жылысы. Қазақ қол өнерінің көркемдік ерекшелігінің негізі болып киіз басу өнері саналады. Қазір заман ағымына қарай тұрмыс тіршіліктің өзгеруіне байланысты киіз басу өнері кенже қалып барады. Киізден тұрмысқа қажетті әртүрлі бұйымдар жасаумен қатар оған оюлап, өрнек салудың табиғи ыңғайлылығын пайдалана отырып, сәндік бұйымдар жасау, сурет салу, т.б. түрін меңгерудің заманауи құндылығын ашу арқылы бұл өнерді дамыту жолдарын қарастыру. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында біз киізден жасалған ұлттық нақыштағы мектеп формасын ұсынамыз. Киізден жасалған ұлттық киімнің жасалу технологиясына тоқталып кетсек:

1 Жүнді жаю процесі. Ең алдымен жібек матаны жайып, оның үстіне жүнді ақырын үзіп жаямыз. Жайып болған соң, оның үстіне тағы бір қабат диагональ бойынша жаямыз;

2 Біріншіден, сабынды үгітіп алып, оның үстінен қайнаған суды ақырындап құйып отырып араластырамыз. Нәтижесінде сабынды, көпірген су аламыз;

3 Көпірген суды, жүннің үстіне ақырындап себеміз. Содан кейін көпіршікті пленканы жауып, үстіне ақырындап 5 минут қолмен басу. Басып болғаннан кейін, 1 тәулік көлемінде жүннің жібек матасына жабысуын күтеміз;

4 Көпіршікті пленканы ашып, жүннің үстінен аяқпен немесе қолмен басамыз. Басып болған соң жақсылап тұрып қолмен жібек матасын толық жабыспаған жерлерін қайта бастырамыз;

5 Шыққан нәтижені жылы сумен жайып қоямыз. Осылайша біздің матамыз дайын болады;

6 Өлшемдерді қиып алып, қиындыларды біріктіріп, киім тігудің негізгі бөліміне көшеміз;

7 Тігін машинкасымен жұмыс істегеннен кейін, тігістердің үстіне қайтадан жүн жаямыз. Себебі, тігістерді жабу үшін.

Осылайша барлық кадамнан кейін біздің киіміздің негізгі бөлімі дайын болады;

8 Енді шыққан нәтижені ою-өрнекпен бастырып, әшекерлейміз.

Қазақ ұлттық киімдері жайлы қазіргі уақытта беріліп жатқан ақпараттар мен оның үлгілерін дайындаушылар саны күннен-күнге арта түсуде. Әрине, бұл жағдай қуантарлықтай. Дегенмен, қазақ ұлттық киім үлгілерін бүгінгі күн сұранысына лайықты етіп, күнделікті тұтынуға жеткізе алмасaq та, осы сала бойынша еңбек етіп, зерттеп, жобалап, сәндік әлемге шығарып, ат салысып жатқан өзіміздің отандық зерттеуші ғалымдарымыз, философтарымыз, өнертанушыларымыз және іс-жүзінде орындап, маусымдық сән апталықтарында көрсетілім жасап жатқан киім дизайнерлерінің үлесі орасан. Қазақ ұлттық киім үлгілері жайлы мазмұнды білім мен оның тарихи нұсқаларын ажырата, түсіне біліп, ұлттық киім үлгісін жобалау болашақ киімнің орасандығын көрсетеді. Сондықтан да, қазақ ұлттық киім үлгілерінің даму болашағы оның тарихы мен ерекшеліктерін, әзірлеудегі әрбір бөлшек өңдеулерінің практикалық жағынан тиімділігімен, икемділік, дизайндық, әсемдеу мен әшекейлеу әдістерінің дұрыстығы мен сән талаптарына жауап беретіндігінің сақталуы нәтижесінде жобаланса, қазақ ұлттық киім үлгілерінде өзіндік сипат сақталары сөзсіз болмақ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, 2017 ж.

2 И.В.Захарова «Материальная культура казахов - колхозников юго-восточного Казахстана (по материалам Алма-Атинской и Джамбульской областей)» // Труды Института истории, археологии и этнографии АН Казахской ССР. - Т.3. Этнография. - Алма-Ата, 1956. - С.105-189;

3 Р.Р.Ходжаев. «Головные уборы казахов». 255-260б.

4 А.Плотников. «Одежда и антропологические типы: фотографии мужчин и женщин в традиционной повседневной одежде; мужчина в зимнем охотничьем костюме и др».

5 Ғ.Қайдауылқызы «Фотоальбом: Киелі кимешек».

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТУРЛЕРІН, САЛТЫН, ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫН ЗЕРТТЕГЕН ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТҰЖЫРЫМДАРДЫҢ БҮГІНГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУҒА, ҰЛТТЫҚ КОДҚА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ

ЖАРОВ А. К.

II «А» сынып оқушысы, Облыстық мамандандырылған әскери мектеп-интернаты, Павлодар қ.

ЖАНГАЗИНА К. К.

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Облыстық мамандандырылған әскери мектеп-интернаты, Павлодар қ.

Қазақ елінің салт-дәстүрлерін, тарихын, этнографиясын зерттеген А. И. Левшиннің (1799-1879) еңбегінің мәні ерекше. Ол өзінің «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей» [1] атты зерттеуінде үш бөлімнен тұратын нұсқалы құндылық қалдырды. Осындай іргелі де феноменді еңбегі үшін А. И. Левшинді «қазақ тарихының Геродоты» деген атақ берілді. Ашылып отырған еңбекте қазақ елінің тарихы, өлкелік, аймақтық географиялық ерекшелікті ескеру арқылы халықтың кәсібі мен әлеуметтік жағдайларын айқындап, Россияның саяси ұйымына қызмет ететіндей сүб еңбегі пайдаға жарады.

Сол секілді П. П. Семенов-Тянь-Шанский (1827-1914) - Қазақстан елін зерттеушілердің ішіндегі ең көрнектісі. Зерттеуші Алтай, Жетісу, Оңтүстік Қазақстанның географиялық өзіне тән қасиеттерін зерделеген. Ғалым «Қырғыз өлкесі», «Түркістан өлкесі» [2] секілді іргелі зерттеу еңбектерін «Россия: географическое описание» жинағында жарияланды. Бұл еңбекте де тек жалаң географиялық мәлімет қана берілмей, Л. И. Левшин секілді қазақ халқының тұрмысы, сауда-саттығы, шаруашалық жүргізудегі қазақтардың еңбек түрлері жайлы толықтай деректемелер дәйектеледі.

Батыс Сібір администраторы, белгілі зерттеуші В. В. Вель Яшинов-Зерков тұғырлы тұрғыда қазақ халқының XVI-XVIII ғғ тарихын жазған. Оның «Исследование о касимовских царях и царевичах», «Исторические сведения о киргизкайсаках» [3] және басқа да еңбектері жарық көрді.

Тарихшы және этнограф Н.Ж. Аристов «Заметки об этническом составе творческих племен», «Опыт выяснение этнического состава киргиз – казахов большой орды и каракиргизов» [4].



Еңбектері қазақтардың қарақырғыздардан ерекшеліктері айтылуын, түркі жұртының қандай құрамынан тұратынына ерекше мән беріледі. Мұның құндылығы біріншіден түркі жұртының түп тамыры айқындалса, екіншіден оның құрамдарындағы халықтардың тарихы – этнографиялық тұрмыс – тіршілігінің басымдық тұстары сараланады. Бұл – еңбегінде Россияның стратегиялық саясатына қызмет еткен, десек те, кейінгі ұрпақтың кім екенін, қандай тайпа – ру, жеті атасы секілді тамырларын білуіне мүмкіндігі бар, нәтижесінде рухани адамның жаңғыруына аталып отырған еңбектердің тигізер пайдасы зор.

Зерттеушілермен қатар орыс халқының асыл ақыны А. С. Пушкин 1833 жылы Пугачев көтерілісінің болған жерлеріне саяхат жасап Орал және Орынбор қалаларында болған. А. С. Пушкинге қазақ елінің халықтың ауыз әдебиеті ұнаған. Оралда А. С. Пушкин «Қозы көрпеш – Баян сұлу» эпикалық жырын жазып алған.

XIX ғасырда Ф. фон Хелльвальд қырғыз – қайсақ далаасының өкілдері барынша қонақжай келген деген және зерттеуші төмендегідей дәстүрлер мен салттардың тізіммен берген:

1 Қонақжай - мейман еш алаңсыз киіз үйде демалып жатуына мүмкіндігі бар, ол өзінің тоналуы мен өліп қалуына қорықпайды;

2 Номадтарда қонақасы деген салт болған, әрбір қазақ ақысыз дастархан жайып, оған қарсы келген қонаққа, немесе дәм таппай қалған мейманға қатысты мәлімет биге жетсе, үй иелеріне айыппұл салынған. Бұны дәстүр бойынша ат шапан айып деп атаған. Қонақасыдан бас тартқан меймандар қоғамдық талқылауға түсіп отырған.

3 Дәмнен ауыз тию деген салт ертеден келе жатқан үрдіс. Киіз үйге келген адам міндетті түрде ауыз тию қажет, үй иелері қонақ ауыз тимей, оны үйінен жібермеген.

4 Номадтарда ерулік деген дәстүр болған. Жаңа қоныс аударғанда туыстары мен көршілері және басқа қонақтарын жаңа үйді жақсылыққа болсын деген ниетпен қонаққа шақырады.

5 Қалау деген ырымдары болған. Көзі түскен нәрсені келген қонақ қалап алуына мүмкіндігі болады. Бұл жағдайда, үй иесі қонақтың қалаған нәрсесін кимаса да беруге мәжбүр. Осының негізінде достық қарым қатынас орныққын. Аталған салт негізінде кіндік шеше, баланы дүниеге әкелген адам және оның денсаулығына туғаннан жауапты кіндік шешесі болады. Сондықтан қалауға кіндік шешенің қақысы басым.

6 Қымыз-мұрындық салты уақыты жеткенде қымыз әзірлеп, оны ішуге арналған. Биелерді жаппай сауатын жаз айында,

маусымнан басталған. Ауыл тұрғындары бұл салтты тойлап, мейрам өткізген. Ауыл ақсақалдары өзінің баталарын беріп, жастарға үлгі – өнеге көрсеткен.

7 Жылу деген салт зұлмей қыс айынан қыс айынан тұратын, жүдеу тұрмыстан қажыған адамдарға жылу берілген. Бұл заңдастырылған көмек (жылқы, сиыр, үй, ыдыс және т.б.). Бұнымен ауылдастары басына қиындық түскен адамдармен бірге қайғырғанының белгісі болып табылады.

8 Далада жұртшылық салты кең тараған. Қарызға батып кеткен адамға ауылдастары оны төлеуге болысқан. Ақсақалдар ауылдастарынан көмек сұрап, оны шын жаны қысылған адамдарға жұртшылық атынан беріп отырған. Бұл салт ауыл адамдарын біріктіріп, олардың ұйымшыл болуларына әсері мол болған.

9 Қисапсыз, қайтарымсыз еңбек ету дәстүрі де қазақ елінің ерекшелігін білдіреді. Барлық ауыл адамдары біріге отырып, жалпы күш қуаттарымен кезек – кезекпен қыспақ салу.

10 Асар деген салты айрықша рөл атқарған.

Қорыта келгенде, жоғарыдағы зерттеушілердің ішінде салт пен дәстүрлердің ата жұртымыздан сараланып қалған құндылықтарды жан жақты ашып зерттеген Ф. Фон Хелльвальд. Бұл түзілім - 10 түрлі ұмытуға аз-ақ қалған ұлттық табиғи дамуына тікелей қатысы бар салттар мен дәстүрлер.

Жоғарыда таксономиямен түзілген 10 салт-дәстүрлерден басқа зерттеуші қазақ ауылына айрықша баға береді. Қазақ ауылындағы бірлік, ағайыншылық секілді құндылықтардың бар екеніне мән беріліп, тіпті совет мектептерін XIX ғасырда ауыл адамдары тұрғызғанына көңіл аударылған. Бұдан басқа, зерттеуші ат-тон айып төлеу жылқы малын барымталауға қатысты заң шығарғаны туралы тоқталған. Ол үлкен талқылауға түсті, оның қаншалықты құны бар екені тағайындалып төленген.

Көріп отырғанымыздай, бұл неміс зерттеушісінің еңбегінен кейін XIX-XX ғасырларда Қазақстан тарихының, этнографиясының зерттеуі шетел, ағылшын, орыс, неміс, француз тілдерінде зерттелуі жиіленіп, қазақ халқының салт-дәстүрлерінің, заңдарының басымдық тұстары айқындалып, басқа ұлттарға да ой тастайтын дәреже мен мәртебеге ие болды. Жоғарыдағы талданған еңбектерді саралай келе біздер төмендегідей қайшылықтарды анықтадық:

1 Қазақ жерін зерттеген шетел ғалымдарының салт-дәстүрлерін тарқатып жазғанымен, оның толық қамтылмағаны және екі ұғымның аражігінің ажыратылмауы.

2 Шетел зерттеушілерінің қазақ мәдениетін, толық тұрмыс – тіршілігін этникалық мәнін аша алмауы.

3 Шетел зерттеушілерінің еңбектерінен рухани жаңғыруға алар құндылықтардың анықталмауы.

Жоғарыдағы қайшылықтарды шешу мақсатында біздер тақырыбымызды былай деп талдадық:

Зерттеудің мақсаты: Қазақ жерін зерттеген шетел зерттеушілерінің қазақ салт-дәстүрлерін, мәдениеті, тұрмысы жайлы тұжырымдарын саралап, бүгінгі заман талабына сай рухани жаңғыруға қатыстысын қайта қарастыру, оны өмірге қайтару.

Зерттеудің нысаны: этнографиялық зерттеулердегі рухани құндылықтарды іріктеу үдерісі.

Егер:

1) Қазақ жерін зерттеген шетел ғалымдарының салт-дәстүрлерін тарқатып жазғанымен, оның толық қамтылмағаны және екі ұғымның аражігінің ажыратсақ,

2) Шетел зерттеушілерінің қазақ мәдениетін, толық тұрмыс – тіршілігін этникалық мәні ашылса,

3) Шетел зерттеушілерінің еңбектерінен рухани жаңғыруға алар құндылықтары анықталса, онда шетел зерттеушілерінің еңбектерінен рухани жаңғыруға пайдасы тиер басымдықты алуға мүмкіндік туады.

Жұмыстың практикалық мәні: Саланы модернизациялау, яғни үлгілеу генетикалық табиғи жаратылыс негізінде, ұлттық код сипатында өмір тіршілігіне рухани жаңғырту .

Бүгінде біз дамыған елдермен терезесі тең, тұғыры биік мемлекетпіз. Бірақ біздің елімізде бұрыннан келіп жатқан салт дәстүрлерді қайтадан жаңғырту үшін, мен өз жобамда ағылшын, неміс, қазақ, орыс т.б. ғалымдардың қазақ салт дәстүрлерін зерттегені туралы мәлімет жинадым.

Мен қазақ жерін зерттеген шетел зерттеушілерінің қазақ салт-дәстүрлерін, мәдениеті, тұрмысы жайлы тұжырымдарды сараладым. Бұның нәтижесінде менің жинаған мәліметіме сүйінсек XIX ғасырда өмір сүрген Ф. фон Хельвальд ғалымы біздің қазақ жерінің салт-дәстүрлерін өте жақсы зерттеген. Оның зерттеулерінде мынадай салт – дәстүрлерді байқадым: қонақжай, қонақасы, дәмнен ауыз тию, ерулік, қалау, қымыз мұрындық, зұлмей жұртшылық, қисапсыз, қайтарымыз еңбек ету, асар.

Қазақ жерін зерттеген тағы да бір ағылшын ғалымы ол Томас Аткинсон. Бұның жұмысы Қазақстан жерінде өте құнды болып

саналады. Аткинсон Алакөл, Балхаш, Қапал- Арасан, Бұрхан - бұлақ секілді географиялық құндылықтарын 560 акварелмен суреттеп Америка халқына таныстырды. Ол Тарбағатай, Жоңғар Алатау, Құсжа жерлеріне барып сол жерлерді зерттеген. Аткинсон 1849 жылы Жоңғар Алатауындағы водопаттарды зерттеген. Бұл жұмыс қазақ елі үшін әлі күнге рухани құндылық болып саналады.

Бүгінгі заман талабына сай рухани жаңғыруға қатыстысын қайта қарастырдым. Соның нәтижесінде бүгінгі заманның рухани жаңғыруы, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Бұл жаңғыру процесі баяғыдан басталған. Оған дәлел мен айтқан ағылшын жазушыларының жұмысы бұл рухани жаңғыруға үлкен үлес қосады. Мысалы Аткинсонды алсақ ол біздің қазақ жерлерімізді ағылшын адамдарына көрсетті. Сондықтан сол кезден бастап ағылшын адамдары біздің қазақ жерлерімізде сондай бай табиғатымыз бар екеніне көздері жетті.

Менің ұсынысым егер біз бұрыннан келіп жатқан салт – дәстүрлерді қайта қайтарсақ, рухани жаңғыруға енгізсек онда біздің Қазақстан жеріміз 30 елдің қатарына кіру мақсатымыз өседі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 “Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких, орд и степей” А. И. Левшин
- 2 “Қырғыз өлкесі”, “Түркістан өлкесі”
- 3 “Исследование о касимовских царях и царевичах” В. В. Вель-Яшинов-Зерков, “Исторические сведения о киргизкайсаках” В. В. Вель-Яшинов-Зерков
- 4 Н.Ж. Аристов “Заметки об этническом составе творческих племен”, “Опыт выяснение этнического состава киргиз – казахов большой орды и каракиргизов»
- 5 «Қазақтардың семья-неке қатынастары» Ақбаев Ж
- 6 «Қазақ мәдениеті» А. Байтұрсынов
- 7 «Қазақтың ұлттық қолөнері», «Жаңғырық», «Жолайрықта» Жәнібеков Ө.
- 8 «Шығыстағы бес елдің тарихы» Халиди Қ.
- 9 «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан» Марғұлан Ө. Х.
- 10 «Павлодар уезінің заңдары туралы» Шорманов М.
- 11 «Қазақтар туралы жазбалар» Ш. Уәлиханов
- 12 «Халық мұрасы» С. Мұқанов

13 «Көшпелі тұрмыс және даладағы зерттеулер» Ядринцев Н. М.

14 «Қазақы атаулар мен байламдар» Кейкин Ж.

### **ИСТОРИЧЕСКИЕ КУЛЬТОВЫЕ ПАМЯТНИКИ НА ТЕРРИТОРИИ ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ КАК ПЕРСПЕКТИВНЫЕ ТУРИСТИЧЕСКИЕ МАРШРУТЫ**

ЖУКОВА М.

ученик 11 класса, Областный многопрофильный лицей-интернат  
для одаренных детей, г. Павлодар

КОЖАХМЕТОВА Б. А.

учитель, Областный многопрофильный лицей-интернат  
для одаренных детей, г. Павлодар

Культурный туризм является самым популярным и массовым видом туризма. Во всем мире культурный туризм давно выделился в отдельное направление и с каждым годом получает все большее развитие и в Казахстане. В различные периоды истории на территории нынешнего Казахстана возникали и развивались государства с самобытной культурной историей. Наследием той эпохи являются многочисленные памятники истории и культуры, географические достопримечательности.

По количеству и разнообразию памятников Казахстан не уступает таким странам как Индия, Китай, государствам Средиземноморья и Ближнего Востока и является своеобразным музеем под открытым небом. Многие памятники признаны ЮНЕСКО памятниками всемирного значения. Многообразие культурных ценностей Казахстана – это свыше 25 тысяч недвижимых памятников истории, археологии, архитектуры и монументального искусства, более 2 млн. 56 тысяч единиц культурных ценностей, находящихся в экспозициях и фондах 89 государственных музеев, 66 млн. 840 тысяч томов книг, редких рукописей и изданий, хранящихся в 3495 государственных библиотеках.

Огромным импульсом для развития туристического кластера (паломнический туризм) стала Государственная программа «Культурное наследие», разработанная и реализуемая по инициативе Президента Казахстана Н. Назарбаева. В своем Послании народу Казахстана (2017 год) Президент Н. А. Назарбаев объявил о начале Третьей модернизации в Казахстане. Президент отметил большую

важность стоящей перед казахстанцами задачи по модернизации общественного сознания и подчеркнул актуальность реализации ее положений для развития страны.

В рамках программы «Мәдени мұра», принятое в 2004 году впервые в истории независимого Казахстана была проведена масштабная инвентаризация отечественных памятников и утверждены Списки памятников истории и культуры республиканского и местного значения. Сегодня в рамках модернизации приняты государственные программы «Рухани жаңғыру», проект «Духовные святыни Казахстана» или «Сакральная география Казахстана», который также относится к госпрограмме «Рухани жаңғыру». В ходе рассмотрения данного проекта, было отмечено, что в республике впервые в истории Независимого Казахстана приступили к качественной систематизации памятников историко-культурного наследия и культурного ландшафта страны в контексте его сакрализации. В этом направлении можно отметить труды наших историков-краеведов, которые проделали колоссальную работу, составив исторические туристские маршруты по Павлодарской области.

В настоящее время в Павлодарской области зарегистрировано и функционирует 72 туристских организаций, имеющих лицензии на осуществление туристской деятельности. На территории Баянаульского государственного национального природного парка насчитывается 35 домов отдыха, из них на берегу оз. Жасыбай – 28, оз. Сабындыколь – 5, оз. Торайғыр – 2 дома отдыха и 2 детских лагеря с предоставлением мест проживания, лодок, катамаранов, автобусов для экскурсии, культурные мероприятия в летний период. В настоящее время на территории национального парка имеется 37 археологических памятников, памятников природы и места показа. В целях развития туризма на территории парка разработаны и утверждены 11 туристских маршрутов с общей протяженностью 208,5 км и 1 ботаническая тропа. Богата область так же своими здравницами. К северо-востоку от г. Павлодара расположена лечебно-оздоровительная местность – санаторий «Мойылды». О лечебных свойствах озера Мойылды с его уникальными грязями жители Павлодарского Прииртышья знали с древнейших времен. Восточно-Казахстанская, частично Павлодарская области – единственные места в Казахстане, где со времен ледникового периода сохранились уникальные ленточные сосновые боры. На правом берегу р. Иртыш расположен Палеонтологический

памятник природы Республиканского значения «Гусиный перелёт». Захоронение неогеновых ископаемых животных – гиппариона (трехпалой лошади), носорога, жирафа, саблезубого тигра и др., обитавших 7-10 млн лет назад, находятся на глубине 6-8 м. Захоронение гиппарионовой фауны является крупнейшим в Евразии. В будущем на месте памятника планируется создание палеонтологического парка и раскопочно-павильона. Создание палеонтологического парка и раскопочно-павильона позволит не только сохранить уникальный памятник для науки, но и привлечь туристов из других регионов Казахстана и из-за рубежа, таким образом, повысив туристский и экономический потенциал региона.

На территории области имеются территории, имеющие республиканское и международное значение. Они представляют собой особую экологическую, научную и культурную ценность, и отнесены к категории особо охраняемых природных территорий. К объектам республиканского значения относятся: грот Драверта, грот Кувшин, пещера Аулие, пещера Коныраулие, родник Аулиебулак, родник Телеубулак, ущелье Айманбулак, ущелье Каменных чудес, ущелье Рахай, ущелье Ушсала. Каждая из этих мест включены в список культовых мест для составления туристических маршрутов по Павлодарской области. Тысячи паломников приходят, приезжают с целью взять благословение на возможность иметь здоровье, бизнес, рождение детей и многое другое.

Места Павлодарской области обозначенные как культовые имеют и историческую значимость. Особенно посещение мавзолеев является в Казахстане наиболее доступным видом познавательного туризма. Их у нас в стране достаточно много, и среди них около двух десятков являются наиболее знаменитыми, один из которых является достоянием Павлодарской области, расположенный в Баянаульском районе. Когда пишешь или читаешь о Баянауле, вспоминаешь, что люди с давних времен считали это место священным. Баянаульский район земля интеллектуалов: из этих мест вышли более 400 ученых, поэтов и писателей, среди которых известный казахский поэт и просветитель Машхур Жусуп Копеев.

Место, которое является особенным для каждого жителя Павлодарской области Мавзолей Машхур Жусупа Копеева (рис. 1). Между поселениями Карасук и Жанажол есть памятное место - урочище Ескельды, в переводе на русский язык означает «Хозяин пришел». Он завещал потомкам, чтобы после смерти его не предавали земле. Спустя двадцать лет, что самое загадочное, его

тело было нетленным. А мазар был местом паломничества, ходят целые легенды о том, что хворые и бездетные получали исцеление. И это не давало покоя официальной власти. И в 1952 году на глазах у потомков, друзей и близких снесли мазар. В 1978 году мазар был восстановлен, однако почти через три десятка лет он обветшал. А в 2006 году был возведен уже мавзолей.

Ещё одно место, которое стоит посетить каждому это - Мавзолей «ГабдулУахит Хазрет» (рис. 2). Получал образование в медресе «Мир - араб» города Бухары, равного которому не было во всей Средней Азии. По словам потомков, он учился вместе с философом и литератором Машхур Жусуп Копеевым. В 1888 году он вернулся в родные края, распространял ислам, учил детей арабской грамоте, помогал нуждавшимся. Габдылуахит Хазрет имел уникальные способности лечить людей и предсказывать будущее. Мавзолей духовного просветителя, религиозного деятеля Габдылуахита Хазрета был открыт в 16 июля 2016 года, в Чалдайском бору в 12 километрах от села Арбигень. Мавзолей состоит из одного зала и четырёх окон. Он был построен не только для Габдылуахита Хазрета, но и для его жены Болежан Карынбаевны. Мавзолей является также местом туристического движения и включен как один из исторических памятников казахского культурного наследия в выставку «ЭКСПО-2017». Рядом с новым сооружением стоит старое и про него среди местных жителей ходит много легенд.



Рисунок 1



Рисунок 2

Изучив разные источники по данной теме я пришла к выводу, что программы, предложенные нашим Президентом на сегодняшний день актуальны, потому что время новаций не дает останавливаться, а двигает время вперед, история прошлого остается позади. Задача современной молодежи вести постоянную параллель между

прошлым и будущим так как «без прошлого нет будущего». Для решения задач поставленных главой государства об историческом наследии необходимо использовать культурно-исторический потенциал области для развития внутреннего туризма, так как он является основой познавательного туризма.

Среди объектов историко-культурного наследия особое место занимают археологические памятники. Согласно Закону Республики Казахстан «Об охране и использовании историко-культурного наследия», они изначально имеют статус памятников истории и культуры ввиду исключительной значимости. То есть, с момента его обнаружения, минуя формальные процедуры присвоения статуса памятника и принятия под охрану, все виды археологических памятников подлежат учету и находятся под охраной государства. Эта норма закона создает прекрасные возможности для сохранения и изучения важнейших источников по истории нашей страны, которыми являются археологические памятники.

Памятники нужно использовать в современной туристической сфере, но использование археологических объектов Павлодарской области должно подчиняться главной цели - их полноценному сохранению. Таким образом, как представляется, процесс сохранения и экспонирования памятников истории и культуры не должен ограничиваться решением лишь технологических проблем, являясь частью культурной политики и, если угодно, средством межкультурного взаимодействия. Как и любой другой музей, музеефицированный объект является прежде всего образовательным и научным учреждением. При разработке и предложении туристского продукта Павлодарской области для привлечения туристов извне и повышения возможностей для развития внутреннего туризма, необходимо учитывать также высокую конкурентоспособность ряда других регионов Казахстана, с точки зрения уже существующего развития инфраструктуры и туристского имиджа. Однако это не значит, что Павлодарская область обречена, проиграть в этой конкуренции. Необходимо найти оригинальное предложение и целенаправленно и квалифицированно его продвигать.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Н.А. Назарбаев, статья «Взгляд в будущее: модернизация общественногосознания», 2017
- 2 Лыкошин Н. С. К статистике паломничества в Мекку // Туркестанские ведомости. 1902. №13

3 Д. Нуртазина, статья «Религиозный туризм в Казахстане: история и современные проблемы»

4 Теренник М.С. Чмых Н. «Павлодар: ступени роста» Павлодар, 2004г.

### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТАБЫСТЫ ЕЛ БОЛУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

ЖУКУШЕВА Т.

6 сынып оқушысы, № 21 ЖОББМ, Екібастұз қ.

КАБЫШЕВА А. Д.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,  
№ 21 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, саликалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден карамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз –

ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжитатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Н. Ә. Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

- 1 Бәсекеге қабілеттілік;
- 2 Прагматизм;
- 3 Ұлттық бірегейлікті сақтау;
- 4 Білімнің салтанат құруы;
- 5 Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
- 6 Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық

қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Болашаққа бағдар ретінде осы оқу орнында білім алып жатқан жастарымыз Елбасының осы сөздерін өздерінің алға қойған өмірлік мақсаттарына енгізе отырып, еліміздің рухани тұрғыдан дамып, интеллектуалдық дәрежесінің жоғарылауына үлесін қосады деген сенімдемін. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Мен Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір маман иесі кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы қажеттілігін түсінемін. Ел Президентінің рухани жаңғыруға қатысты ұстанымдары әр білім ошағында да, яғни бірауыздан қолдау тауып, ұлттың кемелденіп дамуына әсер етуші ең маңызды фактор деп санаймын. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім жүйесі әрдайым бірінші кезектегі орында тұруы міндет деп есептеймін.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», -дейді Н. Ә. Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп тануымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке камданудың әрекеті деп түсінеміз.

Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің

тірегі», – деген Н. Ә. Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар». Осылайша айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.

Қазіргі таңдағы білім мен тәрбие жүйесі Елбасының парасатты пайымдарын негізге ала отырып, қарқынды түрде жүзеге асыруда.

Ал осыған орай, өз мектебimde, қаламызда жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталсам, әр сыныпта «Мен өз елімнің патриотымын» тақырыбында сынып сағаттары өтіп, әр бағыт бойынша өте жоғары деңгейде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Өз басым сол сынып сағатынан кейін Елбасымыздың саясатын толық меңгергеннен кейін «Мәңгілік ел» болуымызға мен де өз септігімді тигізсем деп ойладым. Қаламызда әр білім ошақтарында көптеген іс-шаралар жүргізіліп, өзін осы мектептің белсенді мүшесі ретінде соларға қатыстым. Өзім қазір үштілділікті оқытуды өте дұрыс қолға алынған жұмыс деп есептеп, қосымша ағылшын тілі курстарына қатысып, білімнің биік шыңына шықсам деп ойлаймын.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында ел бірлігін нығайтуда ұлттық мәдениеттің рөлін арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру» жобасы аясында мектебімізде ел бірлігін сақтау, достық қарым-қатынаста болу, татулықты нығайту бойынша жұмыстар атқарылып келеді. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» - деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан, осы түсініктерді ана тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»-дейді Әл-Фараби.

Ендеше еліміздің гүлденуіне білімді, бәсекеге қабілетті ел болуымыз үшін біз де үлесімізді қосайық дегім келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Алматыкітап» баспасы «Біздің Президент», 2015ж
- 2 «Егеменді Қазақстан» газеті , «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы
- 3 www.egemen.kz «Егемен Қазақстан» газетінің ресми сайты

#### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МЕНІҢ СҮЙІКТІ ҚАЛАМДА

ЖҰМАБАЙ Б. Қ.  
оқушы, № 33 ЖОББМ, Павлодар қ.  
ЕРАЛИЕВА Г. Б.  
мұғалім, № 33 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазақстанның солтүстік-шығысындағы Кереку деген атпен танылған менің туған жерім Павлодар.

Павлодар облысында 2014 жылдың санағы бойынша 353 930 тұрғын және орыс, украин, неміс, татар, беларус халықтарымен тату-тәтті өмір сүреді. Павлодарда 5 мәдениет үйі, 17 кітапхана, 5 стадион жұмыс жасайды. Одан басақа қаламның өнер сүйер қауымдарына арналған И. Байзақов атындағы филормония, Бұқар жырау атындағы әдебиет мұражайы, Г. Потанин атындағы тарихи-өлкетану мұражайы, Шаңырақ мәдениет үйі және түрлі іс шаралар өткізуші Естай атындағы қалалық мәдениет сарайы орын тапқан.

Негізінде мен өз мақаламды Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қандай жұмыс жасап жатқаны туралы айтқым келеді.

«Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік» - деп Абылай атамыз айтпақшы Н. Назарбаевтің «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы біліміміз бен рухымызды көтеруге үлкен мүмкіндік туып тұр.

Биыл Керекуімізге 80 жыл келіп қалды. Бұл мерей тойымызды Рухани жаңғыру бағдарламасымен ұштастырып әкету біз үшін үлкен мерей той болғалы тұр. Жазық далада салт дәстүрімізді еске алып Ұлы дала елі фестиваліндегідей де бір тойлап жіберсек екен.

Менің ойым ша рухани жаңғыру бұл жаңашылдықты халыққа көрсету былайша айтқанда эволюцияны айқындау оған басқа көзбен қарауды жөн көремін. Оған байланысты іс-шараларды жас мамандардың жасағаны дұрыс деп ойлаймын. Себебі жастардың фантазиясы жақсы болып келеді. Мен осы сөздер арқылы Керекуімнің рухани жаңғырғанын ойлаймын.

Тәуелсіздік алғалы 25 жылдан асты. Егемен ел болған Қазақстанның алғашқы ұрпағы ат жалын тартқан азамат, елдің тізгінін ұстайтын халге жетті. Сондықтан болар аталған мақаланың негізгі көзі жастарға ескерту, олардың көзін ашу, алға жетелеу.

Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды [1].

Шын мәнінде, көз ілеспес шапшаңдықпен дамып, жедел өзгеріп отырған мына дүбірлі дүниеде, Елбасы айтқандай, сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңісті болып қалған таптаурын қағидалардан арылып, рухани жағынан серпілуіміз, жаңғыруымыз қажет. Бұл арада рухани жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодымызды сақтау екенін әрдайым есте ұстап, әлемдік өзгерістерге сай жаңаша ойлау жүйесін қалыптастырғанымыз абзал. Ұлттық кодты сақтау дегеніміз – ұлттық болмысымызды нығайтып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ету деген сөз. Ұлттық болмыстың өзі біздің ежелден келе жатқан қазақи салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады десек, мына өзгермелі дүниеде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың

санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыру деген сөз [2].

Елбасы рухани жаңғыруымыздың басты құндылығы ретінде бәсекеге қабілеттілікті ұсынады. Бүгінгі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелестік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатынына ұлт Көшбасшысы ерекше назар аударып отырғаны бекер емес. Өйткені әлемдік бәсекеге қабілеттілік ұлтымыздың экономикада ғана емес, рухани әлемде де озық болуын қажет етері сөзсіз.

Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтаумен бірге ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Елбасы айтқандай, ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс. Әрине, ұлттық құндылықтардың бәрі жас ұрпаққа отбасынан, балабақшадан, мектептен берілері анық. Жоғары оқу орындарында ол одан әрі тереңдетілуі тиіс. Сондықтан ата-ана да, орта мектеп пен жоғары оқу орындарының ұстаздары да ұлттық тәрбиені бірінші кезекке қойғаны абзал. Мысалы, біздің мектебімізде «Ұлттық тәрбие», «Абайтану» пәндері оқытылып келе жатқаны осы ұлтжанды азаматтарды қалыптастыру мақсатынан туындағаны сөзсіз.

Қазір бұл бастамамыз елімізде кеңінен қолдау тауып, жоғары оқу орындарында ұлттық тәрбиені оқытуға ерекше ден қойылуда. Абай мұралары да ұлттық құндылықтарға толы. Оның ішінде халықтың би-шешендерінің, ақындарының, күйшілерінің мұралары рухани байлығымыздың қайнар көзі. Біз оларды мектептерде де мына өзгермелі заманға лайықтап оқытып, ұрпақ игілігіне айналдыруымыз керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ералиева Гулдана Буркиталиевна Дереккөзі: <https://www.zharar.com>
- 2 [https:// Massaget.kz](https://Massaget.kz),



## САКРАЛЬНЫЕ ОБЪЕКТЫ МЕСТНОСТИ МУРЫНТАЛ ДАЛБИНСКИХ ГОР ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

КАБДЕШ А.

ученик 7 «И» класса, гимназия № 3 для одаренных детей, г. Павлодар

МУСАГАЖИНОВА А. А.

магистр истории, ст. преподаватель,  
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

2 апреля 2017 года Главой государства была опубликована статья «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». В статье актуализируется идея формирования символики духовности нашего народа. В программной статье подчеркивается, что «у каждого народа, у каждой цивилизации есть святыне места, которые носят общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа» и утверждается тезис о том, что «никогда в народе не прерывалась связь в этом духовном географическом поясе».

В статье Глава государства обозначил актуальность изучения сакральных объектов Казахстана. Как подчеркнул Президент: «Вопрос в том, чтобы увязать в национальном сознании воедино комплекс памятников вокруг Улытау и мавзолея Кожа Ахмета Яссауи, древние памятники Тараза и захоронения Бекет-Ата, древние комплексы Восточного Казахстана и сакральные места Семиречья, и многие другие места. Все они образуют каркас нашей национальной идентичности».

В условиях глобализации и формирования информационного общества идет расширение возможностей воздействия чуждых идеологических, культурных символов и ценностей других народов на сознание казахстанцев. Целью в рамках проекта «Сакральная география Казахстана» ставится развитие собственной национальной символики в рамках культурно-географического пояса святынь Казахстана.

В рамках нашего доклада, мы представляем результаты изучения основных сакральных объектов местности Мурынтал Далбинских гор Павлодарской области.

Мурынтал является местностью с богатыми историческими, культурными традициями и преданиями. Местность населена в основном представителями суюндуковского рода Айбадол племени Аргын. Наиболее интересными и малоизвестными являются два объекта - Соре тас Казыбек бия и билик тас Едыге бия.

Предания о соре тас Казыбек бия датируется XVIII веком. Сами каменные стелы находится в Далбинских горах, в 2–3 км к юго-западу от села Мурынтал Баянаульского района Павлодарской области. Соре тас Казыбек бия расположен в живописной местности, где протекает горный ручей Теректібулак и представляет собой каменную насыпь с ограждением и каменными стелами, на которых предположительно хранили тело умершего Казыбек бия.



Рисунок 1 – Соре тас Казыбек бия

Казыбек бий (предположительно, 1667–1764 гг.) был знаменитым бием Среднего жуза, одним из исторических государственных деятелей Казахского ханства, одним из трех тобе биев Тауке хана. Казыбек бий происходил из рода Каракесек племени аргын Среднего жуза. Еще в молодости он выделился своими яркими, пламенными речами, чем снискал славу во всем Казахском ханстве. Казыбек би выделялся как искусный оратор и знаток казахских традиций и обычаев. Тауке хан, впечатленный дарованием молодого бия, берет 14-летнего Казыбека в состав делегации ко двору жонгарского правителя. Благодаря пламенным речам молодого бия, удалось вернуть угнанный скот и плененных. За звонкий и четкий голос Казыбек бия стали именовать Қаз дауысты (Гусиноголосый).

Время, когда жил и вершил власть Казыбек бий, одно из самых сложных этапов истории казахов. Казахское ханство переживало глубокий политический кризис, вызванный центробежной тенденцией. Центральная власть теряет контроль на местах, властью все больше пользуются местные султаны, провозгласившие себя ханами

жузов. Именно в эту эпоху Тауке хан предпринимает смелые шаги ради сохранения единства ханства, назначив в каждый жуз своего представителя – биев из простого народа – «карасуйек». При этом ставка была сделана на самых авторитетных биев. В Старшем и Младшем жузах биями стали знаменитые Толе и Айтеке, а в Среднем жузе был выбран Казыбек бий, имевший беспрекословный авторитет и уважение. Три бия стали хорошей опорой центральной власти и стремились удержать единство ханства. При непосредственном участии трех биев с целью систематизации норм обычного права и усиления порядка в ханстве при Тауке хане был разработан свод законов – «Жети жаргы».

Казыбек бий принял деятельное участие в пробуждении национального самосознания казахского народа, призывами убеждал народ в необходимости объединения против внешнего врага – жонгар. Также Казыбек бий выделялся призывами за усиление связей с Российским государством. После смерти Тауке хана продолжал активную общественно-политическую деятельность, был советником при Самеке и Абулмамбет ханах. В начале 40-х годов XVIII века, в период усиления военного давления жонгар на Казахское ханство, вел переговоры и участвовал в освобождении казахского султана Абылая из жонгарского плена.

В 40-е годы XVIII века бий переселился из присырдарьинских кочевий в степи Сарыарки. На старости лет отошел от политических дел, отдав всю полноту своей власти своему сыну Бекболату. Проживал в Каркаралинских, затем в Далбинских горах. Свою смерть Казыбек бий встретил в преклонном возрасте на своей зимовке в Далбинских горах. Было решено доставить тело умершего Казыбек бия в Туркестан, где были захоронены выдающиеся деятели Казахского ханства. Однако коммуникация была усложнена суровой зимой и потомки бия решают сохранить тело до весны. Для этого около зимовки бия были собраны старые каменные стелы и положено тело бия. Техника сохранения тела умершего без гления была знакома казахам и часто применялась в условиях отсутствия возможности доставить тело в родовое или иное место захоронения. К весне тело Казыбек бия в Туркестан доставили его сыновья во главе с Бекболатом, и было захоронено в мавзолее Ходжа Ахмета Яссави.

Казыбек бий оставил потомкам богатейшее духовное и правовое наследие, сыграв выдающуюся роль в сохранении единства казахов и объединении в борьбе против жонгар. Слова и выражения, приписываемые Казыбеку столетиями передавались среди казахов и всегда выделялись глубоким познанием казахского быта и практики.

Информация о каменных стелах, на которых предположительно хранилось тело бия, о месте их расположения передавалась среди соплеменников бия. В последующем, место, где располагался соре тас, было облагорожено. Потомки свято хранят память об этом месте, оно имеет сакральное значение в сознании казахов и является одним из посещаемых мест Далбинских гор. Место расположения камней, получивших известность как соре тас, и связанных с именем выдающегося деятеля казахской истории Казыбек бия, стало объектом поклонения. Сюда приезжают жители Приртышья, читают молитвы. Данный памятник историко-культурного наследия являются объектами туризма и почитаются в народной памяти как места, имеющие сакральное значение.

Предания о билик тас Едыге бия датируются XVIII веком. Представляет собой природный объект, состоящий из двух каменных валунов, расположенных друг на друге. Каменные валуны находится в Далбинских горах, в 2–3 км к юго-западу от с. Мурынтал Баянаульского района Павлодарской области.



Рисунок 2 – Билик тас Едыге бия

Едыге бий являлся знаменитым бием казахского общества. Происходил из родовой ветви Жанкозы рода Айдабол племени Аргын Среднего жуза. Его предок Айдабол бий был одним из выдающихся биев Казахского ханства. Отец Едыге являлся знаменитым батыром Толебаем. В памяти народа остались сведения о решенных спорах, крылатых фразах и делах Едыге бия. Например, собиратель казахских преданий Машхур Жусуп Копеев пишет о решениях Едыге споров среди представителей племени Уйсун, о беседе Едыге с Толе бием,

о разборах собственных снов Едыге бием, о сватовстве с Тоғас бием, об утешении Жангир хана в связи с утратой сына и другие рассказы.

Едыге был отцом известных на всю Сарыарку двух биев – Шона и Торайгыра. Шон стал первым ага-султаном Баянаульского внешнего округа, открытым в 1833 г. Согласно преданиям, записанным Машхур Жусупом, до рождения детей Едыге видел сны, которые затем характеризовали его детей. До рождения на свет Шона во сне он держал беркута с добычей под крылом. Добычу беркут поедал, закрыв крыльями. Когда родился Кигара, отец видел во сне самца фазана. А накануне рождения сына Торайгыра, во сне он держал степного сокола. Сокол взлетел над озером и вернулся с добычей. Но добычу не трогал. Свои сны Едыге би толковал следующим образом: Шон будет использовать свое положение для личной наживы, Кигара будет годен только для выпаса скота, а Торайгыр станет моим соколом, самым благородным из людей. Предсказания знаменитого бия свершились. Торайгыр славился в степи как справедливый, честный бий, достойный своего отца. Казахи всегда искали защиты от притеснений у него. Торайгыр бий жил близ озера, впоследствии названного его именем.

Огромные камни-валуны возле села Мурынтал, лежащие друг на друге, по преданиям стали местом судебных решений Едыге бия. Именно на этом месте знаменитый бий разбирал дела, решал споры и наказывал виновных. По рассказам местных аксакалов, Едыге взбирался на эти камни, используя верблюда – ак-нара. Казахи Сарыарки восхваляли Едыге таким выражением: «Едыге би цену мужчины решал двумя словами» («Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешеді»).

Память о личности и деятельности Едыге бия связана с почтением к местам, связанным с ним. Казахи Прииртышья с особенным сакральным трепетом относятся к билик тас выдающегося деятеля казахской истории Едыге бия, расположенного в живописной природной зоне и богатой на различные легенды местности. Сюда приезжают жители Прииртышья, читают молитвы. Данный памятник историко-культурного наследия стал объектом туризма и почитается в народной памяти как место, имеющие сакральное значение.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Қаз дауысты Қазыбек би. Ред. М.Сабықбек. – Түркістан: «Әзірет Сұлтан» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы, 2011. – 17 б.

2 Қазыбек бидің елшілігі // Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20-томдық жинақ. 9 том. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2008. – 9 т. – Б. 14–15.

3 Қазыбек және қалмақ ханы // Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20-томдық жинақ. 9 том. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2008. – 9 т. – Б. 15–20.

4 Народные предания (информатор У. Ажибаев, 1962 г.р.)

5 Едігенің алғашқы билігі // Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 12 том. 20 томдық жинақ. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2008. – 12 т. – Б. 77–79.

6 Едігенің көрген түсі // Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 12 том. 20 томдық жинақ. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2008. – 12 т. – Б. 79.

7 Едігенің Тоғаспен құда болуы // Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 11 том. 20 томдық жинақ. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2008. – 11 т. – Б.198–203.

#### РАЙХАН САТПАЕВА – ПЕРВАЯ ЖЕНЩИНА-КАЗАШКА – ДОКТОР МЕДИЦИНСКИХ НАУК

КАЗИЕВ А. Д.

ученик 7 класса, лицей-интернат «Білім-инновация»  
для одаренных юношей, г. Павлодар

СУЛЕКЕЕВ Д. К.

учитель истории, лицей-интернат «Білім-инновация»  
для одаренных юношей, г. Павлодар

В 2017 году исполнилось 105 лет со дня рождения основателя отечественной школы кардиологов, терапевта, первой женщины-казашки, получившей ученую степень доктора медицинских наук, профессора, заслуженного деятеля науки Казахской ССР, участника Великой Отечественной войны Райхан Абикеевны Сатпаевой (1912-1984 гг.). Райхан Сатпаева родилась 15 ноября 1912 года в урочище Айрык, ныне Баянаульский район Павлодарской области в семье учителя. Она была достойной дочерью замечательного отца, педагогом, уважаемым человеком в медицинском мире и всеми благодарными пациентами, кто лечился у нее.

Райхан Сатпаева является старшей дочерью одного из ярких представителей просветительства, образования Казахстана начала XX века – Абиkey Зеиновича Сатпаева. Крупный педагог, председатель

Губоно в Семипалатинске, преподаватель Семипалатинской учительской семинарии Омского рабфака, Фрунзенского педагогического института, первый директор Семипалатинского педагогического техникума, участник национально-освободительного движения «Алаш орда» - вот основные вехи А. З. Сатпаева. Абикей Зеинович Сатпаев был знаком и тесно общался с крупным лидером национально-освободительного движения, просветителем, писателем Ахметом Байтурсиновым. Абикей Сатпаев являлся одним из членов степной окружной партии «Алаш».

Абикей Зеинович в жизни и в просветительской деятельности воспитал многих специалистов, среди которых есть виднейшие ученые, как Каныш Сатпаев, Алькей Маргулан, Мухтар Ауэзов и многочисленный отряд педагогов, журналистов, работников государственных учреждений. Некоторые из них оставили записи и воспоминания об отце Райхан Сатпаевой.

К. И. Сатпаев в одной из анкет писал: «За полученное образование считаю обязанным на всю жизнь двоюродному брату, старому интеллигенту Абикейу Зеиновичу Сатпаеву». Известный академик, уроженец Баянаульского района Алькей Маргулан был одним из самых близких людей рода Сатпаевых, знал и ценил всех. Впоследствии ставший мужем второй дочери Абикей Сатпаева писал: «...в 1911 году двенадцатилетнего Каныша брат Абикей привез в Павлодар для поступления в русско-казахское училище, где сам работал учителем русского языка и литературы» [1].

В 1937 году Абикей Сатпаев как и многие представители казахской интеллигенции подвергся репрессиям и был расстрелян. Только в 1988 году его имя было реабилитировано.

Трудовая биография Райхан Абикеевны Сатпаевой поражает верностью избранному делу жизни. После окончания Среднеазиатского государственного медицинского института города Ташкента в 1935 году она почти полвека проработала в Алматинском государственном медицинском институте: клиническим ординатором (1935-1938 гг.), ассистентом (1938-1945 гг.), доцентом (1946-1952 гг.), а с 1952 года до конца жизни заведовала кафедрой госпитальной терапии и внутренних болезней. С первых же дней после прихода на кафедру Райхан Абикеевна начала работать над кандидатской диссертацией, посвященной вопросам силикоза, однако ее защита состоялась только в 1945 году.

В годы ВОВ, будучи ассистентом кафедры, она, доверенный врач-терапевт облвоенкомата, участвовала в составе военно-

врачебной комиссии в формировании казахстанских дивизий, выезжая в Жаркент, Нарынколь, Иссyk, Талгар, Чилик, Кегень. Одновременно работала в военных госпиталях города Алматы. С 1946 года продолжала научно-исследовательскую и педагогическую деятельность уже в качестве доцента. В течении 15 лет она на практике, непосредственно на промышленном предприятии – Лениногорском полиметаллическом комбинате, занималась изучением как заболеваемости силикозом, так и клинико-морфологическими изменениями внутренних органов, страдающих этой болезнью. Ею были выяснены особенности течения силикоза, разработана система профилактических мероприятий против этого заболевания; были изучены эпидемиология, клиника, методы лечения и профилактики ишемической болезни сердца, артериальной гипертонии и гипертонии в различных климато-географических зонах Казахстана; определена лечебная эффективность местных лекарственных растений.

Многолетние фундаментальные исследования были обобщены в докторской диссертации, защита которой состоялась в 1961 году. Трудлюбие клинициста с широким кругом интересов, увлеченность наукой позволили Райхан Сатпаевой стать первой женщиной-казашкой, которой была присуждена ученая степень доктора медицинских наук и присвоены звания профессора в 1961 году и заслуженного деятеля науки Казахстана в 1967 году. Ученого отличали эрудиция, высокий уровень знаний, целеустремленность в научном исследовании, а также редчайшая способность объединить вокруг себя талантливых врачей, таких как доктора медицинских наук, профессора: с 2001 по 2006 года директор КазНИИ кардиологии Министерства здравоохранения РК Алихан Джусипов, с 1996 по 2002 года проректор по научной работе Семипалатинской государственной медицинской академии Людмила Каражанова, заведующей кафедрой внутренних болезней № 1 КазНМУ Дулат Полимбетов и многие другие [2, с. 6]. Хотелось бы отметить, что Дулат Полимбетов поступив в 1971 году в аспирантуру г. Алматы к известному научному деятелю науки, профессору Райхан Сатпаевой, говорил о ней так: « Это мой основной учитель по всем параметрам. И с тех пор я на её кафедре. Как она сама говорила от аспиранта, ассистента, доцента, профессора, я дошёл до заведующего кафедрой» [3].

Основные научные интересы Р. А. Сатпаевой, которую по праву называют основателем школы кардиологов Казахстана, были

связаны с проблемой номер один медицинской науки «Атеросклероз, ишемическая (коронарная) болезнь сердца, артериальная гипертензия» и краевой патологии. Наряду с этим, она много времени уделяла изучению вопросов клиники этих заболеваний, их диагностики и лечения, профилактики и реабилитации больных. По сей день эти направления продолжают ее учениками в ряды ВУЗов республики, научных центрах и КазНИИ кардиологии Министерства здравоохранения РК. Райхан Сатпаева опубликовала 4 монографии, более 300 статей, учебно-методических рекомендаций и пособий. Некоторые из них: «Силикоз» опубликованная в 1970 году, «Ишемическая болезнь сердца» опубликованная в 1975 году, «Влияние климата на лечение сердечно-сосудистых заболеваний» опубликованная в 1983 году [4, с. 435].

Крупный ученый, профпатолог-интернист, кардиолог подготовила 5 докторов и 48 кандидатов наук, успешно продолжающих ее дело во многих странах. Она не раз представляла казахстанскую медицинскую науку на Среднеазиатских форумах, на международных и всесоюзных конференциях в Москве, Париже и других городах. В разные годы Р. Сатпаева была председателем Казахстанского республиканского научного общества терапевтов, главным терапевтом республики, членом и заместителем президиума Всесоюзного научного общества терапевтов, членом Международного общества интернистов, членом редколлегии журнала «Здравоохранение Казахстана» [5, с. 516].

Достижения специалиста в области общественной деятельности обычно связаны и с благополучием, спокойствием семьи. Хотелось бы отметить, что супругом Райхан Сатпаевой был наш земляк, известный химик, академик Академии наук КазССР, доктор технических наук, профессор, заслуженный деятель науки и техники Казахской ССР Абикиен Бектурович Бектуров (1901-1985 г.г.) [6]. Они соединили свои судьбы еще в то время, когда были живы их родители, которые благословили их союз.

За большой вклад в теорию и практику медицины и здравоохранения Райхан Абикиевна Саптаева награждена орденами Ленина, Отечественной войны 2-й степени, Трудового Красного Знамени, медалями, Почетными грамотами Верховного Совета Казахской ССР, Почетной грамотой и медалью Сергея Петровича Боткина. К 80-летию со дня рождения профессора Р. А. Сатпаевой в 1992 году было посвящено одно из представительных заседаний Алма-Атинского медицинского института. В 1998 году в честь заслуг

Р. А. Сатпаевой на здании Алматинской городской клинической больницы скорой помощи была установлена мемориальная доска.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 (<http://bibliotekar.kz/svet-ochaga-shamshijabanu-satpaeva/satpaev-abikei-zeinovich.html>)
- 2 СаулеИбраева. Звезда прииртышья 17 ноября 2002 год. Вершины РайханСатпаевой.
- 3 <http://zhardem.kz/news/2591>
- 4 Казахская СоветскаяЭнциклопедия.–Алматы, 1977. Т. 10.
- 5 Павлодарское Прииртышье. Энциклопедия. – Алматы: «Эверо», 2003.
- 6 [https://ru.wikipedia.org/wiki/Бектуров,\\_Абикиен\\_Бектурович](https://ru.wikipedia.org/wiki/Бектуров,_Абикиен_Бектурович)

#### «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ «АЛАШ» ИДЕЯСЫМЕН САБАҚТАС

КАИРБЕК А. Ж.

10сынып оқушысы, № 1 қазақ орта мектебі, Ақсу қ.  
ЖУСУПОВА А. Н.

10 сынып оқушысы, № 1 қазақ орта мектебі, Ақсу қ.  
АЛИНА М. К.

тарих пәнінің мұғалімі, № 1 қазақ орта мектебі, Ақсу қ.

Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бай қуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Бұған қоса қазақтың XX ғасыр басындағы зиялылары тәуелсіз мемлекет құрып, халқын бір кездерде уысынан шығарып алған азаттыққа жеткізуді армандады, сол үшін аянбай күресті.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Азаттық алу қазақ халқының да XVIIIғасырдан бастап көкейкесті мәселелерінің бірі болды. Патшалы Ресей бодандығын қабылдауға мәжбүр болған халықтың тәуелсіздік уақыт өте келе қол жетпес арманына айналды. Сол үшін де халық ауқымды ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістерге шығып, батырлары, ел қамын ойлаған азаматтары тәуелсіздік жолында өз өмірлерін құрбан етті. Ұлтжанды, елжанды ел азаматтары ат үстінен түспей күн кешіп, түн қатты. Бодандық қамытын киген

халықты озбыр отарлау саясатына қарсы топтастыруға Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Жақып Ақпаев, Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов және тағы сол сияқты өз заманынан ілгері кеткен, еуропалық деңгейде білім алып, ойлай білетін, алдыңғы қатарлы зиялылар ұмтылды. Ұлт зиялыларының алдында тәуелсіз қазақ мемлекетін жаңғырту, мәдениетті көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, жер, әйел теңдігі, дін тәрізді мәселелерді шешумен қатар қоғамды өзгерту сияқты маңызды қадамдар тұрды. Зиялылар санының аздығына қарамастан әлеуметтік, қоғамдық-саяси мәні зор, шешімі қиын істерді атқарып, ұлт мүддесінде еңбек етті. Осы мақсатта «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналын шығарып, өздері өмір сүрген уақыттың ең өзекті мәселелерін көтеріп, бұқара халыққа насихаттады. Бостандық пен тәуелсіздіктің мәнін ұлт зиялылары «Қазақ» газеті арқылы халық санасына сіңіріп, елдің назарын осы мәселеге аударуға тырысты.

Қазақ Елінің болашағы Алаш ардақтыларын ерекше толғандырды. «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырып, одан әрі дамытатын жастар болғандықтан ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға талпынуы керек. Мемлекеттің осы бағытта атқарып жатқан ізгі жұмыстары аз емес. Елбасы Н. Назарбаев «Мәңгілік ел» идеясын Қазақстан халқының жарқын болашағы үшін қабылдаған өте маңызды және тарихи мәнге ие құжат. Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз – егемендігімізді сақтап, мұратымызға айналған «Мәңгілік ел» болу идеясын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ету қажет.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеті: зерттеу жұмысының мақсаты болып Қазақстан тарихындағы «Мәңгілік ел» идеясының жазылу мәнін, ерекшеліктері мен рөлін, осы мәселені тарихи тұрғыдан анықтау табылады. Сонымен қатар, өз кезегінде, «Алаш» біртұтас қазақ идеясымен салыстыру, тарихи зерттелу деңгейін көрсету де зерттеу жұмысының мақсаты болып табылады. Алға қойған мақсаттарға жету үшін төмендегідей міндеттер анықталды:

- «Алаш» біртұтас қазақ идеясының ерекшеліктері мен жарияланған әдебиеттерді зерттеу;
- «Алаш» идеясының ерекшелігімен байланыстыра отырып, «Мәңгілік Ел» идеясының элементін зерттеу;
- «Мәңгілік Ел» идеясының сипатын, мәні мен ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу жұмысының жаңашылдығы: - қазақ тарихында «Алашорда» деп атанған еліміздің тұңғыш идеясының зерттелу бастамасын жалғастыру, тарихи деректерді топтастыру және ұсыну, тарихи маңызын көрсету. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясын салыстырмалы саралау негізінде талдау жасау әрекетін жасау. Осы зерттеу жұмысында өзіндік көзқарас пен мәні туралы пікірлер топтастырылады. Зерттеу жұмысы барысында жасалған қорытындылар мен ұсыныстар отандық тарихты жетілдіру үшін және оқушылар арасында шығармашылық жұмыс кезінде пайда болатын нақты сұрақтарды шешуде теориялық және тәжірибелік маңызын көрсету болып табылады.

Ғылыми болжам: «Алаш» идеясы - қазіргі қолданыстағы «Мәңгілік Ел» идеясы қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсатының негізгі бастауы.

Практикалық маңызы: Ғылыми жоба шығармашылық жұмысты дамытуға бағытталған және одан әрі зерттеулік ізденістер үшін, оқырман арасында тарихи білімді жетілдіру үшін маңызды болуы мүмкін.

Мәңгілік ел идеясы үш ғасырлық тарихы бар Түрік қағанатының сол кездегі геосаяси ортасын орнықтыруға ат салысқан Құтлұқ Елтеріс пен Түй-Ұқық есімдерімен тікелей байланысты айтылады. Себебі осы кезеңде, азаттық алған жылдары еліміздің геосаяси ортасы қалыптасты. Көршілес және басқа да сыртқы елдермен мемлекетаралық, дипломатиялық қатынастар орнатылды. Ұлттық қауіпсіздігіміз нығайды. Шындығында, еліміздің болашағын 2050 жылға дейін өркендетудің жан-жақты жолдарын қамтыған жеті басымдықтан тұратын бағдарлама ұзақ мерзімді жоспардың орындалу жолдарын нақтылаумен ерекшеленеді. 2050 жылға қарай еліміз әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс. Белгіленген жаңа саяси бағыттың табысты басталуын қамтамасыз етуде ағымдағы жылдың міндеттері де айтылды. – «Қазақстан – 2030» стратегиясының қорытындылары бойынша тарихта біздің мемлекет халықаралық дәрежеде танылған нақты шекарасын белгіледі. Жолдаудың ерекшелігі ұлы мақсаттарға жетелейтін– Мәңгілік Ел идеясы екенін атап өтті. Осы ретте айта кетейік, «Мәңгілік ел» идеясын «Алаш» идеясымен де сабақтастыруға болады. Өйткені, Алаш арыстары да ұлттық идеяны жасауға талпынды. Бұл туралы да Елбасымыз өз еңбектерінде жазды. Өткен

ғасырдың басында «ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани - зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды». Мысалы, Смағұл Сәдуақасов кезінде өмір үшін күресудің жолдарын саралай келіп, «Адам баласына жан - дүние қамы үшін алдымен тамақ, киім, үй керек. Әсіресе, тамақ, киімсіз тұру мүмкін емес. Мал асырау, егін салу, сауда қылу, ұсталық қылу, тіл, қолөнерімен кәсіп қылу, жалға жүру, тіленшілік қылу, ұрлық қылу бәрі де жан-дүниенің қамы. Осындай жолдармен өмір үшін күрескендер көп. Бұлардың ішінен біреуінің тұрмысы жақсы, біреуінікі орташа, үшіншісінікі нашар... Не іске де әдіс керек және заман өткен сайын әдіс өзгеріп тұрмақшы» дейді [7,67 б.].

Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып отыратын нәрсе. Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын нағыз зиялылар. Қазақстандағы ұлттық идея қазақтармен бірге дүниеге келді, әрі тарих сахнасына да қазақтармен қол ұстаса көтерілді. Мұның ішінде көзге бірінші көрінетін нәрсе «ұлттық рух», «ұлттық идея», «ұлттық мүдде», «ұлттық зиялылық» ұғымдарының бірінің мәнін бірі толықтырып және адам болмысының рухани ерекшеліктерін зерттеуде үлкен тарихи тәжірибе мен білім көзіне айналып отыратындығы.

XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Әрі уақыт ағымына орай, саяси тұрғыдан шырығып, Алаш идеясы дүниеге келді. Оны жетілдіруші әрі қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті. Бұл ел тарихындағы елеулі кезең турасында Президент Н. Ә. Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» - деп, әділ бағасын берді. Қазақ халқының тарихында әр ғасырдың басы аласапыран оқиғаларға толы болды. Бұл өз кезегінде тарих сахнасына ірі-ірі тұлғалар мен қайраткерлерді шығарып, түбірлі өзгерістерге алып келіп отырды. Бұл кез Алаш ардагерлерінің айтуынша, «қазақтың бар болу немесе жоқ болу» мәселесі таразыға тартылған кез еді. Олай болатыны, бұл шақта қазақ халқы толықтай патшалық Ресейдің басыбайлы боданына

айналған еді [4, 36 б.]. Қазақ даласындағы хандық билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсеңдеген шақ еді. Алашорда қозғалысы мен Алаш идеясының пайда болуына тікелей осы аталған тарихи жағдайлар себеп болды. Қазақтың алғашқы оқығандары қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Демек, Алаш идеясы бүгін де, ертең де өзінің жалғасын табады. Жаһандастыру дәуіріндегі рухани тәуелділіктен қорғайтын бірден-бір ұлттық бағдарлама осы болып табылады. Мәмбет Қойгелдиев алаш идеясының түпкі маңызын ашып көрсетеді: «Алаш тәжірибесі нені көрсетті: біріншіден, Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршеңдік сипатын айғақтайды. Алаш идеясының өзегі - ұлттық мемлекеттік. Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық - жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық [5, 54 б.]. Міне, осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы - Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Бұл елеулі кезең турасында Президент Н.Ә.Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» - деп, әділ бағасын берді. Қазақты біртұтас ел деп танысақ, Алаш идеясын біртұтас қазақ идеясы деп мойындауымыз қажет [7, 70 б.].

Кесте 1

| Алаш идеясы                     | Мәңгілік Ел идеясы   |   |
|---------------------------------|--|---|
| Мазмұны                         | Мазмұны  |   |
| I Нақты міндеттері              | 1. жер мәселесі<br>2. жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек.<br>3. Қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киюі керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.<br>4. қазақ мемлекетінде мемлекет қурушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.<br>5. түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. | 1. Мәңгілік Ел - жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың жетекші идеясы.<br><br>2. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсарту, индустрияны ғылыми негізде дамыту.  |
| II. Негізгі мақсаты мен мүддесі | 1. Басқару түрі<br>2. Автономия<br>3. Азаматтың негізгі құқықтары<br>4. Дін ұстану туралы мәселе<br>5. Соттар туралы<br>6. Қорғаныс<br>7. Салықтар<br>8. Жұмысшы мәселесі<br>9. Халық ағарту<br>10. Жер мәселесі   | 1. Тәуелсіз Қазақстан және Астана.<br>2. Ұлттық бірлік, қоғамымыздағы бейбітшілік пен келісім<br>3. Зайырлы қоғам және жоғары рухандырушылық сұраныста болады.<br>4. Индустрияландыру және инновация негізінде экономикалық өсу<br>5. Жалпыға бірдей еңбек қоғамы<br>6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы<br>7. Ұлттық қауіпсіздік |

Қорыта келгенде, «Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш – халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш - қуат және сенім берген ұлттық идея. «Мәңгілік ел» ұғымы сол идеямен сабақтас, оның ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Тәуелсіздік жолы – ар-намыс жолы. Ғасырлар бойы ата-баба аңсаған тәуелсіздік. Бұл ғасырларда бір ғана болатын мүмкіндік. Біз – тәуелсіздіктен ұлтаралық үйлесімді, татулықты, халықаралық бейбітшілікті күтеміз. Алаш идеясы мен Мәңгілік ел идеясы бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның басты идеяларының бірі деп нық сеніммен айтуға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан тарихы IV том // Алматы, 1998.
- 2 М.Қойгелдиев Алаш қозғалысы // Алматы: Санат, 1995.- 30-32 бб.

- 3 Д.Қамзабекұлы Алаштың рухани тұғыры // Алматы, 2008.
- 4 Алаш қозғалысы IV том // Алматы, 2008.
- 5 Әлихан Бөкейханов шығармаларының толық жинағы I том // Астана, 2009.
- 6 Мұсатаев С. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ата-зандары // Қазақ газеттері, 21.10.2010.
- 7 Мұхатова О.Х. Ұлт зиялыларының тәуелсіздік идеясы және Қазақ Елі // «Қазақстан және әлемдік тарих кеңістігі: жалпы мен ерекшенің «Мәңгілік Ел» ұлттық идея арқылы көрінісі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы, 2014. - 67-72 бб.

#### ТАРЛАН ТАРИХТЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

КАСАИНОВА М.  
 11 «Б» сынып оқушысы, №18 ЖОББМ, Екібастұз қ,  
 КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.  
 тарих пәнінің мұғалімі №18 ЖОББМ, Екібастұз қ,

*Рухани дамымай экономикалық даму болмайды.*  
**Н. Ә. Назарбаев**

Күн санап алда, дөңгеленген мына дүние-ай,  
 Көш басындағы елдермен иық теңесіп.  
 Жарқырай көкте сәулесін төгіп күн мен ай,  
 Жаңғыру кезінде ішкі оймен жүрмін кеңесіп, – деген осы өлең жолдары жаңа дәуірге қадам басқан қазақ еліме арналған болатын. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласымен қауышқалы бері болашаққа деген сенімім күшейе түсті. Осыдан 21 жыл бұрын Елбасымыз Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының стратегиялық бағдарламасын жариялаған кезде, халқымның көңілінде үміттен гөрі күдік басым болғаны белгілі. Тәуелсіз жас мемлекеттің тәй-тәй басып, арты жар, алды бұлыңғыр тұман болып тұрған кезі. Мемлекет басшысы етекпен тартып, жағадан алып тұрған қиындықтарға қарамастан, елдің еңсесін тіктеп, болашаққа қарай сеніммен қадам жасауы үшін қазақстандықтар алдына биік мақсаттар қойып, оған апарар жолды айқындап, саралап берді. Міне, бүгін Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен еліміздің қарыштай дамып, іргелі мемлекет болғанына көзіміз жетіп отыр. Дүниенің төрт бұрышындағы алпауыт мемлекеттер Қазақстанды



таныды, мойындады, санасты. Басшы көрсеткен сара жол бәрімізді айқын да, ашық, мақсаты мен мүддесі белгілі дамудың дара жолына алып шықты. Белгіленген мақсаттар мерзімінен бұрын – он бес жылда жүзеге асырылды. Елбасының кезекті жолданған мақаласы жариялаған кезде осыдан он тоғыз жыл бұрынғыдай көңілімізде сенімсіздік орын алған жоқ, қайта жігерімізге жаңа серпін беріп, бойымызға қуат құйды. Онда айтылған алты жобаның бәрі де көкейге қонымды, алға қойылып отырған міндеттердің бәрін өз кезеңінде орындап шығамыз деген сенім мол. Әрине, мақсатқа жету үшін ең алдымен еңбектену керек. Ізденбеген, еңбектенбеген, білім мен білік деңгейін дамытпаған болсақ, біз 2030 бағдарламасын мерзімінен бұрын орындап, бүгінгі күні алға зор үмітпен қарап отырмас едік [1]. Мақалада айтылған мақсаттар біздің бүгінгі қалыптасқан мемлекетімізді даму жолдарында қиындықтар іргесін шайқай алмайтын, тамыры терең бойлаған іргелі ел болуға апаратын жол деп білемін. Бұл жолдың да оңай еместігі белгілі. Елбасы Қазақстанға, оның халқының әлеуетіне сенгендіктен де осындай жобалар ұсынып отыр. Мен мектепті бітіріп, болашаққа қадам басар түлек атанар шақта алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге тоқталсам деймін.

Аталмыш мақалада қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптары бойынша даярлап, «Мәңгілік ел» болудың шарттары көрсетілді. Ұлттық сананы жаңғырту мен ұлттық бірегейлікті сақтау жолдары айқындалып, ауқымды міндеттер жүктелді. Осы жобалар бүгінгі таңда орнымен жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде өскелең ұрпаққа сапалық деңгейде білім беріп әлемдік бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға жол ашатыны анық.

Елбасының мақаласы тек жолдау ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Мемлекет басшысы ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынған.

Елбасы айтқан жобаның алғы бағысың,  
Рухани жаңғыру жария қылған намысың!  
Жаңғыру деген шаттыққа қосу шаттықты,

Алдағы жылда елімді әлем танысын! – деген өлең жолдары мақаланың бірінші бағытын оқыған кезде көмейімнен жыр болып төгілді.

Елбасы ХХІ ғасырдағы ұлттық сана туралы тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың төмендегідей 6 бағытын атап өтер едім:

Болашаққа деген сенім – бәсекелестік қабілет

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелестік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелестік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін, - деген болатын [2]. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында.

«Бірінші жоба алты тіл жайлы сөз еді,  
Ағылшын, орыс, қытайдың тілі деп еді.  
Испан мен араб, француздың тілінде сөйлеу,  
Бүгінгі талап, мақсат пен шартың дегені.  
Өзге тілдің бәрін де біле жүріп сен,

Өз тілінді мәңгілік құрметтегені!» Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

Болашаққа деген сенімім- ұлттық байлығым

Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үніліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады.

Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек.

Прагматизм – өзінің ұлттық және жеке байлығынды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағынды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің

белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі.

Болашаққа сенім – ұлттық санадан басталады

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.

Оның екі қыры бар:

Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.

Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.

Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Мысалы, жершілдікті алайық. Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені – өзінің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді ұмытуға әсте болмайды. Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай

жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

Елбасы өз сөзінде «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын.

Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды»- деген болатын.

Сонымен, елімізде қызу талқыға түскен мақалада атап көрсетілгендей, «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды». Ұлттық код дегеніміз не? Бүгінде кең қолданылатын код деген сөзді құлыпты ашатын құпия кілт ұғымында түсінуге болар. Демек, қазақтың ұлттық коды деп қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілерді айтқан жөн шығар. Яғни, тарихи тамыры тереңде жатқан, ұлтымыздың күні бүгінге дейін бәрінен жоғары бағаланатын қасиеттері, солардың сығымдалып тұжырымдалған формуласы қазақтың ұлттық болмысының сырын түсінуге апаратын, тиісінше қастерлеп сақтауға жататын құпия кілттің тап өзі боп шығуы ғажап емес. Қазақ халқының ұлттық болмысы ғасырлар бойы қалыптасып, бекем орныққан, сондықтан да ол қазақ рухын небір күйзелістерден аман алып келе жатқан айрықша қасиетке ие. Халқымыздың сол қасиетін танытатын формула күллі материалдық байлықтан адами құндылықты биік қоятындығымен ерекшеленеді [3].

Түркі жазуының түп тамыры және латын әліпбиіне көшудің тиімді жолдары

Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың сәуір айында «Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім. Бұл – сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек», - деп Үкіметке тапсырма берген болатын.

Менің ойымша, латын әліпбиіне көшу- әлемдік өркениетке ілесу. Себебі, ана тіліміздің әлемнің дамыған тілдерінің қатарына қосылатыны жақсы жаңалық. Әліпбиді ауыстыру- өз тілімізді ұмытып, басқа тілге (латын тіліне) көшу емес, керісінше ана

тілімізді өркендетіп, өзге әлем тілдерімен терезесінің тең болуы және қолданысын арттырып, қоғам сұранысына сай ету деп білемін.

Осының бәрі Елбасымыздың көрегендігі мен ұстанымының берік болғанының арқасы.

Осы орайда, қазақ тілінің латын әліпбиінен көшірілуі туралы айтатын болсақ:

1 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады.

2 Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды.

3 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.

Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу - қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.

«Сананың ашықтығы» – биік белестерге даңғыл жол.

Рухани жаңғыруда қойылып отырған маңызды мәселенің бірі – «сананың ашықтығы». Жаһандану кезеңіндегі ел халқына

жүктелетін негізгі талап – әлемдік тілдерді меңгеруге ұмтылу болмақ. Қазіргі уақытта бірнеше тілді меңгерген азаматтардың қай ортада жұмыс істесе де жолы ашық. Мемлекеттік тіл елдің барлық саласында «бүкіл қоғамымызды біріктіруші» қызметін, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ал ағылшын тілі әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етуде.

Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. ХХІ ғасыр табалдырығын аттап кірген шақта, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының ендігі болашағы, шығар биігі саяси-экономикалық жағдайлармен қатар, оның мемлекеттік тілі – қазақ тілінің тағдыры екендігін баршамыз терең түсінеміз. Терең түсіне отырып ұлы дала академик ағаларымыз айтып кеткен: «Еліңді, жеріңді, тіліңді құрметте. Еліңді жамандасаң көмусіз қаласың, жеріңді қорғамасаң кебінсіз қаласың, тіліңді қорғамасаң қадірсіз боласың»,- деген дана өсиеттеріне таңдай қағып, бас шұлғимыз. Тілдердің үштұғырлығы саясатының астарында ел азаматтарының мемлекеттік тілді білу ғана емес, өркениетті елдермен тереземіз тең болу үшін басқа тілдерді де меңгеру міндеті тұрғаны анық [4].

Лингвистика ғылымында, көп тіл білетін адамның ойлау аумағы, ой өрісі кең болатыны дәлелденген. Сол лингвистика ғылымының тілімен сөйлейтін болсақ, екі тілді білетін адамды «көстілді», ал 3 немесе одан да көп тілді білетін адамды «полиглот» дейді. Дүние жүзі тарихына көз жіберсең, жаһанға атағы жайылған дара тұлғалардың, ғалымдар мен ақындардың барлығы дерлік кемінде 2 немесе 3 тілді меңгергенін байқауға болады. Мәселен, шығыс ғұламасы, Аристотельден кейін екінші ұстаз атанған, қазақ топырағынан шыққан Әбу Насыр Әл-Фараби 70-ке жуық тілді меңгерген. Бүгінде бұл ғалым тарих парақтарынан өшпестей орын алған. Ал, орыстың классигі, ақыны А. С. Пушкин француз, ағылшын, неміс, итальян, испан, латын, грек, славян тілдерін білген. Тіпті, көне еврей тілін зерттеп үлгеріпті. Бүгінде орыс десең – Пушкин, Пушкин десең – орыс есіне түседі. Яғни, Пушкин

Ресейді жер жаһанға танытуда ақындығымен қатар, бірнеше тілді меңгергенінің көмегі де болған [5].

Қазақ поэзиясының атасы - Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгеріп, сол тілдерде бірнеше кітаптарды оқыған. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Дегенмен, ештен кеш жақсы ұстанымын ұстанған ұлы данамыз, ғылым игеруде тіл білудің маңыздылығын өте жақсы ұққан. Сонымен қатар, қазақ халқының ұлы перзенті, Абылай ханның немересі Шоқан Уәлиханов араб, шағатай және түркі тілдерінің біразын білген екен. Кадет корпусында оқып жүргенде орыс тілін жетік біліп үлгерген. Сол тұстарда қазақтан шыққан жалғыз зерттеуші ғалым Шоқан болғанына ешкім күмән келтіре алмас. Оның ғылымға, зерттеушілікке деген қызығушылығы көптілді меңгергенінен кейін пайда болғаны да жасырын емес. Көптілді адам білім мен ғылымға құштар болатыны бүгінгі күнде де талай дәлелденіп отыр.

Болашаққа сенім, жастарға жалын берер асыл мұра [6]:

Жас ұрпаққа жүрекжарды сырын, ақыл ойын, қамқорлықпен айта келе, Нұрсұлтан Әбішұлы болашақтың тірегі жастар екенін тағы да бір дәлелдейді.

«Бұл ғасыр – ең алдымен, жастарымыздың ғасыры. Жаңа мыңжылдықта Қазастанның байрағы биік, табысы ерен, қорғаны берен болады деп сенеміз. Сенімнің сергектігі – елінің ержеткені. Ол – біздің бақытымыз. Елдің бақыты».

«Ұлы дала ұлағаттары» Қазақстан азаматының жанына рухани жігер беретін, өткенді ұмытпау, болашаққа сенім, жанына жалын құятын асыл мұра.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын оқып шығып, үлкен әсер алдым. Оның Отанға, елге, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігі сүйсінтеді. Бұл – бүкіл ел мәдениетінің тарихын, рухани мәдениетінің тарихын дәл өлшеп пішіліп, кемелденген азаматтың ойлары. Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу Елбасы мақаласының өн бойына алтын арқау болып өрілген. Тәуелсіздіктің нығаюы, дамыған елге айналуымыз үшін қазақстандықтар алға батыл қадам басып, жоғары технологияларды меңгеруі, озық стратегиялармен жарақтануы, халықаралық коммерциялық һәм концептуалды жобаларды ілгерілетуі маңызды. Бұл – Қазақстан көшбасшысы айтқан «бәсекеге қабілеттіліктің» бір шарты.

Әсіресе, көптен күтіп жүрген латын қарпіне көшу, жазуымызды қалыптастыруға байланысты айтылған мәселесі орынды көтерілді

деп ойлаймын. Мен болашақта қазақ елінің сенімін ақтар тәуелсіз елімнің ұрпағы, ұлы даламның еркесімін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Егемен Қазақстан» газеті [1]
- 2 «Ана тілі» газеті [2]
- 3 «Ертіс Дарыны Хабаршысы» ғылыми- тәжірибелік журналы [3]
- 4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы. Астана, 2007 ж. [4]
- 5 Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №2(44), 2010[5]
- 6 Ұлы дала ұлағаттары. Н.Ә.Назарбаев [6]

#### ЖАУЫНГЕР ЖҮРЕК ЖЫРАУ (БҰХАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫ 350 ЖЫЛ)

КЕРКИ Ы., САРТАЕВА Д.  
8 «Ә» сынып оқушылары, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.  
КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.  
тарих пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

*Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.*

**Н. Ә. Назарбаев**

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі - алға басу үшін ұлттық дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек». Осы тұрғыда Елбасының мемлекет пен қоғам алдына қойып отырған нақты міндеттері Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруы. Биылғы жылы атақты жыраулық өнер әдебиетінің ажырамас бөлігі Бұхар жырау Қалқаманұлының туғанына - 350 жыл толып отыр. Осыдан- ақ рухани жаңғырудың әдебиеттен нәр алатындығымен байланыстырғым келеді.

Бұхар бабаның шыққан тегі қазақ шежіресі бойынша: Арғын ішінде Сүйіндік, одан Қаржас, Қаржастан Алтынторы, одан Артық, Жолымбет, Мәмбет, Келбет, Келімбет аталары тарайды. Жолымбеттен Қалқаман, Назар, Қойсары, Ырсымбет. Ал Қалқаманнан Бұхар туады. Қалқаман кезінде Тәуке ханның 90 мың қолын басқарған айтулы батыры екен. Қалқаман өзінің ағайын, туыстары Әнет баба, Едіге, Тәуке хан, Есім хан (Еңсегей бойлы Ер Есім), және одан кейінгі хандармен қызметтес болыпты. Баба ұрпақтары қазір Павлодар облысының Баянауыл ауданында тұрады. Бұхар жырау ХҮІІІ ғасырда Абылай ханның тұсында өмір сүрген. Бұхар бабамыз жайлы 1668 жылы Жиделібайсын жерінде туған балаға Бұхар есімін беріпті десе, екінші бір дерек: Бұхар медресесінде оқып жүрген Қалқаман батыр баласына Әнет баба бата беріпті:

Есімің Бұхар болсын,  
Мінгенің тұлпар болсын,  
Дауысың сұңқар болсын  
Ісіне халқын іңкәр болсын! – деген.

Сөйтіп нәресте бір жасқа келгенде Ембі мен Зайсан екі арасы қалмақтардан босатылған кезде Қалқаман батыр елге оралыпты. Бұхар жыраудың балалық шағы туралы әр-түрлі пікірлер кездеседі.

Мұны қиын жобалау-десе, есімі елге танымал шежіруші Ералы қолжазбасында: «Бұхар жас кезінде «мылқау бала» екен, тілі он екі жасқа келгенде шығыпты деп айтады. Бірақ өзі мылқау дейтін мылқау да емес, сырт қараған адамға сөйлемейтін өзімен өзі ой үстінде жүретін қияли адам сияқты көрінеді. Көрініске аңқау, сылбыр аңдалғандай, өз бетімен жүретін бір алуан сынды адам болған. Содан жүре келе өзінен өзі сөйлеп кетеді. Тілі шыққанда да өз жанынан суырып салып айтатын, өлеңдетіп, тақпақтай сөйлейтін болады. Тіпті үйлесімді, ұйқасқан өлең, жырмен жұртты таң тамаша қалдырады. Енді оны ауылдас құрбы-құрдастары той-жиындарға шақырып, өлең жырын тындайды. Бұхардың сол бір балалық шағын Үмбетей жырау:

Тілің шықпай жасында,  
Бала болдың сен мылқау,  
Бір алуан жан десетін.  
Іштен туған кем сырқау.  
Сырқат па әлде мінез бе?  
Мұны қиын жобалау,  
Дәл он екі жасында,

Бакыт қонды басына.

Тілің шықты сөйледің,

Қолдан – қолға тимедің – деп жырға қосқан ғой.

Тілі ә дегеннен өлеңмен шыққан баланы Қожаберген жырау шәкірт етіп өз тәрбиесіне алады. Сол Қожаберген ұстазына арнаған бір өлеңінде шәкірт Бұхар:

Толыбай сыншы баласы  
Үш жүздің бастап әскерін,  
Қазақтың болған ағасы.  
Қожаберген ғәділ ер,  
Қадірін білген қалың ел,  
Бөгенбайдай батырға,  
Билігін берген ардагер..., – деп оны құрмет тұтқан.

Бұхар Жыраудың толғаулары, шын мәнінде, Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз, кеменгер ақылшы, данағөй, тілегі қабыл батағөй, толқынды топта тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызатын, сұңқардай сыңқылдайтын суырылған шешен «Хан шеше алмаған ауыр түйін, қиын жұмбақтарды бұлжытпай болжайтын, әулие жырауды Абылай хан қасынан бір елі қалдырмаған деседі. Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасайды. Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар бағадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі – жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттеледі. Әрине Бұхар жырау мұрасының маңыздылығы, ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар аралығында қазақ поэзиясы мен тарихы қай деңгейде болды, қандай тақырыптарды, кімдер нені жырлады? - деген сауалдарға жауап таба аламыз. Ол өз заманының ғана емес, бірнеше заманның куәсі бола отырып, жасы жүзден аса өмірден өтіп, батырларымыздың образын, хандарымыздың тұлғасын сомдай отырып артынан өшпес мұра қалдырған Бұхар бабамыз бүгінде - 350 жасқа толып жетті.

Жыраудың «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасан», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігін суреттейді. Әсіресе,

Бұхар Жырау толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді. Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді:

«Күнбатыстан бір дұшпан,  
Ақырында шығар сол тұстан.  
Өзі сары, көзі көк,  
Діндарының аты боп,  
Күншығысқа қарайды.  
Шашын алмай, тарайды,  
Құдайды білмес, діні жоқ,  
Жамандықта міні жоқ, Затсыз,  
тексіз бір кәпір,  
Аузы-басы жүн кәпір,  
Жемқорларға жем беріп,  
Азды көпке теңгеріп,  
Ел қамын айтқан жақсыны,  
Сөйлетпей ұрар ұртына.  
Бауыздамай ішер қаныңды,  
Өлтірмей алар жаныңды,  
Қағазға жазар малыңды.  
Есен алар пұлыңмен,  
Солдат алар ұлыннан,  
Күндердің күні, Абылай,  
Жаяулап келер жұртыңа,  
Жағалы шекпен кигізіп,  
Балды май жағар мұртыңа,  
Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыннан.»

Бұхар Жыраудың поэзиясы бүтін бір халықтың жан-дүние, таным-талғам иерімдеріне жалғасып жатқан. Жырау шығармалары жеке адамның көріп-біліп, көкірекке түйгенінен әлде қайда кең жатыр, оның шығармалары-тұтас халықтың сезім-күйі, ой-өрісі, тарихы мен тағдыры.

Жырау қарапайым сөзді сыры сезілмес, жымы білінбес шеберлікпен шендестіру арқылы ғаламат қуат күшін оятады. Жай ғана бір сөздің тұтқасы мен үйлесімінің арасы ол халқымыздың қайталанбас ерекшелігін, өзіне тән ұлттық тәрбиесін, тіршіліктің қария даналығын орнықтырады.

Бұхар баба бірнеше ғасыр өткелдің үні үстем болған жыраулар заманының ең биік шыңына көтерілді. Халық атынан сөйлеп

күмбірлеген жыраудың Отан тағдыры, ұлт санасы, ел бірлігі бүкіл поэзиясының өзегі болды, халық жырауы атанды.

«Бұхарекең өзі сөйлеген уақытында сөзі жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, бұл кісінің сөзін түгел жазам деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек»-деп жазады жыраудың тұңғыш библиографы Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Жыраудың шығармаларының текстологиясы әлі күнге ретке келтірілмеген. Ең қажетті таңдалмалы сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер іріктеліп, сұрыпталып алынбаған, дұрыс, түзу, мұқият салыстырулар жүргізілмеген. Бұл-болашақтың ісі. Бұхар Жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ. Халид, Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірген.

Атақты Үмбетей жыраудың Бұхардың асында зиратының басында:

Өткіздім тоғыз ханды толғауменен,  
Шешетін талай түйінді болжауменен.  
Іс болса қиын қыстау сен сөйлейтін,  
Қылыш пен қызыл тілді қорғауменен – деуі осыдан.

Бұхар Жырау қазақ халқының Жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білді. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салды. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналды. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артты. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет етті. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезен, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлады:

«Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай, Қайыруссыз жылқы бақтырған, ханым-ай, Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай. Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам, Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай!».

Осы бір шумақ жырда халық пен ханның байланыс-бірлігін қиыннан қиыстыра білген. Жыраудың «Абылай ханның қасында»,

«Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталады. Ал, «Садыр, қайда барасың?», «Бұхарекең біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз етеді. Бұхар Жыраудың Абылай хан саясаты жөніндегі байламды пікірлері де орнықты, әділ. Ол қасындағы Қытай мен Ресей туралы да ұстамды бағыт ұстанады. Соның арқасында ата жауы Жонғарлардың іштей іріп, азып-тозуы үшін ұтымды саясат қолдана отырып тарих сахнасынан кетуіне қолайлы жағдай жасағанын мақтанышпен жырлайды. Бұл орайда жырау Абылай ханды «әділдігі Наушаруандай, жомарттығы Хатымтайдай» деп бейнелейді. Тіпті, ханның әділдігі мен адамгершілік қасиеттерін де жоғары бағалай келіп, оның байлық-салтанатын «қырық мың атан тарта алмас» деп сипаттайды. Мұның бәрін жырау ханның жас кезеңдерімен тығыз байланыста алып қарастырады:

«Қырық жасқа келгенде, Алтынды тонның жеңі едің. Қырық беске келгенде, Жақсы-жаман демедің. Елу жасқа келгенде, Үш жүздің баласының, атының басын бір кезеңге тіредің!» Жырау жас мөлшерін сипаттағанда, бұрыннан келе жатқан дәстүрді ұстанып, оның күш-қайратқа байланысты екенін, әсіресе, жастықтың шыңы жиырма бесті шалқыта жырлайтыны бар. Алайда ол адамның жас кезеңдерін үнемі сол қалыпта сипаттай бермей, оның ақыл-парасат, толысу, кемелдену тұрғысынан да алып суреттейтінін де көреміз. Бұл орайда жырау жас сипаттамаларын Қожа Ахметше жырлайтынын аңғартады:

«Отыз жасқа келгенде,  
Дүниедей кең едің.  
Отыз бес жасқа келгенде,  
Қара судың бетінде,  
Сығылып аққан сең едің.  
Қырық жасқа келгенде,  
Алтынды тонның жеңі едің...  
Елу бес жасқа келіпсің,  
Елу бес жасқа келгенде,  
Жақсы болсаң толарсың,  
Жаман болсаң, маужырап барып соларсың»...

Бұхар Жырау Абылай ханның «бәйгелі жерде бақ болған» әйгілі батырларын «өзіне тұғыр болған төрт тірек» деп лайықты бағалай отырып, олардың тарихи ерлік істерін қазақтың абырой-арына біткен ерлер деп асқақ жырлайды.

Толғаулары Жыраудың «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғайды. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым. Жыраудың табиғат пен адам өмірін астастыра суреттейтін жырлары да мол: «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Әлемді түгел көрсө де», т.б. Осының бәрі жыраудың кәнігі шеберлігі мен талғампаздығын танытады.

Қазақ қоғамының сәнінен, мәнінен айрылатынын, дінінің, тілінің, жерінің тозатынын, қабілетсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жалайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған. Бұл «Қилы заман» толғауының қалай туындағанын Мәшһүр Жүсіп Көпеев былайша түсіндіреді. Абылай хан бір салтанатты күнде ат үстінде Бұқардан сұраған: «Асан қайғының қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар дегені не тантық, суда жүрген шортан тауға біткен қарағайдың басына қайдан шығады. Миға қонбайтұғын сөз ғой» — деп. Сонда Бұхарекең қырын қарап тұрып, атының басын бұрып, камшысын ерінің үстіне арта салып, көзіне жас алып; «Әй, хан! Бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек!» деп, осы толғауды айтыпты. Отарлаудың небір қанқұйлы амал-айлаларын қапысыз ойластырған Ресей империясы сахарада қара шекпенділер мен келімсектерді түпкілікті қоныстандыру үшін, алдымен, тұс-тұстан қалалар мен бекіністер салды. Нулы, сулы, шүйгінді, орман-тоғайлы жерлерден қазақтарды қырға ығыстырды. Атамекенінен, ата кәсібінен ажырап, абдырай бастаған тағдыр тәлкегіне ұшыраған халқының күйін Бұхар жырау былайша жоқтап зарлайды:

«Өзің қонған Көкшетау,  
Кәпір қала салды, ойла!  
Жарқайың деген жерлерге,  
Шашылып шеті барды, ойла!  
Атбасар мен Қалқұтан,  
Балығы тәтті су еді.  
Өзен бойын шандып ап,  
Сүзекісін салды, ойла!

Нұрада бар Ақмола,  
Есілде бар Қараөткел,  
Екі өткелдің аузынан,  
Қараөткелді салды, ойла!  
Баянауыл, Қызылтау,  
Оны да көпір алды, ойла! ....  
Кетпейін десе жері тар,  
Кетейін десе алды-артын,  
Қарқаралы деген тауларға,  
Қарқарасын шанышты, ойла!  
Ұлытау, шеті Созақтан,  
Берекелі жерлерден,  
Көкорай шалғын көре алмай,  
Шұбырып қазақ кетті, ойла!  
Қоршап алған көпір бар.  
Ұйлыққан қойдай қамалып,  
Бүйірден шаншу, қадалып,  
Сорлы қазақ қалды, ойла!».

Бұхар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын, күйлі-қуатты толғамдарын білімпаздықпен бажайлаған М. Әуезов: «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұны мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», – дейді. Бұхар жырау есілтіп-төгілтіп, алмастай жаркылдап, дария суындай құйылып отырады. Бұған: «Елінің қамын же – сана, Есіліп кеңес айт – сана» деген лебізі куә. Кейде сәуегей абыз ишаратпен, тәмсілмен сөйлейді. Оның қапияда шығарылған философиясы-дидактикалық сипатқа бөленген күдіретті ой-толғаныстары, тапқыр билік-кесімдері толғау түрінде беріледі. Қиыннан қиыстырылған құрыштай тастүйін сөздер, қанатты кесек ойлар, пайымды терең байламдар белгілі бір нақысты мақалмен тапқаттата, түйдектете, толқындата айтуды қалайды. Бұхар жырау дәуір, өмір, тұрмыс-тіршілік құбылыстарын және олардың себеп-салдарын түп-тамырынан қозғап қана қоймаған, білгір дана қиял қанатында самғап, келешек заманның кереметін де көре білген, көрегендікпен болжай таныған:

«Әлемді түгел көрсе де,  
Алтын үйге кірсе де,  
Аспанда жұлдыз аралап,  
Ай нұрын ұстап мінсе де,  
— Қызыққа тоймас адамзат!»

Ұлы ойшыл-философ сөзін де, пікірін де ойнатып, жайнатып, етек-жеңі жинақы, ықшам, жүзіктің көзінен өткендей сырлы да сұлу мінсіз түйдек әкелген. «Әлемді түгел көру», «Аспанда жұлдыз аралап, ай нұрын ұстап міну» деген данышпандық толғамдары есінді аларлықтай есті сөздер. Бұхар жырау толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау процесінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаіармандық рухтың лебі білінеді. Негізінде, толғаудың құрылысы күрделі ой ағымына, пікір еркіндігіне, ауызекі сөйлеу стиліне бағынады. Тармақтар 7 — 8 буынды, ұйқастары еркін. Тегінде, толғау музыкалық аспаптардың (қобыз яки домбыра) сүйемелдеуімен орандалады. Бұхар жырау толғауларының поэзиялық сәулеті, ерекше қасиеті және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше. Қара суды теріс ағызған Абылай ханды «Ай, Абылай, сен бір он бір жасында», «Күпшек санды күренді» дейтін толғауларында: «Қара судың бетінде, Шайқалып аққан сең едін... Алтын тонның жеңі едін», «Алтын тұғыр үстінде, Ақсұңқар құстай түледің... Бақ үйіне түнедің», деп «Айбалтасын алтынменен булатқан», «Періштесін жұрт үстінен дулатқан», «Жасыл көлге мәслихатқа келтіріп, Зәмзәм суын мыс табаққа толтырған. Қазығын қалайыдан қақтырып, тоқпағын сом алтыннан соқтырып, Нақыра күміш шаптырып...», «Орындығын оймыштан, Ою нақыш салдырған, Сануылғын сары алтынға малдырған» деген поэзиялық сипаттаулары; ердің ері Бөгембай батырды «Қазақтың қамал қорғанына», «Бұтақты мүйіз бұғысына» ұқсатуы, жыраулардың пірі өзін «Мен – Арғын деген арыспын, Аузы кере қарыспын. Сен – бұзау терісі шөншіксің, Мен – өгіз терісі талыспын» деген метафоралық салыстырулары яки өзінің образдық көркемдік бейнесін сомдауы келісті кесек, немесе: «Бірі етек, бірі жең болған», «Найзасының ұшы алтын» тәрізді кестелі, келісті, көркем суретті сөйлемдер жырау поэзиясының музыкалық архитектуроникасын, образдық-бейнелілік табиғатын анықтайды.

Ендеше Бұхар бабамыз өзінен кейінгі ұрпаққа Абылайдың қасында болғандықтан ғана қымбат емес, ұлы даланың ғажайып перзенттерінің ұлттық санасын қалыптастыруға үлес қосып, бір өзі дала академиясының ісін атқарған сайын даланың данасы есебінде



кымбат. Жырау болашақты болжай білді, толғай білді, Абылайдай дархан күшті қолдай білді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Дала даналары» Қазақстан даму институты 2001-640 бет
- 2 «Қазақтың 100 би шешендері» / «Атамұра» сериясы / Алматы: Қазақстан 1995 жыл 384 бет
- 3 «Ақылгөй абыз» 284-298 бет
- 4 «Бұхар би» 95-113 бет

### ҚАЗАҚ РУ-ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ЭТНО-ТЕКТИК НЕГІЗДЕРІН ГЕНЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУГЕ ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАС

КИСИМОВ С. А.  
оқушы, № 40 ЖОББМ, Павлодар қ.  
КИСИМОВА А. Е.  
мұғалім, № 17 ЖОББСОБМ, Павлодар қ.

Көптеген түркологтардың зерттеулері түркі тілінің алтай тілдес топқа жатуын жоққа шығаруда. Түркі тілі алтай тілдес топқа жатпайды да. Түркі тілдерінің ішінде якут, тува, долган тілдері басқа түркі тілдеріне ұқсас емес. Олардың монғол тілімен көп ұқсастығын аңғарып, олардың өзін түркіленген маңжурлар деп те айтуға болады. Егер генеология бойынша тұжырымдайтын болсақ, түркі тілінің оғыз тобында араб, иран тілдерінен келген кірме сөздердің көп екенін айтқан жөн болады. Қыпшақ, қарлұқ тілді адамдарға оғыз тіліндегі сөздерді түсіну қиын. Осы орайда түркі тілдерінің төртке бөлінетінін айтып кеткен жөн болады. Олар:

- 1 Оғыз
- 2 Қарлұқ
- 3 Қыпшақ
- 4 Аралық

Қырғыз тілі қыпшақ тобына жатады. Ол алтай тілдес топпен және хақастармен туыстас болып саналады. Орта Азияға олардың қоныстануына байланысты қыпшақ тілі қырғыз тіліне тікелей әсер еткен.

Түркі тілінің тунгус-манчжур тілдерімен ортақ белгілері жок. Кейбір зерттеушілер монғол тілін көне түркі тіліне жатады деп өз пікірлерін білдіруде. Ал шындығына келгенде монғол тіліне кезінде

ұйғыр тілі мен жазбасы қатты әсер еткен. Олар өз жазбаларын ұйғыр тілінде жазып, өз ара монғол тілінде сөйлескен [4, с. 25].

Қазақ тайпаларының тілдерін генеология тұрғысынан зерттейтін болсақ, көптеген қызық жағдайларға таң қалуға болады. Орта ғасырларда, әсіресе XIII ғасырда біздің жерімізге Шыңғыс ханмен еріп келген тайпалар туралы мәлімет кең берілген. Оларға керей, найман, меркіт руларын жатқызуға болады [2, с. 14].

Егер қазақ тайпаларының гаплогрупптарын зерттейтін болсақ, Ұлы жүздің көптеген руларының, кіші жүздің Әлімұлы, Байұлы руларының гаплогрупптары монғол типтес және С3. Ал найман руының гаплогруппы тунгус-манчжурлық О3 болып келеді. Қытай тарихшысы Сыма Цянь б.з.д 201 жылы қырғыздарды «Бізден батысқа қарай гянь гунь халқы тұрады. Олар ұзын бойлы, жирен сақалды, көгілдір көзді, белгі-таңбалары салынған деп сипаттайды. Қырғыздар өз тарихи шежірелерінде оларды біздің арғы тегіміз деп сипаттайды. Қырғыздарды қытайлар Гянь-гунь деп атаған. Түріктердің шығу тегі бір болғандықтан бұл сипаттаманы барлық түркі тайпаларының сипаттамасы деп айтуға да болады.

Гаплогруппы R1 болып келген тайпалардың тегі сақтар мен скифтер болып саналады. Қырғыз руларының 60-тан астам пайызына осындай гаплогрупп тән. Алайда олардың сыртқы келбеті монголоидты болып көрінеді. Оны зерттеушілер «Бұл тайпалардың ер адамдары монголоидты типтес әйелдерге үйленгендіктен, аналары жағынан бет пішіні сақталған»- деп түсіндіреді. Қырғыздар арасында монғол типтес тайпалар басым болып келеді. Осы орайда татар мен башқұрттарда монғол типтес тайпалар аз кездесетінін айтуға болады. Олар еуропаидты деп тұжырымдауға болады.

Тарихи деректерге жүгінетін болсақ, ғұндар б.з.д дейінгі IV ғасырда Скифияға соңғы соққы бергенін білеміз, соның нәтижесінде Скифия өз мемлекеттілігін жоғалтады. Соңғы зерттеулер сақтарды, әсіресе массагеттерді скифтердің шығыс генеологиялық бұтағына жатқызады. Бастапқыда сақтар сөзінің мәні авесталық турлар сөзімен мәндес болған Сақтар зор маңызы бар тарихи ізін қалдырған тайпалар. Олар жауынгер, ержүрек болған. Әлемдік өркениеттің дамуына зор үлесін қосқан Скифтер мен сақтар Шығыс Еуропа мен Батыс және Орталық Азияны қамтыған керемет өзіндік мәдениетін құра білген. Пехлевилік зертеулерде турлар деп түріктерді атаған. Турандар Скифия өз мемлекетін жойғаннан кейін бірнеше жүз жылдар өткен соң жаңа көк түрік(көк түрік) мемлекетін құрған [1, с. 80].

Дешті-қыпшақ –қыпшақтар даласы Ертістен Македонияға дейінгі жерді алып жатты. Орыс халқы қыпшақтармен көрші өмір сүрді. Қыпшақтар Русьті бағындыруға тырысты. Кейін қыпшақтарға бағынған кезде орыстар қыпшақ қыздарына үйлену стратегиясын орындады, қыпшақтардың өзін осындай құдандалық арқылы іштей ығыстыра бастады. Орыс князьдарының көбі жартылай қыпшақ болып саналады. Қыпшақтардың ДНК-сі скифтердікідей болып келеді. Олар алтын шашты, нордилік нәсілге жатады. Нордилік нәсіл Македония, Австрия, Польшада кездеседі.

Хун тайпалары скифтермен қосылып кеткені де тарихта белгілі. Егер орыс халқының гаплоготы зерттесек, N1 деген мәліметке тап боламыз. Орыстар скифтермен қосылып, скифтердің R1a1 гаплоготы өздеріне қосып алған. Соның нәтижесінде европеидті сыртқы келбетке ие болды. Сол уақыт арлығында түріктер өздеріне тән европеидтік белгілерден ақырын-ақырын айрыла бастады.

Ғұндарға нақты тоқталатын болсақ, олардың Еуропаға бет алғанын бәріміз де білеміз. Кейбіреулер түріктер жергілікті скифтермен қосылып кетті дейді. Сол кезде скиф деп ғұндарды айтады. Ал ғұндар Еуропаға кетіп қалған еді. Хун тайпалары Қытайда қалған еді.

Түріктерден тараған тайпаларда R1a1, R1b1b2 және R1b1b1 гаплоготы кездеседі.

Ал C3 гаплоготы монғолдардан тараған қазақ руларында кездеседі. C3 гаплоготы тунгус-манчжурлардан келген. Б.з.д 2 мың жылдықта Орталық Азияның далалы жерлерінде нақты бір аймақтарда ландшафт пен климаттық жағдайына байланысты көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық қалыптасты. Малды жыл бойы тебінде ұстаған. Сол кездің өзінде біртектілік болмаған. Миллиондаған шақырым аумақта протомонғолдық индоарийлік тайпалар қарқындылықпен өзара араласып, ассимиляцияға ұшыраған.

АҚШ-тағы био-химия саласының профессоры А. А Клесов R1a гаплоготы протоүнді тілінде сөйлеген халықтарда болса, R1b прото түрік тілінде сөйлеген халықтарда болған. R гаплоготы тән халықтар осы күні Тәңіртау мен Шығыс Түркістаннан Байқалға дейінгі аралықта өмір сүруде. Олардың молекуласында R1b1 гаплоготоп бұтағының болуы нақты дәлел және айғақ бола алады.

Нақты зерттеулерге жүгінетін болсақ, ДНК жобасы бойынша қазақтың 225 азаматы Y хромосомалық тексеруден өткені туралы мәліметтерге сүйенгіміз келеді. Олардың рулық құрамы төмендегідей

болған: Ұлы жүзге 76 азамат, Орта жүзге 28 азамат, Кіші жүзге 49 азамат жатқан. Тексеру нәтижесінде Ұлы жүздегі албан руына жататын азаматтарының молекуласында C3, C, R1 a1 гаплоготы кездескен. Дулат руына жататын жаныс, сикым, шымыр руларының азаматтарының гаплоготы C, C3, C3d болған. Жаныс руының бір адамында еуропалық J2 гаплоготы анықталған. Шапырашты, шанышқылы, ысты, ошақты руларының гаплоготы C, C3 екені байқалған.

Шанышқылы руынан тарайтын қатаған азаматында J2 гаплоготы, Жалайырға жататын балғалы және мырза руларының екі адамында R1 b1 a1 және R1 a1 гаплоготы анықталған [5, с. 37].

Арғындардың гаплоготы C3, C, O, R1 a, R1 b болып келетіні де мәлім болған. Атығай руына жататын бабасан ұрпақтарының көбі R1a1a гаплоготы құраған. Бұлардың бастапқыда Орта Азияда өмір сүрген этнотектер деуге де болады. R1 b-түрктік гаплоготоп екені нақты дәлелденген. R1 b1a1 гаплоготы бүкіл Дешті Қыпшақты билеген қыпшақтарда көбірек ұшырасады. Наймандарда кездесетін негізгі гаплоготоп болып арғығұндық, арғы атайлық C3, O гаплоготы анықталған. Керей мен Уақта кездесетін гаплоготоп: C, C3, C3d, O. Қоңыраттарда да C3d, O гаплоготы кездеседі екен. Кіші жүзге жататын әлім, беріш, табын руларында C3, адай мен жаппаста C, шеркеш пен байбақтыда, алашада C3c гаплоготоптары анықталған. Осындай ДНК зерттеулерінің нәтижесіне сүйене келе, Ұлы жүзге жататын қаңлы, жалайыр руларынан басқалары, және Кіші жүзге жататын әлім, беріш, табын, байбақты, руларының, Орта жүздің керей, уақ руларының түпкі тегі туыс екендігін көруге болады. Орта жүз рулары әрқилы болып келетініне көз жеткізуге болады. Арғындарда G1a, наймандарда O3a3c1, O3a3c1, қоңыратта c3d, қыпшақта нақты түрктік R1 b1a1 гаплоготоптары кездесетіне қарап, қазақтың ру- тайпалары ірі гаплоготтық топтардан тұрады деп тұжырымдауға болады [5, с. 17].

Қазіргі Еуропа халықтарына келетін болсақ, R1 b гаплоготынан бастау алатындары көптеп кездеседі. Генеологиялық зерттеуден өткен кезде баскілердің 88,1 %, испандардың -70 %, белгиялықтардың 63 %, итальяндықтардың -40 %-на R1 b- гаплоготы сәйкес келген. Бұл гаплоготоп қыпшақтарға және ішінара қаңлыларға да сәйкес келгені белгілі. Осы гаплоготоп көршілес башқұрт, түркімен, өзбек, ұйғыр, татар, тыба, шұбаш халықтарының ДНК сараптамасында кездесетіні де мәлім [3, с. 42].

Европеидтық нәсіл Орта Азияда, Қазақстан территориясында, әсіресе орманды дала жерлерінде пайда болған. Археологиялық

зерттеулер барысында, адам қаңқалары мен бас сүйектерін құрылысы бойынша бұларға тән белгілер европеидтік екені дәлелденген.

Түрік халқының R1 а гаплотобының көрсеткіші Монғолиядағы хотон деген халықта 80 %-ға жетеді. Нәсіл бойынша олар кішкентай Памиро-фергандық европеидтық нәсілге жатады. Олардан кейін екінші орында қырғыздар тұр. Бұл зерттеу 2010 жылы жүргізіліп, оның қорытындысы бойынша қырғыздар 63 % құраған. Қазақтарда бұл гаплотоп 19 % құрайды, себебі монғол шапқыншылығы кезінде Шыңғыс ханмен келген тайпалардың Қазақстан территориясына қоныстануы болып табылады. Қазіргі кезде қазақтардың көбі өздерін қайда жатқызарын білмей, европеидтық нәсілге қатысымыз жоқ деп ойлайды. Европеидтық нәсілге жатуды оңтүстіктегі рулар орыстанып кетумен түсіндіреді. Бұл осы аймақтағы, Орталық Қазақстандағы миф тәрізді болып саналады. Менің ойым бойынша аралық нәсілге жататындар кейін одан әрі монғолоидтық типке айналу үдерісін қарқындата түсіп, европеидтық нәсілге жататындар олардың арасында сіңісіп, бірте-бірте жойылып кетуі мүмкін. Солтүстік, Солтүстік-батыс территорияларында европеидтық нәсіл жататындар бар. Ал оңтүстік пен Орталықта мүлде жоқ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. А: Атамұра-Қазақстан, 1994. 160 б
- 2 « Ана тілі» газеті , 1991, №12. 21 наурыз
- 3 Клесова А.А. Миграционный путь гаплогруппы R1a1 в Европу и расселение в Европе (критический обзор)// Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2010: т.3 ,№10
- 4 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу . Астана : Фолиант, 2008. 738 б
- 5 Сабитов Ж.М ., Даулет Б.С. Гаплогруппы и гаплотивы 50-ти каракалпаков//The Russian Journal of Genetik Genealogy( Русская версия ) : т.4, №1, 2012г, 83-90б

#### ҚЫТАЙ ОЙЫНШЫҚТАРЫ

КОРАКОВА М.

5 «а» сынып оқушысы, № 2 ЖОББМ, Песчан ауылы  
АБРАЕВА М. Б.

бастауыш сынып мұғалімі, № 2 ЖОББМ, Песчан ауылы

Қазіргі таңда әрбір ата-ана өз баласына қуаныш сыйлау үшін ештеден аянбайды. Ал баланың серігі де, ермегі де ойыншық болғандықтан, баласына оның түр-түрін әперуден ата-ана жалықпайды. Өкінішке қарай, көздің жауын алатын ойыншықтың барлығы да көршілес жатқан Қытайдан әкелінеді. Алайда кейбір ата-ана осы ойыншықтардың қаншалықты бала ағзасына қауіпті екенінен хабарсыз болғандықтан, осы жансыз заттың балаға қаншалықты қатерлі екендігін біле бермейді немесе білсе де немқұрайлық танытады. Соның салдарынан бала зардап шегеді.

Сондықтан мен өз құрбыларымды, ата-аналарды ойыншық таңдауда абай болуға шақыра отырып, қазақ елінің болашағы балалардың денсаулықтарын қорғауда аз да болса өз үлесімді қосқым келеді.

Ойын бала үшін – нағыз өмір. Ойын арқылы бала өмірге әзірленеді. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма? деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ал ойыншықтар баланы жан-жақты тәрбиелеу құралы. Бала ойыншықпен ойнай отырып, дүниетанымы қалыптасады. Қимылы дамиды. Қолдарымен, саусақтарымен жұмыс істеу барысында баланың миы да дамиды. Ойыншық баланың ойлау қабілетін дамытып, оның шеберлігін, дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.

Ертеректе, заманның қысылтаяң кезеңінде аталарымыз ағаштан жасалған әр түрлі жануарлармен, ал әжелеріміз сабаннан жасалған ойыншықтармен ойнаған. Қазірде тәуелсіздігін алған Қазақстан ұрпақтары үшін ойыншық қол жетімді дүние. Қазіргі таңда, базарлар мен дүкендерде бала көңілін аулайтын саналуан ойыншықтар бар. Әдемі қуыршақтары түрлі-түсті жұмсақ материалдан тігілген, қабырғасын бассаныз, әндететін қуыршақтар мен үлкен машиналар, тіпті, атыс-шабыс қаруларынан тұратын ойыншықтар жиынтығын да кездестіруге болады. Дегенмен бүгінде сауда айналымында ойыншықтардың саны көп болғанымен, сапасы сын көтермейді. Қыруар қаржыға сатып алынған ойыншық бала ойынына шыдас бермей, әп-сәтте «істен» шығады. Сондай-ақ Қытайдан жеткізілген

қауіпті ойыншықтардың қауіп-қатерге толы, құрамында адам ағзасына зиянды улы химиялық заттардың бар екенін айтып, бүкіл әлем дабыл қағуда. Дабыл қағып қана қойған жоқ, оған қарсы шаралар қолданылып жатыр. Мәселен, бүгінде аспан асты елінде шығарылған ойыншықтардың Солтүстік Америка мен Австралияның дүкендерінде сатылуына тыйым салынған. Сол сияқты, Ресей Қытай ойыншықтарын зерттеу нәтижесінде оның құрамында улы химиялық заттардың көптігін анықтаған соң, дайын өнімдерді кері қайтарып, тіпті осыған байланысты арнайы заң қабылдаған. Өкінішке қарай, басқаларға керексіз болып қалған осы ойыншықтар біздің елімізге еш кедергісіз, тексерусіз ағылып жатыр. Қолда бар деректерге сүйенсек, сауда нүктелеріне шығатын ойыншықтардың 80-90 пайызы қытайдікі көрінеді.

Қазір еліміздегі базар, дүкен сөрелерін қытай тауарларының жаулап алғанына біраз уақыт болды. Ол тек ойыншыққа ғана қатысты емес. Бұл елдің азық-түлігі, жеміс-жидегі, киім-кешегі де мемлекетімізге еш кедергісіз, тексерусіз ағылып жатыр. Отандық мамандар қытайдың тек ойыншығы ғана емес, тамағы, тіпті балалардың киім-кешегіне дейін қауіп-қатерге толы, құрамында адам ағзасына кері әсерін тигізетін улы химиялық заттардың бар екенін айтып келеді. Әлемдік брендтердің өнімдерін «көшірумен» белсенді түрде айналысып отырған қытай кәсіпорындары ақшаға құныққандықтан, сапаға емес, санға мән береді. Сырт көзге сүп-сүйкімді көрінетін өнімдерге алданып, онда қандай қатер бұғып жатқанына мән бере бермейміз.

Қытай тауарлары тек Қазақстан нарығын ғана емес, бүкіл әлем елдерін жаулап алғаны аян. Бірақ та кейінгі жылдары Америка, Ресей елдері қытай ойыншықтарын зерттеу нәтижесінде оның құрамында улы химиялық заттардың көптігін анықтаған соң ойыншықтарды кері қайтарып, тіпті, осыған байланысты арнайы заң қабылдаған болатын. Мәселен, жақында Ресейде «Балалар ойыншықтарын шығару және тарату өндірісінде бақылау мен қадағалау тиімділігін арттыру туралы» жаңа заң қабылданып, күшіне енді. Яғни, бұл құжат бойынша ойыншықтар нарығындағы қауіпсіздік ережелерін нығайтуға күш салынады.

Қытайдан келетін тауардың, соның ішінде ойыншықтардың бәрі қауіпті деп айта алмаймын. Қытай ойыншықтарының екі түрі бар. Біріншісі — зауытта жасалып, елімізге ресми түрде әкелініп, тексеруден өтіп, сапасы жөнінде сертификаты бар тауар. Олар негізінен жүк түрінде әкелініп, сертификация органына зерттеуге жіберіледі.

Бұл ойыншықтардың құжаты болғандықтан кез-келген дүкенге қиындықсыз алады. Ал заңсыз әкелінген ойыншықтардың сапасы жайлы сертификаты болмағандықтан, оларды ешқандай дүкен алмайды. Сондықтан ондай тауарлар базарда сатылады. Ал әрбір өнімнің сапасы, қауіпсіздігі жайлы сертификаты не болмаса санитарлық қорытындысы болуы қажет. Бірақ та қара базардағы өнімдерде ондай сертификат болмайды. Арзан болғасын сапасы да нашар. Әрбір ойыншықта маркасы, шығарған зауыт аты, ел коды, мекенжайы туралы ақпарат болу керек. Ал базардағы ойыншықтарда ондай құжат жоқ.

Біздің мемлекеттегі балаларға арналған мекемелерде қандай ойыншықтар қолданады екен анықтағым келді. Ол үшін ауылымыздағы балабақша мен Қарасуық шағын орталығына барып тәрбиешілермен кездестім. Орталығындағы ойыншықтар алуан түрлі, көз тартып қызықтырып тұрады. Бұл кісілердің айтуынша, ойыншықтардың сапасы туралы сертификаттары бар, оны санэпидем станцияның қызметкерлері тексереді. Және жұмсақ ойыншықтар, яғни шан жұтатын ойыншықтармен қолдануға тыйым салынған, ал қалған ойыншықтарын аптасына 1 рет арнайы дезинфекциялық сумен жуып отыратынын хабарлады.

Ересектер балаларға жылтыраған қытай ойыншықтарын әперуге құштар. Бірақ та оның негізі химиялық өндірістің қалдықтарынан жасалынатындықтан баланың миын зақымдап, көру қабілетін төмендетіп, кемтарлыққа ұшырататынынан көп жағдайда хабарсыз.

Қытай ойыншықтарының құрамындағы улы заттар туралы хабар алу үшін, мен біздің мектебіміздің химия пәнінің мұғалімі С.С.Жұмасановпен сұхбаттастым. Оған қытай ойыншықтарында қандай заттар кездесуі мүмкін және ол заттар бала ағзасына қалай әсер етеді? Деген сұрақтар қойылды. Бұл кісінің жауабы :

Қытай компаниялары ойыншықтар өндірісінде құрамына белгіленген мөлшерден бірнеше есе көп мырыш бар бояуларды қосып, пайдаланғаны анықталды. Ал мырыш әсіресе нәрестелер үшін аса қауіпті. Яғни, ағзаға түскен мырыш миды зақымдап, сәбиді мүгедек қылады. Ал кішкентай бүлдіршіндердің кез келген затты ауызға салып, иіскеуге құштар екендігі ешкімге де жасырын емес. Осылай зиянды, улы заттар бала ағзасына түсіп, түрлі ауруға ұшыратады. Қытайдан келген ойыншықтар құрамындағы формальдегид әдеттегіден 10-15 есе көп екен. Сонымен қатар қытайлық ойыншықтар құрамында аса зиянды улы зат – фенолдың

көрсеткіші де бірнеше есе көп екендігі және шығатын дыбыстардың талаптан асып түсетіні де белгілі болды. Тіпті нәрестелерге арналған сынғырлақтардың келешекте баланы керен, саңырау қылатыны да анықталып отыр. Жұмсақ резеңке ойыншықтарын бояйтын заттар құрамындағы кадмий мен қорғасын мөлшері де қалыпты деңгейден әлдеқайда асып түскен. Мұндай улы ойыншықтар баланы тек қана аллергиялық ауруға ұшыратып қоймайды, онымен қоса асқазан, ішек дерттеріне де ұшыратады екен.

Еліміздегі базарлар мен дүкен сөрелерін арзан әрі сапасыз ойыншықтардың жаулап алуының нәтижесінде омыртқасы қисық, керен, иіс сезу мүшесі әлсіз ауру буын өсіп келеді. Әрине, жас балғын сәби мына әлемді ойыншық арқылы таниды. Осы жансыз бейнемен сырласады. Қазіргі уақытта еліміздің нарығындағы киетін киім-кешек те, күнделікті тұтынатын тағам, сусындарымыздың, тіпті балалар ойнайтын ойыншықтардың өзі шетелден әкелінеді. Мамандардың айтуынша, Қазақстанда ойыншық өндіретін отандық зауыт ашқанның өзінде көп ұзамай ол өзін ақтай алмай жабылып қалады. Қытайдан ағылған арзан ойыншықтар отандық өнімді дамытуға мүмкіндік бермейді. Ал балалардың күнделікті құшақтап, тіпті бірге ұйықтайтын серігі — ойыншықтың берер тәрбиесі де зор. Балалардың ертегілерді ұйып тыңдайтыны белгілі. Ондай болса, қазақ ертегілерінің желісімен Алдар көсе, Тазша бала, батырлар тәрізді ұлттық кейіпкерлер бейнесінде ойыншықтар жасалса, бұл бала үшін баға жетпес сый болар еді. Әрине, бұл — отандық кәсіпкерлерге қатысты мәселе. Тек қалтасын толтырумен ғана айналыспай, жас ұрпақтың дені сау да, ақылды, өз елінің патриот азаматы болып өсуі үшін қамқорлық көрсетіп, ойыншықтар өндірісін қолға алуға болады емес пе?

Осы күні қазақ баласы ойнап жүрген қытай ойыншықтарының қауіп-қатерге толы екені ақиқат. Көбінде ата-ана баласына бір сәттік қуаныш сыйлау үшін оның сапасының сын көтермейтінін біле тұра, мән бермейді. Әрине, дүкендердегі бағасы шарықтаған ойыншықтарды сәбиіне алып беруге бәрінің қалтасы көтере бермейді. Дегенмен де баланың қауіпсіздігі үшін қара базардағы қаптаған арзан ойыншықтардан гөрі, дүкендерден сертификаты бар ойыншықтарды алған жөн. Осы мәселелерді қолға алып, сырттан келетін ойыншықтың сапасына тиісті орындар ай-қатаң қадағаланатын мәселе. Өйткені ойыншық – ұлттық қауіпсіздіктің басты мәселесі. Ойыншық мәселесіне жеңіл-желпі қарауға болмайды. Ойыншық арқылы баланың ойлау қабілеті артады, сол арқылы өмірге бейімделеді.

Сондықтан ұлт боламын деген, ұрпағын ойлаған ел балалар ойыншығына, әсіресе, сырттан әкелінетін ойыншықтың сапасына, зиянсыздығына ерекше көңіл бөлуге, қатердің алдын алуға міндетті. Қазақтың баласы тамырынан қол үзіп қалмасын десек, ұлттық нақыштағы, бүлдіршіндерді қызықтыра білетін, бір көргенде елітіп әкететін ойыншықтарды, мультфильмдерді түсіру керек. Өскелең ұрпақтың қоғамның толыққанды, парасатты тұлға болып қалыптасуына оның қолындағы ойыншықтары мен көгілдір экранның тигізетін әсері мол.

Келешекте Қыдырәлі Болмановтың «Бал-бала» жобасы сияқты, Отандық ойыншық өндіретін зауаттар ашылып, ойыншықтың бағасы барлық балалар сатып алатындай қол жетімді болса екен.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ол кім, бұл не?
- 2 Қытайдың зиянды ойыншықтарына қашан тосқауыл қойылады? - Ж. Сүлейменов АСТАНА.
- 3 «Арзан ойыншық – қымбат дерт» Автор: Сандуғаш Әлімжанова
- 4 «Сапасыз ойыншықтар бала болашағын бұлыңғырлатады» мақала 14.09 2013
- 5 Балаларды арбаған «Сикыр ойыншықтар» оның денсаулыққа зияны қандай? Мақала 04.2012
- 6 «Қуыршақтарды күлімдетіп, сәбилерді сергелденге түсірген қайран Қытай» мақала 29 шілде, 2011
- 7 «4 миллион баламыз Қытай тауарына телміріп отыр» Автор: Жанар Келменбетова, Қарағанды
- 8 <http://www.voxpopuli.kz/main/sdelano-v-kazahstane-kukly-bal-bala-12281.html>

## ГЕРАЛЬДИКА КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕННЫХ СОЮЗОВ

КУПРИЯНОВ А.

ученик 6 класса, ООШ № 32, г. Павлодар

АЮПОВ А.

ученик 6 класса, ООШ № 32, г. Павлодар

ИБРАЕВА Д. Т.

магистр географии, учитель истории и географии, ООШ № 32, г. Павлодар

Каждый человек несет в себе свою Родину и память о своих предках - это неизменная часть любого из нас. Через своих предков мы причастны к человеческому древу, а через Родину связаны с землей. Наша Родина, носящая священное имя Казахстан.

Уже с древнейших времен наш народ занимался кочевым скотоводством. Кочевой образ жизни - единственно возможная модель выживания человека в суровом степном краю. Исторически сложившийся кочевой образ жизни объединил на просторах Казахстана группы племен, имеющих разное происхождение, но связанные общей судьбой.

Практически у всех кочевников Центральной Азии существовали племенные, родовые, общинные знаки, которые применяли с древних времен, главным образом как знаки собственности. Этими знаками таврили животных, оружие, предметы обихода [1, с. 63].

Одной из актуальных и сложных сфер изучения своего родного края является научное тамговедение, которое рассматривается как одна из составляющих частей геральдики.

Геральдика (лат. heraldus – глашатай) – это наука, которая занимается изучением гербов [5, с. 45].

Объект научного исследования данной темы – родоплеменная тамга, знак, разнообразные метки.

ТАМГА или ТАНБА - это родовой знак, клеймо, тавро, печать [9, с. 151].

Изучение казахских тамг берет свое начало, прежде всего, с работ российских исследователей. Первый этап этих исследований начался еще в дореволюционную эпоху, когда в XVIII-XIX вв. была проделана работа по регистрации родоплеменных тамг и их разновидностей в составе Младшего, Среднего и Старшего жузов.

Несмотря на то, что русскими исследователями было собрано и зафиксировано многочисленность казахских тамг, в их трудах не содержится полноценных сведений об источниках и этнокультурных составляющих тамгопользования у

казахов, и это все еще остается сложной проблемой. Систематизация и раскрытие взаимосвязи геральдических знаков между племенами казахского народа, заинтересовала авторов, так как в школьной программе нет углубленного изучения этой темы.

Основываясь на Государственную программу «Рухани Жаңғыру», основанную Президентом нашей Республики, в своей научной работе постарались методом сбора и анализа существующих материалов осветить данную проблему.

При написании данной статьи были использованы исследовательские методы, метод сбора и теоретического анализа информации, индуктивный и дедуктивный методы.

В 1904 г. российский ученый Д. Н. Соколов в своей работе определил 5 способов образования тамг: добавление дополнительной черты, изменение направления тамги, изменение черт тамги в виде прямой или дугообразной линии, удваивание тамг, объединение двух отдельных тамг. Кроме того, тамги разделяются на 2 группы, как основная тамга и производная тамга (по симметричным линиям). Исследователь уделяет внимание и названиям некоторых тамг: «банак» (вилка), «кабырга» (ребро), «таяк» (посох), «соқыш» (молот), «жа» (лук), «коянта» (ступка), «шалтау» (застежка пояса), «тарак» (гребень), «куйыскан» (подхвостник), «аурна» (древесная сердцевина), «тауык-аяк» (куриная лапа), «тадра» (окно). В той же работе приводятся интересные данные о тамгах многочисленных родов, которые расселены на территории нашего города Павлодара. Это рода племени аргын, кыпшак казахов Среднего жуза, описывается ряд тамг, которыми казахи клеймят своих лошадей. Д. Н. Соколов отмечает, что у аргынов помимо тамги «көз» (глаз) были несколько тамг в виде круга и круга с черточкой [11, с. 96].

А у 9-ти родовых племен Старшего жуза – существовало 31 разновидностей тамг, тамга в виде гребня, в виде круга и его производных, в виде треугольника, в виде намордника, в виде линии, в виде полудуги, в виде колонны, в виде двух глаз, в виде чембура. Отсюда можно заметить, что здесь преобладает тамга в виде «круга» (в древнем значении «солнце, луна») и ее производные [4, с. 126-127].

В знаках древних тюрков и современных тюркоязычных народов прослеживаются определенные предметно-образительные наименования (небесных тел – солнце, луна, звезды и т.д., предметов скотоводства – рога, копыта, узда, все принадлежности седла,

и других материальных предметов – оружия, домашней утвари, украшений, – например, лук, топор, стрела, гребень, зеркало, серьга и др.), и все они имеют сложное содержание.

В целом, в системе казахских тамг довольно четко прослеживаются закономерности: в Старшем жузе преобладает круглая форма, в Среднем - кроме этого часто встречается множество черточек, подпорок и углов, а в Младшем - наибольшее разнообразие форм, свидетельствующее о его сложном родоплеменном составе. Образование казахских жузов - это исторический процесс, который сопровождался формированием этнической территории. В силу действия многих этнополитических и хозяйственных факторов на территории Казахстана возникло три основных района: Семиречье, Центральный и Северо-Восточный Казахстан, Западный Казахстан. Каждый из них имел свои пути кочевков, традиционные летние и зимние пастбищные угодья с водопойными источниками.

Происходившие во второй половине 15 в. процессы формирования казахской народности, возникновения затем казахских ханств и образования трех жузов, имея каждый самостоятельное историческое значение.

Мы можем предположить, что казахские роды и племена разделились на три жуза, и роды и племена, вошедшие в состав каждого отдельного жуза, объединялись и своими тамгами. Если какой-либо род и племя происходили из другого рода или племени, то должны быть производные тамги, произошедшие от основной тамги определенного племени.

В своей работе мы попытались как можно шире раскрыть взаимосвязь тамги от расселения племен и вхождение в состав определенного жуза.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков . 2-ші басылым. Астана, 2007.С.63.

2 Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава Киргиз-казахов Большой орды и Каракиргизов, на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований // Живая старина. Спб.,1894. вып. III-IV. -95.

3 Востров В.В., Муканов М.С. «Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в.в.)», Издательство

«Наука» Казахской ССР, Алма-Ата, 1968, 256 с;http://www.art-kaz.kz/auxpage\_najman

Схема предоставлена сообществом Naimansegiz. Источник: книга

4 Жарукат Бейсенбайулы «Казах шежіре», , стр 126-127, Алматы 1994

5 Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974. С. 45.

6 Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. Часть третья. Этнографические известия. СПб., 1832. С. 134-135.

7 Казанцев И. Описание киргиз-кайсаков. I том. Букеевской орде 200 лет. 1 книга. Издательство «Өлке», 2001. С.302-303.

8 Потанин Г. Очерки Северо-западной Монголии. Выпуск 2, 1881. табл. XXVI,

9 Харузин А. Киргизы Букеевской орды. -1889, вып.-1., С.151.

10 Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы. Сырдаринской области. Том I. Юридический быт. Ташкент: Типо-литография СИ. Лахтина, Романовская ул. соб.дом. 1889. Приложение №2.

11 Соколов Д.Н. О башкирских тамгах // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Оренбург, 1904. -Т.13, Вып.13. -96 с: 2 л. табл.

### АСТАНА ҚАЛАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ 430-БІРІККЕН ҚОР КОЛЛЕКЦИЯСЫ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖАЙЛЫ ЖАҢА ДЕРЕК КӨЗІ

ҚУАНЫШЕВА А., ҚАҢТАРБАЕВА Ж.

оқушылар, Физика-математика бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебі, Астана қ.

ТУРАРБЕКОВ Д. М.

гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқу бөлімінің әдіскері,

тарих пәнінің мұғалімі, Физика-математика бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебі, Астана қ.

Алаш зиялылары бастаған рухани мәселелер бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатыр дегенде, олардың тіл тақырыбы төңірегіндегі ойларының қазірде де өміршең екендігін аңғаруға болады. Қазақ тіліндегі басылымдар, ана тілінде білім алу, тілдің қоғамдағы мәртебесі, ана тілінде тәрбие

беру, Қазақстандағы қазақ тілінің басымдығы сияқты мәселелер А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Шоқай, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Т. Шонанұлы [1] тағы да басқалардың істері мен еңбектерінен көрініс тауып жатты.

Алаш қайраткерлері сонау ХХ ғасырдың басында айтылған ой-пікірлерінің ХХІ ғасырдың басында өмір сүріп отырған қазақ қоғамы үшін де маңызды болуы – біздің бұл салада атқарар шаруамыздың көптігін де көрсетеді. Ұлттық қадір-қасиетімізді қалпына келтіру жолында орасан істер атқарған Алаш зиялылары бұдан бір ғасыр бұрын ұғынып, сөзбен де, іспен де шешуге тырысқан.

Қазақ халқының тарихында Алаш қайраткерлерінің алар орны ерекше. Олар өз ұлтының бостандығы жолында басын бәйгеге тіккен, туған елін отаршылдықтың бұғауынан босатып, тәуелсіз мемлекет құру үшін ақтық демі қалғанша күрескен асылдар еді. Жалпы, қазақ халқының тарихында азаттық аңсап, өз елінің тәуелсіздігін қорғаған тарихи тұлғалар аз емес. Әйтсе де, Алаш қайраткерлерінің олардан бір үлкен айырмашылығы мен ерекшелігі бар. Бұған дейінгі бостандық үшін басын бәйгеге тіккен ұлы тұлғалар өз мақсаттарын ақ найзаның ұшымен, алмас қылыштың жүзімен жүзеге асырмақ болса, Алаш қайраткерлері өркениетті елдердің дәстүрімен күресті партия құрып саяси жолмен жүргізді.

Соның нәтижесінде Алаш қайраткерлері қазақ жерінде тұңғыш рет қағазға түскен қаулы-шешім негізінде бекітілген үкімет құрды. Мемлекетті басқару, қазақ елін дамытып-өркендету жөнінде жаңа дәуірге сай сауатты, жүйелі жоспар-бағдарлама жасады. Қазақ халқының тарихында мемлекетті басқару мен үкімет құрамын ресми бекітудің нақ осындай қағаз бетінде бір жүйеге түсіріліп, ретке келтірілген жоспар-бағдарламасы болды деп айту қиын. Яғни, Алаш қайраткерлері осыдан сексен-тоқсан жыл бұрын қазақ халқы толық тәуелсіздік алған жағдайда елді қалай басқарып, қайтіп дамыту керек, ішкі-сыртқы саясатты қандай жолмен жүргізген дұрыс, көрші мемлекеттермен қандай қарым-қатынаста болғанымыз абзал дегеннің бәрін нақты көрсетіп, белгілеп берген болатын.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: *«Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүз жылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік*

*деңгейімен де осы заманмен үндес»* [10, Б. 22], - деп ерекше атап көрсеткен еді. Алаш қозғалысы тарихы және тақырыптың тарихнамалық мәселелері еліміз тәуелсіздігін алғалы ғылыми тұрғыдан зерттелуде. Алаш мәселесі әлі де терең зерттеуді қажет ететіндіктен болашақ тарихшы ретінде осы мәселенің зерттелуіне терең ден қоюды мақсат еттім.

*«Тарихсыз мемлекет, құжатсыз тарих болмайды»* - деп Н. Ә. Назарбаев атап көрсеткендей өткенімізді тек құжат (дерек) арқылы ғана дәлелдей алатынымыз баршаңызға мәлім. Қандай да бір мемлекет немесе қоғам тарихы субъектілердің қатысуымен жасалады. Тарихты жазуда жеке тұлғалардың алатын орны ерекше. Оны өмірбаяндық әдіс арқылы анықтаймыз. Биографический метод – один из специфических методов, при котором для решения какой-либо проблемы собирают и обобщают материалы, отражающие участие человека в тех или иных социальных событиях и его отношение к ним [12, с. 36]. Яғни, қоғам (мемлекет) тарихы жеке тұлғалардың тікелей қатысуымен жасалады. Қоғамда ерекше қалыптасқан феномен – интеллигенция. Интеллигенция – самая образованная часть населения, его творческая составляющая. Можно сказать что именно она является модернизатором общества [13, с. 27]. Н. А. Бердяев «интеллигенция» ұғымын адамгершіліктің өзі интеллектуалдылықтан жоғары болды деген ресейлік ойдың өзіндік сипатымен байланыстырады [14, Б. 299-304]. Яғни, өз сөзімізбен түсініктеме берер болсақ интеллигент дегеніміз – ақыл-ой, білімділік деңгейімен ғана емес адамгершілік, ар-ожданымен айқындалады. Инеллигенцияның тарихты қалыптастыруда ойып орын алатыны заңды құбылыс.

ХХ ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің пәрменді еңбегі Алаш баласының есінен еш кетпек емес. Оның дәлелі – тәуелсіз Қазақстанның барлық түкпіріндегі қазақ зиялы қауымының ісіндегі, ойындағы алашшылдық сана. Бұл алашшылдық сана уақыт жылжыған сайын қазіргі қазақ қоғамында тереңдей түссе, халқымыздың ұлттық өресі де биіктей бермек. Алаш зиялыларының қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: *«ХХ ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі*



ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» [15]–деп көрсеткен болатын.

2007, 2017 жылдары Астана қалалық мемлекеттік мұрағат қызметкерлері Ақмола, Ақмола облысына қатысты құжаттарды жинақтау мақсатында Орынбор қаласындағы облыстық мемлекеттік мұрағатқа шығармашылық іссапарларға барып мұрағат қорларын толықтырған болатын.

2008, 2016 жылдары Шетел мұрағаттарындағы Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды жинақтау бағдарламасы негізінде Татарстан Республикасының Ұлттық мұрағатына (Қазан қаласы) шығармашылық іссапар жасады. Осы жұмыстардың қорытындысы бойынша 430-қор «Объединенный архивный фонд-коллекция архивных документов» құрылды.

430-қордан тақырыпқа қатысты Қазан ЖОО-ның студенттері: Ахмет Бірімжанов (430-қор, 13-тізімдеме, 4-іс), Жүсіп Ізбасаров (430-қор, 13-тізімдеме, 6-іс), Мұхаммедказы Чутаев (430-қор, 13-тізімдеме, 18-іс), Базарбай Мәметов (430-қор, 10-тізімдеме, 23-іс), Уәлитхан Танашев (430-қор, 10-тізімдеме, 19-іс), Райымжан Мәрсеков (430-қор, 10-тізімдеме, 14-іс), Сыдық Желбаев (430-қор, 10-тізімдеме, 16-іс) т.б. жеке істері, Омбы мұғалімдер семинариясының түлектері: Нығмет Нұрмақов (430-қор, 9-тізімдеме, 8-іс), Ережеп Итбаев (430-қор, 9-тізімдеме, 9-іс), Санкт-Петербург университетінің студенті Жакып Ақпаев (430-қор, 9-тізімдеме, 2-іс) т.б. жеке істері бойынша мәлімет алынды.

Қазақ зиялылары өзінің білімі мен күшін халқының жағдайын жақсарту үшін қызмет еткізді. Қазан ЖОО-ның түлектері С. Аманжолов, А. Бірімжанов, Б. Мәметов, Б. Танашев «Алаш Орданың» белсенділері болды. Ал, М. Бекімов, М. Боштаев, И. Қашқынбаев, С. Нұралиханов сынды азаматтар Халықтық Кеңеске кандидаттар болды. А. Алдияров, А. Имамбаев, Ф. Ибрагимов, І. Түкберлинов, Б. Жанқадамов, Ф. Бердеев, Т. Есенқұлов, Р. Мәрсеков, С. Меңгелдин, С. Әжгіров [16, с. 77] т.б. жоғарғы білімді азаматтар қоғамды жақсарту үшін үлестерін қосты.

ЖОО-да оқу үрдісінің өзінде қазақ-семинаристері оқығандарын өз ұлтына қалай үйрету жолдарын қарастырған болатын. Мысалы, Сыдық Желбаев сабақтан тыс уақытын география кітабын қазақ тіліне аударумен шұғылданған. Желбаев 1902-1905 [17] жылдар арасында Қазан мұғалімдер семинариясында оқып,

өзінің үлгілі тәртібі мен оқуға деген ынтасы арқылы ерекшеленген студент. 430-қор, 10-тізімдеме, 16-істе Сыдық Желбаевтың Торғай облысы, Ақтөбе қаласында орыс-қазақ училищесін өте жақсыға бітіргендігі туралы куәлік; 1902-1905 жылдары Қазан мұғалімдер семинариясының толық курсы аяқтағанын дәлелдейтін куәлік; Қазан мұғалімдер семинариясының директорының 1902 жылғы 19 қарашада шыққан бұйрығы берілген.

Алаш арыстарының бірі, заң саласында халқына қызмет еткен тұлға – Жакып Ақпаев туралы 430-қорда, 9-тізімдемеде, 2-істе С-Петербург университетінің заң факультетінде оқитынын дәлелдейтін куәлік; Бірқарын болысы, № 4 әкімшілік аулынан екенін дәлелдейтін куәлік; 1903 жылғы 16 желтоқсанда С-Петербург Императорлық университеттің І дәрежелі дипломын алғандығын дәлелдейтін құжат; Қызметтерге тағайындалу туралы аттестат; Омбылық сот палатасының төрағасы(на)ның бұйрықтары және хаттары; Қызметке тұрарда Николай Александровичке берген анты (клятвенное обещание) [18] сияқты құжаттар бар.

430-қор, 9-тізімдеме, 9-істе Ережеп Итбаевтың жеке басын куәландыратын куәлігі; Омбы мұғалімдер семинариясын аяқтап (1894), Императорлық Том университетінің медицина факультетіне оқуға түсіп, толық курсты аяқтамағандығы туралы куәлік (1894); Атқарған қызметтері туралы жазылған құжаттар берілген. 1900 жылғы 1 қарашадағы Ақмола облыстық әскери губернатордың бұйрығымен Ережеп Итбаев Омбы қалалық полиция басқармасына, 1902 жылғы 1 шілдеде Семей облыстық Қарқаралы уездік басқармаға концелярияда аудармашы қызметіне тағайындалады. 1907 жылдары Әділет министрлігінің бұйрығымен (11.10.1907 ж. № 47) Омбы аймақтық сотта штаттық аудармашы қызметінде болады. Итбаевтың жұмысты зор жауапкершілікпен атқаратынын бағалап, 1909 жылы коллеждік регистратор (бұйрық № 5. 26.01.1909), губернатор хатшы (бұйрық № 87. 18.12.1909), губернатордың, коллеждің аға хатшысы [19, 3-4-пп] сияқты шендерді иеленген қазақ зиялысы.

Нығмет Нұрмақовтың [20, 1-2-пп] Омбы мұғалімдер семинариясын 1915 жылы аяқтағаны жайлы куәлік 430-қор, 9-тізімдеме, 8-істе көрсетілген.

430-қор, 10-тізімдеме, 19-істе Уәлитхан Танашевтың 1899-1908 жылдар аралығында Астрахань губерниясында гимназияда оқығандығы жайлы куәлік (аттестат зрелости); Императорлық Қазан университетінің ректорына оны медициналық факультеттен заң факультетіне ауыстыру туралы өтініші [21, 1-3-пп].

Базарбай Мәметовтың 430-қорда, 10-тізімдемеде, 23-істе Императорлық Қазан университетінде оқыған жылдары (1911-1916) көрсетілген Б. Мәметовтың жеке ісінің титул парағы; Қазан университетіне қабылдау туралы өтініш [22, 1-3-пп] құжаттары бар.

430-қорда, 10-тізімдемеде, 14-істе Райымжан Мәрсековтың 1899 жылы 18 қазанда Императорлық Қазан университетіне қабылданып, сол жылдың 9 желтоқсанында аяқталғаны туралы университеттің студенттер қатарына қабылдау парағының титулды беті; Р. Мәрсековтың С-Петербург университетінен Қазан университетінің заң факультетінің II курсына қабылдау туралы өтініші берілген. Осы тұста түсініспеушілік тудыруы мүмкін мәселе ол Мәрсековтың 1899 жылы 18 қазанда (началось) Императорлық Қазан университетіне қабылданып, сол жылдың 9 желтоқсанында (кончилось) аяқталғаны туралы титул парағы [23, 1-п] бұл мәселенің сыры Райымжан сол жылы С-Петербург университетіне қайта ауысып барады.

Қазан университеті заң факультетінің үздік студенті, Н. А. Крыжанов атындағы стипендияның [14, с.81] иегері Мұхаммедқазы Чутаев жайлы 430-қорда, 13-тізімдемеде, 18-істе төмендегідей құжаттар бар:

– 1915 жылы Троицк қаласындағы ерлер гимназиясын бітіргендігі туралы оқу министрлігінің берген куәлігі (аттестат зрелости);

– Қазан университетінің студенттер қатарына қабылдау жайлы Чутаевтың өтініші;

– жеке басын куәландыратын куәлік (приговор) [14, 1-8 пп.].

М. Чутаев, Ш. Бекмұхамедов, А. Имамбаев, І. Қисықов т.б. заңгер студенттер «Қазақ» газетінде (15.10.1916) қазақ студенттерін рухани ынтымақтастыққа шақырып, халқы үшін әрқашан көмек көрсетуге дайын екендерін баяндап «Ашық хат» жазады. «Студенты-киргизы, обучающиеся в Казанском университете, на устроенном недавно ими собрании решили всецело предоставить себя в полное распряжение своего народа, если он, в лице своих общественных деятелей, призывает их к активной работе» [14, с. 75].

430-қор, 13-тізімдеме, 6-істе Қазан ветеринарлық институттың студенті, Қырғыз (қазақ) қоғамының стипендиясының [14, с. 82] иегері Жүсіп Избасаровтың жеке құжаттары бар. Олар:

– 1887-1893 жылдары Омбы гимназиясында оқығанын дәлелдейтін куәлік;

– жеке басын куәландыратын куәлік;

– Омбы гимназиясы директорының Қазан ветеринарлық институты ректорына жазған ходатайстволық құжат;

– Қазан институтының студенттер қатарына қабылдау өтініші (прошение);

– Қазан ветеринарлық институтында 1893-1897 жылдары білім алғаны жайлы ветеринар дипломы [25, 2-14 пп.].

2007, 2017 жылы Астана қалалық мемлекеттік мұрағат қызметкерлері Ақмола, Ақмола облысына қатысты құжаттарды жинақтау мақсатында Орынбор қаласындағы облыстық мемлекеттік мұрағатқа шығармашылық іссапарға барып мұрағат қорларын толықтырған болатын. 2008, 2016 жылы Шетел мұрағаттарындағы Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды жинақтау бағдарламасы негізінде Татарстан Республикасының Ұлттық мұрағатына (Қазан қаласы) шығармашылық іссапар жасады. Осы жұмыстардың қорытындысы бойынша 430-қор «Объединенный архивный фонд-коллекция архивных документов» құрылды.

430-қорда Қазан ЖОО-ның студенттері: Ахмет Бірімжанов (430-қор, 13-тізімдеме, 4-іс), Жүсіп Избасаров (430-қор, 13-тізімдеме, 6-іс), Мұхаммедқазы Чутаев (430-қор, 13-тізімдеме, 18-іс), Базарбай Мәметов (430-қор, 10-тізімдеме, 23-іс), Уәлитхан Танашев (430-қор, 10-тізімдеме, 19-іс), Райымжан Мәрсеков (430-қор, 10-тізімдеме, 14-іс), Сыдық Желбаев (430-қор, 10-тізімдеме, 16-іс) т.б. жеке істері, Омбы мұғалімдер семинариясының түлектері: Нығмет Нұрмақов (430-қор, 9-тізімдеме, 8-іс), Ережеп Итбаев (430-қор, 9-тізімдеме, 9-іс), Санкт-Петербург университетінің студенті Жақып Ақпаев (430-қор, 9-тізімдеме, 2-іс) т.б. жеке істері бойынша мәлімет алынды.

Астана қалалық мемлекеттік мұрағатының 430-қоры «Объединенный архивный фонд-коллекция архивных документов» Омбы, Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаттарынан, Татарстан Республикасы Ұлттық мұрағатынан әкелінген құжаттар XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың I жартысы аралығындағы ұлт зиялыларының қалыптасу тарихының кейбір мәселелерін ашып қарастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе, аттары ғылыми айналымға толық таныла қоймаған Жүсіп Избасаров, Мұхаммедқазы Чутаев, Базарбай Мәметов, Уәлитхан Танашев, Райымжан Мәрсеков, Сыдық Желбаев, Нығмет Нұрмақов, Ережеп Итбаев сияқты ұлт зиялылары жайлы жаңа мұрағат құжаттары негізінде ғылыми-зерттеу жұмысы жазылды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алаш қозғалысы.(движение Алаш) құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж.– желтоқсан 1917 ж.. Алматы: «Алаш», 2004. I том
- 2 Алаш қозғалысы.(движение Алаш) құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж.. Алматы: «Алаш», 2005. II том
- 3 «Алаш» қозғалысы. Құраст: Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, И. Нұрахмет. А, 2008
- 4 Тілешов Е. «Алаштың» жолы //«Алаш қозғалысы» жинағы, Алматы, 2008.
- 5 Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: «Ататек», 1995
- 6 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. I том. Алматы: «Ғылым», 1993.
- 7 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: «Санат», 1995
- 8 Жұртбай Т. Ұраным – Алаш!. Алматы: «Ел шежіре», 2008
- 9 Әбжанов Х. Алаш қозғалысы ұлттық идея эволюциясы.// Абай,2008,№ 4, 18 – 23
- 10 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999
- 11 Әлем қазақтарының рухани сұхбаты: тіл, мәдениет және Алаш мұраты. Халықаралық ғылыми – теориялық конференция материалдары. Алматы, 2008.
- 12 Современная западная социология. М., 1990
- 13 Концепция формирования нового социально-экономического поведения граждан РК. – Алма-Ата: Казахстан, 1995
- 14 Г.Н. Потанин және Нәзипа Құлжанова // Материалы международного теоретико-методологического семинара «Основные приоритеты продвижения Казахстана в число наиболее конкурентоспособных государств» Актюбинский государственный педагогический институт. - Актөбе-2006.
- 15 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003
- 16 Кенжетаяв Б.А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начале XX вв. – Казань: ПиФ, 1998
- 17 Свидетельство об окончании С. Жельбаевым Актюбинского училища и Казанской учительской семинарии //АҚММ, 430-қор, 10-тізімдеме, 16-іс
- 18 Жақып Ақпаев //430-қор, 9-тізімдеме, 2-іс.
- 19 Ережеп Итбаев //430-қор, 9-тізімдеме, 9-іс.
- 20 Нығымет Нұрмақов //430-қор, 9-тізімдеме, 8-іс.

21 Прошение У. Таначева о его переводе с медицинского на юридический факультет. Аттестат зрелости //430-қор, 10-тізімдеме, 19-іс.

22 Титульный лист личного дело Б. Маметова. Прошение принятия на юридический факультет Казанского университета //430-қор, 10-тізімдеме, 23-іс.

23 Титульный лист дело о приятие в число студентов университета Р. Марсекова. Постановление правления университета принятия Р. Марсекова на II курс юридический факультет Казанского университета. Прошение Р. Марсекова о принятии в число студентов университета //430-қор, 10-тізімдеме, 14-іс.

24 Мухаммед-казы Чутаев //430-қор, 13-тізімдеме, 18-іс.

25 Личное дело студента Казанского ветеринарного института Джусупа Избасарова //430-қор, 13-тізімдеме, 6-іс.

### ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ СУСЫНДАРЫНЫҢ СҰРАНЫСҚА ИЕ БОЛУЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ?

МОМЫНҚҰЛ М.

12 сынып оқушысы, Химия-биология бағытындағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Шымкент қ.  
ШАЛАБАЙ Г. Ш.  
жетекші, Химия-биология бағытындағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Шымкент қ.

Дамыған отыз елдің қатарынан көріну үшін ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртып, рухани байлығымызды тізгіндеуіміз міндетті. «Мәдени мұра», «Халық – тарих толқынында» бағдарламалары, тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды, төл тарихымызға қатысты құжаттарды жаңғыртуда. Жаһандану үдерісі өршіген кезде қазақтың ұлттық тағамдарын дәріптеуден бұрын, оны сақтап қалу өте қиынға түседі. Бүгінгі таңда статистикаға үңілсек, Қазақстанда балалар күнделікті тұтынысының біраз бөлігін жеңіл тағамдар құрайды, жалпы балалардың 53 % шоколад, ал 43 % фаст-фуд секілді тағамдарды күнделікті тұтынысына қолданады екен. Сонымен қатар, балалардың 51 %-нан астамы газдалған сусын түрлерін қолданатыны мәлім. Әйтсе де, осындай әртүрлі қоспалары бар заттарды тұтынуы, денсаулыққа өз зияныны әкелмей қоймайды. Ал, қазақ халқының ұлттық тағамдары - қымыз, қымыран, шұбат секілді сусындардың пайдасы зор. Мәселен, түйе сүтінің емдік

қасиетіне тоқталатын болсақ, 1 литр шұбат адам ағзасын тәуліктік қажет ететін дәрумендермен, және микроэлементтермен толық қамтамасыз ете алады. Құрамы жағынан ана сүтіне ұқсас және арзанға түседі. 1 литр түйе сүтінің қуаттылығы 911 ккал болса, сиыр сүтінікі 660 ккал -ға тең. Отандық және батыс ғалымдарының мәліметтері бойынша, 6 ай бойы күнделікті астан 30 минут бұрын 1 литр шұбат ішкен жағдайда рак, ас қорыту жолдары және жүрек-қан тамыры сияқты аурулардың алдын алуға болатынын дәлелдеген. Алайда, осындай шұбаттың қасиеттері бола тұра, қазақтың ұлттық сусындары жоғары дәрежеде сұранысқа ие деп айта алмаймыз. Көпшілік шұбаттың орнына анағұрлым қымбаттырақ, денсаулыққа кері әсері бар заттарды тұтынуды жөн көреді мысалы, «кока-кола». Шұбатты тек науқас кісілерге ем үшін ғана бермей, көпшіліктің де ішуіне толық мүмкіндік бар. Өйткені оны ашыту процесі оңай, өзіндік құны арзан. Тіпті, Изральдік ғалымдар медицинада емдеу әдісінде қолданады екен. Ресейде 80 астам қымыз өндіріс ошақтары жұмыс істейді және 48 қымызбен емдейтін санаториялар бар болса, ал Қазақстанда 15 санаторияға да жетпейді [10]. Жауапкершілігі шектеулі серіктесі «Кока-Кола Алматы Боттлерс» Қазақстандағы ең ірі алкогольсіз сусындарды шығаратын зауыттардың бірі болып табылады. Тек бір ғана сусын түрі емес, бірнеше сусын түрлерін шығарады «Coca-Cola», «Fanta», «Sprite», «BonAqua», сонымен қатар шырын түрлері «Piko», «Fuse tea» және энергетикалық сусын «Vign» [6]. Жыл сайын Қазақстанда 500 млн литр-ге жуық газдалған сусындарды тұтынады екен. Яғни, жыл сайын газдалған сусын түрлерін тұтынатын адамдар саны арттып келе жатыр, оны біз Қазақстандағы алкогольсіз сусын түрлерін шығаратын зауыттардың саны артқаннан көз жеткізе аламыз. Ал, қымыз бен шұбаттың өндірілуі керісінше 2015 жылдан бері 11,2 % и 17,3 % кеміген. «Coca-Cola» сусынының құрамындағы химиялық заттар: бояғыш (E150), ортофосфор қышқылы (E338), кармазин, фенилаланин, кофеин деген зиянды заттар адам денсаулығына өте зиян. Ең көп кездесетін аурулар: диабет, бүйректе тастың пайда болуы, асқазан рак, семіздік секілді аурулардың себепшісі. Бұл сусын түрі рак ауруын тудырса, ал қазақтың ұлттық сусыны - шұбат адам ағзасындағы рак клеткасын жоятын қасиеті бар екендігі дәлелденген [5].

Өзімізге белгілі қазақтың жері шүйгінді болғандықтан, жайылымды жерлер көп кездеседі. Осыған байланысты басқа елдерге қарағанда түйе мен жылқы шаруашылығын дамытуға кең

жол ашады. Республикадағы барлық жайылымдық жердің 64 %-дан астамын 116 млн. [1] га Түйе шаруашылығы арқылы барынша тиімді пайдалануға болатын, шөл және шөлейт алқаптардың алып жатуы осы саланы өркендетуге кең жол ашады. Сонымен қатар, түйе төзімді, артық шығынды қажет етпейтін жануардың бір түрі. Дегенмен, қазіргі кезде шұбаттың өзін ғана өндіру дамыған, ал шұбаттың өзінің дәмі көптеген адамдардың көңілінен шықпауы мүмкін. Мәселен, Қазақстанда түйе сүтін шығаратын ЖШС «Дәулет-Бекет» өз бастауын 2011 жылы Алматы қаласында бастаған. Бүгінде жеке ферма және 7 сауда филиал, 4000 басқа жуық түйені өсіріп, Қазақстанның барлық аймақтарына экспорттайды. Жамбыл облысында сүттік жылқы өсіруді дамыту мен қымыз өндіру үшін барлық алғышарттар бар, және осы бағытта жамбылдық «ЗАН» ЖШС-сі сәтті жұмыс істеуде [13]. Ұлттық брендімізді қалыптастыру мақсатында елімізде жеке өнеркәсіп орындары мен көптеген іс-шаралар қолға алынған. Қымызыды ЮНЕСКО-ның мәдени мұралары тізіміне енгізу жоспары бар [14]. Саумалдың Қазақстан территориясында ғана емес, сонымен қатар шетелде де көп ғасырдан бергі танымалдығына қарамастан, оның сауықтыратын қасиеттеріне жіті назар соңғы уақытта ғана аударыла бастады. Бір қызық жайт, бұл бірегей өнімге деген қызығушылық шетелде байқалып отыр (Германия, Франция, Бельгия, Жапония АҚШ). Жоба аясында компанияның үлесіне 25 000 гектар жайылым жер тиесілі. Және осыншама кең жерде биелер жыл бойы қажетті жемдік қорын жинақтап, жеке базаны қалыптастыруға мүмкіншілік береді. 1 500-нан аса бие тәулігіне 2,5 тонна сүт береді және осының арқасында жоғары сапалы сублимацияланған бие сүтінің бір жылдағы мөлшері 20 тоннаға дейін жетіп отыр. Неміс технологиясын енгізу-өндіріс көлемінің жоғары көрсеткішіне жетуге ғана емес, сонымен қатар шығарылатын өнімнің жоғары сапасын бақылауда ұстауға да мүмкіндік береді.

**Социологиялық зерттеу нәтижесі. Қазақтың ұлттық сусындарына және оны тұтынуға деген көзқарастарын анықтау мақсатында өткізілген социологиялық зерттеулер есебі**

Шымкент қаласы тұрғындарының пікірін білу мақсатында мақсатында 2017 жылғы 20 қыркүйек пен 10 қазан аралығында әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Сауалнама [https://docs.google.com/forms/d/1B26zGohWkdOI2rAR7LP5p3KHQfodUI58Jwc-GR3Y\\_k/edit](https://docs.google.com/forms/d/1B26zGohWkdOI2rAR7LP5p3KHQfodUI58Jwc-GR3Y_k/edit) сайтында жүргізілді. Мақсаты: шұбат пен қымыздың қаншалықты

кең таралған, халықтың тұтынуы немесе тұтынбауының себебі және қайтадан ұлттық сусындарды қандай жолмен жаңғыртуға болатынын білу. Сауалнама қатысушылары: 114 мектеп оқушылары мен көмелет жастан асқан адамдар қатысып, оның ішінде 6,1 % - 7 және 8 сынып, 20,2 %- 9 сынып, 18,4 % – 10 сынып, ең басым бөлігі 11 сынып-37, 7 % Шымкент қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектеп оқушылары мен 18 жастан асқан қатысушылар - 7 % құрады. Зерттеу арқылы көпшілік адамдар қай тағам түрін тұтынатынын және не себепті шұбат пен қымыз кең қолданысқа ие болмағанын білуге болады. Жалпы, түйе мен жылқы елде көп таралғанменен түйе сүті әлі де қол жетімді емес және оқушылардың жартысынан көбі зиянды кола мен фаст-фуд кең таралғанын байқай алдық.

Сауалнама қорытындысы бойынша мына төмендегілер анықталды:

1 Күнделікті тұтынысқа қолданатын тағам түрі деп респонденттердің 57,7 %-ы жеңіл тағамдарды, 33,3 %-ы тәтті тағамдарды, 9,6 % -ы ұлттық тағамдарын көрсеткен.

2 Үш түрлі сусын түрін ұсынғанда, респонденттердің 42,1 %-ы қымызды, 28,9 %-ы шұбатты, 26,3 %-ы газдалған сусындарды, 2,6 %-ы басқа сусындарды таңдаған

3 Ұлттық сусындардың денсаулыққа пайдасын білесіз бе деген сұраққа, респонденттердің 68,1 %-ы білемін, 30,1 %-ы білмеймін, 7 %-ы жауап беруге қиналамын деп жауап берген.

4 Көпшілік адамдар ұлттық сусындарды тұтынады деп ойлайсыз ба деген сұраққа 74,6 %-ы көпшілігі тұтынбайды, 18,4 %-ы тұтынады деп ойлайды 7 %-ы жауап беруге қиналамын деген жауаптар берген.

5 Ұлттық сусындарды тұтынбауына себептері: 58,8 %-ы дәмі ұнамайды, 40,4 %-ы бағасы қымбат, 0,9 %-ы денсаулыққа кері әсері бар деп көрсеткен.

6 Ұлттық сусындарымызды йогурт түрінде шығарса қалай қарайсыз деген сұраққа респонденттердің 70,2 %-ы экономикаға пайдасын әкеледі, 18,4 %-ы пайдасы жоқ, 11,4 % жауап беруге қиналамын деген жауаптар берген.

#### **Бие сүтінен жасалған балмұздақтың экономикалық пайдасын есептеу**

Зерттеудің негізгі мақсаты - қымыздың халық үшін қалтаға қонарлық және ел үшін әлдеқайда үнемді өнім екенін дәлелдеу. Сонымен қатар, қарапайым балмұздақтар мен газдалған сусындармен

салыстырғанда, қымыздың анағұрлым денсаулыққа және қаржы жағынан тиімділігін көрсету. Зерттеу барысында Оңтүстік Облысындағы Елтай ауылындағы қарапайым бие шаруашылығымен айналысатын тұрғындардың күнделікті шаруашылығына бақылау жүргізілді. Ол арқылы бие күтімі, шығыны, тұтынатын азығы, артықшылығы, ерекшеліктері жөнінде толық мәліметтер алынды. Себебі, халыққа түсінікті болу үшін график түзуге септігін тигізеді. Зерттеу нәтижесінде түйе сүтін балмұздақ ретінде шығарғанда, 1 бие қаншалықты экономикаға пайдасын тигізетіндігі анықталды. Ол үшін Шымкент қаласын Төле би ауданы Елтай ауылында бие шаруашылығымен айналысып келе жатқан жергілікті тұрғындардан бие туралы ақпарат жинақталды. Бие күтімі, бағасы, қанша сүт береді, өмір сүру ұзақтығы және қанша рет сауылады секілді ақпараттар алынды. Сонымен қатар, балмұздақтың құрамын анықтау үшін, қандай заттар керек екенін білу мақсатында жасалу технологиясымен таныстық. 1 дана балмұздаққа 60 мл бие сүті 12,5 г құмшекер және жұмыртқаның бөлігі керек екен. 1 бие түріне, күтімі және өсу айналасына байланысты қазіргі үй жылқысы орташада 25-30 жыл жасайды. Кей кезде, кейбір жануарлар жасы 40-тан асады. Биенің ең үлкен артықшылығы жаз айларында жайылымда жайылып, жем алуға артық шығын талап етпейді. Бұл әсіресе, Қазақстан жер бедеріне сәйкес келеді, себебі жайылым жерлер көп кездеседі.

**Математикалық есептелуі:** Күніне 6 рет сауылып = 6 литр сүт береді = 6000 мл

9 айда 1 рет құлындайды 12 ай бойы саууға болады. Биелердің бір артықшылығы жаз айында жайылымда, артық шығынды талап етпей жайылса, тек қыс және күз айларында жем беру қажет. Жайылымнан кейін 5 кг жем = 150 теңге

16 дана балмұздақ = 1000 мл сүт, 200 гр құмшекер, 1 қасық ұн, 3 жұмыртқа.

1 дана балмұздақ = 60 мл бие сүті 12,5 г құмшекер және жұмыртқаның бөлігі.

1 күнде 1 бие = 6000 мл : 60 мл = 100 дана бие сүтінен жасалған балмұздақ

9 айда 1 бие = 1620000 мл : 60 мл = 27000 дана бие сүтінен жасалған балмұздақ

12 айда 1 түйе = 3780000 мл : 60 мл = 63000 дана бие сүтінен жасалған балмұздақ

Егер 1 дана бие сүтінен жасалған балмұздақ = 50 теңгеден сатылымда болса,

1 күн = 150 дана бие сүтінен жасалған балмұздақ 50 теңге = 6000 теңге

9 ай = 4500 дана бие сүтінен жасалған балмұздақ 50 теңге = 1620000 теңге

12 ай = 63000 дана бие сүтінен жасалған балмұздақ 50 теңге = 1805000 теңге

12 айдағы пайдасын есептегеннен кейін, шығындарды алып тастап, таза пайдасын есепке алынды. 1805000 теңгенің ішінен жалақы сауыншысының 12 айда шаққандағысы - 42000 теңге, 1 жылқы бағасын 500000 теңге, түйеге кететін жем 54150 теңге, 97000 теңге шекер, 1200 теңге ұн және электр энергиясын 84000 тг алып тастасақ, 1026650 теңге болады. Осы есептулер мен талдауларға байланысты төмендегідей графиктер жасалды.

Диаграмма 1 – 1 биеден балмұздақ шығады: 1 күнде – 100 дана; 9 айда – 27000 дана; 12 айда - 36100 дана





Диаграмма 2 – 1 биенің экономикалық пайдасы: 1 күнде - 6000 теңге; 9 айда - 1620000 теңге; 12 айда - 1805000 теңге



Сонымен, бүкіл шығындарды алып тастасақ та, бір биенің өзінен 1026650 теңге пайда түседі. Бұл оңай табыс көзі мен қарапайым халыққа анағұрлым тиімді отандық өнім түріне айналатын еді. Бір биенің өзінен осынша пайда табылса, елдің экономикасын көтеруге анағұрлым септігін тигізер еді.



Сурет 1 – Екі өнімнің нақты ерекшелі сипатталған. Қарапайым балмұздақ пен бие сүтінен жасалған балмұздақты салыстыру

Қазақтың ұлттық тағамдарының қолданысқа ие болуы экономикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар шұбат пен қымызды жаңаша түрде шығару, күнделігі тұтыныста жойылып кетпейтініне кепіл болар еді. Қазақтың ұлттық тағамдары - болмысымыздың, имиджіміздің бір бөлшегі, тіпті, осы арқылы қазақтың брендіне айналуы әбден мүмкін. Қоғамда ұлттық құндылықтарды танып-білу және оны дәріптеу деңгейінің жеткіліксіздігі, ұлттық құндылықтарды насихаттау және көпшілікке таратудың ең ұтымды жолы, ұлттық мәдени іс-шаралармен халықты қамту деңгейінің жеткіліксіздігі және сол сияқты тағы да басқа мәселелер бар. Осы орайда, елімізде және шетелдерде Қазақстанның «Ұлы дала елі» ретіндегі имиджін қалыптастыру бойынша жұмыстарды үйлестіру, Еуразиялық кеңістіктегі көшпелі мәдениет мұрагері ретінде қазақ мәдениетінің ұлттық брендіні қалыптастыру және оны халықаралық деңгейде ілгерілету, ұлттық құндылықтарды сақтап, одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдай жасау, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған іс-шараларға азаматтық қоғам өкілдері мен бизнес қауымдастықтарын тарту, жастарды қазақстандық отансүйгіштік рухында, жоғары әлеуметтік-мәдени және моралды-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру бағытында тәрбиелеу бойынша ауқымды жұмыстардың бірі. Әрбір халық тек өзінің салт-дәстүрлері, құндылықтарымен ерекшеленеді, ұлтты ұлт ететін де осы ұлттық құндылықтар.

Ұлттық сусындарымыздың халық арасында кең ие болуы өте маңызды: біріншіден, осындай жаһандану кезінде қазақтың болмысын сақтап қалудың ең тиімді, ұтымды жолдардың бірі. Екіншіден, экономикамызға әлдеқайда тиімді, 1 биенің өзінен 1026650 теңге пайда табылса, ары қарай осы кәсіпті жаңғыртсақ, мұнайдан да асып түсетін пайда әкеліп, қазақтың брендіне айналады. Қарапайым балмұздақтар 60 теңгеден жоғары бағаға сатылса, бие сүтінен балмұздақ 50 теңгеге сатылатын болады. Яғни, мемлекетке де әлдеқайда тиімді және халыққа да қол жетімді. Қымыздың денсаулыққа пайдасы нақты дәлелденгендіктен, ауруларды алдын алып қана қоймай, иммундық жүйені жақсартады. Ал, күнделікті тұтынатын балмұздақтың құрамында қанттың мөлшері көп болғандықтан, диабет, семіздік секілді ауруларға әкеп соғады. Қымыздан жасалған балмұздақ табиғи болса, қарапайым балмұздақ ұзақ мерзімге жету үшін тұрақтандырғыштар мен химикаттар қосады. Ең маңыздысы, денсаулыққа пайдасы, ауруларды сонша тер төгіп емдегенше, қымыз бен шұбат көмегімен алдын алған әлдеқайда тиімді емес пе? Бұл жас балалардың келешекте қатерлі ісік ауруының алдын алуға және иммундық жүйенің мықты болып қалыптасуына көмектеседі. Болашақ ұрпақтың денсаулығын қазірден бастап, сақтауға болады. Ауруларды шығын ақша кетіріп, қиналып емдегенше, қымызбен алдын алған әлдеқайда тиімді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 В.В.Усиков, Т. А. (2009). География Казахстана 9 класс. «Атамұра».
- 2 А.Бейсенова, К. (2009). География Казахстана . Атамұра.
- 3 Д. Тейлор, Г. Н. (2010). Биология 3т.
- 4 Более 40% казахстанских школьников перекусывают фаст-фудом - исследование. (2013). Интерфакс Казахстан. [https://www.interfax.kz/?lang=rus&int\\_id=10&news\\_id=8935](https://www.interfax.kz/?lang=rus&int_id=10&news_id=8935)
- 5 Какой вред наносит Кока-Кола и газировка нашему организму? (2013). 1 б. <http://vrednovse.ru/napitki/vred-koka-koli.html>
- 6 Казахстане стали меньше производить кумыса и шубата. (2015). КазахЗерно. <http://kazakh-zerno.kz/novosti/agrarnye-novosti-kazakhstan/224544-v-kazakhstane-stali-menshe-proizvodit-kumysa-i-shubata>
- 7 «Кока–Кола Алматы Боттлерс». (2015). export.gov.kz. [http://export.gov.kz/ru/news-28357-\\_\\_koka\\_\\_kola\\_almati\\_bottlers\\_\\_\\_vipuskaet\\_okolo\\_500 mln\\_litrov\\_produktsii\\_v\\_god\\_\\_foto](http://export.gov.kz/ru/news-28357-__koka__kola_almati_bottlers___vipuskaet_okolo_500 mln_litrov_produktsii_v_god__foto)

8 ШҰБАТТЫҢ ДӘРУЛІК, ШИПАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ. (2016). <http://www.uniface.kz/interfacts/index.php?post=article&id=763>

9 Гадаборшев, У. (2017). Верблюд молоко. <https://otyrag.kz/2017/08/klienty-shymkentskogo-fermera-vystravayutsya-v-ochered-za-verblyuzhej-mochoj/>

10 Дорохов, Н. Т. (2015). Прибыль от экспорта кумыса может быть в 5–6 раз больше, чем от нефти. ARD. <http://asiarusssia.ru/articles/9192/>

11 (2016). Даулет-Бекет. <http://www.daulet-beket.kz/>

12 NOTEFOOD. (2015). Журнал о правильном питании. <http://notefood.ru/>

#### «АСЫҚ PARTY» – ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТАМАСЫ

ОРАҚ Б.

оқушы, Қ. Ыдырысов атындағы ЖББМ,

Ақтоғай ауданы, Павлодар облысы

СМАНОВА К. О.

география пәнінің мұғалімі, Қ. Ыдырысов атындағы ЖББМ,

Ақтоғай ауданы, Павлодар облысы

Асық – заманның ағымына қарай ұмытыла бастап, қайта жаңғырған ұлттық ойындарының бір түрі. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы талай адамдардың санасына серпіліс жасады. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды [1]. Соның бірі – кейінгі кезде ұлттық ойынымыз асыққа деген қызығушылық артып жас ұрпақты көненің құндылығымен таныстыруға мүмкіндік туды. Менің бұл тақырыпты таңдауыма павлодарлық журналистер бастаған «Асық party» интернет жобасының кең қанат жайғандығы түрткі болды. Өйткені асық ойыны ұмытылып, мүлде ойналмай, ережелері мен ойнаудың өзіндік техникасының жоғалып бара жатқандығын басты назарға ұстау арқылы ұлттық байлығымызға лайықты деңгейде көңіл бөлу қажеттігін түсіндім. Мұндай ұлттық ойын түрлері әсіресе жасөспірімдердің рухани дамуына жақсы әсер ететіні анық. Ұлттық қасиетті, салт- сананы, дәстүрді қалпына келтіре отырып,

ұлттық сипатты да мықтап қалыптастыру – жүрегінде жалыны бар жастардың борышы. Ұлттық ойынның қай түрі болса да – салт-дәстүріміз бен болмысымыздың ажырамас бөлігі. Бұрынғы кезде қазақ балаларының ең қызықты ойыншығы осы асық болғаны анық. Аталарымыз да мұның денсаулыққа пайдасы зор екендігін дәлелдеген. Кезінде қазақ шаруашылықпен жаппай шұғылданған тұсында асық – әр үйдің, әр ауыл балаларының тіпті жастардың да бас қосуының негізі болған. Асық ойынының тәрбиелік мәні зор. Ол ептілікке, мергендікке, шапшаңдыққа және сергектікке баулиды. Көпшіліктің сүйіп ойнайтын асық ойынының түрлері өте көп. Олардың бірі тез ойлауға, алыстан көруге, қайраттылыққа баулыса, басқасы балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау мен ойда сақтау қабілеттерін жетілдіреді. Бір мезгілде бірнеше бала ойнайтын асық ойынының түрлері жас баланың намысын оятып, талпынысты бойға қасиет қылып сіңіреді. Ал атып ойнайтын ойын түрлері үнемі қимыл- қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады. Үнемі отырып- тұру, жүрендеп отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширығу жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ- қолдағы буын ауруларының алдын алады. Мектептегі нәтижеге бағытталған білім беруде қай пәнді алсақ та, оқушылардың білім дағдыларын қалыптастыру үшін деңгейлік тапсырмаларды орындауды міндеттейді. Ал асық ойынының «Бес тас» аталатын түрінде ойын барысында балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдаумен қоса қол моторикасын дамыту мен санап үйренуге машықтанады. Ойын барысында қатысушылар бірлік, екілік, үштік, төрттік, бестік деген деңгейлерден өту керек. Асығын қағып ала алмаған болса, сол деңгейде қалып, кезегі келгенде ойынды әрі қарай жалғастырады. Деңгейі көтерілген сайын ойын да күрделене түседі. Бірлікте асықты көкке лақтырып қалғандарын бір- бірлеп қағып алса, бестікте барлық асықтарын «көпірден» екі саусақтың арасынан өткізеді. Міне, осы кезде нағыз қол моторикасын дамыту көзделеді. Асық – балалардың ой – санасын табиғи жолмен дамытудың ең тиімді жолы. Сөзім дәлелді болу үшін мынаны еске түсірейікші. Кез келген ойыншықты алсақ, бір емес бірнеше материалды қажет етеді. Мысалы, ер балалар ойнайтын көлік түрлері ( темір, металл, шыны, рәзінке т.с.с) немесе қыздардың қуыршақтары (мата, пластмасса, т.с.с). Ал асық- төрт түлік малдың ішінде қой – ешкінің тілерсегінде, асықты жілік басында орналасатын шымыр сүйек. Негізінен көпшілігі осыны

қолданады. Ірі малдардың асығын да пайдаланған. Оны «сақа» дейді. Сондықтан асық - табиғи таза деп бағаланады. Қазақ халқы асықты қасиетті санайды. Жаңа туған баласы ұл болса, бесігінің басына бөрінің асығын іледі. Бәле-жаладан аулақ, шымыр- қайратты болсын дегені. Қыз бала болса, бесігіне еліктің асығын (жабайт) тағады. Сұлу, көрікті болып бойжетсін деп ырымдағаны. Асық ойыны- балалардың ежелгі спорттық ойыны. Тақыр алаңға көлденеінен тұзу сызық сызады да, соны бойлай тігілген кенейді кезектесіп, сақамен ату арқылы мергендік сынасады. Асық ойынының түрі: үш табан, бір табан, шығу, шенбер, т.б. Қыз - бозбалалар кешкісін үйде отырып ойнайтын асық ойындары – қора, хан, құмар тағы басқалары [2, 538 б.]. Асық ойыны-қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі-мергендікке, түнгісі-ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны-сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл тағы басқалары. Кең байтақ қазақ даласының көсілген жазира жазығында ойын ойнап, ән салғанға не жетсін! Үлкен мен кіші бір – біріне қамқор болып ойнаса да, құрдас пен құрдас бір-біріне бәсекелесіп ойнаса да, үлкенді-кішілі сынап ойнаса да әбден болады. Ойын барысында жүгіресің, секіресің, көздейсің, тигізесің, жеңесің, жеңілесің, ұтасың, ұтыласың, асыққа бай боласың, жоқ боласың. Таза бәсеке- таза тәрбие. Өтірігі, арамдығы, жалғандығы жоқ. Болмайды да. Міне, асық ойынының кереметі деп осыны айт. Халқымызда «асығын алшысынан түссін» деген жақсы тілек бар. Ұлттық ойын барысында кімнің сақасы алшысынан түссе, сол бірінші атады немесе басымдыққа ие болады. Яғни, асықтың алшы тұруы оның иесіне сәттілік болғанын білдіреді. Сондықтан аталарымыз белгілі бір оқиғаға, болмаса жағдайға байланысты бір даулы мәселеде, айтыс- тартыста, бәс тігілген сәттерінде мерейлі болғанын қалайтын немесе игі істері жалғасын тапқан адамына осындай тілек айтқан. «Қой асығы демегің, қолыңа түссе құлжа ғой» деген нақылы да қазақтың болашағынан үміт күткен баласына арнаған сөзі. Бала деп жасытпай, сеніммен қарасаң тәжірибемен бөлісіп, тәлімінді берсең, ол да ертең елдің жүгін арқалар ер азаматың деген мағынадағы үмітті меңзейді. Мұны дамытуды әр ата- ана өз отбасында қолға алса, «асығымыз алшысынан түсері» анық. Асық ойынын көтеріп дамыту қажеттігін кезінде қазақтың хас батыры соғыста жүріп Қаз ССР-і Халық комиссарлары



советінің председателі Оңдасынов Жолдасқа жазған хатында жауынгерлерді ерлікке, тапқырлыққа, шешендікке баулудың жолдарын көрсетеді. Ол жауынгерлерді ерлікке, отансүйгіштікке, шешендікке тәрбиелеуде көкпар, аударыспақ, бәйге сияқты ат ойындарына үйрету, айтыс, мақал-мәтел, жыр айтқызу, асық, жамбы ату ойындарын үйрету, яғни салт-дәстүріміз негізінде тәрбиелеуге баса назар аударған. Батыр бабамыз Б. Момышұлы «Асық ептілікке, мергендікке баулиды. Бұл халықтық тәрбие», – деп жоғарғы басшылыққа хат жазған екен. Мұндай қасиеті болмаса, адамда төзімділік, шыдамдылық та болмайды. Ондай қасиеттері болмаса, адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатынан шыға бермейді.

Асық ойынының түрлерінің баланың дамуына қосар үлесі өте зор. Олардың ішінен мені қызықтырған бірнеше түріне тоқталғым келеді. Құмар деп аталатын ойынында жақсы жонылып, табаны қайралған төрт асығы болу керек. Ойыншылар өзара келісіп жеңімпазға жүлде тағайындап алады да, кезек - кезек төрт асықты иіреді. Егер иіруші: төрт бүк, не төрт шік, не төрт тәйке түсірсе, онда тігілген жүлдені түгелдей алады. Осылайша ойын жалғаса береді. Ал «Омпы» деп талатын түрінде асықты мұртынан не жамбасынан тұрғызуға икемделуді қажететеді. Оны тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде ойнай береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, соғұрлым қызықты болады. Мақсат - көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызады да, көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек - кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бұрын тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, егер омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біріне тигізсе тек сол асықты ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді. Біз пәлен ғасырдан бері мал шаруашылығымен айналысып, малға қатысты мәселенің бәрінің майын ішкен халықпыз. Өмір салтымыз, әдет – ғұрпымыз төрт түлік малға мейлінше байланысты; қаншама атау, ұғым – түсінік, таным мен пайым соған қатысты; одан өрбитін сөз де, мақал – мәтел де жеткілікті. Исі қазақ баласының қой асығын көрмегені жоқ шығар, сірә. Сондықтан «Ақылы асса – аға қой, жасы кіші деменіз. Қолыңа жақса – сақа қой, қой асығы деменіз», - дегені ойға оралады. Асық ойындарының ішінде таза есепке құрылған түрі де бар «Отыз ұры, бір есепші». Отыз ұры, бір кісіні ұстап алады. Олардың заттары жоғала бастайды. Сонда ұрыны табу керек болады. Есепші айтады: «Мен ұрыны тауып берейін, бірақ менің дегенім

болсын, қарсыласпаңыздар», - дейді. Сөйтесі де отыз ұрының қол ұстасып, дөңгелене тұра қалуын өтінеді. Сосын өзі біреуінің қасына барып, «сенен бастап санаймын» деп оны белгілеп кетеді. «Өзім де сендермен бірге тұрайын, есептен тыс қалмайын» деп бір жерден қол ұстасқан екі адамды айырып өзі тұрады. Ал енді отыз бір болдық дейді сосын. Менің ортаға шығып есеп жүргізуім керек қой. Өз орныма 1 тас қояйын деп өз орнына бір тас қояды. «Сенен бастап санаймын» деген кісіден бастап, оңнан солға қарай 10-ға дейін санайды да, оныншы адамды «сен ұры емессің» деп дөңгелектен шығарып алып, екі қолы мен аяғын байлап тастайды. Бұл адам шыққан жерден оңнан солға қарай тағы санайды да оныншы адамды шығарып, байлап отырады. Осылай келе – келе есепшінің орнына қойылған тасқа жетеді. Есепші тасты қай жерге қойды, - деп балаға отыз бірінші асық береді. Бала соның шешуін табуы керек. Бұл ойын баланың есеп – қисапты тез меңгеруіне жәрдемдеседі. Зеректігін күшейтеді. Адалдыққа үйреніп, ұры – қарылықтан бойын аулақ ұстайтын болады. Қалай болғанда да қазақ зерек, епті, ойға, есепке жүйрік халық қой [3, 127 б.]. Әсіресе, асықтың баланың математикалық қабілетін арттыруға келгендегі рөлі ерекше. Тіліміздегі асығы алшысынан түсті, бүге-шігесіне дейін анықтау тағы басқа тіркестері тегін айтылмаса керек. Сондай-ақ қазақтар жақсы көрген жасты: алтын асықтай немесе киіктің асығындай шымыр деп атайтын үрдіс бар. Мұндай тіркестер асықтың айырықша мәніне қатысты қалыптасқаны анық.

Асық ойыны – тәжірибе мен тәсілдің еркіндігі, тапқырлық пен болжамның қиылысатын шебі, мұрат пен меженің тоғысқан шеңбері. Ойын серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойында адам қарсыласының олқы жән оң жақтарын дұрыс анықтауға ерекше мән береді, оның күш-қабілетін тура бағалау ережесіне ереді. Ойнаушы бәсекесі мол қарым-қатынастың тәртібіне жүгінеді. Әр ойынның өз тәртібі, тәсілі және тәжірибесі бар. Сол тәртіп, тәсіл, тәжірибені білген адам тезірек қалыптасады, жан-жақты жетіледі. Асық ойыны - адамның қабілет-қасиетін ширататын жүйелі іс-әрекеттің көрінісі. Осындай белсенділікке қазақтың балалары ерте араласқан. Ойын-сауықтағы белсенділік – мінездегі кемшілікке, жеке адам мен қоршаған ортадағы келіссіздікке қарсылық, сондай-ақ бойдағы ебедейлікті көрсетуге шек қоймай жанталасу. Бұл ашық та, нақты сайыс. Оған деген халықтық ықылас жоғары болды. Қолдауы басым ортада әркім өзінің көргенін, көкейіндегісін жеткізуге алаңсыз әрекеттенеді. Өз қалауынша жарыстың түрі мен әдісін таңдайды. Ойындағының

бәрі де өтпелі-төкпелі емес. Түптеп келсек, асық ойыны тәртіпке, тапқырлыққа, туралыққа үйретеді. Асық ойыны - жасөспірімдердің ой қабілетін, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырады. Олар үшін ойын – жан-тәнін қоздыратын тартымды қозғалыс, дене мен ойды қатар жаттықтыратын тартылыс, жеңістің дәмін татқызатын, жеңімпаздың мәртебесін көтеретін кеңістік пен қолдау тоғысы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
- 2 Қазақ совет энциклопедиясы, 1-том 538 б.
- 3 Балалар энциклопедиясы, 1- том 127 б

### ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ҚОЙ ЖҮНІНЕН ЖАСАЛҒАН ҰЛТТЫҚ КИИМДЕР

ТЕМИРБОЛАТ А., ЖИКСИМБАЙ А.

7 сынып оқушылары, Ы. Алтынсарин атындағы облыстық  
қазақ гимназия-интернаты

ТОЛУБАЕВА Г. О.

магистрант, М. Ақмолла атындағы

Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, Уфа қ.,

УНЬИБАЕВА Д. С.

қазақ тілінің мұғалімі, 43 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңартуға байланысты өзінің тарихи және мәдени көздеріне үндеу, этникалық дәстүр бұрын-соңды болмағанға дейін айналды. Өткенді білмей, бүгінді тиімді түрде жасау мүмкін емес, ал қазіргі кезде болашақты құруға болмайды. Қазақ халқының шығармашылық базасының көптеген элементтері этнос қалыптастыру мен қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Енді олар рухани даму үшін, қазіргі заманғы қоғамның табысты жұмыс істеуі үшін мәдени жер қойнауының рөлін атқарады. Қазақ мәдени мұрасының маңызды бөлігі қазақ халқының шығармашылық мәні мен эстетикалық артықшылықтарын бейнелейтін сәндік-қолданбалы өнер.

«Қазіргіні түсініп болашақты көру үшін өткенге аяқ басуымыз керек. Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасында атап өтті. Бүгінгі күні, біздің замандастарымыздың міндеті халық өнерінің дәстүрлерін қайта

жаңғырту мүмкіндігінше, қолданбалы өнер туындылары сақтап, сонымен қатар ғана емес. халық дәстүрлерін жаңғыру үлкен рөл өнер сабақтарын ойнайды

Мектептің міндеті әр түрлі халық қолөнерінің даму тарихын сақтау және толық мағлұмат беру. Оқушылар мәдениетінің негізін білуі керек. Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектепте өнерді оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасында өнертану және тәрбиелеу саласында зерттеулер жүргізілді. Оқу бағдарламалары, оқулықтар, әдістемелік нұсқаулар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалды. Оқушыларды шығармашылық және қолөнер құралдарымен тәрбиелеу мәселелері бойынша зерттеулері нәтиже беріп және қолөнер оқушының жеке дамуының маңызды құралы ретінде бағаланып, жағымды тәжірибе жинақталды. Сонымен қатар, білім беру үдерісінде өнер және қолөнерді пайдалануды, сондай-ақ кәсіпкерліктің қазіргі дамуындағы экономикалық процесті айтарлықтай кеңейтіп, орташа немесе шағын бизнесті дамыту мүмкін. Бұл мәселені шешудің бір түрі - тоқыма талшықтарын, әсіресе қойдың жүнін пайдаланып, өнер мен қолөнерді оқыту мен оқытуда пайдалану.

Жүннен жасалған туындылар түрлі-түсті таусылмас әртүрлілігімен, терендігі мен көркемдік мазмұны аясында маңызы зор. Көшпелі халықтың өмірі мен табиғаттың үйлесімділігі анықталды. Қазақ қыздары қойдың жүнінің көптігін пайдаланып, туындылар жасау барысында өздерінің қиялдарынан туындаған қолөнерін дамытты.. Жүннің экологиялық тұрғыдан үйлесімділігі, табиғи қолайлы қасиеттері, көшпелі тұрмыс жағдайында ең маңызды құрылыс материалы болды. Заманауи этномәдени-көркем және технологиялық жадыға ие жүн өнімдерін жасау өнері үй ортасының барлық объективті әлемін толығымен камтыды.

Қойдың жүнінен жасалған заманауи қолөнер қазіргі қазақстандық ғалымдардың зерттеуі бойынша үлкен сұранысқа ие болып, тәжірибе жинақталғаны анықталды. Заманауи бейнелеу өнерінің көркемдік-қолданбалы шығармашылық шеберлері, теңдесі жоқ құндылықтар ретінде, эксклюзивті, экологиялық таза материалдарды өнер туындысына пайдалана бастады. Олар жүннен бейнелеу кескіндеме суреттерін жасайды, түрлі- түсті оюлы суреттерін сәйкестендіріп, сәндік үйлесіммен көпшіліктің назарын аударады; олардың композицияларында этникалық рәміздер, белгілер, дерексіз өрнектер, рокгравюралардан көріністер және авторлық қиялға негізделген басқа да тақырыптар басым.

Қазақстанда Әлибай және Сәуле Бапанова тоқыма талшықтарының қазіргі заманғы өнер туындыларын киіз дайындау, тоқу және шәй маталарын жасаумен айналысады. Суретшілер қазақтың ұлттық өнерінің дәстүрлі материалдарымен - киізден, иірілгендіктен жұмыс жасаудың ежелгі технологиялық әдістерін пайдаланып, поэтикалық пейзаждар мен жанрлық композицияларды, шынайы және қиялды суреттерді жасайды. Олардың киізден жасалған жұмысының мақсаты - қазақтың ұлттық дәстүрлерін жандандыру

Жүннің қазіргі заманғы өнер туындыларын жасау бойынша жұмыс жасайтын басқа суретшілердің арасында Гүлжан Қабижанова, Гүлшат Жураева, Наталья Баженова бар. Олар киізді әр түрлі материалдармен біріктіреді: жібек, органза, мақта, зығыр.

Қазіргі заманғы суретшілер қазақтардың жүнінен жасалған бұйымдарды жасау үшін дәстүрлі технологияларды қолданумен қатар, киіз маталарын жасаудың өз әдістерін ойлап тапқан. Мысалы, бауырластар Анқауовтар машина құралы жасайтындай өздері әртүрлі тақырыптарға жүннен тақтайшалардан өнер туындыларын жасайды.

Көптеген заманауи суретшілердің көзқарасы- заманауи өнер түрінің әсіресе, жүнмен кескінделген туындылар. Яна Богданова - танымал шебер, ал оның жүннен жасалынған кескіндемелері өнер сүйгіш әріптестері оның туындыларын жоғары бағалайды. Жүннен жасалынған гүлдері мүлдем өзгеше: жүнді көкнәр, жүнді сәлдегүл, жүнді түймедақ және ирис. Оның сюжеттік суреттері де бар.

100 жылдан астам уақыттан бері, түрлі-түсті қой жүнімен айналысудың пайдасы мол екені дәлелденді. Мысалы: адамдарға психикалық күйзелісті, тепе-теңдікті жеңуге, шығармашылық жолда ашылуына және жүнмен сурет салу кезінде шабыттың сезінуіне көмектесті, себебі бұл процесс өте креативті! - жүнмен суретке түсірген адам қандай да бір суреттермен шектелмейді, ол әрдайым өз жанының қажеттіліктеріне сәйкес келетін түс масштабын, қазіргі кезде оның жағдайына ең жақын сюжетті қолданады.

Жиһаздарға арналған интерьерлерде аз емес. Қолөнер бұйымдарымен жиһаздарға арналған жапқыштар практикалық қолданылысқа ие болды. Қолөнершілер кәдесыйларды, жаңа жылдық шыршаларды және түрлі балалар әшекейлерін, қуыршақтарды ерікті түрде жасайды. Мысалдар шексіз жалғасуы мүмкін. Инновациялық технологиялардың заманауи дамуы жыл мезгіліне қарамастан киізден, жүннен туындылар шығаруға мүмкіндік береді.

Қазақ қыздарының тоқыма өнерін, қолөнер теориясын зерттеу барысында «Қыз аруы» өрнектеліп, әшекейленіп салынған сурет жасауға, «Теңіз тастары» зергерлік бұйымдарын жасауға, заманауи оюлы желетка тігуге мүмкіндік берді.

Жұмыстың басталуына дейін Ы. Алтынсарин атындағы облыстық қазақ гимназия-интернат мектебінің оқушылары шығармашылық идеялардың бастамасын және шығармашылық идеяларын дамытуын өнім шығаруға шешім қабылдады. Жетінші, сегізінші және тоғызыншы сынып оқушылары өздерінің шығармашылық жұмыстарын өрнектелген, әшекейленген киім бұйымдарды шығаруды бастады. Өрнектелген, әшекейленген киімдерді жасау үшін жұмыс орынын дайындап, үстелдің бетін ауа-көпіршікті полиэтиленмен жауып, үстелдің үстіңгі жағы киімдерді орындап, қажетті құралдар мен материалдарды орналастыру үшін керек құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Бөлмеде жақсы жарық болуы керек.

«Көктем аруы», «Көне дәуірі» киім бұйымдарының төменде көрсетілген жүйеде орындалды.

Бірінші кезең - дайындық:

- бұйымның эскизін жасау, түстің екпінін анықтау;
- құралдар мен материалдарды дайындау;
- жүннің шөгунінің есебі.

Екінші кезең - бұйымдардың кестемесін қалау:

- дәкедің орналасуы;
- түрлі бағытта ақ жүннің екі қабатының орналасуы;
- орынды нақтылау үшін эскизге сәйкес жүннің орналасуы фон, ою-өрнек, петроглифтардың суреттері.

Үшінші кезең - бұл бұйымның жасалу бөлшектері:

- фон жасау үшін жүнді төсеу;
- ою-өрнек жасау үшін жүннің орналасуы;
- петроглифтардың сурет бейнесін жасау үшін жүннің орналасуы;

- киімді жасау үшін жүннің орналасуы;

Төртінші кезең - дайындаманы алдын ала жағу:

- ыстық сабын ерітіндісін дайындау;
- дайындау бөлігін ыстық сабын ерітіндісімен ылғалдандыру;
- дайындауды ауа көпіршігі полиэтиленмен жабу;
- GSM дайындамасының екі жағында 2-3 минуттай пышақтауы

(бар туберкулезге қарсы ережелерді сақтау).

Бесінші кезең - бұл:

- GSOM-ды өшіру;
- дайындаманың бетіндегі ауа көпіршігі полиэтиленін алу;
- артық сұйықтықты сүлгімен алып тастау;
- олардың қатысуындағы кемшіліктерді түзету (жүнмен, аяқтау тақтайшаларымен және т.б. бос жерлерді толтыру).

Алтыншы кезең- дайындаманың түпкілікті кесілуі:

- ыстық сабын ерітіндісін дайындау;
- дайындау бөлігін сабын ерітіндісімен ылғалдандыру;
- үстелде дайындаманы кем дегенде 100 рет ұрып-соғу.

Жетінші кезең – киім бұйымның соңғы кезеңі:

- Бұйымдарды шаю;
- жұмысты реттейтін құрылымды ашу, көйлек қалыптастыру, киімнің жеңдері;
- Тақтаны кептіру.

Тоғызыншы кезең – тақтайшаның негізін гүлге, сабаққа және жапыраққа бекіту, панельдің яғни тақтайшаның соңғы жобасы.

Қазіргі заманауи қой жүнінен туындылар жасау процесі өте маңызды және еңбекқорлыққа баулиды. Ұзақ уақытты қажет ететін үдеріс нәтижесінде

«Көктем аруы», «Көне дәуірі» авторлық киім бұйымдары және т.б туындылар пайда болды. Көптеген авторлық туындылар шығармашылық және жаңа идеяларды дамыту үшін тамаша шабыт болды. Оқушылар авторлық жұмыстарды орындады, кестеде келтірілген жүн өнімдерін өндіруге арналған барлық шығыстарды есептеді.

Кесте 1 – Расчет себестоимости изделий

|                       | ед.изм. | цена, тг. | Жилетка       |                | картина       |                | Бижутерия     |                |
|-----------------------|---------|-----------|---------------|----------------|---------------|----------------|---------------|----------------|
|                       |         |           | Норма расхода | Сумма на 1 кг. | Норма расхода | Сумма на 1 кг. | Норма расхода | Сумма на 1 кг. |
| Шерсть                | кг      | 4000      | 0,4           | 1600           | 0,1           | 400            | 0,2           | 800            |
| Шелк                  | м       | 1300      | 0,5           | 650            | 0,5           | 650            |               |                |
| Мыло детское          | шт.     | 135       | 3             | 405            | 2             | 270            |               |                |
| Полиэтиленовая пленка | кв.м    | 150       | 2             | 300            | 2             | 300            |               |                |
| Рамка                 | шт      | 150       |               |                | 4             | 600            |               |                |
| Фурнитура             | шт      | 250       |               |                |               |                | 10            | 2500           |
| <b>Итого</b>          |         |           |               | <b>2 955</b>   |               | <b>2 220</b>   |               | <b>3300</b>    |

Кесте 2 – Кірістер мен шығындардың болжамы 2018-2020 жж.

|        | 2018     | 2019     | 2020     |
|--------|----------|----------|----------|
| Табысы | 13957272 | 18609696 | 23262120 |

| Шығыны                   | 10384875 | 13846500   | 17308125 |
|--------------------------|----------|------------|----------|
| ҚҚС есебі мен пайда      | 3572397  | 4763196    | 5953995  |
| ҚҚС                      | 428687,6 | 571583,52  | 714479,4 |
| ҚҚС төлеуден кейін пайда | 3143709  | 4191612,48 | 5239516  |
| Табыс слығы              | 418718,2 | 558290,88  | 697863,6 |
| Салықтан кейінгі пайда   | 2724991  | 3633321,6  | 4541652  |

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Концепция культурной политики Республики Казахстан. [Электронный ресурс]. – URL: <http://cultural.kz/ru/page/view?id=24>
- 2 Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 2. – Алма-Ата: Өнер, 1987. – 288 с.
- 3 Муқанов М.С. Казахская юрта. – Алма-Ата: Кайнар, 1981. – 224 с.

### ПАВЛОДАР Өңірінің Кереметтері. Май ауданы. Әулиелер мекені

ТУРҒҰНОВ М.

8 «А» сынып оқушысы, Қ. Шүлембаев атындағы ОМ,

Ақсу қ., Ақсу кенті

ЖУМАБАЕВА М. С.

тарих пәні мұғалімі, ПМУ тарих магистрі,

Қ. Шүлембаев атындағы ОМ, Ақсу қ., Ақсу кенті

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымының ерекше маңыздылығын атап өтті. «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі» – деді Елбасы.

Сейітбаттал Мұсабайұлы (1860-1931 жж.) Ақсу болысының ірі ғұлама молласы. Май ауданы Жанатілек ауылында Шөптікөлдің іргесінде, мешіт ашқан, балаларды, үлкендерді оқытқан.

Молдағалиев Хамит (1874-1971 жж.) Иман (Сұлуке) елінің ірі ғұлама молласы. Еңбек ардагері. Тройцкінің «Медресе Расулия»

медресесін бітіріп, біраз жыл сонда мұғалімдік қызметте қалып, «Шахадатнамә» деп аталатын диплом алған. Мұндай диплом мұғалімдік қызмет атқара алатындарға (яғни мударристерге) берілген.

Хамит ата ескіше көп оқыған, көп жыл осы төңіректе имандылық жолында молла болған адам. Мәшһүр Жүсіп өзінің «Ит дүние» деген кітабында:

– Мына Жанәтілектегі ақсақ Хамит, қара мұрт Тұрсынхан сол батырлардың ұрпағы, Иман руынан болады деген. Мәшһүр Жүсіп бір жұмадай Жанәтілекте Хамит атаның үйінде жатып, шежіреге деректер жинаған. Соған қарағанда Хамит ата Мәшһүр Жүсіп Копеевпен жақсы таныс болған. Хамит атаның қолында балдызы Күлқатира апа, Мәрияш, Ерен, Есен деген балаларымен тұрды. Бұлардан ұрпақтар бар. Хамит атаның емшілік қасиеті де бар адам еді.

Хамит атаның шежіресі:

Тілеуқабыл – XVIII ғасырдың екінші жартысы, XIX ғасырдың басында өмір сүрген батыр. «Тілеуқабыл деген аты қалып, батыр атанып кеткен» (Мәшһүр Жүсіп).

Елді бастап келіп қоныстандырған Абылай заманындағы Иманның батырлары Тілеуберді мен Тілеуқабыл. Жасы үлкен Тілеуберді елге келген соң көп ұзамай дүние салған. Одан тараған ұрпақ шешесінің атымен өздерін «Рай» деп атайды. Ал Тілеуқабыл екі әйелінің үстіне соғыстан қалмақ, түрікпеннен әйел әкеліп, санын төртке жеткізген.

Тілеуқабыл деген аты қалып, батыр атанып кеткен. Мәшһүр Жүсіп Шөптікөлдің оңтүстік батысындағы тас жолға жақын жерде Тілеуқабыл, Тілеуберді жерленген төрт бұрышты бейіт бар. Ұрпақтары сол бабаларының басына ескерткіш қойса бір тарихи белгі болар еді [1,262 б].

Кеңес үкіметі орнаған соң 1927-1928 жылдары әпербақан «құдайсыздар» атқа мініп, дінге қарсы күрес науқаны басталған кезден бастап қуғынға ұшырап, тұтқындалып басы істі болған. «Алған білімім өзімді жылан болып шақты, қапқа салған себілмеген дәндей болып, ешкімге пайдасы болмай өзіммен бірге кететін шығар. 1936-1937 жылғы қазақтың оқымысты зиялыларын құрту репрессиясы кезінде «халық жауы» дейтін қара тізімге ілігіп атылып кету қаупі төнген кезде менің өмірімді сақтап қалу үшін Түлкібаев Әбілқасым маған шошқа бақтырып, дінен безіп құдайсыздық жолына түскенімді «дәлелдеп» арашашы болды.

Ол кісі ауырған адамдарға үшкіріп, дұға оқып беретін. Грязновкадан (қазіргі Мәмәйіт ауылы) Тұйғын деген адам келіп, алдынан жазылып қайтады. Бірде Қабиденнің Борашы суға кеткен кластас досын алып шығам деп, қатты шошынып ауырғанда, осы Хамит атаның алдынан жазылып шығады.

Хамит ата 50 жас шамасында Жаңа тілек ауылына оралған. Хамит ата қажылыққа барған, көпті көрген, ел аралаған адам болған.

Кешегі қылышынан қан тамған Кеңес Одағының дәуірлеп тұрған шағында көш бастаған талай ұлт зиялыларының оққа байланып, жер аударылып, айдалып кеткендігі белгілі. Алаштың сүт бетіндегі қаймақтарын солақай саясат тұншықтырса да, ғибратты ғұмырымен, ерен еңбегімен ел есінде қалған азаматтар баршылық. Соның бірі ел арасында сый-құрметке ие болы, Досымхан молда атанған Досымхан Ыхсанұлы еді.

Досымхан Ыхсанұлы 1901 жылы Павлодар уезі Бестау-Қарашеңгел өңірінде дүниеге келіп, 1992 жылы Май ауданы «Қызыл-Құрама» совхозында өмірден өтті.

Құдайсыздар қоғамында өмір сүруге мәжбүр болса да, қолынан таспиығы түспеген, ауыл- аймағын өз әлінше имандылыққа тәрбиелеп, күндіз-түні Құран Кәрім аударып отыратын мұндай тақуа адам ол кезде біздің ауданда саусақпен санарлық болатын. 30 жыл өмірін діни ағарту жолына арнап, қадари-халінше айналасына ислам нұрын септі.

Досымханның атасы Рысқұл өз заманында Сырымның ең атақты биі болған. Бәсентиіннің төбе биі Қазанғап («Бөрі Қазанғап»):

Сақау Сырым қайда? – деп, онсыз мәжілісті бастамаған деседі. Рысқұл бабамыздың тілінің сәл-пәл сақаулығы болыпты, бірақ солай кекештене бастап, сонынан төгілтіп ала жөнеледі екен. Өте шешен адам болған дейді.

Ал Досымхан атамыздың әкесі Ыхсанмен бірге туысқан Салахидден ағасы Қазаннан жоғары дәрежелі діни білім алған, ғұлама хазрет болған. Сырымдар мекендеген Бестау – Қарашеңгел өңірінде алғаш медресе ашып, шәкірт оқытқан.

Кәмпеске басталғанда, малдан қайыр кетті. Басқа тіршілік көздерін қарастыру керек болды. Сол кезде қазақ даласында Түркісбітін даңқы дүңкілдеп естіле бастады. Тың жерден шойын жол салуға, ол жолмен отарба жүргізуге, тау мен тасты тесіп шығуға қарулы қазақ жігіттері керек болды. Міне, Досымхан атамыз алғашқылардың бірі болып, Түркісбі темір жолын салуға қатысқан.

Кейіннен: «Шәкерім әндерін кімнен үйрендіңіз?» - дегенде, Түркісінде Шыңғыстау болысынан, тіптен Абай ауылынан көп жігіттер істеді. Солардан үйрендім ғой, - дейтін екен.

Ұлы Отан соғысы басталғанда, Досымхан атамыз еңбек армиясына алынып, Қарағандыда шахтер болады

Ол кезде ауылда мешіт болған жоқ. Мешіт Досымхан атамның үйі болды. Ауыл шалдары айт намазына сонда жиналатын... «Қызыл-Құрама» совхозында (қазіргі Баскөл ауылы) 30 жыл имам болыпты. Жасы ұлғайса да, бес уақыт намазын ешқашан қаза қылмай, шілденің шіліңгір ыстығында да ораза ұстап, мұсылмандық, имамдық қызметін өле-өлгенше адал атқарып кетті. Тек қызыл заман кедергі болып, қажылыққа бара алмады.

Жасаған күдіретіне, егемен еліміздің көк байрағы мәңгілік желбіресін.

Кенес дәуірінде талай діни тұлғалар тағдырдың не бар тар жол тайғақ кешуінен өтседе еш мойымай Алланың ақ жолымен жүріп, халыққа имандылық тілімін беріп, өнеге көрсетіп өтті. Оларға «бай баласы» деп те, «дін таратушы молда» деп те айып тағып, абақтыға да қамады, «ит жеккенге» де айдатты, жазықсыздан аттыда. Міне осындай тағдыр тәлкегінде талай қиямет-қайым қиыншылықтарды басынан өткерседе алты жасынан намазға жығылып, он үш жыл біліммен сусындаған, «байбаласы молда» деп он жылға сотталсада, «дін таратушы» деп қуғын сүргінге түсседе, Алланың ақ жолынан таймаған, өмірінің соңына дейін халыққа имандылық нұрын шашып, дінімізді насихаттап, тағылым өнеге көрсетіп өткен діни тұлғалардың бірі – Шүкір молда.

Оның есімі Май өңірінде ғана емес, облысқа қарасты бүкіл Ертіс өңіріне құрметпен аталған. Шүкір ақсақал Ақбалық хазіреттен бата алған, Салахиден хазіреттен оқыған, Тройцкіде діни білімін жетілдірген білімді де білікті әрі халық ортасында аса беделді молда болған [2, 336 б].

-Шүкір Май ауданы Қызыл еңбек орта мектебінде шаруашылық ісін басқарды, одан кейін Киров атындағы кеңшардың үшінші бөлімшесінде сатушы болды. Қайда қызмет істеседе адалдығымен, әділдігімен, мейірімділігімен назарға ілікті. Иmandылық жолда діни қызметін де атқарып жүрді. Негізінен соңғы бар ғұмырын Кентүбек ауылында өткізді. «Діни апиын» деп молдалардың адымын аштырмай, имандылыққа қадам бастырмай тұрған кеңес өкіметінің қылышынан қан тамған идеологиясы үстем көздің өзінде әсерлі діни уағзымен, имандылық тағылыммен, тәлімді ғибрат сөзімен халықтың жүрегіне

жол тапты. шүкірдің атасы ірі бай болған екен. «Байдың ұрпағы әрі молда» деп шүкір қуғынға ұшырайды. Ағайын-туыстары бұл қатерден шүкірді аман алып қалудың амалын ойластырады. Сөйтіп, бір кедей ағайыны дүниеден өткен Шүкірмен шамалас баланың құжатын береді. Ол кезде құжаттарда сурет болмайтын. Осылайша Шүкір (шын аты Қабдышүкір) Кеңес үкіметінің кесірінен Мағау Тұрғанбайұлы деген атқа ие болды. Алайда, бұл жалған ат та Шүкірге қорған бола алмады. Соңына түскен біреулер «Шүкір жалған құжатпен жүр. Ол байдың баласы, әрі молда деп көрсетіп, он жылға сотталады. он жылдың жеті жылын тар жол, тайғақ кешуде, қиын – қыстау жағдайда өтейді. Бармаған жері, татпаған дәмді қалмайды. мурманскі, Қазан қалаларында да болады. Аллаға құлшылық жасаудан танбайды. Ол қасиетінің арқсында ол өмірінің ақырына дейін өзі өскен Май өңірінде имандылық жолдың қадір қасиетін танытып, өнеге көрсетіп, жұрттың ыстық ықылысына бөленіп, абырой құрметке ие болып өтті. шүкір молда садақа берген адамдардың тізімін жасап, ол ақшаға қол сұқпайтын. тізім бойынша түскен садақаларды есептеп, ақшасын түгелдей Павлодар қаласындағы Бижан мешітіне апарып тапсыратын. Тапсырылған ақшаның түбіртегін жинап, әбдірада сақтайтын. Есеп жағына өте мұқият еді. Шүкір молда қартайған сайын «діни білім алуға құштар жастар болса ғой, ізімді жалғастыратын» деп көп ойланатын. Жоғары білімді ұстаз Қайыркандат Болатұлы медресеге баруға тілек білдіріп келгенде қуанып қалды. «салынып жатқан мешіттің құрылысы аяқталғанша сенде оқуынды бітіріп келерсің, мешітке ие боларсың» деп батасын беріп, діни оқуға аттандырып салған еді. Айта кететін бір жайт, Шүкір молданың үйінде жаңа жыл, туған күн сияқты мерекелер тойланбайтын. Оның есесіне айт күндері ерекше мерекеленіп өтетін. айттың бірінші күні бүкіл ел болып, Шүкір молданың үйінде тойлайтын. Ол баларында осыған баулап өсірді

Шүкір молда жұбайы Көкештен тоғыз бала көріп имандылыққа тәрбиелеп өсірген еді. Шүкір молда 1994 жылы 9 мамырда 83 жасында қайтыс болды. Қадірлеп өткен аудан халқы қазасын естігенде аза тұтып, ақырғы сапарына бәрі жиналды. Облыс көлемінде шүкір молданы білетіндер түгел келді. Сол кезде облыстық «Қазақ тілі» қоғамын басқарып жүрген марқұм Жеңіс Мардановтың ұйымдастыруымен Түркиядан келген жоғары діни білімді Миллетхан ұстаз шәкірттермен келіп молданың жаназын шығарды.

Шүкір молда аудан орталығында мешіт салуды армандайтын еді. Аудан әкімі Машрап игі бастаман қолдап, кеңшарлардан

50 мың теңге қаржы жинап берді. Әкім Курчатова қаласы басшылармен келісіп, мешіттің іргесін қалауға блоктар алдырды. Осылайша аудан орталығында мешіт құрылысы басталды. Қабырғалары көтеріліп болған кезде Шүкір молда мешіт салынып бітіп, оның имамы болып, алғашқы намазды өзін өткізсем арманым болмас еді» дейтін. Алайда ол арманына жете алмады.

Тағдырдың тауқыметіне мойынсымай, дінімізді насихаттауда жанын аямаған, кеңес үкіметі тұсында, мешіт жоқ кезде үйінің бөлмесін кеңейтіп, имандылық ошағында намаз оқитын, уағыз айтатын орынға айналдырған, жүрекке жол таба білетін шешен сөзімен де, көркем мінезінде, ғибратты іс-әрекетіменде халыққа үлгі болған Шүкір молдамен жұрты осылай қоштасқан еді. Оның имандылық жолындағы тағылымды тәлімдері ешқашан ұмытылмақ емес.

Қайса Нұрғазыұлы (1888–1976 ж.ж.) қазіргі Павлодар облысы Май ауданының тумасы, руы Найман, оның ішінде Жәуетей, Пір-иелері. Мұғызар (қыз) мен Уайқан (ұл). Арғы атасы Елқонды аруақты, ірі бақсы болса керек. Қайсаға бақсылық 49 мүшел жасында қонған екен. Қысты күнгі сары аязда жалаңаяқ далаға шығып кететін болыпты. Жұрт оны жынданды деп ойлап дәрігер, бақсыға апарса да оң-алмапты. Бір күні бабалары түсіне кіріп аян берген соң, Байкөшен деген жердегі бабасының зиратына барып түнеп, түс көріп, түсінде бабасының батасын алыпты. Осыдан кейін көтеріп кететін жындары басылып, зікір салатын, ойын көрсететін «қара бақсылықтан» гөрі сәуегейлік, емшілікке бой ұрып, қайтыс болғанға дейін жаратылыстың өзіне берген қасиеттерін халықтың игілігіне жұмсай білді. Айта кететін жағдай Қайсаны қасиеттерінің ерекше көрініп, аты елге танылуы оның Қойлыбай деген жерге көшіп баруынан басталса керек. Бақсылардың пірі, әйгілі Қойлыбай бақсымен аттас жерге қоныстануында да бір сыр бар сияқты. Бәлкім, ырым қылған болар...Қайса атаға арнайы келетін адамдар негізінен әртүрлі ауруға шалдығып, дертке-шипа, жанға-дауа іздеушілер болатұғын. Атап айтқанда:

- көтерме, елірме сияқты ақыл-есінен алжасып, психикалық ауруларға шалдыққандар. Мұндай ауруларды дәрігерлер емдей алмай, көбінесе жындыханаға жіберетіні белгілі;
- қол-аяғының жаны кетіп, бет-аузы қисайғандар, шемен, күйдіргі сияқты сирек кездесетін аурулар;
- көңіл-күйі бұзылып ішқұса, уайым-қайғы т.с.с. рухани дертке шалдыққандар;

- мал-мүлкінен айрылған, жоқ іздеушілер;
- әртүрлі мұқтажы (балаға, медетке, батаға т. б.) бар адамдар, болашағын болжағысы келетіндер, т.б.

Осындай мұқтажы бар адам келе жатса, Қайса ата алдынала сезіп-біліп мазасызданып, бір орнында отыра алмай, қозғала бастайды екен. Қай жақтан келе жатқанын да болжап: «Шайларыңды дайындай беріңдер. Қазір келеді» – дейді екен. Немесе: «Көлігі болдырып, өзі шөлдеп келеді. Атқа мініп, сусын алып, пәленше жолдан қарсы ал» – деп баласын жібереді екен.

Қайса атаның сәуегейлігі сезімталдығы:

– Ақшимаң совхозының тұрғыны Егеубаев Шайғабас ақсақалдың баласы Дайырды жиектегі Жалтыр совхозындағы бір тойда (біреу) ұрып өлтіреді. Сол түні бойы Қайсекең Ақшимаңдағы өз үйінде ұйықтай алмай: «Апыр-ай, байғыс баланың соры қайнады-ау!» деп қайталай беріпті. Яғни қаралы оқиғаның болып жатқанын дәл осы уақытта 100 шақырымнан аса жерде тұрып сезіп, білген.

– Ақшимаңда тұратын Балжамал деген қария ауырып бет-аузы қисайып кетеді. Қайсекең көріп: «Бегімысық әулиенің зиратының жанына түзге отырыпсыңдар. Енді сол зиратқа 3 күн түнендер. Үшінші күні зираттан қара мысық шықса, үйге қайтыңдар», – дейді. Қария айтқан [3, 319 б.].

Ел ішінде Қайса бақсы туралы, ол кісінің осындай қасиеттері жөнінде әңгімелер көп. Халық Қайса бақсыны ерекше құрметтеп әулие деп атайды. Ол кісінің зираты Ақшимаң совхозында. 2012 жылы кесене орнатылды.

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі, – деген еді Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында.

Осы орайда Павлодар облысында Май ауданында қасиеті ел аузында аңызға айналған киелі жерлер жетерлік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахмеди І.А. Құт береке дарыған – қазыналы Май елі. – Павлодар: Сығина баспаханасы, 2014. – 262 б.
- 2 Әбілқасова Б. Май елі – құтты мекен. – Павлодар «ЭКО» ҒӨФ, 2000. – 336 б.
- 3 Тлеке Жеңіс. Шежіре. Ертіс – Баянауыл өңірі.- Павлодар қаласы. «Дауа редакциясы» 319.б

## БАСКӨЛ АУЫЛЫНЫҢ ТОПОНИМИКАСЫ

ХАЙРУЛЛИНА М.

8 сынып оқушысы, Аманкелді Иманов атындағы

ЖОББЛМ, Май ауданы, Павлодар облысы

МУХАМЕДИЯРОВА А. К.

тарих пәнінің мұғалімі, Аманкелді Иманов атындағы

ЖОББЛМ, Май ауданы, Павлодар облысы

Еліміз тәуелсіздік алып, тарихымызды жауандай отырып жазудан арылған шақта, рухани – мәдени өміріміздің айнасы боларлықтай айғақтарды қайтадан өз халқымыздың күш-қуатынан іздеуіміз заңды. Ал ондай күш-қуаттың қайнар көзі – халқымыздың этномәдени мұралары (фольклор, этнография, ономастика) екені даусыз.

Біздің бүгінгі тақырыбымыз этномәдени мұраларымыздың бір саласы- ономастика туралы болмақ. Сондықтан, ономастика деген не деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

Ономастика (onomastikos) грек сөзі – тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы. Жалқы есімдер: жер-су, ру, тайпа, ел, халық, ұлт аттары туралы ғылым. Ономастиканың басты бөлімдері: топонимия (жер-су аттары), антропомия (адам аттары), зоонимия (үй жануарларының аттары), космономия (ай, жұлдыз, әлем жарықтарының аттары) тәрізді т.б. салалары қыруар бай мағлұматтарға ие. Бүгінгі күні Баскөл ауылының топонимдеріне тоқталамыз. Онда халқымыздың өткендегісі мен бүгінгі тарихының, әдеп-ғұрып, салт-санасының, тіл байлығының тарихи географиясының сан қырлы құпия сыры мен бай қазына, мәдени мұрасының ізі жатыр.

Жер тарихы - ел тарихы. Өйткені, халық өткендегі ата бабаларынан бермен қарай бастан кешкен не бір сапырылысқан болмыс – танымның ең бір талмау тұсы – сол халық авторлығымен қойылған елді мекен, жер атаулары деп қаралады. Халық тарапынан қойылған әрбір жер атауы сол жердің табиғи паспорты болып табылады.

Ата тегі жағынан Төртсары, Иманға туыс «шөбере» болып келеді. Атап айтқанда: Бәсентиін-Қатыс - Әлімбет, Әлімбеттен Тоқшара, Сүйіндік /аға-іні/ Тоқшардан-Әйтей, Сүйіндіктен- Андас / Әйтей-Андас немере/, Әйтейден –Төртсары, Андастан-Иман, / Төртсары-Иман шөбере/.

Төртсарылар «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деп аталатын зобаланда ата жұртынан безініп Сыр бойына жер ауғанда, Иманның сол жаққа бөлініп кеткен алты әулетімен бір

аймақта болған екен. Сыр бойындағы иман әулеттері көшпей сонда қалуы себепті «жеті Момынның» Сарыарқа, Ертіс, Ақсу бойына бағытталған «ұлы көші»кезіндегі алғашқы лекпен ірі рулар Қанжығалы мен Бәсентиін, ал оның үлкен тармағы Сырымдармен бірге Күшік, Төртсары аталары да елге оралады.

Төртсарылар Ақсу бойы Баскөл маңына қоныстанады. Бұл қоныстың ежелгі атауы «Мүйіс» екен. Қазақ ат қоюға шебер ғой! Ауыл орналасқан қырқаның солтүстік-батыс жағы «Малкелді» ойпаты да, оңтүстік-шығыс тұсы «Баскөл» ойпаты. Осы екі ойпаттың аралығындағы қырқалары дөнес, Ақсудың садақтай иілген қуысына доғалдана еніп, «мүйіс» құрайды.

Ежелгі «Мүйіс» атауы кейін біртіндеп 1929 жылы «Қызыл гүл» колхозы,

1935 жылы «Қызыл құрама» колхозы, 1951 жылы Аманкелді колхозы, 1959 жылы қайтадан «Қызыл құрама» кеңшары болып өзгертілді.

Қызыл түс – революция рәмізі. Аманкелді Иманов – революция сарбазы. Социалистік революция кезінде қызыл түс ерекше болған, өйткені сол заманның туы қызыл түсті болған.

1991 жылы еліміз егемендігін алып – Тәуелсіз мемлекет болдық.

1992 жылдың ақпан айынан бастап алғашқы аудан әкімшілігі құрылып, Май аудан әкімі болып «Қызыл Құрама» совхозының азаматы Машрап Төлебаев тағайындалды. 1993 жылы аудан әкімінің ұсынысымен, ауыл тұрғындарының жалпы жиналысының шешімімен ауылға «Баскөл» атауын беру туралы қаулы қабылданды. «Баскөл» ауылының тұңғыш әкімі болып 1995 жылы Нұрханов Рәшит тағайындалды.

Бұл мәліметтерді ауылымыздың ақсақалы Жумкин Орман Хамитұлынан жазып алдық.

### «Байназар»

Кенжебай – Күшік аталарының Ақсу бойына қоныстануы.

Шабанбайдың қоныс-жайлауы бір шеті көзіргі Май ауданы «Баскөл» ауылының «Бозша» бөлімшесіндегі «Бор» мал нүктесі мен аудан орталығы Көктөбе /Шыған/ аралығы, Ақсу Ертіс айырығындағы «Жырық», «Қара ой» атты жерден басталады. Екінші шеті Ақкөл Жайылмаға дейін созылған алқап екен. Шабанбайдың 12 мың жылқысы болған деседі. Малдың санына жете алмаса керек, «Қара ой» қойнауына айдап әкеліп қойнау жылқыға толса, биікте, ат үстінен жобалайтын Шабан атамыз

«Ә...., жылқы түгел екен» деп ауылға бет бұрады екен дейді.



«Қара ой» шұңғыл табақ тәріздес дөңгелек шеңберлі, кемерлі, ойпан жер. Шеңберді қақ жарып тас жол / Ақсу-Көктөбе жолы/ өтеді. Бұл жерді орыстар «Змейная балка» деп атаған екен. Ертеде осы жерде уы жоқ «сары бас» / «уж» / жыландардың ордасы болғаны жөніндегі аңыз негізге алынған болуы керек. Мың-мың жылқының тұяғы қойсын ба, өзеннің жиегін жырып, топырағын қолмен ысырып тегістегендей, мал су ішуге ыңғайлы қалыпқа келтірген. Сондықтан бұл жердің аты «Жырық» аталған.

Ата-бабамыздан қалған мынадай әңгіме бар. Ертеде ел ішін аралап жүретін, берсе зекет, пітір садақ алатын жалғыз ілікті адамдар болған. Олар тек қайыр-садақа жинап, күн көрістің амалымен жүргендер емес, көбінесе ел-елдегі жаңалықтарды, көрген-естігендерін тиісті жерге жеткізіп тұратын жансыз, тыңшы қызметін де атқарушылар болса керек. Осындай бір кезбе-қайыршы Шабанбайдың ауылына келгенде, ауыл адамдары жөнді қайыр садақа бермепті. Қайыршы елді аралап отырып Абылайдың ордасына барады. Көрген-естігендерін айтып, арасында былай депті:

Арқада бар Шабанбай  
Ас бермейтін сараң бай.  
Он екі мың жылқыдан  
Зекет бермейді жалғыз тай...

Бұл әңгімеден хабардар Абылай бір күні жол түсіп 500 жауынгерлерімен Шабанның ауылына қарай бет түзейді.

Сөз арасында айта кететін жағдай, жоғарыда айтылған «Баскөл» ауылының оңтүстік сыртында 15 шақырымдай қашықтықта «Абылай» деген жер бар. Күні бүгінге шейін бұл жер әулие ханымыздың атында. Сол жерде Абылайдың әскері Шабанбайдың көшіне кездеседі. Шабан тез арада құдықтарды қаздырып жіберіп, биелерді сауғызып, 500 адамға сойыс әзірлейді. Екі-үш күн бойы жорықтан келе жатқан батырлардың бабын тауып, қапысыз күтеді. Абылай ханға көрсеткен сый-сияпаты өзі басқа, 500 жауынгерге бір-бірден біркелкі қаракөк ат жетектетеді.

Шабанның көрсеткен күтіміне, құрметіне риза болған Абылай оған жорықтағы олжадан бір ұл мен бір қыз береді. Қызды Шабанның бір баласы Сүгір, ұлды екінші баласы Көтісбай алады.

Осы жолы Абылайдың бір сыншы-атбегі Шабанның жылқыларын көріп:

«Апыр-ай, жылқыларының күйрығы ұясыз, екі-үш-ақ буын, топайы қысқа екен. Байлығы 2-3 ұрпақтан аспас» депті.

Абылайдың сыншысы бекер айтпаса керек....

Ел ішінде мынадай әңгіме бар Шабанбайдың шөберелерінің бірі Қожаберген деген адам Көртоғайды қоныстап отырады екен. Бір күні Қожабергеннің үйіне атакты Шөже ақын келіп түседі, қонады. Қонақ асына үй иесі кеспе-көже беріп, соңынан бата сұрайды. Сонда Шөже былай деген екен:

«Шабанбай 22 қос жылқы айдаған  
Батыры Абылайдың оқ шайнаған.  
Бұл кезде дуа кетіп, дәулет бітіп  
Ұрпағы артындағы боқ шайнаған.

Арғы атаң бай Шабанбай көше берген  
Көш жөнекей Абылайға мүше берген  
Үйіне қонақ болып қонып едім  
Қонаққа Қожаберген көже берген.

Қожаберген үйіне Шөже келді  
Салған жерден бір аяқ көже берді.  
Қаржаубайдың баласы атым Шөже

Тамағыма жақпай тұр күйген көже» - деген сөзге ұялған сол үйде отырған Қожабергеннің туысы Самат Шөжені өз үйіне қонаққа шақырып, қазақи ғұрып бойынша сыйлап риза етіп аттандырыпты.

Шабанбай қайда жерленген деген сұраққа жауап іздейік.

Абылайханның дидарын көрген, көсемімізді қошаметтеп қарсы алу мәртебесіне ие болған Шабанбайдың туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Ал жерленген жері осы Баскөл ауылының оңтүстік беткейдегі қыр жағында Байназар зираты деген жерде. Байназар Шабанның бас жылқышысы болыпты. Ертеде Қалдымұра деп аталған Шабанбайдың зираты тек қана Жылқының сүйегінен қаланып, сүйектердің арасы құрамы өзгеше балшықпен бекітілген екен. Қалдымұра зиратының орнын 13 жасында өз көзімен көрген, оның ертеде қандай болғанын, қариялардан естіген Жағыпар молла Өміртайұлы (1870-1957жж.) бұл әңгімелерді «Жағыпар молладан, Қасқырбайдың тұсында 18 жасынан билік құрған төртсары әйгілі Бидәулет бидің немересі Өзіханнан естідім» деп айтқан-марқұм Мұхтар Шаймерденұлы (1928-1993 жж.) бұл деректерді ауылымыздың ақсақалы Жумкин Орман Хамитұлынан алдық.

Қазіргі күні бұл жерде зираттың орны қалмаған, зират биік дөнес жерде орналасқанның көре аламыз.



Сурет 1 – Құлпытас. XIX ғасырдың екінші жартысы  
Кенжебай – Күшік аталарының Ақсу бойына қоныстануы

Көбінесе кесенелерді феодалда, жартылай феодалдар салдырған, ал халықтың орташа тобы өздерінің қайтыс болған туысқандарының зираттарына құлпытас қойған. Әдетте құлпытастар тұтас тастан жасалады және әртүрлі пішінді болады.

Мысалы, Баскөл ауылының Бозша бөлімшесінен оңтүстік-шығысында бір шақырымдық жерде зиратта құлпытас орналасқан. Құлпытастың оңтүстік - шығысына қарай 8, 5 метр жерде саман кірпіштің қалдықтары жатыр, зираттың орны қалмаған. Құлпытаста 1875 жыл деп жазылған, солтүстік-шығыс жағындағы қабырғасында «арғын» руының белгісі бар. Биіктігі - 217 см. Құлпытастың пішімі төртбұрышты, әр қабырғасында қашалған орнаменттер композициясы салынған. Көрініп тұрғандай, қабырғаларының беткі жағы ойылып қарама-қарсы қабырғаларындағы суреттер симметриялық үлгіде жасалған. Екі қарама – қарсы қабырғаларында үстінгі бөлігінде дөңгелек формадағы ою қашалған. Қалған бөліктері тігінен төменге қарай араб жазуларымен жазылған, тек солтүстік-шығыс бөлігінде көлденен жазылған.

Жергілікті жердегі тұрғындардың айтуынша бұл құлпытасты Уфа қаласынан әкелінген дейді. Зерттеулерге қарағанда Батыс Қазақстан аумағындағы құлпытастарға ұқсастығы бар, ақ құмтас, формасы, орнаменттері келеді. Қазақстан құлпытасының мүсіндік түрі анық болып келеді және профилі мен оюлық әшекейлері аса құнды. Қолөнер ретінде тасты қашау құлпытасты жону арқылы дамыды деп болжауға болады.

Бұл зират кімдікі деген сұрақ туындайды. Енді осы сұраққа жауап іздеп көрелік.

Ендігі сөз Шабанбайдан тараған ұрпақтар жөнінде. Шабаннан бізге белгілі Сүгір мен Көтісбай туады. Көтісбайдан Тілеміс, Қада, Тобықты, Маймақ тарайды. Маймақтан есімдері Ақсу өңіріне әйгілі Қасқырбай мен Жақсыбай туады. Қасқырбай ертеде, Рыспек Манамбай әулетінен бұрын болыс сайланыпты. Қасқырбай болыс болғанда төртсары атасынан Бидәулет/ нағашысы атақты бөрі Қазанғап Сатыбалдыұлы/ би болған екен. Жақсыбай көбінесе саудамен айналысқан. Қазіргі Ақтоғай ауданы жерінде Семейде үй, дүкендер салдырған. Жақсыбайдың үйленген жары атақты коммерсант бай уақ Нүркеңнің немересі – Зылиха.

Жақсыбайдың зираты «Бозша» ауылындағы қабырстанда. Тасқа мынадай сөздер түскен: «Арғын тайпасынан, Бәсентіін руынан Күшік тармағы Кенжебай ұрпағы, Маймақ баласы Жақсыбай 1295 жылы сәрсенбі күні дүниеден опат болды»

Жазуда көрсетілген жыл хижра есебі бойынша, ол кәзіргі кезде қолданатын григорян календары бойынша 1879-1880 жыл, яғни Жақсыбай осы жылдары қайтыс болған. Қасқырбай мен Жақсыбай дәулетті, кісіліктері мол адамдар болыпты. Жақсыбайдан ұрпақ жоқ.

Бұл ел арасына кеңінен таралған аңыз аралас әңгіменің мәтіні 30.05.2004 жылы Ақсу қаласының тұрғыны Бұлқайыр Тәукенұлы Қабашевтің архивінен алынған.

Материалдық мәдениеттің тарихында архитектураның орны ерекше болып табылады. Архитектура ескерткіштерін және онымен байланысты қолданбалы өнер әр елдің өткен өмірі туралы анығырақ дәлелдейді.

Қорыта келгенде, біздің алғашқы ғылыми еңбегіміз қазақ даласында сақталған жер-су аттары, архитектурасы жөнінде мәліметтер жинақтап өз туған тарихи өлкеміздегі жәдігерлерімізді білу, келесі ұрпаққа жеткізу болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Шамшырақ» Май аудандық газеті. 15 мамыр, 2004 жыл. № 20 / 7640/
- 2 «Шамшырақ» Май аудандық газеті. 10 шілде, 2004 жыл. № 28 / 7648/
- 3 «Шамшырақ» Май аудандық газеті. 27 қараша, 2004 жыл. № 48 / 7668/

4 «Шамшырақ» Май аудандық газеті. 13 қазан, 2007жыл. № 41 / 7817/

5 «Егемен Қазақстан» № 53. 18.03. 1998ж.

6 Қазақстан Архитектурасы. Т.Бәсенов 2 том, Алматы, «Өнер» 2010

7 Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Павлодарская область. Научное издание. К.Байгабулова. НИПФ РГП «Казреставрация» Министерства культуры РК «Аруна» 2010.

### АЛАШ ТУЫ АСТЫНДА, КҮН СӨНГЕНШЕ СӨНБЕЙМІЗ! (АЛАШ ОРДАСЫНА 100 ЖЫЛ)

ШОХАН А. Б.

10 «А» сынып оқушысы, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.

тарих пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

*Бостандыққа апаратын жалғыз жол –  
ұлттық ынтымақ қана.*

*Әлихан Бөкейханов*

Бүгін тарих кабинетін жайша көзбен сүзіп өтіп, тегіс ақ қабырғаның сәнін келтіріп тұрған түрлі тарихи стендерге назарымды аудардым. Шектелген жазықтықтарда қазақтың қашан да тайғақ болған тарих жолындағы айрықша оқиғалар реті көрсетілген. Сонау Қазақстан жерінде алғашқы адамдардың пайда болуынан бастап жаңа заманның өзгерістеріне дейінгі жинақталған. Бір минут ішінде тарих тұңғиығына түсіп, толқындарын қуу - ерекше сезім. Осы замандар тоғысында не болмады дейсің?! Қазіргі терезенің ар жағына көз тастағанда жанарымызға түсетін бейбіт халық тіршілігі мен күніміз шуағына бөлей алатын ашық аспанымызды аңсаған, бір сөзбен айтқанда – тәуелсіздігіміздің иісін сезуді аңсап өткен халық жолында түрлі қиындықтар болды. Халықты бір шатыр астына жинақтау кезеңдері де тарихта бірнеше мәрте орын алды. Абылай, Кенесары замандарынан кейінгі үш жүздің басын қосып, сахара төсінде дербес қазақтың мемлекетін құруға құлшына кіріскен – Алаш Ордасы болатын.

Шарықтауы мен төңкерілісі қатар жүрген өмір жолында бүгін де айрықша орны бар Алаш Ордасының ғасырлық тарихы қалыптасты. «Алаш» құбылысы – ХХ ғасыр басындағы ұлттың өзін-өзі ұлт ретінде сақтап қалуға талпынған ірі қозғалыс ретінде

тарихқа енді. Бұл қазақ-қырғыз Алаш автономиясының үкіметі саяси және әлеуметтік- экономикалық бағытта жұмыс жасап түрлі мәселелердің алдын қайырған. Алайда ел санасында бұл мемлекет іргетасын қалап кеткен осы партияның атқарған ісі мен ерен еңбегі сақтаулы ма? Төрағасы Әлихан Бөкейханов болған бұл партияның ішкі жағдайымен танысып, мән-мағынасын кеңінен ашайық.

Екі ғасырға жуық патшалық Ресейдің қыспағында қалып, езгісіне түскен қазақты көзі ашық, көкірегі ояу Алаш қайраткерлері «Оян Қазақ, көзіңді аш, көтер басты!», деп ұран тастап, ұлт болып ұйысуға шақырды. Елдің еңсесін тіктеп, намысын жандыру үшін қаламын қару етті. Қалың ұйқыдағы бұқараны оятып, елдікке шақырды. Қалың жұртты азат Алаш туының астына топтастыру тек насихат айтып қалумен шектелмеді. Ұлт көсемдері ниетін нақты іспен дәлелдеді. Ұлт зиялылары 1917 жылы Алаш партиясын құрып, Алаш Орда өкіметін жасақтады.

Қазан төңкерісінің артынша 1917 жылдың 21 қараша күні қазақтың либералдық-демократиялық қозғалысының лидерлері «Қазақ» газетінде өздері «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасын жариялады. Мұнда осы партияның мемлекеттік құрылыс, қорғаныс, дін, ағарту мен ғылым салаларындағы, аграрлық мәселе т.б. жөніндегі нақты айқындалмалары көрсетілді. Халық ісін орнын салуға көп ақыл, көп қызмет, көп жылғы шебер істеген әдіс керек болды. Серіктері Әлімхан Ермеков, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев сияқты т.б. Алаш арыстарының атқарған істері алдыға қойылған мәселердің шешімін табуға көмектесті. «Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды» деп Әлихан Бөкейханов атамыз айтып кеткендей, бұл жобаны қазақ халқының басым көпшілігі қолдады. Осылайша нақты тарихи жағдайларды ескере отырып, қазақ халқының дамуының балама жолы ұсынылған болатын. Әрине, «Көзі соқырдан, көңілі соқыр жаман» емес пе?! Халық игілігіне жасалған өзгерістерге билеуші партияға айнала бастаған бостандық жаулары - большевиктер қарсылық көрсетті. Бұл өз алдына жеке бірталай еңбек жұмсайтын іс болды.

1917 жылы Ақпан төңкерісінің жеңісі күллі қазақ деген ұлт зиялыларының басын бір жерге қосуға мүмкіндік әкелді. 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында көптеген облыс-уезд орталықтарында аймақтық қазақ съездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады.

Орал облыстық қазақтардың 1-ші съезі 1917 жылы 19-22 сәуір аралығында Орал қаласында өтті. Съезді уақытша қазақ

комитетінің төрағасы Ғұбайдолла Әлібеков ашып, құттықтау сөз сөйледі. Араға жылдар салып дүйім жұрттың басын қосып, алғашқы секундтардан олардың алдындағы жауапкершілікті сезініп, ел арасынан бұл бастамаға қолдау жинай білу - екінің бірінің қолынан келе беретін іс емес. Бұл нардың жүгіндей ауыр жұмысты Әлібеков абыроймен атқарып шықты. Төрт көз түгел болып, ел қамына бейжай қарамайтын ұлт зиялылары жиналып, жалпы алғанда 23 мәселе көтерілген болатын. Бірінші кезекте мемлекетті басқару туралы, уақытша үкімет туралы және жүріп жатқан империалистік соғысқа көзқарас туралы мәселелер қаралды. Съезд төрт күнге созылды. Ақырғы күні облыстағы оқу-ағарту, мәдениет және тағы да басқа мәселелер қаралды: Орал облысында қазақтар арасында бастауыш, орта, жоғары білім беру жүйесі қанағаттанғысыз деп тауып, төмендегі аталып өтілетін және тағы да басқа шешімдерді қабылдады:

- Мұғалімдер съезін шақыру қажет;
- Орал қаласында уақытша орта оқу орнын ашу қажет;
- Ерлер гимназиясының бағдарламасы негізінде қазақ балаларына арнайы оқу орнын ұйымдастырып, оны қазақтар қаражатына салынған бұрынғы кәсіптік мектептің үйіне орналастыру жөн деп табылсын;

– Қазақ тілінде газет, брошюралар шығару қажет деп табылсын;

Осы съезде Жаһанша Досмұхамедов: «Біздің мақсатымыз – ел билеуді халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады. Қалың қазақты аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Ендігі жерде қазақты елдің тұрмысын, тілін білетін, мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады. Осыған байланысты қалай болғанда да біз Ресейден автономия алуға тиістіміз» деп өз ойын білдірген болатын. Бұл қанатты сөздер бүгінде шындыққа айналуда. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақтың бағына біткен бақ іспеттес емес пе?! Қандай болмасын ел болашағында өз ізін қалдырып, «ағысын бұра алатын» мәселелерді халықпен тұтас болып, бірге талқылайды. Бұл тарапта керемет үлгі ретінде сиясы әлі кеуіп үлгермеген «Заман талабы - қазақ тілін латын алфавитіне көшіру» - ойып орын алған ұлттық жоба - жұрттың қалауымен бірге шешілген іс. Ешбір мемлекет жаңа әліпбиді қабылдарда жалпыхалықтық талқылауға салған емес. Бұл басшылардың халық үшін жұмыс жасап жатқанын көрсетеді. Ал халық өз кезегінде адал жұмыс пен мемлекетіміздің бейбітшілігін сақтап қалуы үшін еңбектеніп жатқанын атап кете аламыз.

Осы орайда біз қазақтың қазақтығын көрсететін оның тілі мен дінінің тұтастығы екенін айтқымыз келеді. XX ғасыр басында Алаш қайраткерлері көтерген тіл мәселелесі бүгінгі XXI ғасырдың да ең өзек жарды мәселесі болып отыр. М.Әлімбаев:

«Туған жерді сүю – парыз, сүю үшін білу парыз» - десе, ана тілімізді бәріміз де сүюге, қастерлеуге тиіспіз. Тіл адамның даңқын асырады. Адам ол арқылы бақыт табады» деп Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» еңбегінде жазғандай тіл саясатын көтерген XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің қазақ қоғамындағы басты ағымдарының бірі – автономиялық басқару жүйесіндегі мемлекеттік құрылыс болса, екіншісі – Мемлекеттік тіл саясаты еді. Ана тіліне деген үлкен жауапкершілік еді. Алаштың арыстарының бірі – Ахмет Байтұрсынов «Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді» - десе, Құнбатыс Алашордасының идеологы саналған Ғ. Қараш: «Тіл болмаса, ұлт та болмайды, яғни ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді», - деген. Ана тілге деген махаббаттың сол заманнан оята білген дара тұлғаларымыздың қанша жылдық еңбегін жат ел ықпалына беріліп, жеке тарихымызды ұмыту арқылы таптай алмаймыз.

1917 ж. желтоқсандағы II жалпықазақ съезі ұлттық мемлекеттік құруға байланысты негізгі мәселелерді қозғағаны мәлім. Бұл съезде қозғалған мәселелердің шамалысы осындай болатын: қазақ автономиясы, милиция, ұлт кеңесі, ұлт қазынасы, халық соты, ауылдық басқару және т.б. Съезд бұл мәселелер бойынша Әлихан Бөкейхановтың Х. Ғаббасов, М. Шоқаев, Ж. Досмұхамедовтің баяндамалары мен жарыссөзде сөйлеген сөздерін тындады.

Автономияның елге түсетін салмағының ең ауыры – қазына жинау ісі болды. «Пұл жағынан істі тоқтатпастың жалғыз-ақ шарасы – ақшаны қазір қарызға алу, жұрттан ақша жиналған соң орнына салу. Олай болса Орданың өзі де, жергілікті комитеттері де қарызға берілетін ақшасы бар жерлерді қарастыру» идеялары да көтерілді. Мұндағы мақсат ұлт қазынасы жиналғанға дейінгі уақытты бос жібермей, ұтымды пайдалану еді. Осы орайда басқа да басшылықтардың Алаш автономиясын мойындауы үлкен көмек болушы еді. Халық қалауы осы болатын. Алайда

бұл үміттер ақталмады. Бұған қарамастан Алаш Ордасы бар қайратын жұдырыққа жинап, алға басудың жолдарын қарастырды. Жалпыхалықтық бас қосулар арқасында қиындықтарды жеңіп, әділдік орнатуға мүмкіндік болды.

XX-ғасырдың алғашқы жылдарынан бастау алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 30 жылдарға дейінгі тарихи кезеңді қамтыды. Кеңестік тоталитарлық билік алаштық атанған аға буын зиялылардың ең белсенді бөлігін, сондай-ақ олардың кеңестік-партиялық қызметтегі ізбасарларын қуғын-сүргінге ұшыратып, жауыздықпен жазалады.

Біз жаңа бейбіт заманда арыстан білек, жолбарыс жүрек бабаларымыздың бүгінгі теңдігіміз үшін күрес жолында тер мен қаны аралас аққандағы еңбегінің теңдесі жоқ бағасын білуіміз керек. Тарихты тудырушы да, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастау бұлағы да – халықтың өзі. Біз кешегі тұлдыр, болашағы бұлдыр халық емеспіз. Жарқын болашаққа ұмтыла отыра, өткенімізді ұмытпайық. Алаш Ордасына қанша жыл толмасын, бұл партия еңбегі ел жадынан өшпейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оқушының қысқаша анықтамасы. 225 бет
- 2 Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. 2017 жыл
- 3 kk.wikipedia.org .Алаш қозғалысы
- 4 Болат Мүрсәлім: «Олар – Алаштың алтын дидары» abai.kz
- 5 АЛАШ ОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ Bilimger.kz

**3 Секция. «Қазақстанның қасиетті жерлері»  
жобасы аясындағы зерттеулер**  
**3 Секция. Исследования в рамках проекта  
«Сакральная география Казахстана»**

#### БӘСЕНТИІН СЫРЫМБЕТ БАТЫР

БУЧЕКЕЙ Ж. Б.  
7 сынып оқушысы, Кенес НЖББМ, Павлодар ауданы  
БАУЖАНОВ Х. К.  
тарих пәнінің мұғалімі, гуманитарлық ғылымдар магистрі,  
Кенес НЖББМ, Павлодар ауданы

*Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап  
тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің  
жүрісін ғана аңдап қана қоймаймыз, рухын, тынысын сезінеміз.  
Біздің ұлы қандастарымыз өмірлерін қиып, шыбын жандарын  
шүберекке түйіп, біздің тәуелсіздігімізді жақындапта түскен...  
Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік  
парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда  
да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір  
сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген.  
Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар  
мақтанғышы болып келген.*  
**ҚР Президенті Н. Н.**

Бәсентиін Сырымбет батыр - би, батыр. Арғын ішіндегі Бәсентиін руынан шыққан. Жоңғарлармен шайқаста Абылай, Баян, Малайсары батырлармен бірге көптеген жанкешті ерліктер көрсеткен. Тарихи деректерде оның атын алғаш рет Ш.Уәлиханов «Исторические предания о батырах XVIII века» атты еңбегінде жазған. Ол Сырымбеттің ерлігі туралы мәліметті Тәтіқара ақынның жырларынан алғанын айтады. Тәтіқара ақынның бізге жеткен төрт толғауының бірінде Сырымбеттің аты аталады [1]


Бәсентиін ішінен XVIII ғасырда қан майдан, жаугершілікте көзге түскен азаматтардың бірі Сырымбет батыр. Бәсентиін, одан Ақмайдан, одан Көкшекөз, одан Бәйімбет. Осы Бәйімбеттің Жолымбетінен Маңдай, одан Сәмек екені шежіреден анық. Сәмектің ішінен шыққан ерлердің арасынан көзге түсетіні Сырымбет батыр.

Шокан «исторические предания о батырах XVIII века» мақаласында Абылай заманында болған көптеген оқиғалар мен ұлы тұлғалар туралы тамаша сипаттама береді. Оның ішінде Бәсентиін Сырымбет аты да аталады: «Однажды Аблай должен был ретироваться от отрядов китайцев и был ужасно печален и сердит, зная какое может иметь из бардов Татикара джирау, для одобрения бегущих кайсаков и для самого Аблая пел так:

«Бежавшие китайцы снова начали движение, патянулась тетива из куланева хребта. Крепкоробренный и широкожелудочный Аблай не бежал. Не хорошее слова «бежал», он двигался только косо. Басентинец Серымбет, стрелы бросая, бился. Не ищи ума при беге. Нет хлоднокровия при торопливости! Баян уаковец, да и это видели! Когда он поварачивался назад, копьем работал».

Қазақша нұсқасы да оқиғаны Баяндайды «Бір жолы Абылай хан қытайдың әскерінің көптігінен сескеніп, кейін шегінген екен дейді. Бір жерге келіп қазақтың қосыны тамақтанып отырыпты. Сонда Абылай қасындағы жырау серігі Тәтіқарадан – осы жорығымызды қалай дер едін дейді. Сонда жырау шарт жүгініп отырып осы өленді айтыпты:

Көп қалмақтың жылқысы,  
Тұрымтайдай құнысты  
Бәсентиін Сырымбет,  
Оны да мен ер көрдім  
Оқ жіберіп ұрысты.  
Жау жағадан алғанда,  
Ер бөрі Абылай қорыққан жоқ,  
Әншейін, еңкейе беріп жылысты.



Хан қамшысын кеудесіне таянып отыр екен, жырауды тындап болған мезгілде қамшысы түсіп кетіпті.

Уа, Тәтіқарам, - депті хан, - ел бетін көрер жерім қалмаған екен ғой. Жүр, ер бағын үшке дейін сынайды


деген, қайта барайық, - деп аттаныпты. Бұл жолы жолдары болып, жауды жеңіп қайтыпты, - делінеді аңызда.

Мағжан Жұмабаев өзінің «Батыр Баян» поэмасында жырға қосатын Сырымбетті де 1756-1757 жж. Қытай мен қазақтың соғыстарында Абылайдың жанында серік болған бәсентиін Сырымбет батыр;

Жиылды өңшен ноян, ығай-сығай,  
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай,  
Ту баста Абылайды хан көтерген  
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай.  
Ашуы жауған қардай, шөккен нардай  
Қарт қыран қанжығалы қарт Бөгенбай.  
Бөкеннің жас жолбарыс жеткіншегі  
Аузынан жалын шашқан жас Жанатай.  
Найзасын нажағайдай ойнататын  
Жас барыс бәсентиін Сары Малай.  
Балталы, екпінді оттан Оразымбет,  
Сіргелі, шапшан оқтан ер Елшібек.  
Өзіне тірі жанды тең көрмейтін  
Тәкаппар Қошқарұлы ер Жәнібек.  
Қалданға ханмен бірге тұтқын болған,  
Жолдасы Абылайдың батыр Жәпек.  
Майданда от шашқандай оқ шашатын,  
Сырттанны Бәсентиін ер Сырымбет-  
Осындай өңшен көкжал жиылыста,  
Күніреніп жолбарыстай – «жау қайда?» - депті [5].

Мәшһүр Жүсіп жазбалары бойынша, Сырымбет батыр Бәсентиіннің Сәмек атасынан шыққан. «Кешегі Жәнке де, Нұрташ молдалар да осының ұрпағы еді», - дейді Мәшекен. Сәмектердің қонысы – қазіргі Павлодар ауданына қарасты Кеңес ауылы мен Тұзқалаға (Ямышево) дейінгі аралық. [Мәшһүр Жүсіп жазбаларынан].

Сырымбет батырдың нақты қай жерде жатқаны төменде жазылған мұрағаттық құжатпен дәлел келтіріп отырмыз: Строго на восток в 6 километрах от озера (по первым, двухверстным картам 1878 г. и позднее по картам 1926 г.) отмечена могила Сырымбет. Я имею смелость предположить, что данная могила принадлежит известному Сырымбет-батыру из рода Самек. Как выше упоминалось, род Самек до 1802 года, проживал на этих землях. Сырымбет-батыр, знаменитый батыр из рода Басентиин-Самек, всегда был рядом с ханом Аблаем и его родственником Солтанмаметом.



Позднее все потомки Солтанмамета перейдут в Маралды вместе с Самеками и образуют Самек-Басентиинскую волость (султаны Шаншаровы, Урусовы, Татеневы). В 1742 году, часть старшин Среднего жуза совместно с ханом Абулхаиром подписывают

обращение о принятия их в подданство России. Находим в списках: Басентиинского рода Сырымбет-батыр (во всех русских документах, Сырымбет записывали как Сарымбет, аналогично и на картах).

Факт участия Сырымбета в присяге 1742 года, доказывает его близкое месторасположение к российским границам и заинтересованность в покровительстве могучего соседа. В Центральном государственном архиве РК, сохранился документ о переселении в 1848 г. части рода Самек, на родные земли в Баимбет-Басентиинскую волость. Среди данного списка (15 семей), находим внуков Сырымбет-батыра: Шал Байтерек, Беркенды Байтерек, Абыл Наркумис и Манабай Кусемис.

Это еще раз доказывает то, что ата-конь (зимовка) Сырымбет-батыра была на правом берегу Иртыша, как раз рядом с озером Маралды. Интересно также то, что рядом с могилой Сырымбета, указан колодец с таким же названием, что говорит о том что здесь не просто умер батыр, но и жил достаточное время.

Халықтың шежірелерінде, ауызша әңгімелерінде Сырымбет туралы өте көп айтылады, өлең-жыр, дастандар да баршылық. Онда Сырымбет батырдың батырлығы, тапқырлығы, мергендігі ерен сүйіспеншілікпен сөз болады.

Сырымбеттің ерлігі жайлы қазақ аңыздары мен деректі әңгімелер орыс ғалымы Ф. А. Шербиннің еңбектерінде баяндалған. Аңыз бойынша ол ең алғаш рет Абылай ханның туын ұстап, ұрысқа кірген. Сырымбет батыр атты халық жырында оны қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресіне белсене қатысушы, халық қамқоршысы ретінде бейнелейді.

Біздің мектеп жанында «Тарих тағылымы» атты ғылыми-танымдық, өлкетанулық бағытта үйірме жұмыс істейді. Оның жетекшісі Хабзат Қасенұлы Баужанов – биылғы жылы мектепте

аймақтық «Тәуелсіздік және тарихи тұлғалар» ғылыми-практикалық конференция өткізді. Оған аудан мектептері тарихшылары мен бірге Павлодар облысының ЖОО академик һәм профессорлары келіп, өз-пікірлерін, зерттеулерін айтылды.

Зерттеуді қорытындылай келе қамтылған Бәсентиін Сырымбет батыр ғылыми-таным арнасына жан-жақты тартылуы Отандық тарих ғылымы дамуына өз үлесін қосады деп санаймыз. Сырымбет батыр мұрасын игеру тарихта болған тұлғаларымызды жан-жақты тануымызға өз үлесін қосады деп санаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://kk.wikipedia.org/wiki/Сырымбет>
- 2 Шоқан Уәлихановтың жазбалары
- 3 М.Ж. Көпеевтың қолжазбалары
- 4 Тәттіқара ақын өлеңдері
- 5 М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы
- 6 Орыс ғалымы Ф.А. Шербиннің еңбектері

#### ЕКІ АЛЫПТЫ БЕСІГІНДЕ ӘЛДИЛЕГЕН АҚКЕЛІН

ЕРКЕН А.

8 сынып оқушысы, Лекер ЖНББМ, Баянауыл ауданы

ЕРАЛИНА С. Н.

жетекші, орыс тілі пәнінің мұғалімі,  
Лекер ЖНББМ, Баянауыл ауданы

Ақкелін -екі алып тұлғаны бесігінде тербеткен киелі мекен. Оның бірі -Баянауыл округінің аға сұлтаны,Ресей Үкіметінің полковнигі,қазақ халқының белгілі ағартушысы –Мұса Шорманов болса, екіншісі-қазақ ғылымының негізін салушы,академик-Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Тәттімбет күй арнаған «Бестөре» деп,

Ішінде сол төренің Мұса жүрмек.

Ақыл, ойы басқалардан алда болып,

Ақ қағазды шимайлап қылған ермек, – деген өлең жолдарында ақын жырына арқау болған Мұса Шорманұлы – ой-өрісі кең,елі үшін аянбай еңбек еткен халқымыздың біртуар ұлы еді.

Қазақ халқының сан қатпарлы тарихында қандай адамдар «Замана кемеңгері» деген ардақты атқа лайық болған?

Көпшіліктің пайымдауынша, халық мұндай сый-құрметті өзінің ерекше туған асыл ұлдарына арнайтын сияқты. Артында қалған қалың қазақ жұртының осындай ерекше ықласына ие болған біздің айтулы жерлесіміз-Мұса Шорманұлы болған.

Мұса мырза-қазақ көгінде сұңқардай самғаған, өз замандастарынан асып туған дара тұлға. Туған халқының тарихын, бай халық ауыз әдебиетін жинақтап, көптеген құнды еңбектер жазған. Орыс шенділерімен тең дәрежеде сөйлесе алатын білімді, араб, орыс, француз тілдерін жетік меңгерген ұлт зиялысы бола білген тарихи тұлға.

Мұса Шорманов-Орта жүздің шамшырағы. Жалғыз Орта жүз емес үмітін болашаққа жалғаған алаш елінің қамын ойлаған азамат болған. Ел болашағы оқыған жастардың қолында болатынын ерте түсінген Мұса мырза Павлодар мен Омбыда қазақ балалары оқитын орыс мектептерінің ашылуына күш салған. Сонымен қатар жергілікті болыстар мен ауқатты адамдарды жыл сайын оқуға талабы бар бір-екі қазақ баласын өз қаражаттарына оқуға жіберуге міндеттеп отырған. Туған елінің көсегесі білімді жастармен көгеретініне кәміл сенген. Баянаула жұртшылығының сауатын ашу мақсатында мешіт, медресе салғызған.

Өз дәуірінде дала жұртына білім мен өнердің сәулесін жарқырата түсірген азаматты қалайша «Дара тұлға» демессің!

Мұса атына «мырза» атының қосақталуының өзі мінезінің ашықтығы, қайырымдылығы мен көңілінің дала іспетті кеңдігіне халқының шексіз ризашылығының белгісі емес пе?!

Айналасына адамдық пен азаматтықтың сәулесін шашқан, елі мен жерін шексіз сүйе білген, ұрпақтарын білім мен ғылым жолына жетелей алған қайсар мінезді қазақ ұлының теңдессіз бейнесі біздер, жас ұрпақ, үшін өнегелі жол деп білемін.

Мұса мырзадан қалған: «Малым- жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы», – деген ғибратты сөздің өзі келер ұрпақты адамгершілік пен ар – ұят туын биік ұстауға жетелемей ме!

Мұса Шорманұлы жайында хакім Абайдың: «Мұса мырза Арғын балаларының ішінде қолынан да, тілінен де келетін адам. Жаңа туып келе жатқан заманның қатпарлы құбылыстарын дәл түсінген жан», – деп берген бағасының өзі біртуар жерлесіміздің халқына сіңірген еңбегіне берілген лайықты баға деп білемін.

Ұрпағына өркениеттің ізгі жолын бастап берген баба аруағына тағзым етемін!

Қазақтың біртуар перзенті-Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Мұса Шормановтың ауылдасы, жерлесі. Ұлтымыздың мәртебесін шырқау биікке көтеріп, мал баққан кешегі көшпелі елдің биік рухын дүние жүзіне мойындатқан жанның күллі қазақ баласының ортақ перзенті екендігі даусыз шындық. Ол өзінің туған елін, жер-суын қаншалықты зор махаббатпен шынайы сүйсе, ел игілігі жолында қырық жылдан астам уақыт аянбай тер төгіп, қажырлы еңбек еткен айтулы ұлын халқы да соншалықты қастерлеп, құрмет тұтып, жадында сақтауда. «Сүйер ұлын болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол», деп ұлы Абай айтқан өсиет те осындай ұлағаттан туған.

Қаныштың туып-өскен, бала күнінде ойнақ салып, қызықтаған жері Арқаның бір сұлу өлкесі-Баянаула тауының сыртқы бөктері, Ақкелін. Бұл тауларды орай ағып өтетін өзенді Ащының суы дейді. Оған құятын екі саланың бірі-Айырық, екіншісі-Сарықамыс. Сәтбаев Айырық өзенінің жағасында, Сәтбай әулетіне XIX ғасырдың орта шенінде қыстау болған жерде дүниеге келген. Қаныштың қазақ ауыз әдебиетін зерттеп («Ер Едіге» жырын 1927 жылы Мәскеуде бастырып шығарған), ән айтып, скрипка, домбыра тартып, музыкамен әуестенуіне Баянның көгілдір тауы мен мөлдіреген көлдері, көк жасыл кеңістігі мен текше-текше гранитті сымбат кейіпінің әсері болған. (Ш. Сәтбаева, тарихшы, әдебиетші «Зерде» №2, 1999, 16-17 б.) Сондай-ақ Сәтбаевтың кенші-ғалым болуы да тегін емес, туған ауылының құнарлы топырағынан тамыр тартқанға ұқсайды. Өйткені Қаныш «төрт-бес жасында-ақ асық, топай ойнап жүріп Ақкелін шоқысындағы Айырық өзенінің жағасындағы әдемі, жылтыр тастарды көп жинаған» (Ө. Марғұлан. Халықұлы. «Қазақстан әйелдері». № 4, 1969, 20 б.).

Ақкелін ауылының тарихына байланысты әңгімелерде Баянауыл округінің қазысы Шорманның Мұсасы 1850 жылы Сібір қазақтары атынан шекара бастығының атына «Ақкелін деген жерде поселке салып, егін егіп, отырықшылыққа айналуға» рұқсат сұрап хат жазғаны айтылады. Рұқсат беріледі. Бұл қолхатқа Шорман әулетінен Иса мен Әбуғалидан бастап Күлік-Қаржастан 17 адам қол қойып, таңбаларын басыпты. Ақкелін болысы – Сәтбай әулетінің өсіп-өнген жерінде патша үкіметі кезінде болған әкімшілік басқару органының атауы. 1833ж. Баянаула округі ашылғанда оған қараған халық 15 болысқа бөлінді. Бұл болыстар ру атымен аталды. Мысалы, Сәтбай мен Шорман ұрпақтары Күлік-Қаржас болысына енген. Ал болыс шекаралары белгіленбеді. 1868 жылғы «Жаңа мизам» (заң) бойынша округтер жойылып, Қазақ елінің



Орта жүзі облыстарға (Ақмола, Семей), облыстар уездерге (Семей облысында-Павлодар, Өскемен, Семей, Көкпекті, Қарқаралы, Зайсан), уездер болыстарға (Павлодар уезіне 14 болыс қараған), болыстар нөмірлермен белгіленген ауылдарға бөлінген. Болыстар бұрынғы ру атауларымен емес, жер атауларымен аталады. Павлодар уезіне қарасты болыстардың біріне «Ақкелін» аты беріледі. Бұл жолы болыстардың шекарасы белгіленеді. Ақкелін болысының шығысында Ащы өзенінің бас жағы, батысында Шідерті өзенінің бас жағы, оңтүстігінде бүгінгі Қарқаралы-Баянауыл аудандарының шекарасы, солтүстігінде-Баянауыл кентімен батысқа қарай тартылған параллель сызық арасы қамтылады. 1913 жылғы санақ бойынша осы жерде 1460 адам мекендеген. Болыс 12 ауылға бөлінген. Оның бір ауылында Шорман мен Сәтбай әулеттері өсіп-өнген.

Сонымен, Павлодар уезінің Ертістен батысқа қарай көсілген сары даласында Баянауылдан кейін бой көтерген екінші елді мекендегі 1903 жылы ашылған алғашқы орыс-қазақ мектебінде Сәтбаев ұрпақтары, оның ішінде Қаныш та оқыған. Қаныш бұл мектепте 1905-11 жылдар аралығында оқыған. Оқу орыс тілінде жүреді. Қанышқа бірінші рет орыс тілін үйреткен В. Терентьев болды. Бала Қаныш сабақты өте жақсы оқыған.

Сонымен, бұл жердің неліктен «Ақкелін» аталуы бізге ой тастады. Ақкелін шоқысы-Қ. И. Сатпаев туып-өскен Баянаула сілемінің батыс жағындағы жатаған адырлы қыраттардың бірі. Осы қыраттар қатарында Ащы қорығына ұмсына біткен шоқы бар. Халық оны «Ащы шоқысы» деп атапты. Шоқының бұлай аталуының да Шорман есімімен байланысы бар.

Жас әрі беделді биді осы жерге бір аққұба қыздың өзі іздеп келіп, ақ үйлерін тіккен дейді. «Ақкелін» атауы өз сезіміне берік, намысшыл сұлу қыздың пәктігіне, ерлігіне берілген халықтың лайықты бағасы болар. Ақкелін елді мекенінде бүгінгі күні «Тендік» ауылы бой көтерген. Ондағы жалпы білім беретін мектеп те академик Қаныш есіміне ие.

Ғылым әлемінде терең із қалдырған Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың жарқын өмірі мен жалынды қайраткер тұлғасы оның жерлестерінің жүрегінде ұзақ сақталады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бауыржан Жакып Қаныш Сәтбаев Энциклопедия Алматы 2011 ж.

2 О. Қожанов Академик Қ. И. Сәтбаев жерлестері жадында, Алматы-Павлодар 1999 ж.

3 Ә. Марғұлан. Халықұлы. «Қазақстан әйелдері». № 4, 1969, 20 б.

4 Ш. Сәтбаева, тарихшы, әдебиетші «Зерде» № 2, 1999, 16-17 б.

5 М. Сәрсекен, Дара дарын «Фолиант» баспасы, Астана, 2008 ж.

6 Қазақ халқының тарихи тұлғалары, 2-кітап, «Өнер» баспасы, Алматы, 2016 ж.

7 Ж. Артықбаев Баянауыл Фолиант» баспасы, Астана, 2009 ж.

### КЕРЕКУ-БАЯН Өңірінің киелі географиясының рухани құндылықтары

ЖУРМАГАМБЕТОВА А. Е.

10 сынып оқушысы, № 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ. ҚАРЖАСБАЕВ Т. К.

тарих пәнінің мұғалімі, № 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

Әр заманның ұрпаққа қояр өз талабы, өз міндеті бар. Ел мәдениетінің, мемлекеттің жүйелі түрде дамуы ұрпақтың уақыт талабына икемделуінсіз жүзеге асқан емес. Ұлттың тарихи санасының қалыптасу негіздерінің өзінде уақыт талабына бейімделу, мәдени ортаны қалыптастыруға деген ұмтылысы жатыр. Рухан жаңғыру идеясы ата мекенмен ұлттың бір болуын, үнемі ұрпақ пен туған жердің байланысуын, адам мен табиғаттың тұтастығын негіздейді. Рухани жаңғыру ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс. Ол жеке адамды, ұрпақты, ұлтты, халықты табиғаттан, өзінің төл болмысынан ажыратып алып кетпейді, керісінше өз болмысының әлеуметтік рухани негіздерін сақтай отырып оны нығайтуға, қорғауға, сақтап қалуға ықпал ететін ұғым, ұлттық деңгей, бір ұрпақтың мемлекеттің тарихы мен болашағы алдында жасайтын, қол жеткізетін жетістігі.

Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің келешек ұрпаққа өлке тарихы үшін нағыз құндылық.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұсынған «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» бағдарламасы жер-жерде іске асуда.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қолға алынған өңіріміздің сакралды географиясын белгілеуде әлі де болса анықтап, көпшілікке жария ететін қасиетті жерлер бар. «Ел шежіресі-жер шежіресі» [5, 14-15 бб.] деген бар. Қазақтың болашағы үшін күрескен, жанын қиған тарихи тұлғалар дәл бүгінгі күні жоғымызды жоқтап, өткенімізді түгендеп жатқанда ел жадында жаңғырып, есімдері тарихта қалғаны жөн. Осы бағдарлама аясында біздің аймақта не тындырылды, қандай мәселелер қарастырылуда. Соған орай біздің аймақта республикалық киелі орындар тізбесіне 5 нысан. Бұлар:

- Ақкөл- Жайылма өлкесі
- Исабек ишан кесенесі
- Мәшһүр Жүсіп кесенесі
- Қоңыр әулие үңгірі
- Жасыбай батыр жерленген жер енгізілді.

Өлеңтінің сағасынан орын тепкен Ақкөл-Жайылма аталатын жер туралы сөз қозғайық. Ақкөл-Жайылма-ұлан-байтақ қазақ жерінің орталық бөлігіне орналасқан әдемі аймақ. Ақкөлдi жергiлiктi қазақ қариялары Әуликөл деп те атайды және ортағасырлық шежіре деректері мен тарихи жазбалардан бұл аймақ туралы аздаған мәліметтер кездеседі. Соларға қарап отырып Ақкөл-Жайылманың қазақ тарихындағы орыны Баянаула, Қарқаралы, Ұлытау сияқты тарихи орталықтардан бір де кем емес екенін аңғарамыз. Ақкөл-Жайылма өңірі Өлеңті және Шідерті өзендерінің төменгі ағысындағы ұлан-байтақ жерді алып жатыр. Жалпы алғанда, бұл алаптың жер көлемі екі ауданды (Екібастұз және Ақтоғай) қамтиды. Ақкөл-Жайылма ұғымына Өлеңті-Шідертінің төменгі ағысы, Ақкөлдiң өзi (Әуликөл), Ақкөлдeн төмен түсетiн Дуана өзенiнiң бойы, одан әрi орналасқан көлдер жүйесi (Бәсентейiн, Қылдыкөл, Сасықкөл, Өмiрзақ, Бозайғыр, Ащыкөл, Көктөбе, Тоққылы) енедi. Өлеңтi өзенiнiң ұзындығы – 273 км. Ақмола облысының Ақдың (Белоярское) ауылынан оңтүстікке қарай 3 шақырым жерден басталып, солтүстік-шығысқа қарай ағып, Павлодар облысының бұрынғы «Екібастұз» совхозы, қазіргі Төртүй селолық округіне жататын Қаражар (бұрынғы аты – Қаражыра) ауылы тұсынан екіге бөлініп, бір саласы Әуликөлге (Ақкөлге), бір саласы Жаманкөлге құяды. Ақкөл Өлеңтінің суымен толып, кемерінен асқан уақытта солтүстікке қарай Жайылмаға түседі.

Негізі, Ақкөл суы Дуана өзені (қазіргі уақытта бөгет салынып, токтатылған) арқылы тұтас көлдер үлкен жүйесіне барып құяды. Қазақ түсінігінде Ақкөл-Жайылма өңірі шаруашылыққа өте

ыңғайлы [1, 64 б.] деп саналады. Әрине, қазақтың көшпелі мал шаруашылығы үшін бұл өңірдің ерекше қызықты болуы заңды. Ақкөл-Жайылма өңірінің тағы бір қасиеті – көлдер жүйесі аң мен құсқа, балыққа бай. Ақкөл-Жайылма маңындағы ескерткіштер тек бұл жағалаумен шектелмейді. Көлдің оңтүстік жағасында – Асан Қайғы тасы, Түйте әулие ескерткіштері, Исабек ишан зираты, көлдің шығысында Әулиеағаш, Шідерті өзені бойында Сағынайдың асында атақты Құлагерді сынаған Күреңбай бейіті, т.б. ескерткіштер орналасқан. «Қараоба» аталатын орта ғасырлық сәулет өнерінің ескерткіштері Ақкөлдiң жағасында орналасқан қазақ зираты тарихи қорым десек болады: бұл жерде тас дәуірінің еңбек құралдары, қола дәуірінің қыш ыдыстарының сынықтары, орта ғасырлық қорғандар кездеседі.

Исабек Ишан хазірет (1792-1871). Исабек Ишан хазірет – ислам дінін таратушылардың бірі, философ, ағартушы және Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтың ұстазы болған адам. Ақкөл-Жайылма жерінде медресе ашып, мешіт тұрғызған. Оның ықпалымен Баянауыл аумағындағы ондаған адамдар Меккеге қажылыққа барған. Исабек Ишанды бүкіл Сарыарқа атырабы құрмет тұтқан. Аттары бүкіл алаш жұртына мағлұм болмаса да, қазақтың кең сахарасының әр түкпірінде, аймағында есімдері ел есінде жатталып, өздерінің өнегелі, парасатты өмірімен халыққа үлгі болып, жасаған қайырымды ісімен ұрпақтан-ұрпаққа аңыз боп жеткен тұлғалар аз емес. Солардың бірі – Сарыарқаның солтүстігін ала қоныстанған Арғын еліне танымал, діни ағарту ісімен айналысқан, діндар ғұлама, осы өңірдегі бірден-бір діни жоғары лауазым ишандық атағын алған, ел ішінде Исабек ишан атымен мәлім болған Исабек Мұратқожаұлы. Тарихы шежірелі Баянауыл баурайындағы Мұрат қожаның отбасында дүниеге келген Исабек хазірет өз заманының ғұламасы болған.

Арғы аталары Назар, Мұрат Ишан деген әулиелер. Талай ислам даналары білім алған Бұхарда хат танып, кейін Ақкөл-Жайылмаға қоныстанады. Сол жерде медресе ашып, мешіт ұстаған. Исабек Ишан 1810 жылы Бұхара медресесін бітіріп, Ақкөлге оралған. Құлдықөл өзенінің жағасына өз ауылын тұрғызады. Ислам дінінің Баянауыл-Қарқаралы бойына кеңінен қанат жаюына Исабек хазіреттің сіңірген еңбегі мол. Исабек ишанның ислам дініне қосқан үлесі күні бүгінге дейін жалғасын тауып, оның ұрпақтары да қайырымдылығымен, еңбек сүйгіштігімен ағайынға - қадірлі, халқына қалаулы адамдар. Олар да ата жолын жалғастырып қасиетті

дінімізді ұрпақтан-ұрпаққа тарату жолында жұмыс атқаруда. Исабек Ишанның шөбересі Жандарбек Қожа ісін жалғастырып, адамдарды емдеп, болашақты болжаған. Исабек Ишан мен Жандарбек Қожа Құлдықөл өзенінің маңында жерленген. 2011 жылдың жазында Ертістің Кереку өңірінде сымбатты сағаналардың қатары тағы біреумен толықты. Ол – Әулиелі Ақкөл-Жайылма мекенінде өмір сүріп, XIX ғасырдың ортасында ел аузында аты аңызға айналған Исабек Ишан хазіреттің кесенесі. Кесене құрылысына қаражатты халық өзі көтеріп алды. Ол үшін 2010 жылы Исабек Ишан атындағы қор да құрылып, барлық жұмыстар С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің бұрынғы ректоры, Ерлан Арынның мұрындық болуымен жүзеге асырылды. Бүгін осы жерде үлкен кешен іске қосылып, айтулы тұлғаға ас беріліп отыр. Ислам дінін тарату жолында Баянауыл-Қарқара өңіріне есімі мәшһүр болған Исабек Ишан хазіреттің 220 жылдығына арналған «Ізгіліктің жарқын жолы» атты шара өтті.

Мәшһүр Жүсіп атамыз 1858 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданы Қызылтау болысында дүниеге келген. Шын аты – Жүсіп, ал Мәшһүр арабтың «белгілі» деген сөзі. Өз жазғандарының кейбірі жарияланып, елге атағы жайылған шақты, жүсіп есіміне «Мәшһүр» сөзі тіркеледі де «Мәшһүр Жүсіп» атымен кетеді. Ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп бабамыздың кесенесі 2006 жылы қайта жаңартылып, бой көтерді. Құрылысы көне түркі стилінде жасалған кесененің жобасын дайындауға С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің мамандары мұрындық болған. Сол кездері Ерлан Арын басқарған білім мекемесінің ғалымдары қолға алған жоба ежелгі түркі тайпаларының сәулет ерекшелігі, ислам дінінің өзіндік өрнектерімен ерекшеленеді. Кесене зиратхана және көрхана атты екі бөліктен тұрады. Көрханада әулие бабамыз жатыр, сондай-ақ сандықтасы, құлпытасы қойылып, шамшырағы орнатылған. Әрбір бөліктің көлемі – 8/8 шаршы метр, ал кесененің биіктігі 14 метр. Салмағы 9,5 тонна болатын құлпытасы мен сандықтасы мөрмәр тастан жасалған. Айшық темірлері әрленіп, алтынмен жалатылған. Кесененің кіреберісінде Құраннан аяттар жазылған.

Мәшһүр Жүсіп атамыздың кесенесінің асты – кең көр, ғұламаның мәңгілік мекені. Екінші қабатында, едені тақтайланған әп-әдемі бөлмеде жалған дүниеге лайық жиһаз-мүлік. Кітапханасы да сонда орныққан. Былтыр күзде Мәшһүр бабамыз жатқан кесене жанынан «Ескелді» мәдени-қонақүй кешені ашылды. 40 адамға лайықталған екіқабатты ғимарат баба рухына тағзым етіп

келушілерге қызмет көрсетеді. Қонақүй кешенін салуға демеушілік көрсеткен «Kazenergy» ассоциациясы 30 миллион теңге қаржы жұмсаған екен. Баянауыл өлкесі қазақтың талай жыр-шежірелеріне арқау болған құтты мекен. Қай заманды алсаң да Баянауыл елі қол бастаған батырларымен, сөз бастаған билерімен, қасиет дарыған әулиелерімен, суырып салма ақын-жырауларымен әйгілі.

Баянауыл тек қана ғұламаларымен ғана емес, өзінің ерекше көркем табиғаты: жартасты жоталары, өсімдіктің сан алуандығы және қайталанбас тарихи ескерткіштерімен таңғалдырады. Осы сұлу өңірдің ғажайып ескерткіштерінің бірі – «Қоңыр әулие» үңгірін айтпасқа болмас. Әр жердің шығу тарихына байланысты аңыз-әңгімелер көп. Әрине, олардың көбісі тарихи оқиғалармен, тарихи тұлғалармен сабақтасып жататыны – өмір ақиқаты. Олар аңыз-әңгімелер түрінде, заттық айғақтар түрінде бүгінгі күнге жетіп отыр. Солардың ішіндегі бүгінгі біздің құлағымызға жетіп, саналы із қалдырып, тәрбиелік мәнге ие болып жүрген аңыздың бірі ол «Баянауыл» деген сөз қалай шыққаны туралы. Өйткені қасиетті үңгір қазақ даласында сонау Тәңір заманынан келе жатқан киелі орын. Сол заманда өмір сүрген қазақтар Қоңыр әулие маңында орналасқан ана бейнесіндегі шалқасынан жатқан тауды «Баянды ана» деп атаған. Олай аталу себебі ауырған адам ем іздеп, баласы жоқ ана бала сұрап, кедей байлықты аңсап, бай байлығын асыруға осы таудың етегіне келіп, құрмалдық шалып, малдың шек майынан білте жасап, үңгірге келген адамдардың ниеттері қабыл болып, халық баянды өмір сүре бастаған.

Сол заманның қазақ даласында жазылмаған заңы болған. Атты адам ауыл сыртынан шауып өтпей, жөн сұрасып, бара жатқан бағытын айтып отырған. Жолаушыдан «Қайда барасың?» дегенге, «Баянды ауылына барамын» деген екен. Сол себептен Баянауыл атауы содан қалыпты деседі. «Баян» деген ұғым баянды деген сөзді білдіреді. Баянауыл елінде Алланың нұры жауып, баянды өмір кешкен. Әрине, оған жоғарыда атаған дана-дарындыларымыз, ғұламаларымыз бен табиғаты дәлел. «Қоңыр әулие» үңгірі жердің, жануарлар мен құстар әлемін қорғаушысы Ной (Нұх) Пайғамбар заманынан бар. Бүкіләлемдік су тасқыны кезінде үш көріпкел Нұх Пайғамбардың кемесіне қалып қойыпты-мыс, бірақ кемеді орын болмапты, сонда үш бақанды жалғап байлап, бақанға отырып, ол пайғамбардың кемесіне байланыпты. Бүкіләлемдік ағыспен олар солтүстіктен оңтүстікке беттейді. Алғашқы болып үлкен әулие Құланның бөренесі тасқа соғылып, жұлынып кетеді. Бұл Қызыл

Тау маңында болған. Екінші болып тасқа ортаншы бала әулие Қыранның бөренесі ең биік тау Ақбетке соғылады. Су қайта бастап, таулар мен шоқылар ашыла бастағанда, кенже әулие Қоңырдың бөренесі үңгірге жақындағаннан кейін, ол осы жерде қоныстанады. Сол себепті үңгір қажылықтың киелі жері саналған. Осындай табынудың себебі болған үңгір түкпіріндегі қазан, осы қазан түбіне үнемі су жиналады. Осы суда барлық ауруларды жазу қасиеті бар, тіпті, бедеуліктен де. Қай уақытта болмасын үңгір жанына баланы дүниеге әкелу мақсатымен әйелдер қонған және осы армандары шынымен де орындалған.

Өмірұлы Жасыбай батыр (шамамен 1716-1741) - жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қазақтың әйгілі батыры. Шыққан тегі - Арғын тайпасының Бәсентин руы. Әкесі Өмір от ауызды, орақ тілді шешен адам болған екен. Анасы - қазақтың атақты батыры Олжабайдың апасы. Шежіре деректерінде Жасыбай батырды «Олжабайдың жиені» дейтіні де сондықтан. Жасыбай екі ағайынды, інісі Байсары да жоңғарларға қарсы күресте ерлігімен көзге түскен белгілі батырлардың бірі болған. Жасыбай батыр Баянауыл өңірін қалмақтардан азат етуде үлкен ерлік көрсеткен. Жасыбай батыр жөнінде орыс ғалымы Н. Коншиннің жазбаларында, халық шежірелерінде, аңыз-әңгімелерде, батырдың өзіне арналып шығарылған «Ер Жасыбай» жыр-дастанында біраз мағлұматтар берілген. Соларға қарағанда, ол Олжабайдың жиені ғана емес, жауға бірге шапқан серігі, жақын досы болған.

Жастайынан жауырыншылығымен, құралайды көзге атқан мергендігімен аты шыққан. Ол - жауға бірнеше дүркін соққы берген әйгілі батыр. Бірде қазақтардың қолбасшысы Олжабай батыр Жасыбай батырға жауынгерлерімен келе жатқан қалмақ қолының алдынан шығып, олардың жолын бөгеп, бері жібермеуді тапсырады. Мыңға толмайтын жасақты бастаған Жасыбай батыр жаумен асқан ерлікпен соғысады. Бірақ андаусызда сауытының желке тұсындағы ашық жерінен қалмақтың оғы тиіп, содан қаза болады. Қазақ қолы қалмақтарға төтеп бере алмай ығыса бастайды. Сол кезде қырғын болған таудың шатқалына Олжабай батыр бастаған әскер кіреді. Жеңілген қалмақтардың ұлардай шулап, жалбарынған дауыстарынан тау іші күңіренеді. Сонда Олжабай батыр: «Сендердің бәрінді қосқанда, өлген Жасыбай батырдың шынтағына тұрмайсындар» деп, жауынгерлеріне «жауды аяған жаралы» екенін ескертеді. Қалмақтардың бұл жолы қырылғаны сонша, өліктері жолдың ұзына бойына шашылып қалады» (Н. Я. Коншин).

Туған елін, өскен жерін ата жаудан азат ету жорығында сан ерлігімен көзге түсіп, осы игі мақсат жолында қаза тапқан Жасыбай батырдың есімін ардақтаған халқы кейін Баян тауының ол қорғаған асуына - «Жасыбай асуы», Шойынкөліне - «Жасыбай көлі» деген ат берді. Ол жерлер қазір де солай аталады. Баянауылдағы Жасыбай асуы бойына қойылған батыр моласын кезінде этнограф-ғалым Ш.Ш. Уәлиханов сипаттап жазып кеткен болатын. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның пайымдауынша, 1741 ж. Баянауылда болған шайқаста Олжабай, Жасыбай жасақтары жоңғарларды талқандайды. Жасыбай оққа ұшқан соң, Олжабайдың қалмақтарды тегісімен жойған бір тау «Қалмаққырған» атанады. Ендеше 25 жасында қаза тапқан Жасыбай батыр 1716 ж. дүниеге келген [4, 259 б.] деп жорамалдауға болады.

Туған жерін ұмытпайтын адам туған елін қадірлейді. Елді қадірлеу туған жердің рухын бойға сіңіріп өсуден басталған. Сондықтанда елде туып, елде тұрып елге жаны ашымаған адам зиялылар қатарында болған емес. Зиялылықтың бірінші шарты адамның туған жерге, халыққа және ұлт болашағына деген шынайы жанашырлығынан бастау алуы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сәдуақасов Ж. Иман ұялаған Ақкөл Жайылма - Павлодар, 2016, -64 б.
- 2 Шарапиев Т.Ш., Көпеев С.Ш. Тұлғалар ғұмыры - Алматы, «Шапағат-Нұр» баспасы, 2012, 147-148 бб.
- 3 Қазақ халқының тарихи тұлғалары қысқаша анықтама 2-кітап - Алматы, «Өнер» баспасы, 2013, -175-178 бб.
- 4 Қазақстан тарихы энциклопедиялық анықтама – Алматы, «Аруна» баспасы 2010, 259 б.
- 5 Молдайып С. Ақиқат биігінен зерделенуі тиіс // Сарыарқа самалы 2018. 8 ақпан №16, 14-15 бб.

## МАЙ ӨҢІРІНІҢ ӘУЛИЕСІ – ҚАЙСА АТА

ИМАНБАЕВ Н. Б.

тарих пәнінің мұғалімі, Малайсары ЖОББМ, Малайсары ауылы

НИЯЗОВА Д. М.

8 сынып оқушысы, Малайсары ЖОББМ, Малайсары ауылы

Ежелгі түсінік бойынша тылсым әлеммен байланыс жасай алатын, тәуіптік, балгерлік, сәуегейлік, көріпкелдік, сиқыршылық, т.б. ерекше қасиеттері бар адам. Бақсы – әлгі тылсым әлеммен байланысқа еніп, ондағы түрлі рухтарды өз қызметіне пайдалана алатын адам. Бақсының «жын-рухтарының» аты болады. Бақсы сол шақырған жындарының «көмегімен» гипноздық өнер де көрсете алады. Бақсылар емшілікпен қатар балгерлікпен де шұғылданған. Бақсылық қасиет өздігінен келіп қонады. Ол біреуге ерте, біреуге кеш қонады. Бақсылықтың уақытша ғана қонатын немесе кездейсоқ қонатын кездері де болған. Бақсылықты ұстаған адамдар көп жағдайда бұрынғы өткен аталары түсіне еніп, «бақсылық қасиетті жалғастырасың немесе өзіңнің бір мүшең кем болады, әлде отбасың бір қиындыққа тап болуы мүмкін, ұрпақсыз қаласың» деп аян бергендігін және соған байланыста бақсы жолға бет бұрғандығын айтады. Яғни, ата-бабаларының ішінде болған ерекше қасиет ұрпақтарына келіп қонады деп саналады.




Сурет 1

**Май ауданының емші – балгерлері:** Алтынбай Бытықұлы- көз байлаушы әсерлі өріс иегері, қыста мұзды ойып суға шомылатын. XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген. Садық – емші, тамыршы. Адамның тамырын ұстап отырып, сырқатын емделу жолдарын айтып беретін нағыз емші болған. Талай адамның тамағына (мойнына) шыққан бездерді сылып алып тастаған. Шәкіртінің бірі – Санира апай. Құнанбай, Талас – бақсылар. Асатаяқ ұстап, сары ала

камшы үйіріп, пері, періштелерді шақырып зікір салған, ауруларды сауықтырған. Мұндай бақсыларды «қарабақсы» деп атайды. Қайса – (1878-1976) – көріпкел, болжай білетін адам, әртүрлі нәрсені білдіріп, сездіріп тұратын қасиеттері бойына қонған әулиелі бақсы.

Қайса Нұрғазыұлы (1888—1976 жж.) қазіргі Павлодар облысы Май ауданының тумасы, руы Найман, оның ішінде Жәуетей, Пір-иелері. Мұғызар (қыз) мен Уайқан (ұл). Арғы атасы Елқонды аруақты, ірі бақсы болса керек.



Сурет 2

Қайсаға бақсылық 49 мүшел жасында қонған екен. Қысты күнгі сары аязда жалаңаяқ далаға шығып кететін болыпты. Жұрт оны жынданды деп ойлап дәрігер, бақсыға апарса да оң-алмапты. Бір күні бабалары түсіне кіріп аян берген соң, Байкөшен деген жердегі бабасының зиратына барып түнеп, түс көріп, түсінде бабасының батасын алыпты. Осыдан кейін көтеріп кететін жындары басылып, зікір салатын, ойын көрсететін «қара бақсылықтан» гөрі сәуегейлік, емшілікке бой ұрып, қайтыс болғанға дейін жаратылыстың өзіне берген қасиеттерін халықтың игілігіне жұмсай білді.

Айта кететін жағдай Қайсаның қасиеттерінің ерекше көрініп, аты елге танылуы оның Қойлыбай деген жерге көшіп баруынан басталса керек. Бақсылардың пірі, әйгілі Қойлыбай бақсымен аттас жерге қоныстануында да бір сыр бар сияқты. Бәлкім, ырым қылған болар...

Қайсекеңе арнайы келетін адамдар негізінен әртүрлі ауруға шалдығып, дертке-шипа, жанға-дауа іздеушілер болатұғын. Атап айтқанда:

- көтерме, елірме сияқты ақыл-есінен алжасып, психикалық ауруларға шалдыққандар. Мұндай ауруларды дәрігерлер емдей алмай, көбінесе жындыханаға жіберетіні белгілі;
- қол-аяғының жаны кетіп, бет-аузы қисайғандар, шемен, күйдіргі сияқты сирек кездесетін аурулар;
- көңіл-күйі бұзылып ішқұса, уайым-қайғы т. с. с. рухани дертке шалдыққандар;
- мал-мүлкінен айрылған, жоқ іздеушілер;
- әртүрлі мұқтажы (балаға, медетке, батаға т. б.) бар адамдар, болашағын болжағысы келетіндер, т.б.

Осындай мұқтажы бар адам келе жатса, Қайсекең алдынала сезіп-біліп мазасызданып, бір орнында отыра алмай, қозғала бастайды екен. Қай жақтан келе жатқанын да болжап: «Шайларынды дайындай беріндер. Қазір келеді» – дейді екен. Немесе: «Көлігі болдырып, өзі шөлдеп келеді. Атқа мініп, сусын алып, пәленше жолдан қарсы ал» – деп баласын жібереді екен.

Ақшимаң совхозының тұрғыны Егеубаев Шайғабас ақсақалдың баласы Дайырды жиектегі Жалтыр совхозындағы бір тойда (біреу) ұрып өлтіреді. Сол түні бойы Қайсекең Ақшимаңдағы өз үйінде ұйықтай алмай: «Апыр-ай, байғыс баланың соры қайнады-ау!» деп қайталай беріпті. Яғни қаралы оқиғаның болып жатқанын дәл осы уақытта 100 шақырымнан аса жерде тұрып сезіп, білген.

Ақшимаңда тұратын Балжамал деген қария ауырып бет-аузы қисайып кетеді. Қайсекең көріп: «Бегімысық әулиенің зиратының жанына түзге отырыпсыңдар. Енді сол зиратқа 3 күн түнендер. Үшінші күні зираттан қара мысық шықса, үйге қайтындар» – дейді. Айтқаның істеген соң қария жазылады.

Үлкен Ақжарда тұратын Байдәуіров Оралбек деген жігіт 1959 жылы Күйгенқора деген жердегі қарамалға машинамен жем апара жатып Қызылшат пен Қақпақтастың арасында жеңіл арбамен кетіп бара жатқан Қайса бақсыны қуып жетіп, басып озады. Тоқтап, амандасуды ойлағанымен, баратын жеріне тезірек жеткісі келіп, тоқтамай, біраз ұзап кетеді. Бір кезде жап-жақсы жүріп келе жатқан, ақауы жоқ машина өзінен-өзі сөніп қалады. Машинаның сөніп қалған себебін іздеп, таба алмай, дал болып тұрғанда Қайсекең келеді. Оралбек жолға шығып, ақсақалға сәлем беріп, кешірім сұрап, босатуын өтінеді. Қайсекең: «Жарайды, бара ғой» – депті. Оралбек машинасына отырып, от алғызса, машинада қапы жоқ, дүр ете түсіпті. Ел ішінде Қайса бақсы туралы, ол кісінің осындай қасиеттері

жөнінде әңгімелер көп. Халық Қайса бақсыны ерекше құрметтеп әулие деп атайды. Ол кісінің зираты Ақшимаң совхозында

Бірде әкем сол кісінің қалай ем жасайтының көргісі келіп үйіне барады. Өйткені, менің әкем мал дәрігері, яғни, емшілік кәсіпке қатысы бар. Ол кезде жұрттың бәрі ауруханаға барып емделеді. Бірақ, сирек жағдайларда, медицинаның күші жетпегенде осы Қайса бақсыға келетін көрінеді. Содан әкем ол кісінің үйіне келсе, бір әйел 6 жасар мешел баласын алып келген екен. Баланың жалпы болмысбітімі түгел сау, тек, аяғымен жүрмейді. Қайса әйелге: «Баланы қораға алып кел», - дейді. Көлеңкелеу қораның ішіне жаңағы әйел баласын алып кіріде. Менің әкем де сыртынан бақылап тұрады. Сөйтіп, Қайса әлгі әйелге:

– Анау, пәтшағырды қамшымен ұр, - дейді. Мұны естіген бала қорқып, «апатайлап» шешесінің аяғына оралып жібермейді. Содан шешесінің дәті шыдамайтының білген соң, есікті ұстап тұрған жерінен келіп әйелге:

– Сен, баланы маған қалдырып, өзін есікті ұстап тұр, – дейді. Бала әбден қорқып, зәресі ұшып анадай жерде отырады. Сөйтіп, Қайса қолына қамшысын алып:

– Өй, пәтшағар, неге жүрмейсің? - деп балаға тұра ұмтылғанда, тұрмай отырған бала жүгірген бетімен есіктегі шешесін қаға-маға далаға атып шығады. Шешесі сонынан жүгіріп барып, баласын қайтып алып келеді. Осыдан кейін бала құлан таза жазылып, тай-құлындай шауып кетеді.

Кейін, мен осының сырын әркімдерден сұрастырып білсем, бұл адамды жан ұшыра қорқыту арқылы емдеу әдісіне жатады екен. Яғни ғылым тілімен айтқанда, шоковая терапия. Бақсылар тілі шықпай, сақау-мылқау болғандарды да осындай тәсілмен емдейді екен.



Сурет 3 – Зікір



Сурет 4 – Құран кітабы мен домбырасы

2008 жылы Қайса атаның туғанына 120 жыл толуын бүкіл аудан жұртшылығы болып атап өтті. Көкірегіне көріп келдік қасиет қонған, тәнір демеген, аруақ жебеген адамдардың халқына тигізер шапағаты аз емес. Сондай сәуегейлік сезімнің иесі Қайса Нұрғазыұлы «Енбекші» аулының тумасы. Жасынан аруақ қолдап, киелі қасиет дарыған Қайса атаға ақ батасын беріп, Алланың пәк жолына салған жерлесіміз – Сәуегей Әулие Әжібек Садық тегі Ыбырайұлы еді.

XX ғасырда өмір сүрген емші, бақсы, балгер ағамыз Қайса Нұрғазыұлының 120 жылдық мерей тойы жазиралы Ақшимаң аулында тойланды. Дүбірлі тойға Қазақстан Республикасының түкпір-түкпірінен халық көп жиналды. Осы тойда Қайса атаның алдына келіп, жандарына жеңілдік, сырқаттарына дауа, дендеріне шипа алып, сырқаттарынан арылған жандарын, емшіге риза көңілдерінің қуәсі болдык.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ж. Әбділдин «Тағлым мен Тағзым»
- 2 Б. Әбілқасымова « Май елі-құтты мекен» 288 – 289 бет
- 3 Энциклопедия « Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» ( 1-том)
- 4 <http://muftyat.kz/ru/mosque/2845>
- 5 <http://maysk-biblio.kz/gordostkz.htm>

### НАСКАЛЬНЫЕ РИСУНКИ (ПЕТРОГЛИФЫ) ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

РИЗАБЕК А.

ученик 11 «А» класса, СОШ имени К. Шүлембаева, г. Ақсу, п. Ақсу  
АРЫНТАЕВА Л. Ж.  
учитель географии, СОШ имени К. Шүлембаева, г. Ақсу, п. Ақсу

2 апреля 2017 года Главой государства была опубликована статья «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». В данной статье в частности идет речь о создании проекта «Духовные святыни Казахстана» – вот, что говорит президент: «Нам нужен проект «Духовные святыни Казахстана», или как говорят ученые, «Сокральная география Казахстана». У каждого народа, у каждой цивилизации есть святыне места, которые носят общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа.

Это одно из оснований духовной традиции. Для Казахстана это особенно важно. Мы - огромная по территории страна с богатой духовной историей. Иногда наши размеры играли разную роль в истории. Но никогда в народе не прерывалась связь в этом духовном географическом поясе.

Однако при этом за всю историю мы не создали еще единое поле, единую цепочку этих важных культур и духовного наследия святых мест.

Особую категорию в изобразительном искусстве древних племен составляют петроглифы или писаницы- выбитые, высеченные или процарапанные на камнях наскальные изображения. Едва ли не первое упоминание о наскальных изображениях Казахстана принадлежит знаменитому средневековому учёному XI века аль-Бируни, рассказавшему о загадочных рисунках в стране кимаков, служивших объектом поколения местного населения [4, 40].

Замечательные по своим художественным достоинствам наскальные «полотна» издавна привлекали к себе внимание любителей старины и изобразительного искусства. На территории нашего края петроглифы открыты в Баян-Аульских горах, в скалистой долине урочища Найзатас, на прибрежных скалах у озера Жасыбай и в среднем течении реки Оленты. По сообщению Н. Коншина (1864-1937) в урочище Жаксы-Каражан (нынешний Майский район) имеются наскальные изображения, где высечены фигуры людей и животных. Наскальные рисунки, выполненные красной краской, были обнаружены на скале в районе озера Жасыбай во время работы историко-этнографической экспедиции из Омска в 1999 г.

Излюбленной формой изображения у древних гравёров был силуэт. В наскальных рисунках силуэты людей и животных размещены свободно, разбросано. Они стелятся, как ковёр, по поверхности камня. Все они двухмерны и начисто лишены объёма. У рисунков отсутствует перспектива, различные, почти всегда профильные изображения лежат в одной плоскости [4, 41].

Древние художники почти всегда выбирали для своих «полотен» камни на южных и восточных склонах гор более освещенных солнцем. Они останавливали свой выбор на камнях, покрытых так называемым «пустынным загаром» натечными глянцевыми корочками из окислов железа и марганца. Выбитый на фоне «загара» светлый рисунок выглядел особенно эффектно. В начале резцом делался набросок фигуры, затем металлическими

или каменными орудиями удалялся внешний слой и, наконец, углубленный силуэт подвергался дополнительной обработке -прошлифовке. В техническом отношении гравюры характеризуются двумя приемами: выбивка (точечная) и прочерчивание.

В урочище Жартас на берегу реки Оленты на плитах из плотных песчаников были открыт более пятидесяти гравюр перевода позднего бронзового века. Наскальные изображения здесь были обнаружены чабанами, затем об этом узнали ученые. Целенаправленным изучением олентинских петроглифов занималась экспедиция Павлодарского областного историко-краеведческого музея им. Г.Н.Потанина, опубликовавшая несколько наскальных изображений в специальном буклете «Олентинские писаницы».

Главным объектом наскальных гравюр являлся окружающий человека животный мир. Больше всего в олентинской «картинной галерее» представлены изображения оленей с ветвистыми рогами, есть выбитые на камне рисунки дикой лошади, горного барана-архара, верблюда, силуэт дикого быка с большим изогнутыми, опущенными вниз рогами (бодающий бык). Для некоторых петроглифов характера проработка деталей, так на каменной плитке изображена дикая кошка, корпус которой заполнен косыми насечками, передающими пятнистую окраску хищника. На одном камне очень реалистично запечатлена фигура пешего охотника в момент стрельбы его из лука, на другом камне рядом со вздыбленным оленем отчетливо видна фигура ловца, держащего в правой руке аркан [4, 42].

Наскальные изображения связаны с окружающей природой, они органически слиты со своим естественным фоном. С нами лучше знакомиться не по копиям, а на месте. Цвет камня, освещение, вода, изгибы и выступы скал, органично и не повторимо входят природную картинную галерею первобытного искусства.

Наряду с гравюрой в нашей области обнаружены и образцы наскальной живописи. Это неолитические изображения в одном из гротов Баян-Аула. В мире известны свыше 70 пещер со стенной росписью. Палитра каменного века бедна - в ней четыре основные краски: красная, жёлтая, черная и белая, причём две последние употреблялись довольно редко. Минеральные краски древние живописцы изготавливали из окиси железа и перекиси марганца. Окисли мелко дробили, толкли в порошок и смешивали с водой и жиром. Окись железа давала желтую и красную охру, а из перекиси марганца изготавливались черные и коричневым краски.

Заполнив бизоний рог охрой, древний художник приступал к творческому процессу, наносил на стены грота краску кистью, а то и просто пальцем. В гротах и пещерах трепещущее пламя факелов, прорезав тьму, падает на красные фигуры людей, оленей и быков, делает их живыми и неизмеримо увеличивает зрительное впечатление. При электрическом свете фонарей, древние рисунки смотрятся уже иначе, останутся статичными, выглядят скучнее, прозаичнее.

В середине 20-х годов сибирский учёный П. А. Драверт несколько раз приезжал в Баян-Аул с экспедицией для исследования минералов. В 1926 г. им был описан грот с рисунками древнего человека, который находится у скалистого берега озера Жасыбай. Красной железистой краской на потолке грота нанесены схематизированные изображения человеческих фигур. Символика и смысл этих рисунков ещё не раскрыты, они ждут своего исследователя. [4.43]



Наскальные рисунки **Акбидайык** – расположены в 3 км к югу от станции Майкайын Экибастузского района Павлодарской области, в урочище Акбидайык. Рисунки выполнены на выветренной ровной поверхности

палеогеновых песчаников, покрытых коркой красного цвета. Обнаружены в 1990 г. разведгруппой ПАЭ (В. К. Мерц), в 1990-2008 гг. неоднократно исследованы.

Площадь, занимаемая изображениями – 320 км<sup>2</sup>. Памятник является древним святилищем, характеризующим духовную культуру и изобразительное искусство древних охотников и скотоводов Северо-восточной Сарыарки в каменном веке, эпохе бронзы и в раннем железном веке.

Наскальные рисунки, выполненные рельефным способом, были обнаружены в начале 70-х годов Экибастузским краеведом О. Моолем на реке Оленты, в окрестностях села Тай.

Интересным памятниками первобытного искусства являются наскальные рисунки урочища Акбидайык, в 30 км к Востоку от города Экибастуза, недалеко от станци Майкаин. В настоящее время на территории Павлодарской области известно не менее десятка памятников первобытного наскального искусства, расположенных на северо-восточной окраине Сарыарки и в Баянаульских горах.



Наиболее интересными и волнующими своей неповторимой реалистичностью являются писаницы урочища Акбидайык, расположенном к Югу от железной дороги Павлодар- Экибастуз, в несколько километрах от станции Майкаин у юго-восточного склона небольшой сопки, где имеются многочисленные останцы палеогеновых песчаников, на одном из которых размещаются петроглифы.

Они выполнены на ровной, выветренной поверхности камня, покрытого красной коркой. На его плоскости, слегка наклоненной к Северо-Западу, размещена основная галерея петроглифов с изображениями лошадей, следующих в западном направлении. Первая, самая группа петроглифов, представлена антропоморфными изображениями примитивного математического или знаково-символического характера. Они выполнены техникой простой точечной выбивки, грубым видимо, каменным инструментом. Петроглифы относятся к эпохам палеолита и раннего железного века. Это - фигурки «пляшущих» человечков с широко расставленными руками и ногами. Рисунки относятся к эпохе неолита. Рядом с ними имеются изображения то мифических животных. Вероятно, эти рисунки относятся к каменному веку, аналогии им известны во многих памятниках Европы и Азии.

Подобные изображения имеются во всемирно известной галерее петроглифов в урочище Кобыстан на берегу Каспийского моря в Азербайджане, и недалеко от города Баку. Их относят к эпохе мезолита – 10 - 7 тысячелетие до н.э.

Каменным веком датируют такие изображения и казахстанские исследователи петроглифов: А. Г. Медоев, З. С. Самашев и др. Кроме антропоморфных изображений и лошадей, имеются рисунки быков с опущенной вниз головой и торчащими вперед длинными рогами.

Такие изображения обычно датируются эпохой энеолита и связаны с периодом становления производящего хозяйства на территории Евразийских степей. Другое изображение быка, бегущего в галопе, может относиться к эпохе развитой бронзы. Культ быка существовал у андроновских племен, с которыми, вероятно, нужно связывать данный сюжет. Следующий по хронологии сюжет связан со скифо-сакским периодом. Он представлен изображением горного козла, перекрывшего частично бегущего быка и самок оленей без рогов.

Материалы исследований наскальных рисунков Акбидайык хранятся в Центре археологических исследований ПГУ им. С. Торайгырова [1, 1].

**Олентинские писаницы** (петроглифы) – памятники первобытного искусства Экибастузского региона, Павлодарской области. Они обнаружены на правом берегу реки Оленты, в 5-10 км к юго-западу от села Тай, рядом с кладбищем Яншибай. Они были обнаружены в 1972 году геологом О. Модем, неоднократно обследованы в 1988 – 2007 годах археологической экспедицией под руководством Мерца В. К. В 2005 году памятник был изучен специалистами Института археологии им. А. Х. Маргулана.

На семнадцати крупных блоках песчаника выявлено более пятидесяти изображений животных – быков, лошадей, оленей, верблюдов, кошачьих хищников, а также антропоморфные изображения и сцены охоты. Допалеометаллический облик - Оленты. Он, открывает новый район распространения древнейших памятников наскального изобразительного искусства на территории Казахстана.

Оленты насчитывается не меньше десяти экземпляров быков, каждый из которых индивидуален. Достаточно архаично выглядят и фигуры оленей. У изображений животных отмечены отсутствие детализации и незавершенность проработки конечностей, что характерно для древнейших рисунков.

Датировать олентинские изображения палеолитическим временем или мезолитом на основе указанных аналогий нет пока веских аргументов, однако то, что они гораздо древнее петроглифов эпохи бронзы Алтая, Восточного Казахстана и Жетысу, тоже очевидно. Эти рисунки предположительно могут быть отнесены ко времени от неолита и глубже [2, 1].

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 <http://silkadv.com/en/content/akbidayyuk->
- 2 <http://dixinews.kz/articles/kultura/28787/>
- 3 2010г. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Павлодарская область- Алматы: Аруна 2010.
- 4 Очерки истории Павлодарского Прииртышья. Часть I. С древнейший времён до XX века.- НПФ «ЭКО», Павлодар, 2000. Инсебаев Т.А, В.К.Мерц, З.Е.Кабульдинов.

## САЙРАМДАҒЫ КИЕЛІ ОРЫНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУҒА ӘСЕРІ

СИДИКХОДЖАЕВА Г.

оқушы, № 110 З. Хусанов атындағы ЖОМ, Шымкент қ.

ЮЛДАШОВ З., ЮЛДАШОВА С.

тарих пәнінің мұғалімдері, № 110 З. Хусанов атындағы ЖОМ, Шымкент қ.

*Біз XXI ғасырдың жаһандық картасында  
ешкімке ұқсамайтын, дербес орны бар  
ұлт боламыз десек, әлем бізді мәдени  
жетістіктерімізбен таныуы керек.*

**ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев**

Егеменді ел болып, тәуелсіздік туын биік көтерген қазақ елінің бүгінгі таңдағы алдына қойған мақсаты – дамыған өркениетті ел қатарына қосылу. Бұл мақсатқа жетудің бір жолы – қай сала болса да барынша еңбек етіп, қазақтың материалдық, рухани байлықтарын әлемге танытуға әрекет жасау.

Өсіп келе жатқан жас ұрпаққа терең біліммен бірге өзінің атақонысының табиғатын, өзен, көлін, тауын танып білуде туризмнің атқарар рөлі ерекше. Табиғат – ананы жақсы білген баланың бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілік молынан қалыптасып, отаншылдық рухы жоғары болады.

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Қазақстан көне замандардан бүкіл түркі әлеміне танылған тарихи мекен. Қазақстанның туризмді дамыту арқылы – ұлттық туристік өнімнің тартымдылығын арттыруға, Қазақстанның әлемдік туристік нарық жүйесіне кіруіне жәрдем етіп, мемлекет экономикасының шикізаттық емес секторы ішіндегі кірісті саласына айналуға мүмкіндігі бар, дамыған бәсекеге қабілетті туристік индустрия құрылатын болады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін туристік қызметті реттеу мен халықтың тарихи және мәдени мұрасын қайта өркендету үшін негіз қаланды.

ҚР Президенті Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «Қазақстанның киелі орындарының географиясын» жасауды тапсырды. Оған Қазақстанның табиғи ландшафт объектілері, археологиялық және архитектуралық ескерткіштері, ерекше ардақ тұтатын діни нысандар және тарихи тұлғалардың және саяси оқиғалармен байланысты киелі орындары енгізілген. Сол тізімге оңтүстік өлкеміздегі екі киелі орын, яғни,

Ибраһим ата кесенесі (XI-XII ғғ.) мен Қарашаш ана кесенелері (XI-XII ғғ.) және Сайрам (Исфиджаб) қалашығы (XIII-XVII ғғ.) енді. Жақын болашақта бұл тізімге енгізілген киелі орындар мәдени ішкі туризмді дамытуға оң ықпалын тигізеді, деп болжам жасалуда. Дегенмен, өкінішке орай, туристердің көпшілігінің әуелі танысып өтетін интернет беттерінде Қазақстанның барлық туристік жерлері туралы біліп, танысуларына мүмкіндік жоқтың қасы. Қызығушылық тудыратындай айтылмаса, жазылмаса, көрсетілмесе шетелдік емес, жергілікті азаматтардың да жеріміздің әсем жерлеріне баруы қиын-ақ, және еліміздің ішкі туризмі өкінішке орай әзірге мақтанып айтарлықтай дәрежеде емес. Сол себепті де Қазақстанда қазіргі таңда көтеріліп жатқан өзекті мәселелердің бірі – туризм болғандықтан, біз дәл осы Қазақстанның ішкі туризмінің бүгінгі жетістіктері мен кемшіліктерін қарастырғанды жөн санадық. Сайрам қалашығында өткен күннің белгісіндей болып, қасқиып тұрған көне ескерткіштер, киелі орындар қаншама. Бұл киелі орындарға жылына көптеген саяхатшы-зияратшылар келеді. Сол себепті, біз өзіміздің Сайрам мысалында ұлттық туризмді қалай дамытуға болады, деп ізденіс жасадық. «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» тізімінде жоқ, бірақ ұлттық туризмнің нысандарына айналып үлгірген Сайрамдағы киелі орындардың тарихын зерттеп, туристік бағыттардың картасын жасадық, сәулет ескерткіштерінің фотобейнелерін түсіріп, анықтамалық материал дайындадық [7, 5-6 б.].

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Қазақстан көне замандардан бүкіл түркі әлеміне танылған тарихи мекен. Сол себептен бірегей табиғаты ғажайып қорықтар, емдік су көздері, археологиялық және тарихи ескерткіштер, қалалар әу бастан саяхат пен туризм көздері саналған. Соңғы кездері әлем бойынша елімізге туристік бағыт алатын туристер саны қарқынды өсіп келеді. Бұл еліміздің жат жұрттарға таныла бастағанының белгісі. Шетелдік сарапшылар Қазақстандағы ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім туристік саланың дамуына оң әсерін тигізіп отыр деп баға беруде. Қазақстанға әзірге туризм саласындағы жетекші елдермен бәсекелесу мүмкін болмай отыр. Қазақстан имиджі елдегі туристік кластер мен инфрақұрылымды дамыту, туристік кадрларды даярлап, серпінді жобаларды іске асыру және еліміздің туристік имиджін қалыптастыру болашағынан зор үміт күттіретін мақсаттар. Туризмнің дамуына саяси имидждің де зор ықпалы бар. Қазақстанда туризмнің кез-келген түрінің дамуына толықтай

мүмкіндік бар. Шұрайлы жеріміздің төсінде аспанмен түйіскен таулар альпинистік және қысқы туризмнің дамуына себеп болса, тұнық та мөлдір су қоймалары мен өзен-көлдер, теңіз туризмінің дамуына негіз – жазғы туризм десек те, қысқы туризм десек те, әйтеуір қазақ даласы отандық және шетелдік туристердің ерекше ықыласын туғызып, ең бастысы дүниежүзіне ұмытпастай етіп қазақты таныстырамыз ғой.

Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез-келген нысандары туристік-экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы Сақ қорғандары, Талхиз қалашығы, Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сайрам, Батыс Қазақстандағы Сарайшық т.б. көне қалалардың орнына туристердің қызығушылығы мол. Археологиялық – тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандар мен мазарлардың маңызы зор.

Тарихи-мәдени архитектуралық-этнологиялық, археологиялық және басқа ескерткіштер орналасу жағынан туризмге әсері әр түрлі бола алады. Бұл Қазақстанның барлық территориясы көне ескерткіштердің көптігімен сипатталады. Мысал ретінде, Қазақстанның «Ұлы Жібек жолы» бойында орналасқан туристік орталықтарын айтсақ болады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің «Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризмнің инфрақұрылымын жасау» атты мемлекеттік бағдарламаға жарғы қабылдауы туризм индустриясын және қонақжайлылықты дамытуға және қалыптастыруға себеп болып отыр [4, 8-9 б.].

Сайрам қалашығы аумағы 2014 жылы Шымкенттің аумағының өзгеруіне байланысты қалаға қосылды. Дегенмен, Сайрамға келетін саяхатышлар саны азайған жоқ. Сол себепті, Сайрамда ұлттық туризмнің дамуы болашақта Шымкенттің имиджін арттыруға қызмет жасайды, деген ойдамыз...»

Сайрам (Исфиджаб, Испиджаб) – Оңтүстік Қазақстанның орта ғасырдағы ірі қалаларының бірі болған. Жұрты қазіргі Сайрам тұрғын үй алабының оңтүстік-батысында, Шымкент қаласының орталығынан 12 км жерде. Сайрам жайлы алғашқы дерек Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде кездеседі. Онда: «Сайрам – Исфиджаб деп аталатын ақ қаланың аты» делінген. Демек, Сайрам – Исфиджабтың кейінгі аты. 15 – 18 ғасырларда қазақ хандықтары кезінде Сайрам ірі сауда, қолөнер және діни орталық

болған. Сайрамда зерттеу жұмыстарын 1923 жылы П.П. Иванов, 1925 жылы М.Е. Массон, 1947 жылы Н. Бернштам басқарған. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізген қазба жұмыстары барысында айналасы төрт қақпалы дуалмен қоршалған, көлемі 28 га жерді алып жатқан қала орны анықталған. Қала ішінде көптеген мазарлар сақталған. Ең көнесі – Падишаһ Мәлік баба мазары. Бұл ескерткіштер 9 – 18 ғасырларға жатады. VI ғасырда тез өсіп-жетілген Испиджаб оңтүстіктегі ірі сауда және мәдениет орталығына айналды. VII ғасырда Орта Азияға арабтар келген кезде бұл қала гүлденіп тұрған еді. 714 жылы араб әскерінің қолбасшысы Кутейба ибн Мүслім Шаш (қазіргі Ташкент) қаласын алғаннан кейін Испиджабқа үлкен жорық жасады. Бірақ бұл төңіректегі елдің күшті қарсылығы арқасында көп ұзамай кейін шегінді. Испиджабты өз резиденциясына айналдырмақшы болған араб қолбасшысының жоспары жүзеге аспады. IX ғасырдың басында Испиджаб қарлұқ мемлекетінің құрамына енді. 840 жылы қарлұқ көсемі және Испиджаб басшысы Білге Құл Қадырхан қаған атағын алды. Бірақ сол жылы Испиджаб Орта Азиядағы саманилер шабуылына ұшырады. Саманилермен болған шайқаста Білге Құл Қадырхан қаза табады. Мұнан кейін мемлекет билігіне оның екі ұлы таласты. Үлкен ұлы Базар Арсыланхан Баласағұн (Шу өзенінің бойындағы қала) аймағын билейді, ал екінші ұлы Оғұлшақ Қадырхан Тараз (бұрынғы Талас қаласы) аймағын билейді. Тараз қаласын 993-жылы саманилер басып алғанда, Оғұлшақ Қашқарияға қашуға мәжбүр болады. 840 жылы саманилердің Самарқандағы билеушісі Нұх ибн Асад Испиджабты жаулап алады. Бұл аймақта жер өңдеу мәдениеті сол заманда аса күшті дамыған болатын. Самани билеушісі Испиджабты және оның аймағындағы егістік (жүзім мен астық) жерлерді сыртқы шапқыншылықтардан қорғау үшін көптеген қорғандар соқтырды. Алайда Испиджаб Самани мемлекетіне түгелдей бағынышты болған жоқ. Қала және оның аймағын жергілікті түркі тайпалары биледі. Испиджаб аймағы өте үлкен болды. Оның шекарасы солтүстік-батыста Сауранға дейін, ал шығыста Талас аймағына дейін созылды. Испиджаб аймағы саманилер арқылы мұсылман діні тарады да, енді ол оңтүстіктегі ірі сауда және мәдениет орталығы ғана емес, сонымен қатар үлкен діни орталыққа айнала бастады. X ғасырдың ақырында, яғни 990 жылы Испиджаб Қарахан мемлекетінің қарамағына енді. Қарахан әскері саманилерді Испиджаб аймағынан түгелдей ығыстырды [7, 5-6 б.].

Сайрам XIII ғасырда моңғолдардың басқыншылығын бастан кешті. XVII ғасырға қарай оңтүстіктегі қалалар мәдениеті бірте-бірте құлдырай бастады.

Сырдария қалалары үшін болған шайқастар нәтижесінде Сайрам да қаңырап қалды. Сайрамның тарихи орталығы Орта Азияның IX-XIX ғасырлардағы қала құрылысы мәдениетінің ескерткіші болып табылады. Сайрамда сол кездерден белгілі болған тарихи мұраларға, ескерткіштерге, киелі орындарға саяхат ұйымдастыру арқылы өлкемізде ұлттық туризмді дамытуға үлкен мүмкіндік бар. Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқан бұл көне қалада Шығыстың ұлы данасы Қожа Ахмет Йасаудің әкесі Ибрагим ата мен анасы Қарашаш ананың – кесенелері орналасқан. Бұл ескерткіштерді араламай, Түркістан саяхаты толық болмайды. Сондай-ақ, Сайрамда Әбділ Әзіз-баб, Мір-Әлі-баб, Қожа –Тәліп кесенелері орналасқан. Олардың барлығы күмбезделіп салынған. Құранды түрік тіліне аударған Кәзи Байзави кесенесінде осында орналасқан. Сайрамда 177 мінәраты, 40 күндік ораза ұстайтын жер асты бөлмесі және жер асты будда монастырі орналасқан. Онда парсы тілінде жазылған орта ғасыр әдебиеттері сақталған [ 3, 58-59 б.]

Осы ғылыми жұмыста Сайрамда орналасқан киелі орындарға сипаттама берілген. Жоғарыдағы тұжырымдар негізінде Сайрамда орналасқан киелі орындар, тарихи сәулет ескерткіштері, тарихи мұралардың өлкедегі ұлттық туризмді дамытуға тиізетін әсері мол екендігі байқалады. Ғылыми жұмыс барысында жоғарыда санап өтілген кесенелер, тарихи орындардың картасы жасалынды. Фотосуреттер альбомы мен анықтамалық материал дайындалды. Болашақта осы материалдар негізінде арнайы сайт ашу жоспарлануда. Бұл іс-шаралар саяхатшыларды біздің өлкеге көбірек тарту үшін қызмет етеді, деген ойдамыз

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 »Тарихтың тайқазаны-Сайрам»,. Энциклопедиялық анықтама. Ақсукуент, 2008 ж.

2 »Мәртебелі Сайрам». Энциклопедиялық анықтама. «Өнер» баспасы, 2003 ж.

3 »Сайрамнама». Энциклопедиялық анықтама. Алматы, 2002 ж.

4 »Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау» атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру

жөніндегі шаралардың жоспары туралы ҚР сының Қаулысы. 1998 жылы 28 қазан

5 Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың тұжырымдамасы туралы ҚР сының Үкіметінің қаулысы, 2001 жылғы 6 наурыз.

6 Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы 2001 ж. 13 маусымдағы № 211-II Қазақстан Республикасының Заңы (2017.15.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

7 ҚР Президенті Н.Назарбаев . «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы, 2017 жыл 12 сәуір.

### МАРАЛ ИШАН – СЫРДЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ КҮРЕСКЕР ШАМШЫРАҒЫ

УАЙХАН Е.

оқушы, Физика-математика бағытындағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Астана қ.

САФИДОЛЛИЕВА М. Б.

мұғалім, Физика-математика бағытындағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Астана қ.

Марал бабамыз қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткері болды. Пәлсапалық ойларымен көптің көзіне түсті. Ислам дінінің өркен жаюына өлшеусіз үлес қосқан ол үш жүздің пірі атанды. Осындай әулиелік қасиеттері оны елден ерекшелеп тұрды. Марал ишан туралы аңыздар-қазақ халқының өмірінің қилы бір кезеңіндегі қоғамдық саяси халінен, көкейкесті мәселелерінен, тарихи тұлғалар өмірінен, іс-әрекетінен, қызыметінен, әлеуметтік құрылымынан, наным-түсінігі мен идеологиясынан дәйекті дерек, мағлұмат беретін әпсаналардың бір саласы. Марал баба аңызы да дүниеде болған адамның істеген істерінің қиялға айналған көрінісі. Халық өзі қаһарман, әулие, көреген ретінде көміл сенген адамның істерін көзі тірісінде де аңыз қып таратты. Мысалы, Б. Момышұлы жайлы Ұлы Отан соғысы кезінің өзінде-ақ аңыз қылды. Аңызды тудыратын халық. Халықтың осылай болса деген асқақ ойы өмірде болған кейіпкерлерді көкке көтереді, аңызға айналдырады. Марал ишанда осыған лайық болған есім.

Марал Құрманұлы 1780 жылы Қостанай облысына қарасты қазіргі, Қорған – Көкшетау теміржолын кесіп өтетін Қызылжар – Қостанай тасжолының Қостанайға шыға берісте он жақтағы

қайыңды қалың орман ішіндегі «Кәрі көң» деген қоныста, Құрман емшінің отбасында дүниеге келген. Оның дүниеге келуінің өзі тарих. 1741 жылы қазақ-жоңғар соғыстарында Абылай хан тұтқынға түседі. Жоңғар қонтайшысы Қалдан Церен тұтқындағы Абылай ханмен келісім жүргізіп, 1743 жылы босатады. Баласы Әмірсамен дос еткізгісі келіп, қазақ әйелінен туған екі қызын қоса береді. Сонда екі қыздың анасы Абылайға мынадай өтініш айтады. Қыздарымды анау-мынау нашар еркектерге қосып, қор қылмаңдар, – дейді Абылайға қыздардың анасы.

– Е, қыздарыңның қандай қасиеттері бар? – дейді Абылай.

– Қыздарымның бірінен әулие, бірінен батыр туады, – дейді анасы.

Қыздар бөліске түскенде, әулие туатын қыз емші Құрманға тиеді де, батыр туатын қызды Абылайдың өзі алады. Құрман алған Фатима атты қыздан Құлжа, Арал, Марал, Бибі, Асылтас туса, ал Абылай алған Топч-ханым атты қыздан Қамбар, Қасым төре дүниеге келеді.

Әкесінен тоғыз жасында жетім қалып, он үш жасында анасымен бірге Қызылжардан Ақмешіт жағына Жалаңаяқ ишанның ауылын іздеп шығады. Жол азабын тартқан жас бала мен ана Ақмешіт маңайындағы Құланбай ишанның үйіне келеді. Одан әрі жүруге шамалары жоқ Марал анасымен бірге осы үйдің жалшысы болып, малын бағып жүре береді. Байдың малы ұры-қарыдан, ит-құстан аман болады, малдың өлімі де азайып мал басы көбейе бастайды. Баланың қасиетіне көзі анық жеткен Құланбай ишан бір күні Маралға:

— Балам, қызым Меңлібикені саған қосып, сені қияметтік бала еткім кеп отыр. Түбінде осы азды-көпті байлығымның иесі өзің боласың, — дейді.

Анасы бұл ұсынысты қуана қабылдағанмен Марал елден Жалаңаяқ ишанды іздеп шыққанын, қалайда сол кісіге жету керектігін айтады.

Ақыры, қызын Маралға атастырып, бірақ әзірге білім алу үшін оның жолына бөгет болмай, болашақ күйеу баласын Жалаңаяқ ишанның тұрған жеріне аттандырады. Жалаңаяқ ишан қазіргі Өзбек Республикасының Қаттакорған қаласынан батысқа қарай 70 шақырым, ал Бұхара қаласының шығысында 50 шақырым жердегі, осы екі қаланың ортасындағы Жам тауының үңгіріндегі мешіт-медресенің ғұламасы екен. Атақты әулие Жалаңаяқ ишанның қарауында 100 шәкірт оқиды екен, 101-ші болып Марал

қабылданады. Осы медресені 7 жыл оқып, білімін тереңдету үшін тағы 3 жылға қалады. Он жыл оқыған Марал ишан елі Арқаның Қайранкөл жазығына оралып, халқына орасан зор қызмет етеді, ауру-сырқауларды емдейді, тәбиіптік кәсібін көрікпел-сәуегейлікпен ұштастырып отырады.

Сыр бойындағы халықтың діни сауатын ашып, мәдениетін көтеру мақсатында Сырдария өзенінің Қараөзек деп аталатын саласы қазіргі Қараөзек станциясында жағалай 7 мешіт – медресе салдырады. Марал салдырған мешітте жұрт намаз оқып, Аллаға ғибадат жасаса, екінші жағынан, жергілікті халықтың балалары оқып, діни тәрбие алған, сөйтіп медресенің де қызметін атқарған. Ол мешіттер: «Қара бөгет», «Ишан ауылы», «Қолаң төбе», «Байбол», «Қырғы мешіт», «Қыш мешіт», «Оспан мешіті». Сол себепті бұл аймақты жұрт «Қырық мешіт» атап кеткен [1, 92 б.]. Еліне атқарған қызметі үшін халық оны ерекше құрметтеген. Сөзімнің айғағы Қостанайлықтар Марал әулиенің жаз жайлауы болған айналасы көгал, сабатты көлге «Әуликөл» деген ат берген. Бұл Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Жетікөл, қазіргі Ленин ауданына қарасты жер. Сонымен қатар Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы орталығындағы Марал баба атындағы мешіт және Қостанайдағы Қамысты ауданы, Бестау ауылы мен Қостанай қаласындағы бас мешіт «Ақмешіт» Марал есімімен аталады.

Ақмешіт. Қазір Марал ишан деп аталатын XIX ғасырдағы көне мешіттердің бірі. Мешіт 1930жылға дейін халыққа қызмет еткен. Ұлы Отан соғысы жылдарында эвакуациялық пункт орналасты. Соғыстан кейінгі жылдары кинотеатр, 1980-1991 жылдары филармония жайғасты. 1991 жылғы 1 қарашада мешіт халыққа қайтарылды. Сол жылы 70 жыл үзілістен кейін алғаш рет Құрбан айт намазы оқылды.

Мешіт күрделі жөндеуден өткізілді. Алынып тасталған күмбезі қалпына келтірілді, мұнарасы ұзартылды, ішіде шаріғатқа өңделіп, арнайы әйелдер залы, оқу бөлмелері, ерлер залына жағалай сөленгілер салынып, Аллаһ үйі мың адам ғибадат ететіндей етіп қайта жабдықталды. Бұл іс 2001 жылдың 28 қазанында аяқталды. Қазақстан бауырларының ықыласын қабыл алған Бас муфти болған Әбсәттар қажы Деріпсәлі Ақмешітке данышпан – әулие Марал ишанның есімін беру туралы шешімге 2002 жылдың 28 желтоқсанында қол қойды.

Атадан жеткен аңыз бойынша Марал Ишан әулие кезінде елде осы замандағы сияқты «жасанды әулие Алланың елшісі т.б.»

қаптап кетеді. Ауыл азаматтарын әбден шаршатады. Ел азаматтары кырық түйе сексеуілді алғызып, оны шеңбер етіп жайып, оның ішіне Марал Ишан әулиені және ана «әулиелерді» жинап отырғызып сырттарынан өрт қояды. Өрт басталғанда әулиелер қашып шығады. Марал Ишан әулие от ішінде қалады. От толық жанып бітеді. Марал Ишан орнында отыр. Бір уақытта орнынан тұрады. Елге қарай жүреді. Ешқандай жерін от шалмаған.

Тек қана шекпенінің бір жақ етегі кішкене сарғайыпты. Бұл сарғыш сөйтсе жас баланың дәреті тиген жер екен. Содан бастап халық жасанды «әулие», -дегеннен құтылған екен [2, 63 б.]. Қазіргі күні Марал ишанның уақыт пен кеңістік құпиясын меңгерген қасиетті адам болғаны аңыз есебінде айтылады. Марал ишан кеңістіктің бірінен екіншісіне өту заңдылығын меңгерген екен. Ғалымдар кеңістіктің үш өлшемнен тұратынын айтады. Алайда оның одан да көп екені жайында пікір білдіріп жүргендер баршылық. Марал ишан оны екі ғасыр бұрын дәлелдей білді. Ғылыми жолмен айқындалған бұл дәлелге қарсы тұрарлық нақты тұжырым әлі де кездесе қойған жоқ [3, 3 б.].

Қазақ халқының мақтанышы Шоқан Уәлиханов туғанда атын исламша қойып, ақ батасын берген – Қалқай ишан (Марал ишанның баласы). Шоқан жайлы осы бір тұсты «Аққан жұлдыз» романында Сәбит Мұқанов төмендегіше баян етеді:

«...Шыңғыстың үйінде қонақтап жатқан Қалқай ишанға: – Әулие, сіз қойып беріңіз нәрестенің атын! – деп өтінді Уәли тұқымдары, Зейнеп ұл тапқаннан кейін. Қалқайдың сенімінде, бүкіл ислам тарихындағы ең зор ғазуауытшы: Мұхаммед пайғамбардың әрі қызы Фатиманы алған күйеуі әрі әскерінің бас қолбасшысы Хазіреті – Ғали. Оның үш әйелінен он сегіз ұлы болған, бәрі де батыр болған. Солардың ішіндегі ең батыры – Мұхаммед-Ханафия дейтін ұлы екен, әкесіне еріп, ғазуауыт соғысын сол жүргізген деседі [4, 113-114 б.].

Марал бабадан мирас болып қалған «Көк аса» бабадан Елібай ишанға, одан Үндемес ишанға, одан Жүнісхан ишанға, кейін Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Мамырөл ауылында тұратын Темірханға қалған. Сапалы болат темірден соғылған «Көк асаның» ұзындығы 70 см, жалпақтығы 5 см, ұш жағы 3 см. Қатты ағашпен жұмырланып қапталған сабының ұзындығы 10 см [5, 24-26 б.].

Марал бабамыз тек діншіл ғана емес, ол-қоғам қайраткері, азаттық үшін күрескер, ұлт-азаттық күрестің рухани көсемі. XIX ғасырдың 30 жылдары Марал ишан қазақ халқын «Ғазуауат»

соғысына шақырды. Алдымен Құсмұрын атырабында басталған бұл қозғалыс Қазақстанның солтүстігінің біраз жерін қамтыды. Кейбір зерттеушілер «Ғазуауат» соғысын қолына қару алып, жауға қарсы тұру деп есептейді.

1819 жылдың жазының басында Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің басты адамдарының басын қосып, Қақ сорының жағасында өткізген құрылтайында Есенейді боз биенің сүтіне шомылдырып, үстіне шымқай ақ киіздер кигізіп, Марал ишан әулие, дуалы ауыз билер мен бектер, батырлар ақ баталарын беріп, ақ киізге көтеріп, Сібір қазақтарының шорасы етіп сайлапты. Шора болып ел басқарумен қатар, Есеней өз ұстазы Марал Құрманұлы бастаған ғазуауатқа бұрынғыша қатысып, оған әскерге елден ат, азық, киім жинап беруге көмектеседі. Оған Баһрам ақын Шақшақұлының «Қайғылы белбеу» дастанының ішіндегі мына шумақтар дәлел бола алады.

Зеңбіректен келсе де,  
Көпірдің жолы болмаған.  
Марал ишан ұстазын,  
Есеней шор қолдаған.  
Сарбаз жинап берсін деп,  
Бектерге сәлем жолдаған.  
Жауға қарсы шықсын деп,  
Елге жаршы жіберген.  
Сарбаздарға ат жинап.  
Жеңістен үзбей күдерді [6, 4 б.].

Қазақ жерін отарлау әкімшілігіне II Екатеринаның қолы қойылған құпия нұсқау болған. Онда орыс әкімшілігіне мынаны міндеттеген: кырғыз-қазақ халықтарының ру басшылары мен сұлтандарын «бір-бірімен араз қылып, бір-бірімен иттей таластырып, бірінің етін бірі жейтіндей іс қылыңыз». Бұл нұсқау сол тұстың өзінде-ақ орындалды. Марал ишан заманындағы «Ғазуауат» соғысы мен ұлт-азаттық көтерілістерінің жеңілуінің бірден-бір себебі осы болды.

Демек Марал бабамыздың қолбасшыларды желеп –жебеп, ақ батасын беріп отырғандығы да кездейсоқ емес. Бұл- рух күдіретінің киелі парасаты. Даңты Кенесары өзінің қарын бөлесі Марал ишанның данышпандығына бас иіп отырған. Көтеріліске қатысушыларға діни басшылық жасау үшін Марал келісім беріп, хан сарайының Кенес құрамына кіреді. Кенесары көтеріліс бастап, бодандыққа қарсы шайқасып жатқан кезде Батыс Сібір мұсылмандарының өз

бетінше бас мүфтиі болады [7, 4 б.]. Бұдан былай даулы мәселелер шарифат үкімі бойынша шешіліп отырды. Көтерілісшілерге рухани демеу көрсетіп, кей жағдайда өз бойындағы керемет қасиеттерімен көмек көрсетеді.

Кезінде Кенесары әскерінің бірсыпыра жеңістерге жетуіне, халық алдында беделінің артуына Әулиенің көп үлесі болды. Орыстардың әскер техникасының артықшылығын, артынан келер көп күш бар екенін айтып, осы соғысты одан әрі соза бермеуге Кенесарыға кеңес береді.

Ендігі жерде көтеріліске қатысқан халықтың жағдайын жақсартып, игілікке жеткізудің таптырмайтын көзі- оларды егіншілікпен айналастырып, отырықшылық тұрмысқа үйрету керек екендігін Марал ишан үнемі шегелеп айтып отырған. Орынбор шекара комессиясының есептерінде былай жазылған: «Ресейтөңірегінә оралуға мүмкіндігі болмағандықтан, Кенесары өзінің жақтастарына Іле мен оның тармақтарының жағалауларында егіншілікпен айналасуға ақыл береді». Кенесары жақтастарының егіншілікпен айналасқандығын оның ордасында болып қайтқан Дәулеткелді Беспаев әңгімелейді: «Қиын жағдайда болғандықтан, өзінің жақтастарына тамақ табудың жалғыз жолды әрі лайықты шара ретінде егіншілікпен айналасуды ұсынды». Сонымен Кенесарының егіншілерді қолдау саясаты егіншілікті одан әрі дамуына әсер етті. XIX ғасырдың 50-60 жылдарында-ақ егіншілікпен қазақ руларының едәуір бөлігі айналысты. «Кенесарының көтеріліске қатысушылардың материалдық жағдайын жақсартудың жалғыз жолы егіншілік деп түсіну керек». Бұл Кенесарының қарын бөлесі Марал Құрмановтың сөзімен расталады, ол өзі «Сендерді егіншілікпен байытамын», - деп қазақтарға уәде беріпті [8, 41 б.]. Осылайша, мұрағат құжаттарында Марал ишанның отарлаушы орыс мемлекетінің саясатына қарсы болғандығы, қазақ елінің дербестігін қалағаны туралы тарихи деректер жазулы тұр.

Ұлт-азаттық жолындағы күрескер, ишан 1943 жылы өзі қоныс тепкен Әулиеатаға бара жатқан кезде қайтыс болады. Анасының айтып кеткен сәуегейлігі бойынша оны Қызылорда облысы Қармақшы ауданына жерлейді. Әулиенің басына жан-жақтан қаншама халық ағылып келіп тәу етіп, ауруына шипа, дертіне дауа, тілегіне пірден медет сұрап жатады. Марал ишанның даңғайыр тұлғасы, өміршең іс-әрекеттері, ғибратты өмір жолы халқымызбен бірге жасасып, халық жүрегінде мәңгі сақталып осынау ұлы күнге жетті.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұртайұлы С. Ислам және Марал баба. -1996.-92б.
- 2 Дайрабай Т. Сырдың сырлы сыры. – Алматы,-2005.-63б.
- 3 Ақтаев С. Марал ишан-кім? //Ақиқат. -2003.- №7.
- 4 Мұқанов С. Аққан жұлдыз. –Алматы, 1967.- 113-114б.
- 5 Бүркітбайұлы С. Марал ишанның нұр шапағаты. –Қостанай, 1998.-24-26б.
- 6 Бекенұлы С. Есенай және Марал. // Қостанай таңы. -2002.-15 қазан.
- 7 Шүкіров С. Рухы мықты елдің тұғыры да нық.// Қостанай таңы. -2002.-15 қазан.
- 8 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында.-А: Санат.1994.-416б.

## МАЗМҰНЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, филос.ғ.к., Г. Ахметованың алғы сөзі .....3

### 1 Секция. Академик Қ. И. Сәтбаев және оның білім беру мен ғылымдағы рөлі 1 Секция. Академик К. И. Сатпаев и его роль в развитии науки и образования

|  |  |
|--|--|
| <b>Амангельды Д. Д., Сулейев Д. К.</b><br>Величайший академик, выходец Павлодарской области К. И. Сатпаев ...5 |  |
| <b>Дюсенова Д. Н., Бейсенбай М. Е.</b><br>«Сәтбаев» тарихы .....12   |  |
| <b>Кулатаева Р. К., Каржасбаев Т. К.</b><br>Қаныш Сәтбаевтың шежіресі .....18                                  |  |
| <b>Мұқаш А. Т., Масайнова К. Б.</b><br>Ұлы тұлға .....26   |  |
| <b>Сарсенбаев А. М., Молдақимова А. С.</b><br>Истоки формирования мировоззрения К. Сатпаева .....29            |  |

### 2 Секция. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы ғылыми зерттеулер мен ізденістер

#### 2 Секция. Научные исследования в рамках программы «Рухани жаңғыру»

|  |  |
|--|--|
| <b>Абильдина А. К., Джангулов Т. А.</b><br>«Рухани жаңғыру» в городе Экибастуз .....34   |  |
| <b>Абылгазина Т., Сағитхан Д., Секенова М. Ж.</b><br>Емшілігін ел таныған Үміт апа .....40   |  |
| <b>Адиева А., Кульмаганбетова Р. А.</b><br>Алаш арыстары және ұлттық құндылықтар (Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жыл) .....45             |  |
| <b>Алина М. Г., Мақыпова М. Т.</b><br>Туған өлке батыры–Алин Жұмажан .....52   |  |
| <b>Алтынболатова А., Бакиева Ш. М., Арыстанова Г. Ә.</b><br>Шыңғыстаудың үш шыңы .....57   |  |
| <b>Ануарбекова Ж., Калиева Б. С.</b><br>ШҚО ауылды аймақтарының экологиялық жағдайларына сай биореакторды қолданудың Интернет-зерттеуі .....60 |  |
| <b>Бекенова А. М.</b><br>Асылғазы Мейрам Сатыбалұлының биографиясы .....67   |  |
| <b>Бекеш Д. М., Ибрайкина Б. Н.</b><br>Қазақтың шай ішу дәстүрі және оның қазіргі көрінісі .....71   |  |

|  |  |
|--|--|
| <b>Бекешова Ж., Ахметова Б. Б.</b><br>Тұмардың сақтайтын күші .....78  |  |
| <b>Бектемір О. А., Аманова А. С.</b><br>Социальное положение спецпереселенцев в Павлодарской области (на примере народов Северного Кавказа) .....85  |  |
| <b>Бостекпаева А. Е., Шукоева Б. Т.</b><br>Переход казахского языка на латиницу .....91  |  |
| <b>Воробьева В. Н., Сарина Т. Б.</b><br>Уважение к традициям своего народа – залог успешности нации (На примере свадебного национального наряда) .....98   |  |
| <b>Даулетқызы А.</b><br>Латын әліпбиіне көшу–болашақтың кепілі .....104  |  |
| <b>Драчев И., Шарипов А. Т.</b><br>О важности изучения истории для модернизации общественного сознания .....111  |  |
| <b>Жақанов Е. Н., Қаная Э. Қ., Узбекова С. Б.</b><br>Рухани жаңғыру–Алаш идеясының тарихи тағлымдары .....114  |  |
| <b>Жанбау М., Мұхаметқан Ә., Мұхтар Д. Б., Толуваева Г. О.</b><br>Жаңғыру тетіктері: әдетке айналдыру ұстанымы негізінде .....121  |  |
| <b>Жаров А. К., Жангазина К. К.</b><br>Қазақ халқының дәстүрлерін, салтын, тұрмыстық жағдайларын зерттеген шетел ғалымдарының еңбектеріндегі тұжырымдардың бүгінгі рухани жаңғыруға, ұлттық кодқа тигізер әсері .....127 |  |
| <b>Жукова М., Кожахметова Б. А.</b><br>Исторические культовые памятники на территории Павлодарского Прииртышья как перспективные туристические маршруты .....132   |  |
| <b>Жукушева Т., Кабышева А. Д.</b><br>Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі .....137  |  |
| <b>Жұмабай Б. Қ., Ералиева Г. Б.</b><br>Рухани жаңғыру менің сүйікті қаламда .....141  |  |
| <b>Кабдеш А., Мусагажинова А. А.</b><br>Сакральные объекты местности Мурынтал Далбинских гор Павлодарской области .....144   |  |
| <b>Казиев А. Д., Сулейев Д. К.</b><br>Райхан Сатпаева – первая женщина-казашка – доктор медицинских наук .....149  |  |
| <b>Каирбек А. Ж., Жусупова А. Н., Алина М. К.</b><br>«Мәңгілік Ел» идеясы «Алаш» идеясымен сабақтас .....153   |  |
| <b>Касайнова М., Кульмаганбетова Р. А.</b><br>Тарлан тарихтың бүгінгі мен болашағы .....159  |  |
| <b>Керки Ы., Сартаева Д., Кульмаганбетова Р. А.</b><br>Жауынгер жүрек жырау (Бұхар Жырау Қалқаманұлы 350 жыл) .....167   |  |
| <b>Кисимов С. А., Кисимова А. Е.</b><br>Қазақ ру-тайпаларының этно-тектік негіздерін генеологиялық тұрғыдан зерттеуге заманауи көзқарас .....176   |  |



|  |     |
|--|-----|
| <b>Коракова М., Абраева М. Б.</b><br>Қытай ойыншықтары .....   | 181 |
| <b>Куприянов А., Аюпов А., Ибраева Д. Т.</b><br>Геральдика казахских племенных союзов .....  | 186 |
| <b>Куанышева А., Қантарбаева Ж., Турарбеков Д. М.</b><br>Астана қалалық мемлекеттік мұрағатының 430-біріккен қор<br>коллекциясы – Алаш қайраткерлері жайлы жаңа дерек көзі ..... | 189 |
| <b>Момынқұл М., Шалабай Г. Ш.</b><br>Қазақтың ұлттық сусындарының сұранысқа ие болуы<br>қаншалықты маңызды? .....  | 197 |
| <b>Орақ Б., Сманова К. О.</b><br>«Асық Party» – жаңғырудың бастамасы .....   | 205 |
| <b>Темирболат А., Жиксимбай А., Толубаева Г. О., Унйбаева Д. С.</b><br>Заманауи технология бойынша қой жүнінен жасалған ұлттық киімдер   | 210 |
| <b>Тургұнов М., Жумабаева М. С.</b><br>Павлодар өңірінің кереметтері. Май ауданы. Әулиелер мекені .....  | 215 |
| <b>Хайруллина М., Мұхамедиярова А. К.</b><br>Баскөл ауылының топонимикасы .....  | 222 |
| <b>Шохан А. Б., Кульмағанбетова Р. А.</b><br>Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз!<br>(Алаш Ордасына 100 жыл) .....  | 228 |

**3 Секция. «Қазақстанның қасиетті жерлері»  
жобасы аясындағы зерттеулер**  
**3 Секция. Исследования в рамках проекта  
«Сакральная география Казахстана»**

|  |     |
|--|-----|
| <b>Бучкей Ж. Б., Баужанов Х. К.</b><br>Бәсентиін Сырымбет батыр .....  | 233 |
| <b>Еркен А., Ералина С. Н.</b><br>Екі алыпты бесігінде әлдилеген Ақкелін .....                                       | 237 |
| <b>Журмагамбетова А. Е., Каржасбаев Т. К.</b><br>Кереку-Баян өңірінің киелі географиясының рухани құндылықтары ...   | 241 |
| <b>Иманбаев Н. Б., Ниязова Д. М.</b><br>Май өңірінің әулиесі – Қайса ата .....                                       | 248 |
| <b>Ризабек А., Арынтаева Л. Ж.</b><br>Наскальные рисунки (петроглифы) Павлодарской области .....                     | 252 |
| <b>Сидикходжаева Г., Юлдашов З., Юлдашова С.</b><br>Сайрамдағы киелі орындардың ұлттық туризмді дамытуға әсері ..... | 258 |
| <b>Уайхан Е., Сағидоллиева М. Б.</b><br>Марал ишан – Сырдың рухани және күрескер шамшырағы .....                     | 263 |

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«XVIII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**1 ТОМ**

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева  
Корректор: А. Р. Омарова  
Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы  
Басуға 26.03.2018 ж.  
Әріп түрі Times.  
Пішім 29,7 × 42 1/4. Офсеттік қағаз.  
Шартты баспа табағы 15,8. Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс № 3189

«КЕРЕКУ» баспасы  
С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.